

В. Е. СЕКИРНИКОВ

АВТОКӨЛІК КӘСІПОРЫНДАРДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

ОҚУЛЫҚ

«Білімді дамытудың федералды институты» мемлекеттік федералды дербес мекемесі «Автомеханик» мамандығы бойынша орта кәсіби білім бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру мекемелерінің оқу барысында оқулық ретінде пайдалануға ұсынылған

*Рецензияның тіркеу нөмірі 506
11 желтоқсан 2014 ж. ФГАУ «БДФИ»*



Мәскеу

«Академия» баспа орталығы

2015

ӨОЖ 656.13(075.32)
КБЖ 65.247:39.38я722
С289

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды.

Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,

«Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

П і к і р б е р у ш і —

Мәскеу қаласы №31 политехникалық колледжінің арнайы
пәндерден сабақ беретін жоғары категориялы оқытушысы *Т. А. Бағдасарова*

Секирников В.Е.

С289 Автокөлік кәсіпорындарында еңбекті қорғау : орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқу құралы / В. Е. Секирников. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2015. — 192 б.

ISBN 978-601-333-308-3 (каз.)

ISBN 978-5-4468-1111-3 (рус.)

Оқулық ОП.02 «Еңбекті қорғау», «Автомеханик» мамандығы бойынша орта кәсіби білім Федералды мемлекеттік білім стандартына сәйкес құрылды.

Автомобиль көлігі кәсіпорындары үшін еңбекті қорғаудың құқықтық, нормативтік және ұйымдастырушылық негіздері келтірілген. Адамға кері әсер ететін қауіпті жарақатты және зиян факторлар және олардан қорғанудың тәсілдерімен амалдары көрсетілген. Автокәсіпорын жұмысшыларының кәсіби қызметіндегі еңбектің қауіпсіз шарттары қарастырылған.

Осы оқулыққа «Автомобиль көлігіндегі еңбекті қорғау» электронды білім ресурсы шығарылды.

Орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған.

ӨОЖ 656.13(075.32)
КБЖ 65.247:39.38я722

ISBN 978-601-333-308-3 (каз.)
ISBN 978-5-4468-1111-3 (рус.)

© Секирников В.Е., 2015
© Академия» білім-баспа орталығы, 2015
© Рәсімдеу «Академия» баспа орталығы 2015

Бұл кітап «Автомеханик» мамандығы бойынша жасалған жинақтың оқу-әдістемелік бөлігі болып табылады.

Оқулық «Еңбекті қорғау» жалпы кәсіби пәнін оқып білуге арналған.

Жаңа заманның оқу-әдістемелік жинақтарына жалпы білім беру мен жалпы кәсіби пәндер және кәсіби модульдерді оқып білуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәстүрлі және инновациялық оқу материалдары кіреді. Әрбір жинақтың құрамында оқулықтар мен оқу құралдары, жалпы және кәсіби, оның ішінде жұмыс берушінің талабына сәйкес құзыреттерді игеруге қажетті оқыту мен бақылау құралдары бар.

Оқу басылымдары электронды білім ресурстарымен толықтырылады. Электронды ресурстар құрамына интерактивтік жаттығулар мен жаттығу құрылғылары бар теориялық және тәжірибелік модульдер, мультимедиялық объекттер, ғаламтордағы қосымша материалдар мен ресурстарға сілтемелер кіреді. Оларға оқу үдерісінің негізгі параметрлері (жұмыс уақыты, бақылау және тәжірибелік тапсырмаларды орындау нәтижесі) бекітілетін терминологиялық сөздік пен электронды журнал енген. Электронды ресурстар оқу үдерісіне оңай еніп, әртүрлі оқу бағдарламаларына бейімделе алады.

Еңбек — өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тіршілік ортасына бейімделуге, сондай-ақ, материалдық және интеллектуалдық ресурстарды жеке немесе жалпыға ортақ қолданысқа қажетті өнімге, тауарлар мен қызметтер өндірісіне айналдыруға бағытталған адамның мақсатты әрекеті.

Іштей ерікті еңбек әрекет түрткісі ғана болып қоймай, ол табиғи түрде адамның алғашқы өмірлік қажеттілігіне дейін өседі. Сонымен бірге, адамның бар эволюциясы еңбек құралдарын жетілдіріп және өз еңбек қызметін барынша тиімді ету талпыныстарымен байланысты. Алайда еңбек өз алдына адам өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп әкелуі мүмкін. Өндірістегі жарақаттанушылық тек нақты адамдар мен олардың туған-туыстарына үлкен қайғы мен азап әкеліп қоймай, мемлекеттің экономикасына да тікелей әсер етеді. Өйткені жеке қасіреттер айтарлықтай үлкен қоғамдық шығынға келіп төгіліп, адамдардың тұрмыс деңгейлеріне кері ықпал етеді.

Жұмыскердің еңбегін қорғау — әрбір мемлекеттегі маңызды әлеуметтік мәселе және азаматтардың конституциялық құқықтарын қауіпсіз және пайдалы еңбек шарттарына қадағалау барша өркениетті әлем басшылыққа алған және бір мүшесі Ресей болып табылатын Халықаралық еңбек ұйымы конвенцияларында қаланған мемлекет саясатының негізгі қағидаларының бірі болып табылады.

Еңбекті қорғау пайдалы және қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етумен байланысты мәселелермен айналысады және өндірістік жазатайым оқиғалар мен кәсіптік сырқаттардың мүмкін себептерін анықтап, осы себептерді жою мақсатында іс-шаралар мен талаптар жүйесін жасайды. Осыған орай, қабылданған заңға сәйкес еңбекті қорғаудың барлық жүйесінің тиімді және тұрақты қызмет істеуі — еліміздің азаматтарының еңбек қызметі барысында әлеуметтік қорғау, өмірлері мен денсаулықтарын қорғау бойынша конституциялық кепілдерді қамтамасыз етудің қажетті шарты.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

1 б ө л і м

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН БАСҚАРУ

1.1. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК НЕГІЗДЕРІ

Біздің мемлекетімізде адамның құқықтары мен бостандықтары туылған сәттен бастап өзіне тиесілі. Ресей Федерациясы — саясаты адамның лайықты өмірі мен еркін дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасауға бағытталған әлеуметтік мемлекет (РФ Конституциясының 1-тарауы, 7-бабы). Адам, оның құқықтары мен бостандықтары жоғары құндылық болып табылады.

Адам құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау – мемлекеттің міндеті (РФ Конституциясының 2-бабы).

РФ Конституциясында бекітілген құқықтар мен бостандықтар тізімі сарқылмалы болып табылмайды және адам мен азаматтың өзге де құқықтары мен бостандықтарын түсірмейді.

Алайда өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруда адам өзге тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, қоғамдық игілік пен қоршаған ортаға зиян келтірмеуі тиіс.

Әр адам өзі еркін таңдайтын немесе өз еркімен келісетін еңбегімен күн көруге және еңбекке деген өз қабілеттерін басқаруға (яғни, РФ Конституциясы бойынша еңбек ерікті болуы тиіс, мәжбүрлі еңбекке РФ халықаралық келіссөздерімен рұқсат етілген кейбір жағдайлардан басқа кездерде тыйым салынады) құқылы.

РФ Конституциясының 3-тарау, 37-бабына сәйкес әрбір адам қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай болатын, еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және еңбектің федералды заңнама бекіткен ең төменгі төлемақы мөлшерінен төмен болмайтын сыйақы шарттарында еңбекке және жұмыссыздықтан қорғау құқығына ие.

Еңбек қызметінің кез келген басқа нәтижелері турасында жұмысшылардың денсаулығы мен өмірін сақтау басымдылығын қамтамасыз ету – жалпы адамзаттық негізгі қағидалардың бірі. Олар

мыналарға сәйкес келеді:

- Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы;
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдениеттік құқықтар жайлы Халықаралық келісім;
- Халықаралық еңбек ұйымы декларациялары мен конвенциялары;
- ЕҚЫҰ (ЕҚЫЖ) аясында қабылданған мемлекеттердің халықаралық міндеттері;
- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) адам құқықтары мен негізгі бостандықтары жайлы конвенциялары;
- Ресей Федерациясының Конституциясы.

Ресейдегі еңбекті қорғау жайлы негізгі құжаттар мыналар:

- Ресей Федерациясының Конституциясы;
- Ресей Федерациясының Еңбек кодексі — РФ ЕК (РФ от 30 желтоқсан 2001 ж. № 197-ФЗ федералды заңнамасы).

Еңбекті қорғау бойынша барлық жұмыстар жүйелі сипатта болуы керек.

«Еңбекті қорғау» түсінігінің анықтамасы РФ ЕК-ның X тарау, 33-бөлім, 209-бабында берілген.

Еңбекті қорғау — еңбек қызметі барысында жұмыскерлердің өмірлері мен денсаулықтарын сақтау. Оған мына іс-шаралар енеді:

- құқықтық;
- әлеуметтік-экономикалық;
- ұйымдастыру-техникалық;
- санитарлы-гигиеналық;
- сауықтыру-профилактикалық;
- оңалту және т.б.

Бұл ретте еңбекті қорғауды тиімді қамтамасыз етуді кейбір немесе аталып өткен іс-шаралар тобы арқылы жүзеге асыру мүмкін емес.

Ресей Федерациясының Еңбек кодексі мыналарды анықтайды:

- мемлекеттік саясаттың еңбекті қорғау саласындағы негізгі бағыттарын;
- еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік шарттарын;
- жұмыс берушінің қауіпсіз жағдайлар мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етудегі міндеттері;
- жұмыскердің еңбекті қорғау саласындағы міндеттері;
- еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару;
- еңбекті қорғауды қамтамасыз ететін іс-шаралар;
- еңбек пен еңбекті қорғау заңнамасын қадағалаудағы мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдарының негізгі міндеттері;

- еңбекті қорғауға *қоғамдық бақылау* жүргізуге тиіс ұйымдар;
- тікелей ұйымдарда еңбекті қорғауды басқарудың қағидалары;
- еңбекті қорғауға жұмыскердің құқығын қамтамасыз ету;
- жұмыскердің еңбекті қорғау талаптарына сәйкес шарттардағы құқығы мен кепілдері;
- шарттар мен еңбекті қорғауды жақсартатын іс-шараларды қаржыландыру.

Мемлекеттік саясаттың еңбекті қорғау саласындағы негізгі бағыттары РФ ЕК-ның 33-бөлім, 210-бабында көрсетілген. Оларға төмендегілер қатысты:

- жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау басымдылығын қамтамасыз ету;
- Ресей Федерациясының федералды заңдары мен өзге де нормативті құқықтық актілерін, Ресей Федерациясының еңбекті қорғау саласындағы заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық акт субъектілерін, сондай-ақ, талаптар мен еңбекті қорғауды жақсартатын федералды мақсатты, ведомстволық мақсатты және аумақтық мақсатты бағдарламаларды қабылдау жүзеге асыру;
- еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару;
- өзіне еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативті талаптарын сақтауға жүргізілетін тексерісті қамтыған еңбек құқығының нормалары бар еңбек заңнамасы және өзге де нормативті құқықтық актілерді ұстануды федералды мемлекеттік қадағалау;
- жұмыс орындарын еңбек шартына сәйкес аттестаттауды жүргізу тәртібін және еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастырулардың сәйкес келуін растау тәртібін еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативті талаптарымен орнату;
- еңбекті қорғау саласындағы жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін ұстануды қоғамдық бақылауға жәрдемдесу;
- жазатайым жағдайлар мен жұмыскерлердің денсаулығын зақымдаудағы профилактика;
- өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік сырқаттарды тексеру мен есепке алу;
- еңбек шартын мемлекеттік сараптау;
- өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік сырқаттардан зардап шеккен жұмыскерлердің және олардың отбасы мүшелерінің өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік сырқаттардан зардап шеккен жұмыскерлердің міндетті әлеуметтік сақтандырулары негізінде заңды мүдделерін қорғау;

- ауыр жұмыс пен зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстарға өтемақы тағайындау;
- еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және экономикалық және әлеуметтік қызметтердің басқа да түрлерін қорғау саласында қызметті үйлестіру;
- еңбек шарттары мен еңбекті қорғауды жақсарту мақсатында алдыңғы отандық және шетелдік жұмыс тәжірибесін тарату;
- еңбекті қорғау бойынша жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыруға мемлекеттің қатысуы;
- еңбекті қорғау бойынша мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- еңбек шарты, сондай-ақ өндірістік жарақаттанушылық, кәсіптік сырқат және олардың материалдық салдары жайлы мемлекеттік статистикалық есеп беруді ұйымдастыру;
- еңбекті қорғаудың біртұтас ақпараттық жүйесінің қызметін қамтамасыз ету;
- еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық;
- қауіпсіз еңбек шартын құруға, қауіпсіз техникалар және технологияларды жасау және енгізуге, сонымен қатар, жұмыскерлерді жеке және ұжымдық қорғау құралдарын жасауға ынталандырушы тиімді салық саясатын жүргізу;
- жеке және ұжымдық қорғаумен, сонымен қатар, санитарлық-тұрмыстық жайлармен, құрылыстармен және емдік-профилактикалық әдістермен жұмыс берушілердің қаражаты арқылы жұмыскерлерді қамсыздандыру тәртібін орнату.

Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының жүзеге асуы Ресей Федерациясының мемлекеттік билік органдарының, Ресей Федерациясы субъектілерінің мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ жұмыс берушілер, жұмыс берушілер бірлестіктері, кәсіптік одақтар, олардың бірлестіктері және өзге де еңбекті қорғау мәселелері бойынша өкілдік органдарының уәкілетті жұмыскерлерінің келісілген әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

1.2. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Еңбекті қорғауды басқару жүйелеріне қойылатын талаптар Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) әлеуметтік-еңбек қатынасының үш жақты өкілдерімен және басқа да қызығушылық танытқан ұйымдар арқылы анықталған көпшілік мойындаған халықаралық қағидаларына сәйкес кең ауқымды тәсілдеме негізінде жасалған. Ол үш жақты тәсілдеме мәдениеттің тұрақты дамуы мен ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі үшін күш, икемділік және жүйенің тиісті негізін бағамдайды. Еңбекті қорғауды басқару жүйелеріне ерікті қабылданатын талаптар жұмыскерлердің қауіпсіздігі мен денсаулықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ХЕҰ-ның құндылықтары мен амалдарын көрсетеді.

Техникалық реттеу мен метрология бойынша (Ростехреттеу, 2011 жылдың маусымынан бастап Рос-стандарт) Федералды агенттік бұйрығымен 12.0.230-2007 «Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбекті қорғауды басқарудың жүйесі. Жалпы талаптар» 10 шілде 2007 ж. №169 мемлекетаралық ИСО стандарты 2009 жылдың 1-шілдесінен бастап, Ресей Федерациясының ұлттық стандарты ретінде іске қосылды. Аталмыш стандартта қолданылатын терминдер мен сәйкесінше анықтамалары келтірілген.

Еңбекті қорғау комитеті (комиссиясы) (safety and health committee) — құрамына жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өкілдері кіретін және ұлттық заңдар, ережелер және тәжірибелерге сәйкес ұйым деңгейінде құрылып, қызмет жасайтын комитет.

Өндірістік ортаны бақылау (surveillance of the working environment) — жұмыскерлердің денсаулығына әсер етуі мүмкін өндірістік орта мен еңбек барысының факторларын анықтау және бағалау.

Е с к е р т п е . Бұл үдеріске жұмыскерлердің денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін, сондай-ақ жұмыскерлерге қауіпті және зиян өндірістік факторлар мен сол әсерлерді жою үшін жасалған қорғаныс жүйелерінің әсер етуі мүмкін еңбек шартының санитарлық-гигиеналық бағалауын, еңбекті ұйымдастыру мен жұмыс орнындағы әлеуметтік-психологиялық факторлар жатады.

Жұмыскерлердің денсаулық жайларын бақылау (workers'health surveillance) — нормадан ауытқушылықтарды табу және анықтау үшін жасалатын жұмыскерлердің денсаулық жайларын емдеу шаралары және зерттеулер.

Е с к е р т п е . Бұл бақылаулардың нәтижесі жеке жұмыскерлермен қатар, жұмыскерлер тобын жұмыс орнында, сондай-ақ зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсеріне душар етілетін жұмыскерлерді қорғау мен сауықтыру үшін пайдаланылуы керек. Жұмыскерлердің денсаулығын бақылау процедураларына медициналық тексерулер, биологиялық бақылаулар, рентгенологиялық зерттеулер, жұмыскерлердің денсаулық жайлары туралы жауап алулар немесе деректерді талдау жатады.

Қайін (hazard) — жарақаттар, асқынған аурулар немесе денсаулықтың кенеттен қатты нашарлауының себептері болуы мүмкін қоршаған орта мен еңбек үрдісінің факторлары. Сандық сипаттар мен әрекет ұзақтығына байланысты жұмыс ортасының бөлек факторлары қауіпті болуы мүмкін.

Қайінмі базалау (risk assessment) — жұмыста бар қауіптер және олардың жұмыскерлер денсаулығының қауіпсіздігі мен сақталуына әсер етуін анықтаудан туындаған қауіптерді талдау үдерісі.

Жұмыскерлердің өкілдері (workers' representative) — ұлттық заңнамаға және қолда бар тәжірибеге негізделі осылай танылған кез келген тұлға.

Е с к е р т п е . Жұмыскерлердің өкілдері бола алады:

а) кәсіби одақтар немесе сондай кәсіподақтардың мүшелері тағайындаған немесе таңдаған тұлғалар;

б) ұлттық заңдар, ережелер немесе ұжымдық келісімдердің талаптарына сәйкес ұйым жұмыскерлері еркін таңдаған, сәйкесінше мемлекетте кәсіптік одақтардың тікелей айрықша құзіреті ретінде мойындалған тұлғалар.

Еңбекті қорғау бойынша жұмыскерлердің өкілдері (workers'safety and health representative) — жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша жұмыскерлердің мүддесін ұсынатын ұлттық заңдар немесе қолда бар тәжірибеге сәйкес таңдалып немесе тағайындалған кез келген тұлғалар.

Тексеру (audit) — жүйелі, тәуелсіз, құжат түрінде рәсімделген орнатылған өлшемдерді алу үдерісі және ұстану дәрежесін әділ бағалау.

Е с к е р т п е . Термин міндетті түрде тәуелсіз сыртқы тексеруді білдірмейді (тексеруші немесе сырттан тексеруші жүргізетін).

Өндірістік телім (worksite) — жұмыс берушінің бақылауында болатын, жұмыскердің болуы тиіс немесе еңбек міндеттерін атқару үшін баруы тиіс негізгі аймақ.

Жұмыскер (worker) — жұмыс берушімен еңбек қатынасына түскен жеке тұлға.

Жұмыс беруші (employer) — жұмыскермен еңбек қатынасына түскен жеке немесе заңды тұлға (мекеме).

Қатер (risk) — осы оқиға тудырған еңбек қызметі үдерісінде адам денсаулығына қауіпті жағдайлар мен ауыр жарақаттардың (немесе басқа да зақымдар) пайда болу мүмкіндігінің үйлесімі.

Діріл — адам денесіне басқа да қатты заттармен берілетін және оның денсаулығына зиян болып табылатын немесе қандай да бір басқа қатынаста қауіпті болып саналатын кез келген ауытқу (29 наурыз 1988 жылы бекітілген № 8694 — ХІ «Еңбектенушілерді ауаның ластануымен, жұмыс орындарындағы шу мен дірілден туындаған кәсіби қатерден қорғау туралы» ХЕҰ 148 Конвенциясының 3-бабы).

Зиянды еңбек жағдайлары — жұмыс жасаушы ағзасы мен (немесе) оның ұрпағына жағымсыз әсер келтіретін зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын еңбек жағдайы (Р басшылығы 2.2.2006—05).

Демалыс уақыты — жұмыскердің еңбек міндеттерінен босатылатын және өз қалауынша пайдаланатын уақыт аралығы (РФ ЕК).

Кепілдіктер — олардың көмегімен жұмыскерлерге берілген әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы (РФ ЕК) құқықтар жүзеге асатын амалдар, тәсілдер және жағдайлар.

Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтер — сақтамаған жағдайда адам өмірі мен денсаулығына қауіп, сондай-ақ ауыру және таратылу қаупін тудыратын (өзгертулер мен толықтырулар жасалған «Тұрғындардың санитарлы-эпидемиологиялық саулығы жайлы» №52-ФЗ 30 наурыз 1999 жылғы федералды заңы) санитарлы-эпидемиологиялық талаптарды орнатушы нормативті құқықтық актілер (соның ішінде адам үшін қоршаған орта факторларының қауіпсіздік және (немесе) залалсыздық өлшемдері, гигиеналық және өзге де нормативтер).

Еңбек тәртібі — РФ ЕК-ге, ұжымдық келісімге және ұйымның жергілікті нормативті актісіне сәйкес анықталған барлық жұмыскерлерге бірдей міндетті мінез-құлық ережесіне бағыну.

Жалақы — жұмыскердің біліктілігіне, орындалатын жұмыстың ауырлығына, мөлшеріне, сапасына және талабына байланысты берілетін сыйақы, сонымен қатар ынталандырушы сипатта берілетін өтемақы (РФ ЕК).

Денсаулық — кеселдер мен физикалық ақаулардың жоқтығы ғана емес, толық физикалық, рухани, әлеуметтік саулық күйі (БДҰ – Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы Жарғысының қосымшасы).

Еңбекті қорғауды басқарудың жүйесі (*occupational safety and health management system*) — еңбекті қорғау саласында саясат пен мақсаттар және сол мақсаттарға жету үшін жасалатын процедураларды орнататын өзара байланысты немесе өзара әрекет ететін элементтердің жинағы.

Ағымдағы қадағалау (*active monitoring*) — қауіптер мен қатерлерді ескерту және азайту шараларын, сондай-ақ, орнатылған өлшемдер бойынша еңбекті қорғауды басқару жүйесі бойынша өтілетін шаралардың сәйкестігін қадағалаудың ағымдағы қызметі.

Жұмысқа байланысты жарақаттар, денсаулық пен сырқаттың нашарлауы (*workrelated injuries, ill health and diseases*) — еңбек қызметі үдерісінде жұмыскер денсаулығына химиялық, биологиялық, физикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, әлеуметтік-психологиялық және басқа да факторлардың кері әсер ету нәтижелері.

Еңбекті қорғау — еңбек қызметі үдерісінде жұмыскерлердің өмірлері мен денсаулықтарын сақтау жүйесі. Оған құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, сауықтыру-профилактикалық, оңалту және басқа да іс-шаралар жатады.

Еңбек жағдайлары — жұмыскердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына әсықпал ететін өндіріс ортасы мен еңбек үдерісі факторларының жиынтығы.

Зиянды өндірістік фактор — жұмыскерге тигізетін әсері оның сырқаттануына әкеліп соғуы мүмкін өндірістік фактор.

Қауіпті өндірістік фактор — жұмыскерге тигізетін әсері оның жарақаттануына әкеліп соғуы мүмкін өндірістік фактор.

Өндірістегі жазатайым оқиға — еңбек міндеттерін немесе жұмыс басқарушылар тапсырмаларын орындауда жұмыскерге қауіпті өндірістік фактордың әсер ету жағдайы.

Рұқсат наряды (наряд) — белгіленген үлгідегі арнайы бланкіде рәсімделген және оның мазмұнын, орнын, басталу және аяқталу уақытын, қауіпсіз өткізу талаптарын, бригада құрамын, сондай-ақ осы жұмыстарды қауіпсіз орындауға жауапты жұмыскерлерді анықтайтын жұмысты өндіру тапсырмасы (МС 12.1.009 — 2009).

Сәйкессіздік — тікелей не жанама түрде жазатайым оқиғаға, материалды шығынға, еңбек жағдайының нашарлауына немесе кәсіпорындардағы осы факторлардың әртүрлі үйлесімдеріне әкеп соғуы мүмкін стандарттардан, техникалық уақыт тәртіптерінен, қабылданған тәжірибеден немесе жұмысты орындау процедураларынан қандай да бір ауытқушылық (МС Р 12.0.006 — 2002).

Жазатайым оқиға — кәсіпорын жұмыскерлерін өлім нәтижесіне, жарақатқа немесе ауруға әкеп соғатын жағымсыз оқиға (МС Р 12.0.006 — 2002).

Қауіпті аймақ — жұмыс жасаушыға қауіпті және (немесе) зиянды өндіріс факторлары әсер етуі мүмкін кеңістік (МС 12.0.002 — 80).

Қауіп — адамға әлеуетті түрде зиян келтіруі, денсаулығын нашарлауына әкеп соғуы, жеке меншігіне, өндіріс ортасына немесе осы факторлардың әртүрлі үйлесімдеріне шығын келтіруі мүмкін көздер немес жағдайлар (OHSAS 18001 : 2007 кәсіби қауіпсіздік және денсаулықты басқару жүйесі).

Өндірістік жайлар — үнемі (ауысымдар бойынша) немесе мерзімді түрде адамдардың еңбек қызметі жүзеге асатын арнайы белгіленген ғимараттар мен құрылыстардағы жабық кеңістіктер.

Ресей Федерациясының санитарлық-эпидемиологиялық мөлшерленген мемлекеттік жүйесі — федералды санитарлық ержелер, нормалар мен гигиеналық нормативтер, өндіріс ортасының физикалық факторлары, өндірістік жайлардың микроклиматына қойылатын гигиеналық талаптар, санитарлық ережелер мен нормалар (СанЕмН 2.2.4.548 — 96).

Оқиға — жазатайым жағдайға әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін оқиға (МС Р 12.0.006 — 2002).

Зиянды өндірістік фактордың жол берілетін шекті деңгейі — барлық еңбек өтілі бойынша белгіленген ұзақтықтағы жұмысты орындауда жұмыс жасаушының жұмыс барысында немесе қазіргі және келер буындағы өмір мерзімдерінде жарақат, сырқат немесе денсаулығында қандай да бір ауытқушылық болуына әкеп соқтырмайтын фактор дәрежесі.

Кәсіптік сырқат — жұмыскерге зиянды өндіріс факторының ұзақ әсер етуінің нәтижесі.

Еңбек гигиенасы — жұмыс жасаушылардың ағзасына еңбек үдерістері мен еңбек жағдайларының әсерін танып білу және еңбек үдерісі мен жағдайын жақсарту мақсатындағы санитарлық-гигиеналық және сауықтыру-профилактикалық іс-шараларды жасау.

Өндірістік санитария — жұмыс жасаушыларға зиянды өндіріс факторларының әсерінің алдын алатын не азайтатын, сонымен қатар кәсіпорындарда еңбек гигиенасының нормалары мен талаптарының жүзеге асуын қамтамасыз ететін ұйымдастырушы, гигиеналық және санитарлық-техникалық іс-шаралар мен амалдардың жүйесі.

Жұмысқа қабілеттілік — адамның белгіленген уақыт аралығында белгілі жұмыс мөлшерін орындау қабілетін сипаттайтын, ағзасының физиологиялық және психикалық

қызметінің мүмкіншілік анықтайтын күйі (Р 2.2.2006 — 05 басқаруы).

Қауіпсіздік техникасы — жұмыс жасаушыларға қауіпті және зиянды өндіріс факторлары әсерінің алдын алатын ұйымдастырушылық, техникалық іс-шаралар мен амалдардың жүйесі.

Қауіпсіз еңбек жағдайлары — әсер ету дәрежесі белгіленген нормадан аспайтындықтан, жұмыс жасаушыларға зиянды және (немесе) қауіпті өндіріс жағдайларының әсер етуі мүмкін емес еңбек жағдайы.

Жұмыс орны — тікелей не жанама жұмыс берушінің бақылауында болатын, жұмыскердің болуы тиіс немесе еңбек міндеттерін атқару үшін баруы тиіс негізгі аймақ..

Жұмыс уақыты — жұмыскер ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне және еңбек келісімінің талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін атқаруы тиіс уақыт аралығы, сонымен қатар, қолда бар заңдар мен басқа да нормативті құқықтық актілерге сәйкес жұмыс уақытына қатысты өзге мерзімдер (РФ ЕК).

Жұмыс жасаушының қорғаныс құралы — жұмыс жасаушыға әсер ететін зиянды және (немесе) қауіпті өндіріс факторларының алдын алуға немесе азайтуға арналған құралдар (МС 12.0.002 — 80).

Жұмыс жасаушының жеке қорғаныс құралы — адамның бүкіл денесіне немесе жұмыста пайдаланатын бөліктеріне киілетін қорғаныс құралы (МС 12.0.002 — 80).

Жұмыс жасаушылардың ұжымдық қорғаныс құралы — өндірістік құрылғылармен, үдеріспен, жаймен (ғимаратпен) немесе өндірістік алаңмен құрылымдық және (немесе) қызметтік байланыстағы қорғаныс құралы (ГОСТ 12.0.002 — 80).

Еңбекті қорғау бойынша жұмыс ұйымдарының сәйкестік сертификаты — жұмыс жасаушылардың еңбекті қорғау бойынша мемлекеттік нормативті талаптарына сәйкес жұмыс берушінің қабылдайтын шараларының сәйкестігін куәландырушы құжат (30.06.2006 жылы қабылданған №90-ФЗ Федералды заңында).

Өндірістік қызмет — жұмыскерлердің қорларды дайын өнімге айналдыруға қажетті еңбек құралдарын қолданумен бірге жасалған бірлескен әрекеттері. Оларға әртүрлі шикізаттарды өндіру және жасап шығару, құрылыс, әртүрлі қызмет түрлерін көрсету кіреді.

Еңбекті қорғау талаптары — еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативтік талаптары (соның ішінде еңбек қауіпсіздігінің стандарттары) және еңбекті қорғау ережелері және нұсқаулықтарымен белгіленген еңбекті қорғау талаптары (30.06.2006 жылы қабылданған №90-ФЗ Федералды заңында).

Еңбек жағдайларының мемлекеттік сараптамасы — сараптама объектісінің еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативті талаптарына сәйкестікті бағалау (30.06.2006 жылы қабылданған №90-ФЗ Федералды заңында).

Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау — зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторларды анықтау мақсатындағы жұмыс орындарында еңбек жағдайларын бағалау және еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативті талаптарына сәйкес еңбек жағдайларын орындау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру. Мемлекеттік саясатты жасау және еңбек саласындағы нормативті-құқықтық реттеу қызметін жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералды органы белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі (30.06.2006 жылы қабылданған №90-ФЗ Федералды заңында).

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттары — еңбек қызметі үдерісінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған және еңбекті қорғау саласындағы әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық, санитарлы-гигиеналық, емдік-профилактикалық, оңалтушы шаралардың жүзеге асуын реттемелейтін ереже, рәсім, өлшемдер және нормативтер (24.07.2009 жылы қабылданған №206-ФЗ Федералды заңында).

Кәсіптік тәуекел қаупі — жұмыскерлердің еңбек келісімінде немесе РФ ЕК-і бекіткен өзге де жағдайларда не болмаса басқа да федералды заңдарда белгіленген міндеттерін орындауда зиянды және (немесе) қауіпті өндіріс факторларының әсер ету нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіру мүмкіндігі. Кәсіптік тәуекел қаупі дәрежесін бағалау тәртібі мемлекеттік саясатты жасау және еңбек саласындағы нормативті-құқықтық реттеу қызметін еңбек ұжымы өкілінің пікірін есепке алумен жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералды органы белгілеген тәртіп бойынша жүргізіледі.

Еңбек жағдайы — жұмыскердің жұмысқа қабілеттілігі мен денсаулығына ықпал ететін өндіріс ортасы мен еңбек үдерісі факторларының жиынтығы (РФ ЕК).

Еңбекті қорғаудың талаптары

Еңбекті қорғаудың мемлекеттік нормативті талаптары еңбек қызметі үдерісінде жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған ережелерді, рәсімдерді және өлшемдерді орнатады.

РФ ЕК-нің 212-бабына сәйкес, еңбектің қауіпсіз жағдайлары мен еңбекті сақтауды қамтамасыз ету жұмыс берушіге, нақтылап

айтканда, кәсіпорынның бірінші тұлғасына жүктеледі.

Алайда, қауіпсіз еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауды жасаудың негізгі міндеті жұмыс беруші мен оның әкімшілігіне жүктелгенімен, жұмыскерлер де бұл салада өзіндік міндеттерге ие: олар тапсырылған жұмыстың қауіпсіз орындалуын қамтамасыз ететін талаптарды, ережелерді, нұсқауларды орындауға міндетті.

РФ ЕК-нің 214-бабына сәйкес **жұмыскер міндетті:**

1. Еңбекті қорғаудың еңбек заңнамасы бекіткен ережелерін, нұсқауларын және талаптарын орындауға.

2. Дербес және ұжымдық қорғаныс құралдарын дұрыс қолдануға.

3. Жұмысты орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдерінен сабақ алуға, берілген жұмысты орындаудың дұрыс және қауіпсіз тәсілдерінің нұсқамасын алуға, жұмыс орнында тағылымдамадан өтуге және еңбекті қорғау талаптарын білуі бойынша тексерістен өтуге.

4. Өзінің тікелей басшысына адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін кез келген жағдайларды, өндірісте орын алған әрбір жазатайым оқиғаларды немесе өз денсаулығының нашарлауын, соның ішінде асқынған кәсіптік сырқат немесе улану белгілерін бірден жеткізіп отыруға.

5. Міндетті алдын ала немесе мерзімдік медициналық тексерулерден және т.б. өтуге.

Міндеттерден бөлек әрбір жұмыскер Ресей заңнамасында тұжырымдалған қауіпсіз және пайдалы еңбек талаптарына құқылы және құқықтар кепілдігіне ие.

Жұмыскердің еңбекке еңбекті қорғау талаптарына сәйкес құқықтық кепілдемелері келесідегілерден тұрады:

- мемлекет барлық жұмыскерлерге олардың еңбекке деген құқықтарын қорғауды еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жағдайларда кепіл береді;
- еңбек келісіміне байланысты еңбек жағдайлары еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болуы керек;
- жұмыскердің жазығынсыз еңбекті қорғау талаптарының бұзылуы салдарынан жұмыстың уақытша тоқтауында оның жұмыс орны мен орташа жалақысы сақталады;
- өмірі мен денсаулығына қауіп туған жағдайда жұмыскер жұмысын орындаудан бас тартса, жұмыс беруші сол қауіп жойылғанша жұмыскерге басқа жұмыс беруге міндетті. Егер басқа жұмысты беру мүмкін болмаса, жұмыскердің бос қалған уақыты қолданыстағы заңнамаға сәйкес төленеді;

- жұмыскерді еңбекті сақтау нормаларына сәйкес қамтамасыз етпеген жағдайда жұмыс беруші жұмыскерден еңбек қызметтерін орындауды талап етуге құқысы жоқ және бос қалған уақытын төлеуге міндетті;
- жұмыскердің өміріне және денсаулығына қауіп тудыратын жұмыстарды немесе еңбек келісімінде қаралмаған ауыр жұмыстар мен зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарды орындауға бас тартқан жағдайда, жұмыс беруші оны тәртіптік жауапкершілікке тартуға құқылы емес;
- еңбек міндеттерін атқаруда жұмыскердің өмірі мен денсаулығына залал келген жағдайда жұмыс беруші қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтірілген залалды өтеу керек.

1.3. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ. КӘСІПОРЫНДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару Ресей Федерациясының Үкіметімен тікелей немесе соның тапсырысы бойынша жүзеге асады:

- мемлекеттік саясатты жасау және еңбек саласындағы нормативті-құқықтық реттеу қызметін жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералды органы (Ресей Федерациясының еңбек және әлеуметтік қорғау Министрлігі және Ресей Федерациясының денсаулық сақтау Министрлігі);
- атқарушы биліктің Ресей Федерациясындағы еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ұйымдастырушылық сызбасына (1.1 сурет) сәйкес басқа да федералды органдары (РФ ЕК 216-бабы).

Ресей Федерациясы Үкіметінің 31 мамыр 2012 жылғы №535 «Ресей Федерациясының Еңбек Министрлігінің және әлеуметтік қорғанысының сұрақтары» қаулысы бойынша Ресейдің Еңбек Министрлігі мыналарды жүзеге асыратыны белгіленген:


- мемлекеттік саясатты және еңбек саласындағы нормативті-құқықтық реттеу қызметін жасау және жүзеге асыру бойынша қызметтер, тұрмыс деңгейі және кіріс демографиясы, зейнетақымен, әлеуметтік сақтандырумен қамсыздандыру, еңбек жағдайлары және еңбекті қорғау, әлеуметтік серіктестік және еңбек қатынасы, жұмыспен қамтылу және

жұмыссыздық, еңбек миграциясы, баламалы азаматтық қызмет, мемлекеттік азаматтық қызмет, әлеуметтік қорғаныс және тұрғындарға әлеуметтік қызмет көрсету;

- еңбек пен жұмыспен қамту бойынша оның басқаруындағы Федералды қызметтің үйлестіру мен бақылау қызметі, сондай-ақ, Ресей Федерациясының Зейнетақы қоры (РЗҚ) Ресей Федерациясының әлеуметтік сақтандыру Қоры (ӘСК) қызметтерін үйлестіру.

Еңбек және жұмыспен қамту федералды қызметі еңбек саласындағы бақылау және қадағалау, жұмыспен қамту, баламалы азаматтық қызмет және тұрғындарды әлеуметтік қорғау, тұрғындарды жұмыспен қамтуға және жұмыссыздықтан қорғау, еңбек миграциясы саласында мемлекеттік қызмет көрсету және ұжымдық еңбек дауларын реттеу бойынша, сондай-ақ, әлеуметтік қорғансыз санаттағы азаматтар үшін Ресей Федерациясының заңнамасы орнатқан әлеуметтік кепілдемелер бойынша қызметтерді жүзеге асыратын атқарушы биліктің федералды органы болып табылады.

Еңбек және жұмыспен қамту федералды қызметі өз қызметін тікелей және өзінің аймақтық органдарының басқа да атқарушы биліктің федералды органдары, Ресей Федерациясы субъектілері атқарушы билік органдарыны, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдармен қатынаста жүзеге асырады. Еңбекті қорғау саласында оның өкілеттігіне мыналар кіреді:



Сур. 1.1. Ресей Федерациясындағы еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ұйымдастырушылық сызбасы


- тексеру, зерттеу арқылы еңбек құқығының нормалары бар еңбек заңнамаларын және өзге де нормативті құқықтық актілерді жұмыс берушілердің ұстануын мемлекеттік қадағалау және бақылау, заңды бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті ұйғарымдарды беру, өкілеттік шегіндегі әкімшілік заң бұзушылықтар туралы хаттамаларды жасау, Ресей Федерациясының федералды заңдары мен басқа да нормативті құқықтық актілеріне сәйкес айыптыларды жауапкершілікке тарту туралы өзге де материалдарды (құжаттарды) дайындау;
- тексерудің орнатылған тәртібі мен өндірістегі жазатайым оқиғалардың есептерін іске асыру;
- өндірістегі жазатайым жағдай мен кәсіптік сырқаттардан міндетті әлеуметтік сақтандыру бойынша қамсыздандыруды алуға жұмыскерлердің құқықтарын жүзеге асыруын және жұмыс берушілердің есебінен уақытша еңбекке жарамсыздыққа жәрдемақы тағайындау, есептеу және төлеуін қадағалау және бақылау;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік сырқаттар нәтижесінде кәсіби еңбекке жарамдылық дәрежесінің белгілеу тәртібін бақылау;
- Кәсіптік жарақаттанушылық жағдайы мен себептерінің талдамасы және оның алдын алу және т.б. бойынша ұсыныстарды әзірлеу.

Атқарушы биліктің федералды органдарына нормативті-құқықтық реттеу бойынша жеке қызметтерді (арнайы рұқсат етілген, еңбекті қорғау саласындағы қадағалау және бақылау қызметтері) жүзеге асыру құқығы берілген. Соған қоса олар міндетті:

- еңбекті қорғау саласындағы олар қабылдаған шешімдерді келістіруге;
- өз қызметін еңбекті қорғау саласындағы нормативті-құқықтық реттеу бойынша қызметтерді іске асыратын атқарушы биліктің федералды органдарымен үйлестіруге.

Атқарушы биліктің федералды органдары мен Ресей Федерациясы субъектілерінің атқарушы билік органдары мемлекеттік басқаруды Ресей Федерациясы субъектілерінің аумағында өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асырады.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесі (ЕҚБЖ) — осы ұйымның қызметімен байланысты денсаулық сақтау мен еңбекті қорғау саласындағы қатерлерді басқаруды жүзеге асырушы ұйым басқармасы (менеджменті) ортақ жүйесінің бөлігі (ГОСТ



Сур. 1.2. Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің ұйымдық құрылымы

12.0.06 — 2002 «ССБТ. Ұйымдағы еңбекті қорғауды басқару жүйесіне ортақ талаптар»). 1.2 суретте көрсетілген ұйымдық құрылымға ие аталмыш жүйеге жоспарлау, үлестіру, жауапкершілік бойынша қызметті, өңдеу үшін үдерістер мен қорлар, мақсаттар, саясат пен іс-шаралар нәтижелілігінің талдамаларын енгізу және жету жатады.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесінде іс-шаралардың бірнеше түрлерін айырады.

Еңбек ұйымының жалпы жүйесінің және өндірісінің бөлігі болып табылатын *еңбекті қорғау бойынша ұйымдық іс-шаралар* нормативті құжаттармен қарастырылған.

Ұйымдық іс-шараларға мыналар жатады:

- ғылыми еңбек ұйымы талаптарын орындау;
- жұмыс орындарын аттестаттау және сертификаттау;
- еңбекті қорғау бойынша қызметкерлерге нұсқаулық беру;
- кәсіби іріктеу және медициналық тексерулерді ұйымдастыру;
- әлеуметтік сақтандыру;
- қызметкерлерді біліктіліктеріне сәйкес орналастыру;
- апат салаларын жою жоспарларын жасау;
- құрылғыларды тексеру және жөндеу жоспарларын жасау және орындау;
- жұмыс орындарын тазалау кестесін жасау;
- қауіпті жұмыстар тізімдерін құру;
- өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік сырқаттарды есепке алу және талдау;
- арнайы тамақтандыру ұйымы;
- еңбекті қорғауды насихаттау;
- ынталандыру және жазалау шараларының жүйесін жасау.

Қауіпті өндірістік объектілерде еңбекті қорғау бойынша ұйымдық іс-шаралар қатарына сонымен қатар, мыналар жатады:

- қауіпті жұмыстарды лицензиялау;
- құрылғыларды сертификаттау;
- апаттарды тергеу және олардың салдарын жою;
- төтенше жағдайларды болжау;
- өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптау және мағлұмдау;
- Жауапкершілікті сақтандыру.

Еңбекті қорғау бойынша санитарлық іс-шаралар негізінде құрылыстық жобалау кезеңінде жасалып, ұйымның ағымдағы үдерісінде қажеттілік шамасы бойынша қамтамасыз етіледі және жетіледі. Оларға мыналар жатады:

- аймақтар, негізгі және қосымша ғимараттар, қоймалар, жеке цехтар мен үй-жайларды жоспарлауда еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын орындау;

- жұмыс аумағында қажетті микроклиматтар мен ауа тазалығын қамтамасыз ету (ауаны желдету, жылыту, салқындату);
- жарықтандыру сапасын қамтамасыз ету;
- санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар және санитарлық-лық құрылыстармен қамсыздандыру;
- қоршаған ортаның өндірістік эстетикасы мен санитарлық қорғаныс талаптарын орындау.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық іс-шараларға өндірістік құрылыстар, оны орналастыру, құбыр желісі және байланыс, жүк көтергіш және көлік құралдары, қызметкерлерді техникалық қорғау амалдары, орта және қауіпті және зиян факторлар дәрежесінің параметрлері бойынша әдістер мен құрылыстарына қауіпсіздік талаптарды орындауды қамтамасыз ету жатады.

Еңбекті қорғау бойынша жалпы іс-шаралар:

- жұмыстардың автоматтандырылуы және механикаландырылуы;
- қашықтықтан басқару;
- басқарушы машиналарды пайдалану;
- бұғаттау және дабыл орнату.

Еңбекті қорғау бойынша жеке іс-шаралар:

- қоршау құрылысы;
- сәулеленуден экрандау;
- электр қауіпсіздігі және т.б. талаптарын орындау.

Жеке қорғану бойынша іс-шаралар:

- жұмыскерлердің жеке қорғануының тиімді құралдарын (ЖҚТҚ) таңдау;
- ЖҚТҚ-ны дұрыс сақтау мен ұқыптылығын қамтамасыз ету;
- Қызметкерлерге ЖҚТҚ-ны пайдалану ережелерін үйрету.

Еңбекті қорғауды қауіпсіздік техникасымен, өндірістік санитариямен, еңбек гигиенасымен теңдестіруге болмайтынын атап өту қажет. Өйткені олар еңбекті қорғаудың элементтері, яғни құрамды бөліктері болып табылады. Осылайша, еңбекті қорғау жүйесінің құрамына келесі элементтер кіреді:

- қауіпсіздік техникасы;
- зиянды өндірістік факторлардың жұмыскерлеріне әсердің алдын алатын немесе азайтатын ұйымдық іс-шаралар мен техникалық құралдардың жүйесі секілді анықталатын өндірістік санитария;
- еңбек талаптары мен сипатын және оның денсаулыққа ықпалын және адамның функционалдық жағдайын зерттейтін және жұмыскерлерге өндірістік орта мен еңбек үдерісі

факторларының зиянды және қауіпті әсерлерінің профилактикасына бағытталған жасалатын ғылыми негіздер мен тәжірибелік шараларды профилактикалық медицина ретінде анықтайтын еңбек гигиенасы;

- жұмыскердің электр тоғының, электр доғасының, электромагнит өрісінің және статикалық электрдің зиянды және қауіпті әсерінен қорғалу күйі секілді анықталатын электр қауіпсіздігі;
- өрттен тұлғаның, мүліктің, қоғамның және мемлекеттің қорғалу күйі секілді анықталатын өрт қауіпсіздігі;
- тұлғаның өмірлік маңызды мүдделерін және қауіпті өндірістік объектілердегі қауіпті апаттардан және айтылмыш апаттардың салдарының қорғалу күйі секілді анықталатын өнеркәсіптік қауіпсіздік.

Өз кезегінде, еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі мыналардың құрамдас бөліктері болып табылады:

- тіршілік әрекетінің қауіпсіздігінің — адамның техносферамен жайлы және қауіпсіз әрекеттестігі жайлы ғылымның;
- еңбек қауіпсіздігін басқарудың — қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жарақаттылық пен апаттықтың, кәсіби сырқаттың азайтылуын, еңбекті қорғау саласында заңнамалық нормативтік актілерді қолдануға негізделген қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайын жасау бойынша міндеттер негізінде еңбек жағдайын жақсарту бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың;

Жұмыс беруші жалпы міндеттерді орындауға және жұмыскерлердің денсаулығын қорғау, сондай-ақ ұйымдарда еңбекті қорғау бойынша қызметтерді басқаруды қамтамасыз етуге тиіс.

Еңбекті қорғауға жауапты жұмыс беруші орнатылған талаптарға сәйкес еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасауды, енгізуді және жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесін қолданудың негізгі мақсаты - ұйымның барлық жұмыс орындарында қауіпсіз және зиянсыз еңбек жағдайы жасалған жағдайда ғана мүмкін өндірістік қызметте жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау.

Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жасауда мыналар қажетті:

- ұйымға таралатын, еңбек құқығының нормаларын қамтыған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер тізімін анықтау;
- еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғауға айтарлықтай елеулі

әсерлерді анықтау мақсатында ұйым қызметінің өткенгі, бүгінгі немесе жоспардағы түрлерінен туындайтын еңбекті қорғау факторларын айқындау;

- еңбекті қорғау саласындағы ұйым саясатын анықтау;
- еңбекті қорғау саласындағы мақсаттар мен міндеттерді анықтау, басымдықтарды орнату;
- алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін ұйымдық сызба мен бағдарламаны жасау.

Еңбекті қорғау жүйесінің мақсаттарына жету үшін жұмыс беруші мен жұмыскерлердің біріккен күші қажет.

Ұйымдағы еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды ұйымдастырудағы қызметтердің негізгі бағыттары:

- еңбекті қорғау қызметінің құрылуы;
- еңбекті қорғау саласында жұмыскерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін ұстануда қоғамдық бақылауға жәрдемдесу;
- еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды жоспарлау және өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіптік сырқаттан сақтандыратын, еңбекті қорғауды жақсарту бойынша іс-шаралар жасау;
- еңбекті қорғау бойынша жұмыс сертификаттауын ұйымдастыру және өткізу;
- жұмыс орындарында еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауға тексеріс жүргізіп, сол тексерістердің нәтижелері туралы жұмыскерлерді ақпараттандыру;
- ауыр жұмыс пен өндіріс пен еңбек ұйымның қазіргі заманғы техникалық дәрежесінде де жойылмайтын зиянды немесе қауіпті жағдайлардағы жұмысқа өтемақы тағайындау;
- жұмыскерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамсыздандыру;
- еңбекті қорғау бойынша оқыту немесе қызметкерлерді кәсіби дайындау.

Еңбекті қорғау мен еңбек қауіпсіздігі бойынша барлық жұмыстар жүйелік тәсілдемелер негізінде қамтамасыз етілуі, ал жүргізілетін іс-шаралар кешендегі барлық бағыттарды қамтуы өте маңызды.

Еңбекті қорғау бойынша нақты қызметтердің жүзеге асуына жауаптылар:

- ұйымның бас инженері;
- ұйым бастығының орынбасарлары;
- бас мамандар;
- қызметтер мен бөлімшелердің басшылары.

Лауазымдық тұлғалардың міндеттерін жұмыс беруші белгілейді. Ол бұйрықпен немесе ұйымның өзге де жарлық құжаттарымен құпталуы керек.

Ұйым жұмыскерлеріне еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар жасалуы қажет және жұмыскер оны ұстануы қажет. Сонымен қатар, жеке қорғаныс құралдарын дұрыс қолдануы керек.

Жұмыскерлер саны 50 адамнан асатын, өндірістік қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарда еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету мақсатында оларды орындау барысында жұмыс беруші еңбекті қорғау қызметін жасауы немесе сол салада сәйкес дайындыққа немесе жұмыс тәжірибесіне ие еңбекті қорғау саласы бойынша маман қызметін енгізуі керек.

Жұмыскерлерінің саны 50 адамнан аспайтын жұмыс беруші еңбекті қорғау қызметін жасау немесе еңбекті қорғау бойынша маман қызметін енгізу туралы шешімді өзінің өндірістік қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып қабылдайды (РФ ЕК 217-бабы).

Жұмыс берушіде еңбекті қорғау қызметі мен еңбекті қорғау бойынша штаттық маман болмаған жағдайда олардың қызметін мыналар атқара алады:

- жұмыс беруші — жеке кәсіпкер (жеке өзі);
- ұйымды басқарушы;
- жұмыс берушінің басқа өкілетті жұмыскері;
- еңбекті қорғау саласында қызмет көрсететін және азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс беруші тартатын ұйым немесе маман.

Еңбекті қорғау саласы бойынша қызметтер көрсететін ұйымдар аккредиттеуден өтуге міндетті.

Еңбекті қорғау қызметін ұйым басшысына немесе оның бұйрығы бойынша орынбасарларының біріне тікелей бағынумен тәуелсіз құрылымдық бөлімше секлді ұйымдастыруға кеңес беріледі.

Еңбекті қорғау бойынша маман қызметіне тағайындала алатындар:

- еңбекті қорғау бойынша инженер мамандығына ие тұлғалар (технологиялық үдерістер мен өндірістерді қорғау бойынша инженер), не болмаса жұмыс өтіліне талап қойылмайтын жоғарғы кәсіби (техникалық) білімі бар тұлғалар;
- орта кәсіби (техникалық) білімі бар және 1-дәрежелі техник мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар, не болмаса орта кәсіби (техникалық) білімі бар, 5 жылдан кем емес мамандар атқаратын басқа мамандықтағы тұлғалар.

Сонымен бірге, осы қызметке тағайындалған кез келген маман еңбекті қорғау бойынша арнайы оқудан өтуі керек (№14 8 ақпан 2000 ж. Ресей Еңбек Министрлігінің Жарғысы).

Еңбекті қорғау бойынша маман өз жұмысында еңбекті қорғау бойынша өкілге де, құрылымдық бөлімше басшыларына (шеберлерге, телім бригадирлеріне және т.б.) да сүйену керек.

Еңбекті қорғау қызметі жұмыскерлерінің мақсаттары, функционалдық міндеттері және құқықтары ұйымдағы еңбекті қорғау қызметі жұмысының ұйымы бойынша Ұсыныстармен айқындалған (№14 8 ақпан 2000 ж. Ресей Еңбек Министрлігінің Жарғысы).

Еңбекті қорғау қызметінің негізгі міндеттері:

- жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын орындауды қамтамасыз ету бойынша жасалатын жұмыс ұйымы;
- еңбекті қорғау, ұжымдық шарт, еңбекті қорғау бойынша келісім, өзге де ұйымның нормативті құқықтық актілері бойынша жұмыскерлердің заңдар мен басқа да нормативті құқықтық актілерді ұстануын бақылау;
- өндірістік жарақаттанушылық пен кәсіптік сырқат және өндірістік факторлармен шартталған сырқаттардың алдын алу бойынша, сондай-ақ, еңбек жағдайын жақсарту бойынша профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру;
- еңбекті қорғау мәселелері бойынша ұйым жұмыскерлерін, соның ішінде ұйымның басшысын ақпараттандыру және кеңес беру;
- еңбекті қорғау бойынша озық тәжірибені оқу және тарату, еңбекті қорғау мәселелерін насихаттау.

Алға қойылған міндеттерді орындау үшін еңбекті қорғау қызметіне жүктеуге кеңес берілетін қызметтер:

- кәсіптік жарақаттанушылық пен кәсіптік сырқаттардың күйі мен себептерін есепке алу және талдау;
- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау арқылы ұйыдастыру, әдістемелік басқару, еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды сертификаттау және олардың өтуін бақылау;
- сәйкесті бөлімшелермен бірге ғимараттың техникалық жай-күйіне, құрылыстарға, құрылғыларға және т.б. зерттеу жасау;
- қайта жасалған не қайта құрылған нысандардың пайдаланылуын қабылдау үшін комиссия жұмысына ат салысу;
- еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауды жақсарту бойынша басқа бөлімшелермен жоспарлар мен бағдарламалар жасау;
- ұжымдық шарттың бөлімдерін жасауға ат салысу;
- жұмыскерлер міндетті алдын ала немесе мерзімдік тексерулерден өтуі керектігімен сәйкес мамандықтар мен қызметтердің тізімін, сонымен қатар, ауыр жұмыс пен зиянды

еңбек жағдайындағы жұмысқа өтемақы төленетін тізімдерді жасауда бөлімшелердің басшыларына көмек көрсету;

- жазатайым оқиғаларды тексеру бойынша комиссия жұмысына қатысу;
- белгіленген мерзімдерге сәйкес еңбекті қорғау талаптарына қатысты құжаттарды рәсімдеу және сақтау;
- чөндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік сырқаттарға сәйкес сақтандыру бойынша төлемдерді тағайындауға құжаттар дайындауға қатысу;
- Ресей мемлекеттік статистикасының федералды қызметі тағайындаған үлгілері бойынша еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары бойынша есеп-қисапты жасау;
- бағдарлама әзірлеу мен кіріспе нұсқамалықты өткізу;
- кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекті қорғау бойынша білімдерін тексеруде комиссия жұмысына ат салысу;
- заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- еңбекті қорғау және т.б. бойынша үкімет жұмысын басқару.

Еңбекті қорғау қызметі жұмыскерлеріне функционалдық міндеттерді орындауы үшін берілетін құқықтар:

- кез келген тәулік уақытында кедергісіз ұйымдардың өндірістік, қызметтік және тұрмыстық жайларын келіп қарау және тексеру, өз құзыреттілігінің шегіде еңбекті қорғау мәселелері бойынша құжаттармен танысу;
- бөлімшелер басшылары мен басқа да ұйымдардың лауазымдық тұлғаларына тексеру нәтижесінде еңбекті қорғау талаптарының бұзылуын жою туралы ұйғарымдарды орындауға міндеттеп және олардың орындалуын бақылауды ұсыну;
- бөлімше басшыларына аталмыш жұмыс түрін орындауға рұқсаты жоқ, белгіленген тәртіпте алдын ала және мерзімдік медициналық тексерістерден, еңбекті қорғау бойынша нұсқамалықтан өтпеген тұлғаларды, сондай-ақ, жұмыс барысында өздеріне берілген жеке қорғаныс құралдарын қолданбай, еңбекті қорғау туралы заңнамалардың талаптарын орындамайтын тұлғаларды жұмыстан шеттетуді талап ету;
- ұйым басшысына еңбекті қорғау талаптарын бұзған лауазымдық тұлғаларды жауапқа тарту туралы ұсыныстарды жолдау;
- бөлімше басшыларынан қажетті мәліметтерді, ақпараттарды, еңбекті қорғау мәселелері бойынша құжаттарды сұрастыру және алу, еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзған тұлғалардан жазбаша түсініктеме талап ету;

- ұйым басшысына еңбек жағдайы мен еңбекті қорғауды жақсарту бойынша белсенді жұмыс жасағаны үшін жеке жұмыскерлерді көтермелеу туралы ұсыныстарды жолдау.

Ұйымдағы еңбекті қорғау қызметінің құрылымын және жұмыскерлердің санын ұйым басшысы мына жағдайларға байланысты анықтайды:

- жұмыскерлердің санына байланысты;
- еңбек жағдайларының сипатына байланысты;
- еңбекті қорғау қызметі жұмыскерлерінің санының Салааралық нормативтерін есепке алумен өндірістің қауіпсіздік дәрежесі мен өзге де факторларына байланысты (№10 22 қаңтар 2001 ж. Ресей Еңбек Министрлігінің Қаулысы).

Ұйымдардағы еңбекті қорғау қызметі жұмыскерлерінің санының салааралық нормативтерін барлық ұйымдарда, меншік нысаны мен ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан пайдалануға кеңес беріледі.

Еңбекті қорғау қызметі өз қызметін мыналармен өзара әрекеттестікте жүзеге асырады:

- ұйымның басқа бөлімшелерімен;
- еңбекті қорғау комитетімен (комиссиясымен);
- кәсіптік одақтардың еңбекті қорғау бойынша уәкілетті (сенімді) тұлғаларымен немесе өкілдік органдардың өзге де уәкілетті жұмыскерлерімен.

Еңбекті қорғау қызметінің әрекетін бақылауды жүзеге асыратындар:

- жұмыс беруші;
- жоғарғы тұрған ұйымның еңбекті қорғау қызметі (ол барған болған жағдайда);
- еңбекті қорғау саласындағы Ресей Федерациясы субъектісінің атқарушы билік органы;
- еңбек құқығының нормалары бар еңбек заңнамасы мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді ұстанудағы мемлекеттік қадағалау мен бақылау органдары.

Кәсіпорындардағы құжаттама

Автокөлік кәсіпорындарындағы еңбекті қорғау бойынша құжаттар жинақтамасының құрамында төменде көрсетілгендер болуы тиіс:

1. Кәсіпорындарда іске асатын еңбекті қорғау бойынша заңнамалық және салааралық нормативтік құқықтық актілер.
2. Кәсіпорындарда іске асатын жергілікті нормативтік актілер.

Олардың құрамына кіреді:

- ішкі еңбек тәртібінің ережелері (мысалы, 1-ші қосымшада келтірілгендей);
- еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау бойынша басшылар мен мамандардың арасында қызметтерді бөлу ережесі;
- еңбекті қорғау қызметі туралы ереже;
- еңбекті қорғау бойынша жұмыскерлерге оқыту және нұсқамалық өткізу ережесі;
- еңбекті қорғау бойынша басшылар мен мамандарға оқыту жүргізу тәртібі;
- тағылымдама өткізу тәртібі туралы ереже;
- еңбекті қорғау бойынша талдама, есеп және нұсқаулық қолдану бойынша ереже;
- жоғары қауіптілік жағдайындағы жұмыс өндірісінің тәртібі туралы ереже;
- жұмыскерлерді міндетті алдын ала (жұмысқа түсер алдында) және мерзімдік медициналық тексерістен өткізу туралы ереже;
- арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныстың өзге де құралдарын беруді және қолдануды ұйымдастыру туралы ереже;
- тегін емдік-профилактикалық асты беру ережесі;
- еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру туралы ереже;
- электр қондырғыларын пайдалануды пайдаланатын және ұйымдастыратын қызметкерлермен жұмыс жасау тәртібі;
- қорғаныс құралдарын қолданудың, сақтаудың, есептеудің және сынаудың тәртібі және жалпы ережелері;
- ұйымдағы жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы ереже;
- автокөлік жабдықтарының жүргізушілерін сапар алдындағы міндетті медициналық тексерісін ұйымдастыру туралы ереже (2-ші қосымша);
- автомобиль жүргізушілерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты туралы ереже;
- жұмыскерлерді оқыту ережесі мен негізгі мамандықтар бойынша білімдерін тексеру туралы ереже;
- қауіпті өндірістік нысандарда өнеркәсіптік қауіпсіздікті ұстанудағы өндірістік бақылау туралы ереже;
- кәсіпорын жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру туралы ереже;
- өндірістегі жазатайым жағдайларды тергеу мен есепке алу туралы ереже.

3. Кәсіпорында іске асатын еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар.

4. Жұмыскерлер үшін еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалық өткізу бағдарламасы.

5. Жұмыс орындарында бастапқы нұсқамалықтарды өткізу бағдарламалары.

6. Электр қауіпсіздігінің 1-ші тобын иеленуді талап ететін мамандықтар тізімі.

7. Ұйымдағы еңбек жағдайы мен қауіпсіздік техникасын жақсарту бойынша жүргізілетін ұйымдық-техникалық іс-шаралар жоспары.

8. Жұмыскерлер міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерістерден өтуге тисті мамандықтар тізімі.

9. Ұйым жұмыскерлеріне арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныс құралдарын тегін беру нормалары (3-ші қосымша).

10. Жеке қорғаныс құралдарын беру есеп карточкасы.

11. Жұмыскерлер жуу құралдарын тегін алуға құқылы мамандықтар тізімі.

12. Жоғары қауіпсіздік талаптары талап етілетін жұмыс түрлері мен мамандықтар тізімі.

13. Жұмыскерлерге қосымша демалыс пен қысқартылған жұмыс күні белгіленген мамандықтар мен қызметтер (немесе жұмыс түрлері) тізімі.

14. Зиянды еңбек жағдайларына байланысты жұмыскерлерге тегін сүт және басқа да тең бағалы өнімдерді алуға құқылы мамандықтар тізімі.

15. Бұйрықтар, жарлықтар және басқа да өкімдік құжаттар.

16. Жұмыс жасайтын мамандықтары бойынша жұмыскерлерді оқыту бағдарламалары.

17. Еңбекті қорғау бойынша журналдар және т.б.

1.4. ЖҰМЫС УАҚЫТЫ, ДЕМАЛЫС УАҚЫТЫ ЖӘНЕ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Жұмыс уақыты мен демалыс уақытының негізгі нормалары Ресей Федерациясының Еңбек Кодексімен ережеленеді.

Жұмыс уақыты — бұл жұмыскер кәсіпорынның ішкі еңбек тәртібі мен еңбек шартының талаптарына сәйкес еңбек міндеттерін орындауға міндетті уақыт аралығы, сондай-ақ, РФ ЕК және Ресей Федерациясының өзге де федералды заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жұмыс уақытына жататын өзге мерзімдер.

Жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс (РФ ЕК 91-бабы).

Жұмыс беруші әр жұмыскердің нақты атқарған жұмыс уақытының есебін жүргізуге міндетті.

Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы мына жұмыскерлерге тағайындалады:

- 16 жасқа дейінгілерге — аптасына 24 сағаттан көп емес;
- 16-дан 18 жасқа дейінгілерге — аптасына 35 сағаттан көп емес;
- I немесе II топ мүгедектеріне;
- Зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасаушыларға — аптасына 36 сағаттан көп емес.

Е с к е р т п е . Зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстар тізімі әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу бойынша Ресей үш жақты комиссиясы пікірін есепке алумен, Ресей Федерациясының Үкіметі тағайындаған тәртіппен жасалады.

Оқу жылы бойына, сабағынан бос уақытта, 18 жасқа дейінгі, білім беру мекемелерінде оқитын оқушылардың жұмыс уақытының ұзақтығы сәйкесінше жастағы тұлғаларға жұмыс уақытының қалыпты нормасының жартысынан аспайды.

Бұл ретте жұмыс уақытының ұзақтығын қысқарту жалақының азаюына әкеп соқпайды.

Күнделікті жұмыс (ауысым) ұзақтығы мына көрсеткіштерден аспауы тиіс:

- 15-тен 16 жасқа дейінгі жұмыскерлерге – 5 сағат;
- 16-дан 18 жасқа дейінгі жұмыскерлерге – 7 сағат;
- оқу жылы бойына сабақты жұмыспен қатар алып жүретін 14-тен 16 жасқа дейінгі оқушыларға – 2,5 сағат, 16-дан 18 жасқа дейінгілерге – 4 сағат;

- мүгедектерге – медициналық қорытындыларына сәйкес;
- қысқарған жұмыс уақыты орнатылған, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмыскерлерге 36 сағаттық жұмыс аптасында – 8 сағат, 30 сағаттық және одан аз жұмыс аптасында – 6 сағат.

Түнгі уақыт — сағат 22.00-ден 6.00-ге дейінгі уақыт.

Түнгі уақыттағы жұмыс (ауысым) ұзақтығы кезекті өңдеусіз 1 сағатқа қысқарды.

Түнгі уақыттағы жұмыс (ауысым) ұзақтығы мына жұмыскерлерге қысқармады:

- қысқартылған жұмыс уақыты тағайындалған жұмыскерлерге;
- арнайы түнгі уақыттағы жұмысқа алынған жұмыскерлерге, егер басқасы ұжымдық шартта қаралмаса.

Түнгі уақыттағы жұмыс ұзақтығы күндізгі уақыттағы жұмыс ұзақтығымен келесі жағдайларда **теңдеседі**:

- еңбек жағдайы бойынша қажет болғанда;
- бір күндік демалысымен алты күндік жұмыс аптасы бар ауысымды жұмыстарда;

Түнгі уақыттағы жұмыстарды жасауға рұқсат етілмейді:

- жүкті әйелдер;
- көркем туындыларды жасау және (немесе) орындауға қатысатын тұлғаларды қоспағанда, 18 жасқа дейінгі жұмыскерлер.

Түнгі уақыттағы жұмыстарға өздерінің жазбаша келісімімен және бұндай жұмыс орнатылған тәртіпте медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаса, келесі тұлғаларға рұқсат етіледі:

- үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге;
- мүгедектерге;
- мүгедек балалары бар жұмыскерлерге;
- медициналық қорытындыға сәйкес сырқаттанған отбасы мүшелеріне қарайтын жұмыскерлерге;
- жолдасынсыз бес жасқа дейінгі балаларды тәрбиелеп отқан аналар мен әкелерге;
- бес жасқа дейінгі балалардың қамқоршыларына.

Бұл ретте аталған санаттардағы жұмыскерлер **түнгі уақыттағы жұмыстардан бас тарту құқықтарымен жазбаша түрде таныс болулары керек**.

Түнгі уақыттағы әр жұмыс сағаты күндізгі уақыттағы жұмыспен салыстырғанда **жоғарылатылған көлемде** төленеді (РФ ЕК 154-бабы).

Түнгі уақыттағы еңбек ақысының ең аз көлемдері әлеуметтік-

еңбек қатынастарын реттеу бойынша Ресей үш жақты комиссиясының пікірін есепке алумен, РФ Үкіметі тағайындаған тәртіппен тағайындалады.

Түнгі уақыттағы еңбек ақысы төлемінің нақты көлемдері келесідегілермен орнатылады:

- ұжымдық шартпен;
- жұмыскерлердің өкілдік органдарының пікірін есепке алу арқылы жергілікті нормативтік актпен;
- еңбек шартымен.

Тағайындалған жұмыс уақыты ұзақтығынан тысқары жұмыс

Жұмыс беруші жұмыскерді үстеме жұмысқа, сондай-ақ, нормаланбаған жұмыс күні шартымен тартуға құқылы (РФ Еңбек кодексі мен өзге де федералды заңдарға, ұжымдық шарттарға, келісімдерге, жергілікті нормативті актілерге, еңбек келісімдеріне сәйкес) (РФ ЕК 97-бабы).

Үстеме жұмыс — бұл жұмыс берушінің бастамасымен жұмыскер орындайтын, оған тағайындалған жұмыс уақытының ұзақтығы шегіндегі жұмыс. Оған жатады:

- күнделікті жұмыс (ауысым);
- жұмыс уақытының жинақталған есебі бойынша есеп кезеңіндегі қалыпты мөлшері.

Жұмыс беруші жұмыскерді оның ж а з б а ш а к е л і с і м і м е н имына жағдайларда т а р т а л а д ы (РФ ЕК 99-бабы):

- жұмыскерге тағайындалған жұмыс уақытының ішінде өндірістің техникалық жағдайларына байланысты тоқтап қалу салдарынан орындалмаған (аяқталмай қалған) басталған жұмысты орындау (аяқтау) қажеттілігінде, егер бұл жұмыстың орындалмауы (аяқталмауы) жұмыс беруші мүлкінің, мемлекеттік немесе муниципалдық мүліктің бұзылуы мен опат болуына, не болмаса, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп тудыруға әкеліп соққан жағдайда;
- механизмдерді қалпына келтіру мен жөндеу бойынша немесе ақауы бірталай жұмыскерлердің жұмысын тоқтатып тастауы мүмкін жағдайлардағы құрылысты өндіруде;
- егер жұмыста үзіліске рұқсат етілмесе, алмасушы жұмыскер келмеген жағдайда жұмысты жалғастыру үшін.

Бұл ретте жұмыс беруші жедел түрде кезекші алмастырушыны басқа жұмыскермен алмастыру бойынша шара қабылдауға тиісті.

Жұмыс беруші жұмыскерді оның к е л і с і м і н с і з мына жағдайларда т а р т а л а д ы :

- зілзалалардың өндірістік апаттардың алдын алуға, не болмаса зілзала, өндірістік апат, табиғи апаттардың салдарын жоюға қажетті жұмыстарды жасауда;
- сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, жарықтандыру, кәріз жүйесі, тасымалдау, байланыс жүйелерінің қызметін бұзатын күтпеген жағдайларды жою бойынша қоғамдық қажетті жұмыстарды жасауда;
- төтенше немесе әскери жағдайлар, сонымен қатар төтенше жайлар жағдайында ең тығыз жұмыстар, яғни табиғи апаттар немесе оның қауіптері (өрт, су алу, аштық, жер сілкінісі, індет, жануар індеті) және тұрғындардың өмірін немесе қалыпты өмірлік жағдайларына қауіп төндіретін өзге де жағдайлардың енгізілуі қажет жұмыстарды жасауда.

Басқа жағдайларда үстеме жұмысқа тарту жұмыскердің жазбаша келісімімен және алғашқы кәсіподақ ұйымының таңдаулы органы пікірін есепке алумен р ұ қ с а т е т і л е д і .

Үстеме жұмысқа ж і б е р і л м е й д і :

- жүкті әйелдер;
- 18 жасқа дейінгі жұмыскерлер.

Үстеме жұмыстар әр жұмыскерге екі күн қатарынан 4 сағаттан және жылына 120 сағаттан аспауы тиіс. Жұмыс беруші әр жұмыскердің үстеме жұмыс ұзақтығының нақты есебін қамтамасыз етуі керек.

Жұмыс үстеме уақытта алғашқы екі сағатта бір жарым мөлшерден кем емес, ал келесі сағаттарда екі есе мөлшерден кем болмайтындай етіп т ө л е н е д і . Үстеме жұмыс үшін төлемнің нақты мөлшері анықталады:

- ұжымдық келісіммен;
- жергілікті нормативтік актімен;
- еңбек шартымен.

Жұмыскердің қалауымен үстеме жұмыс қосымша демалыс уақытын берумен толтырыла алады, бірақ үстеме түрде пайдаланылған жұмыстан кем болмауы керек (РФ ЕК 152-бабы).

Қоса атқарушылық — жұмыскердің еңбек шарты талаптарына сәйкес, негізгі жұмыстан бос уақытта басқа тұрақты төленетін жұмысты атқаруы (РФ ЕК 282-бабы).

Қоса атқарылатын жұмысты жұмыскер оның негізгі жұмысы бойынша (ішкі қоса атқарушылық) да, басқа жұмысшыларда да дәл солай (сыртқы қоса атқарушылық) атқара алады. Бұл ретте,

жұмыскер қоса атқарылатын жұмысқа еңбек шартын жасайтын жұмыс берушілердің саны – шектеусіз.

Кәсіптерді (қызметтерді) қоса атқаруда, қызмет көрсету аймағын кеңейтуде, жұмыс көлемін көбейтуде немесе еңбек шартымен айқындалған, уақытша орнында жоқ жұмыскердің міндеттерін жұмыстан босамай атқаруда жұмыскер еңбекақы алады (РФ ЕК 151-бабы).

Қоса атқарылатын жұмыстар р ұ қ с а т е т і л м е й д і :

- 18 жасқа толмаған тұлғаларға;
- ауыр жұмыс жасаушыларға;
- негізгі жұмыс та сондай жағдайлармен байланысты болса, зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстарға (РФ ЕК 282-бабы).

Қоса атқарылатын жұмыстарда жұмыс уақытының ұзақтығы күніне 4 сағаттан аспауы тиіс.

Негізгі жұмыс орны бойынша жұмыскер еңбек қызметтерін атқарудан босаған күндері ол жұмысты толық жұмыс күнінде (ауысымында) қоса атқара алады.

Бір ай ішінде жұмыс уақытының ұзақтығы қоса атқарылатын жұмыста сәйкесінше дәрежедегі жұмыскерлер үшін белгіленген жұмыс уақытының айлық нормасының жартысынан аспауы тиіс (РФ ЕК 284-бабы).

Жұмыс уақытының тәртібі

Жұмыс уақытының тәртібі мына жағдайларды ескеруі қажет:

- жұмыс аптасының ұзақтығы;
- жұмыскерлердің бөлек санаттары үшін нормаланбаған жұмыс күні бар жұмысты;
- күнделікті жұмыс (ауысым) пен толық емес жұмыс күнінің (ауысымының) ұзақтығы;
- жұмыстың басталу және аяқталу уақыты;
- жұмыстағы үзілістер уақыты;
- тәуліктегі ауысым саны;
- еңбек заңнамасына сәйкес, ішкі еңбек тәртібі ережесімен, ал жұмыс күнінің тәртібі жалпы ережелерден өзгеше болып келетін жұмыскерлер үшін сол жұмыскерде белгіленген еңбек шартымен белгіленетін жұмыс істейтін және жұмыс істемейтін күндерді кезектестіру (РФ ЕК 100-бабы).

Нормаланбаған жұмыс күні — жеке жұмыскерлер жұмыс берушінің бұйрығымен қажет болған жағдайда, өздеріне белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығынан тыс, қызметтерін

орындауға ауық-ауық тартыла алатын ерекше жұмыс тәртібі.

Икемді жұмыс уақыты тәртібіндегі жұмыс. Икемді жұмыс уақыты тәртібіндегі жұмыста жұмыс күнінің (ауысымының) аяқталуы немесе жалпы ұзақтығы екі жақтың келісімімен анықталады. Жұмыс беруші жұмыскерге белгіленген есеп кезеңінің ішінде жұмыс сағатының жиынтық мөлшерінде жұмыспен өтеуді қамтамасыз етуге міндетті.

Ауысымдық жұмыс — екі, үш, немесе төрт ауысымдағы жұмыс. Келесі жағдайларда енгізіледі:

- өндірістік үдерістің ұзақтығы күнделікті жұмыстың ұйғарынды ұзақтығынан асқан кезде;
- құрылғыны барынша тиімді қолдану, шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызмет көлемінің көбеюі мақсатында.

Ауысымдық жұмыста жұмыскерлердің әр тобы ауысым кестесіне сәйкес жұмыс жасайды.

Ауысым кестесін жасауда жұмыс беруші жұмыскерлердің өкілетті органының пікірін есепке алуы қажет. Ауысым кестесі әдеттегідей, ұжымдық шарттың қосымшасы болып табылады және жұмыскерлерге қолданысқа енуіне 1 айдан артық емес уақыт қалғанға дейін мәлімделеді.

Қатарынан екі ауысым ішінде жұмыс жасауға т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Жұмыс уақытының жинақталған есебі. Жұмыс уақытының жинақталған есебін енгізу өндіріс (жұмыс) жағдайы бойынша жұмыскерлерге тағайындалған күнделікті немесе апталық жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау мүмкін болмаған кезде рұсқат етіледі:

- жеке кәсіпкерде жұмыс жасағанда;
- жалпы ұйымда;
- жеке жұмыс түрлерін орындауда.

Бұл ретте жұмыс уақытының ұзақтығы есеп кезеңінде (ай, тоқсан және т.б.) жұмыс уақытының қалыпты сағаттарынан аспауы керек, ал есеп кезеңі бір жылдан көп болмауы керек.

Жұмыс уақытының жинақталған есебін енгізу тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді.

Жұмыс күнін бөліктерге бөлу. Ерекше еңбек сипаты салдарынан бұл қажет жұмыстарда жұмыс күні заңнама қарастырған тәртіпте болып, жұмыс уақытының жалпы ұзақтығы белгіленген күнделікті жұмыс ұзақтығынан аспауы үшін бөліктерге бөлінуі мүмкін (РФ ЕК 105-бабы). Бұндай бөлуді жұмыс беруші алғашқы кәсіподақтық ұйымның таңдамалы органы қабылдаған жергілікті нормативтік актісінің негізінде жүргізеді.

Демалыс уақыты

Демалу кұқығы жұмыс уақыты ұзақтығының заңнамалық шектелуімен және жұмыскерлерге күнделікті және жылдық демалыс уақытын берумен қамтамасыз етіледі.

Демалыс уақыты — бұл жұмыскер еңбек міндеттерін атқарудан босайтын және өз қалауынша жұмсай алатын уақыт (РФ ЕК 106-бабы).

Демалыс уақытының келесідегідей түрлері ажыратылады:

- жұмыс күні (ауысымы) ішіндегі үзілістер;
- күнделікті (ауысым аралық) демалыс;
- демалыс күндері (апталық үздіксіз демалыс);
- жұмыс жасалмайтын мейрам күндері;
- жылдық демалыстар.

Жұмыс күні ішіндегі үзілістердің екі түрі ажыратылады:

1. **Тынығу және тамақтануға арналған үзіліс** ұзақтығы 2 сағаттан артық және 30 минуттан кем болмауы тиіс (РФ ЕК 108-бабы). Бұл үзілістердің ұзақтығы жұмыс күніне қосылмайды. Егер өндіріс шарты бойынша үзіліс белгілеуге болмайтын болса, жұмыс беруші жұмыскерге жұмыс уақытында тынығу және тамақтану мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Е с к е р т п е . Бұл жұмыстардың тізімі, тәртібі және тамақтану орны ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен тағайындалады..

2. **Жылыну мен тынығуға арналған арнайы үзілістер** уағдаласады:

- өндіріс технологиясымен;
- өндіріс және еңбек ұйымымен.

Е с к е р т п е . Бұл жұмыстардың түрі, ұзақтығы және ұсынылу тәртібі ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен белгіленеді.

Арнайы үзілістер мына жұмыскерлерге беріледі:

■ ашық кеңістікте салқын жыл мезгілінде жұмыс жасаушыларға;

- жабық жылусыз үй-жайларды жұмыс жасаушыларға;
- жүк тиеу-түсіру жұмыстарында жұмыс жасайтын жүк тиеушілерге және т.б. (РФ ЕК 109-бабы).

Арнайы үзіліс уақыттары жұмыс уақытына қосылады.

Демалыс күндері. Апталық үздіксіз демалыс ұзақтығы 42 сағаттан кем болмауы тиіс (РФ ЕК 110-бабы).

Барлық жұмыскерлерге демалыс күндері келесі тәртіпте ұсынылады:

- бес күндік жұмыс аптасында – аптасына 2 күндік демалыс;

- алты күндік жұмыс аптасында – аптасына 1 күндік демалыс.

Жалпы демалыс күні жексенбі болып табылады, ал бес патылқ жұмыс күніндегі екінші демалыс күні ұжымдық шартпен немесе ішкі еңбек тәртібі ержелерімен тағайындалады. Оған қоса, екі демалыс күні де қатарынан берілуі тиіс.

Демалыс күндері жұмыстың өндірістік-техникалық және ұйымдық жағдайларға байланысты тоқтатылуы мүмкін емес жұмыс берушілерде демалыс күндері аптаның әр түрлі күндерінде, ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне сай, әр жұмыскерлер тобына кезекпен беріледі.

Демалыс күндері қарсаңындағы жұмыс күнінде алты күндік жұмыс аптасындағы жұмыс уақытының ұзақтығы 5 сағаттан аспауы қажет (РФ ЕК 95-бабы).

Ж ұ м ы с ж а с а л м а й т ы н м е й р а м к ү н д е р і . Ресей Федерациясындағы жұмыс жасалмайтын мейрам күндері:

1, 2, 3, 4, 5, 6 қаңтар — жаңа жылдық демалыстар;

7 қаңтар — Иса Пайғамбардың туған күні;

23 ақпан — Отан қорғаушылар күні;

8 наурыз — Халықаралық әйелдер күні;

1 мамыр — Көктем мен Еңбек мейрамы;

9 мамыр — Жеңіс күні;

12 маусым — Ресей күні;

4 қараша — Халықтар бірлігі күні.

Демалыс және жұмыс жасалмайтын мейрам күндері жұмыс жасау жұмыскерлерді демалыс және мейрам күндері, ***олардың келісімінсіз*** жұмысқа тартуға ***жол берілетін*** мына жағдайларды қоспағанда р ұ қ с а т е т і л м е й д і :

- зілзаланың, өндірістік апаттың алдын алу үшін, не болмаса зілзала, өндірістік апат, табиғи апат салдарын жою үшін;
- жазатайым жағдайлардың, жұмыс беруші мүлкінің, сондай-ақ мемлекеттік немесе муниципалдық мүліктің жойылуының және бүлінуінің алдын алу үшін;
- қажеттілігі төтенше және әскери жағдайлармен, сондай-ақ төтенше жағдайлар жайындағы тығыз жұмыстармен, яғни апат жағдайларында немесе апат қатерлері жағдайларында және тұрғындардың өмірі мен қалыпты өмірлік жағдайларын қатерге тігетін жағдайлармен шартталған жұмыстарды орындау үшін (РФ ЕК 113-бабы).

Жұмыскерлерді демалыс және мейрам күндері жұмысқа тарту ***жұмыс берушінің жазбаша бұйрығымен*** жүзеге асады.

Демалыс күні мен мейрам күндері сәйкес келіп қалған жағдайларда демалыс күні мейрам күнінен кейінгі келесі жұмыс күніне ауыстырылады (РФ ЕК 112-бабы).

Демалыс және мейрам күндеріндегі жұмыс ақысы екі еселенген мөлшерден кем емес түрде төленеді (РФ ЕК 153-бабы). Жұмыскердің қалауымен оған басқа демалыс күні берілуі мүмкін және осы жағдайда мейрам күндеріндегі жұмыс ақысы жалқы мөлшерде төленеді, ал демалыс күніне ақы төленбейді.

Жұмыс жасалмайтын мейрам күндеріне тікелей болып өткен жұмыс күнінің (ауысымының) ұзақтығы 1 сағатқа азаяды.

Үздіксіз әрекеттегі ұйымдарда және мейрам алдындағы күндері жұмыс күні (ауысымы) ұзақтығын қысқартуға болмайтын жеке жұмыс түрлерінде қайта істеу орны келесідегідей толтырылады:

- жұмыскерге қосымша демалыс уақытын берумен;
- жұмыскердің келісімімен үстеме жұмыстарға тағайындалған нормаға сәйкес төлемдермен (РФ ЕК 95-бабы).

Жұмыскерлерге жұмыс орнының (қызметінің) және орташа табыстың сақталуымен жылдық демалыстар берілуі тиіс. Жұмыскерлерге берілетін жылдық төленетін демалыс ұзақтығы **28 күнтізбелік күнді** құрайды (РФ ЕК 115-бабы).

Бірінші жұмыс жылында демалысты пайдалану құқығы жұмыскерде сол жұмыс берушідегі 6 айлық үздіксіз жұмысының мерзімі өткеннен соң күшіне енеді. Алайда екі жақтың келісімімен төленетін демалыс жұмыскерге 6 ай өткенге дейін де беріле алады.

Демалыс мерзіміне сәйкес келетін мейрам күндері демалыстың күнтізбелік күніне қосылмайды, бірақ төленеді (РФ ЕК 120-бабы).

Төленетін демалыстардың берілу реті алғашқы кәсіподақ ұйымы органының пікірін есепке ала отырып, жұмыс беруші бекітетін демалыс кестелеріне сәйкес, күнтізбелік жылдың келуіне екі аптадан кеш емес уақыт қалғанға дейін анықталады.

Демалыс кестесі жұмыс берушіге де, жұмыскерге де бірдей міндетті. Жұмыскерлердің бөлек санаттарына жылдық демалыс олардың қалауымен, өздеріне ыңғайлы уақытта беріледі. Мысалы, күйеуінің қалауымен, жылдық демалыс оған әйелінің жүктілікке байланысты және босануға байланысты демалыс уақытындағы мерзімінде, сол жұмыс берушідегі үздіксіз жұмыс уақытына қарамастан, берілуі тиіс.

Жылдық төленетін демалысты бермеуге тиіс емес аялы нады:

- қатарынан екі жыл ішінде;
- 18 жасқа дейінгі жұмыскерлерге;
- зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмыскерлерге.

Жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісімге сәйкес жылдық төленетін демалыс бөліктерге бөлінуі мүмкін. Бұл ретте бұл демалыстың ең болмағанда бір бөлігі 14 күнтізбелік күннен кем болмауы керек (РФ ЕК 125-бабы).

Демалыстан шақыртып алуға ж о л б е р і л м е й д і :

- 18 жасқа дейінгі жұмыскерлерді;
- жүкті әйелдерді;
- зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмыскерлерді.

Жұмыскерді демалыстан шақыртып алу **тек оның келісімімен ғана жүзеге асады.**

Жылдық негізгі төленетін демалыстың және жылдық қосымша төленетін демалыстың ақшалай өтемақымен ауыстырылуы р ұ қ с а т е т і л м е й д і :

- жүкті әйелдерге;
- 18 жасқа толмаған жұмыскерлерге;
- зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмыскерлерге (жұмыс шыққан жағдайда пайдаланылмаған демалысқа ақшалай өтемақы төлеуді қоспағанда).

Жұмыс берушілер өздерінің өндірістік және қаржылық мүмкіндіктерін есепке алумен жұмыскерлерге өздігінен қосымша демалыстар бере алады (РФ ЕК 2-бөлім, 116-бабы). Осы демалыстарды берудің тәртібі мен шарттары ұжымдық келісімдермен немесе жергілікті нормативтік актілермен анықталады.

Отбасылық жағдайларға және басқа да дәлелді себептерге байланысты, жұмыскерге жазбаша өтінішімен ұзақтығы жұмыскер мен жұмыс берушінің арасындағы келісіммен анықталатын **жалақысының сақталуынсыз демалыс** беріле алады.

Жұмыс беруші жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде жалақысының сақталуынсыз демалысты **беруге міндетті:**

- Ұлы Отан соғысына қатысқандарға — жылына 35 күнтізбелік күнге дейін;
- қарттығына (жасына) байланысты жұмыс жасайтын зейнеткерлерге — жылына 14 күнтізбелік күнге дейін;
- әскери қызмет міндеттерін орындау кезінде, не болмаса әскери қызметтен өтумен байланысты болған сырқат нәтижесінде жарақаттану, зақымдану немесе мертігу салдарынан қайтыс болған әскери қызметкерлердің аталарына және жұбайларына — жылына 14 күнтізбелік күнге дейін;
- жұмыс жасайтын мүгедектерге — жылына 60 күнтізбелік күнге дейін;
- баласының дүниеге келген, некесін қидыруған, жақын туыстары дүниеден өткен жағдайда жұмыскерлерге — 5 күнтізбелік күнге дейін (РФ ЕК 128-бабы).

Жұмыстан шыққан жағдайда жұмыскерге пайдаланбаған барлық демалыстары үшін ақшалай өтемақы төленеді.

Жұмыскерлердің жыл сайынғы негізгі және қосымша төленетін демалысы күнтізбелік күндермен есептеледі және барынша жоғарғы шамамен шектелмейді (РФ ЕК 120-бабы).

Ішкі тәртіп ережелері

РФ ЕК 8-бабына сәйкес, жұмыс беруші еңбек шартының нормалары бар жергілікті нормативтік актілерді қабыладуда жұмыскерлердің өкілетті органының пікірін есепке алуы қажет.

Ішкі еңбек тәртібі — бұл заңнамамен және оның негізіндегі жергілікті актілермен белгіленген жұмыскерлердің ұйым аумғына келген бойдағы еңбек үдерісінің өзінде де, жұмыстағы үзіліс уақытындағы да мінез-құлық тәртібі.

Заң бойынша ішкі еңбек тәртібі ережелерінің мазмұнына қандай да бір талаптар қойылмайды. Сондықтан оны ұйым заңгерлері өздігінен оның қызметінің ерекшелігін есепке ала отырып жасайды.

Ішкі еңбек тәртібінің ережесі барлық ұйымдарда болуы тиіс (1-ші қосымшаны қараңыздар). Бұл ережелерге иек қана жұмыскерлердің емес, жұмыс берушілердің де міндеттері кіреді және сол ережелерді орындау ғана емес, сәйкес келетін қызметтік нұсқаулықтар, сонымен қатар, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, өндірістік қызметтің, өндірістік санитария, өртке қарсы және сәулеленуге қарсы қауіпсіздік ережелері және т.б. кіреді.

Бұндай құжатты құрау үшін нормативті базаның болатыны сөзсіз. Соның ішінде, кейбір талаптар Ресей Федерациясының Еңбек кодексінде бар. Онда ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде тіркелген бір топ мәселе жазылады.

Ең алдымен ішкі еңбек тәртібі ережелерінің мазмұны мен құрылымын анықтау қажет. Бұл ретте олардың мазмұны ұйымға, жұмыс сипатына, қызметкерлердің жұмыс тәртібіне және басқа да факторларға байланысты. Мысалы, егер ұйымда кезекші алмасушылар жұмыс істейтін болса, онда ішкі тәртіп ережелерінде ауысым ұзақтығы, ауысымның басталатын және аяқталатын уақыты көрсетілуі тиіс.

Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің мәтінінде келесі бөлімдер болуы қажет:

- жалпы қағида;
- жұмыскерлердің негізгі құқықтары мен міндеттері;
- жұмыс берушінің негізгі құқықтары мен міндеттері;

- жұмыскерлерді қабылдау, жұмыстан шығару, ауыстыру тәртібі;
- демалыс және жұмыс уақыты (жұмыс күнінің басталу және аяқталу уақыты, кейбір санаттағы жұмыскерлерге арналған үзілістер, түскі үзіліс уақыты және оның ұзақтығы, демалыс уақытының ұзақтығы және т.б.);
- жақсы жұмысы үшін көтермелеу;
- еңбек тәртібін бұзғаны үшін жауаптылық.

Дайындағаннан кейін көрсетілген ережелерді жұмыскерлердің өкілеттеі органымен мақұлдау керек, сондай-ақ ұйым басшысына бекіту қажет. Барлық жұмыскерлерді аталмыш ережелермен таныстыру керек, сонымен қатар бұл ережелер жұмыскерлердің кез келген уақытта оқуына қолжетімді болуы тиіс. Сондықтан оларды ұйымдағы көрінетін жерге іліп қойған жөн.

Еңбекті қорғау қызметін бақылауды жүзеге асыратындар:

- жұмыс беруші;
- жоғарыдағы ұйымның еңбекті қорғау қызметі (бар болған жағдайда);
- еңбекті қорғау саласындағы Ресей Федерациясы субъектісінің атқарушы билік органы;
- еңбек заңнамасы және еңбек құқығының нормалары бар өзге де нормативтік құқықтық актілерді ұстанатын мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары.

Еңбек қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық. Еңбек заңнамасын ұстану, соның ішінде оның еңбекті қорғау бойынша талаптарын ұстану жұмыс берушінің де, жұмыскердің де міндеті болып табылады. Бұл міндетті орындамау, лайықсыз орындау тәртіптік, азаматтық құқықтық, әкімшілік, ал кейбір жағдайларда қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады.

Тәртіптік жаза жұмыскерге, соның ішінде жұмыс берушіге де тәртіптік теріс қылығы үшін, яғни, жұмыскердің өзіне жүктелген еңбек міндеттерін құқыққа қарсы орындамауы немесе лайықсыз орындауы (ішкі еңбек тәртібінің ережелерін, қызметтік нұсқаулықтарды, басшы бұйрығын, еңбекті қорғау ережелерін бұзу және т.б.) үшін қолданылуы мүмкін.

Жұмыскер өзіне жүктелген еңбек міндеттерін орындамауда немесе лайықсыз орындауда әдейі не абайсызда тәртіп бұзса, кінәлі болып табылады.

Тәртіптік теріс қылық ретінде тек жұмыскердің еңбек қызметін атқаруымен тікелей байланысты құқыққа қарсы әрекеттері (әрекетсіздігі) санала алады.

Тәртіптік теріс қылық болып саналатын еңбекті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу деп, мысалы, мыналарды санауға болады:

- 1) ұйымдағы еңбекті қорғау ережелері белгілеген еңбекті қорғау талаптарын орындамау;
- 2) жеке қорғаныс құралдарын пайдаланудан бас тарту немесе дұрыс қолданбау;
- 3) өндірісте орын алған жазатайым оқиғаны жұмыс берушіге хабарламау;
- 4) медициналық куәландырудан жәлелді себептерсіз бас тарту не

жалтару;

5) еңбекті қорғау бойынша нұсқамалықтан өтуден бас тарту және т.б.

Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, яғни, жұмыскердің өзіне жүктелген еңбек міндеттерін орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін жұмыс беруші оған РФ ЕК 192-бабында қарастырылған жазаның бірін қолдануға құқылы: ескерту, сөгіс, жұмыстан шығару.

РФ ЕК 192-бабымен бекітілген тәртіптік жазалардың тізімі түбегейлі болып табылады, сондықтан кез келген басқа жазаны қолдану заңсыз. Мысалы, тәртіптік жаза ретінде жұмыскерді төмен төленетін жұмысқа ауыстыру немесе одан айыппұл өндіру заңсыз болып саналады.

Ережені бұзғаны үшін кінәлі ұйымдардың басшылары немесе өзге де лауазымдық тұлғалары әкімшілік заң бұзушылық туралы Кодекске (ӘЖКо) сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

1. ӘЖКо-ның 5.27-бабына сәйкес, еңбек және еңбекті қорғау заңнамасын бұзғаны үшін басшы немесе оның сенімді өкілі 5-тен 50-ге дейінгі жалақының ең төмен мөлшері (ЖЕТМ) көлемінде, ал заңды тұлғалар 300-ден 500-ге дейінгі ЖЕТМ түріндегі әкімшілік жауапкершілікке тартылады немесе 90 тәулікке дейінгі мерзімде қызметінің әкімшілік тоқтатылуы болады.

2. Стандарттармен, нормалармен және ережелермен тағайындалған өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылық (ӘЖКо-ның 20.4-бабы) ескертуге немесе лауазымдық тұлғаларға 10-нан 20-ға дейінгі, ал заңды тұлғаларға 100-ден 200-ге дейінгі ЖЕТМ түріндегі әкімшілік айыппұлдың салынуына әкеп соғады.

3. Жұмыскерлерге жазатайым оқиғалар мен кәсіптік сырқаттар нәтижесінде келтірілген және әлеуметтік сақтандыру бойынша толық көлемде төленбеген зақым жұмыс берушінің азаматтық құқық нормалары бойынша жауапқа тартылуына әкеп соғады.

Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің (РФ АК) 1-тарау, 1064-бабына сәйкес, азаматтың жеке басына келтірілген залалдың орнын сол залалды келтіруші тұлға толық көлемдегі өтейді.

Жәбірленушінің еңбекке жарамдылығының азаюына немесе өліміне әкеп соғатын залалды өтеу айлық төлемдер арқылы жасалады. Денсаулыққа зиян келу түріндегі залалды өтеудің көлемі мен сипаты РФ АК-ның 2-ші тарауы, 59-бөлімімен реттеледі.

Қылмыс белгілері бар еңбек саласындағы құқық бұзушылықтар үшін басшылар мен өзге де лауазымды тұлғалар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

1. Тұлға өзіне жүктелген техника қауіпсіздігінің ережелерін немесе еңбекті қорғаудың өзге де ережелерін бұзған және абайсызда

адам денсаулығына ауыр залал келтірген жағдайда, Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің (РФ ҚК) 143-бабына сәйкес 200 мың рубльге дейінгі көлемдегі айыппұл (немесе жалақы мөлшерінде, не болмаса 18 айға дейінгі мерзімдегі айыпталушының басқа кірісі), не болмаса екі жылға дейінгі мерзімдегі түзеу жұмыстары немесе бір жылға дейінгі мерзімде бас бостандығынан айыру тағайындалған.

2. Абайсызда адам өліміне әкеп соққан сол әрекеттер үш жылға дейінгі арнайы қызметті атқару құқығымен бірге бас бостандығынан айырылуға немесе үш жылға дейінгі мерзімде арнайы бір қызметпен айналысу құқығынан айырылуы арқылы жазаланады.

3. Тау, құрылыс немесе өзге де жұмыстарды жүргізуде, егер ол абайсызда адам денсаулығына ауыр кесел немесе үлкен залал алып келсе, РФ ҚК 216-бабына сәйкес 80 мың рубль көлеміндегі айыппұлмен (немесе жалақы мөлшерінде, не болмаса 6 айға дейінгі мерзімдегі айыпталушының басқа кірісі) немесе үш жылға дейінгі мерзімде бас бостандығынан айыруға, не болмаса үш жылға дейінгі мерзімде арнайы қызметті атқару немесе арнайы бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен жазаланады.

РФ ҚК бабында көрсетілген үлкен залал болып, 500 мың рубльден асатын көлемдегі сома саналады.

4. Абайсызда адам өліміне әкеп соққан сол әрекеттер бес жылға дейінгі бас бостандығынан шектеумен немесе бес жылға дейін анық бір қызметтерге ие болу құқығынан айырумен бірге бас бостандығынан айыру, не болмаса үш жылға дейін анық бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен жазаланады.

5. Абайсызда екі немесе одан да көп тұлғалардың өліміне әкеп соққан әрекет жеті жылға дейінгі анық бір қызметтерге ие болу құқығынан айырумен бірге бас бостандығынан айыру, не болмаса жеті жылға дейін анық бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен жазаланады.

1. Жұмыскерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау қағидасын бекітуші халықаралық құқықтық құжаттарды атап шығыңыз.
2. Еңбекті қорғау саласындағы Ресейдің мемлекеттік саясатының негізгі бағыттарын атап шығыңыз.
3. Еңбекті қорғау шарттарына сәйкес еңбек жағдайына жұмыскердің құқықтық кепілдемелері қандай?
4. Еңбекті қорғау жүйесінің құрамдас бөліктері қандай?
5. Егер ұйымдағы еңбекті қорғау қызметі бас инженерге бағынышты болған жағдайда кәсіпорын басшысы еңбекті қорғау күйінің жауапкершілігінен босай алады ма?
6. Еңбекті қорғау қызметінің негізгі міндеттері қандай?
7. Еңбекті қорғау қызметінің әрекетіне бақылауды кім жүргізеді?
8. Ұйым жұмыскерлері үшін еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтарды кім жасайды?
9. Тұрғылықты мекен бойынша тіркеудің болуы белгісіз мерзімге еңбек шартын жасауда міндетті талап болып табылады ма?
10. Еңбек шартына заңнамамен қарастырылмаған, жұмыс берушінің бастамасымен оны бұзудың себептерін қосуға болады ма?
11. Жұмыскерлерге еңбекақы төлеу бойынша қандай мемлекеттік кепілдемелер тағайындалған?
12. Түнгі уақыттағы жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбекақысы қалай төленеді?
13. Жұмыскердің жалақысы кідірген жағдайда жұмысын тоқтата тұруға құқығы бар ма?

2 б ө л і м

КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША НҰСҚАМАЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ

РФ ЕК 212, 225, 214-ші баптарына сәйкес, кез келген ұйымда еңбекті қорғау бойынша нұсқамалық жүргізілуі және жұмыскерлер алған білім тексерілуі тиіс. Бұндай нұсқамалықтарды өткізу ережесін МС 12.0.004 — 90 тағайындайды.

Еңбекті қорғауды оқыту тәртібі 13 қаңтар 2003 жылғы № 1/29 Ресей Еңбек және Білім Министрлігінің Жарлығымен бекітілді.

Еңбекті қорғауды оқыту тәртібін анықтайтын ережелер барлық ұйымға меншік нысанына қарамастан бірдей міндеттеледі. Бұл ретте, өндіріс саласына байланысты қосымша шарттар мен еңбекті қорғаудың қауіпсіздік ережелері енгізіле алады.

Нормативтік құжаттар еңбекті қорғау бойынша нұсқамалықтардың төрт негізгі түрін анықтайды:

- кіріспе;
- алғашқы (жұмыс орнындағы алғашқы);
- қайталау;
- мақсатты.

Қосымша болып жоспардан тыс нұсқамалық табылады.

Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалық әрбір ұйымда жеке Ресей Федерациясының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерінің негізінде жасалады. Бұл ретте, ұйымдардың ерекшеліктері мен тұтас алғанда салаларын есепке алу қажет.

Кіріспе нұсқамалықты еңбекті қорғау бойынша инженер, не болмаса бұйрықпен осы міндеттер жүктелген басқа қызметкер жүргізеді. Кіріспе нұсқамалық әдістемелік материалдар және

(немесе) әртүрлі жаттығу тренажерларымен және басқа да техникалық құралдарды пайдаланумен өтеді. Ол жұмыс беруші бекіткен бағдарламамен сәйкесінше тіркеу журналында нәтижелерінің белгіленуімен жүзеге асады.

Жұмыскерлер білімін тексеру ауызша өтеді. Одан кейін сәйкесінше мәліметтер кіріспе нұсқамалықтың тіркеу журналына енгізіледі. Нұсқамалық пен білім тексеруді жүргізген қызметкердің және нұсқаушының қолы міндетті түрде журналға енеді. Қажет болған жағдайда мағлұматтар оқудан өту жеке карточкасына енгізіледі.

Кіріспе нұсқамалық әдетте жүргізіледі:

- барлық жұмыскерлер үшін, алынатын немесе басқа жұмыс орнына ауыстыратын жұмыс берушіні қосқанда;
- оқушыларға және тәжірибеден өтушілерге;
- ұйымға басқа жұмыс берушілермен іссапарға жіберілген жұмыскерлерге;
- ұйымның өндіріс қызметіне қатысатын өзге де тұлғаларға.

Жұмыс орнындағы еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқамалықты жұмыскердің өзіндік қызметіне дейін еңбекті қорғау бойынша оқытудан және білімді тексеруден өткен тек тікелей басшы ғана өткізуге құқылы.

Нұсқамалықтың бұл түрінде білімдер мен нақты жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс тәсілдерін неғұрлым жылдам және кешенді меңгеруі үшін тәжірибелік сабақтардың болуы міндетті.

Алғашқы нұсқамалық бағдарламасы ұйым басшысының бұйрығымен бекітіліп, тікелей құрылымдық бөлімше бастығымен заңнама мен ұйымның жергілікті нормативтік актілерінің негізінде (құрылымдық бөлімше, қызметтік нұсқаулық, еңбекті қорғау бойынша қызметтік нұсқаулық (4-ші және 5-ші қосымша) туралы ереже және т.б.) жасалады. Еңбекті қорғау бойынша инженер бұл бағдаоламаны тек бекітеді.

Жұмыс беруші бекіткен, еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқамалық бағдарламасына кіреді:

- жұмыскерлердің зиянды және қауіпті өндіріс факторларымен танысуы;
- еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықта, ұйымның жергілікті нормативтік актілерінде, пайдаланымдық және техникалық құжаттарда бар еңбекті қорғау талаптарын оқып білу, сондай-ақ жұмысты орындаудың қауіпсіз тәсілдері мен әдістерін пайдалану.

Әдеттегідей, нұсқамалықты жүргізетін де, жұмыскердің білімін тексеретін де бір адам. Тексеру ауызша өтеді. Нұсқамалық пен білім тексеруді өткізу фактісі сәйкесінше журналға немесе жұмыс

өндірісінің рұқсат нарядына тіркеледі. Бұл ретте нұсқамалықты өткізу фактісі нұсқамалықты өткізген жұмыскер мен тұлғаның өзі қойған қолмен, өткізу күнін көрсетумен расталады.

Егер қызметкер еңбекті қорғау бойынша білім тексеруден өтпесе, бұйрық арқылы жұмыстан алғашқы нұсқамалықта алған білімі мен ептілігін тексеруден сәтті түрде өткенге дейін жұмыстан шеттетіледі. Жұмыстан шеттету туралы бұйрықтың негізі болып, жұмыскерге нұсқамалық пен (немесе) білім тексерісін өткізген қызметкерден келген қызмет бабындағы хат болуы мүмкін. Бұл ретте жұмыскердің жұмыстан шеттетілген уақытында жалақы оған төленбейді (РФ ЕК 3-бөлімі, 76-бабы).

Алғашқы нұсқамалықты әр жұмыскермен бөлек және біртекті құрылғыда немесе бір жұмыс орнында жұмыс істеген жағдайда бірден тұлғалар тобымен өткізуге болады.

Жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша алғашқы нұсқамалықты өткізген дұрыс:

1) міндеттерді мына шарттармен орындайтын қайта қабылданған барлық жұмыскерлер үшін:

- белгісіз мерзімге жасалған еңбек шартына;
- үйде істелетін жұмысқа;
- жедел жасалған еңбек шартына (соның ішінде маусымдық жұмыстарды орындау мерзіміне немесе 2 айға дейінгі мерзімде);
- қоса атқарушылыққа;

2) басқа құрылымдық бөлімшеден ауысып келген жұмыскерлерге;

3) олар үшін жаңа болып келетін жұмысты орындау тапсырылған жұмыскерлерге;

4) қызметі ұйыммен еңбек қатынастарымен байланыспаған тұлғаларға;

5) көлденең ұйымдардың іссапарға жіберілген жұмыскерлеріне;

6) өндірістік тәжірибеден өтіп жатқан білім беру мекемелерінің оқушыларына;

7) бөлінген аумақта жұмыс жасайтын көлденең ұйымдардың жұмыскерлеріне;

8) өндірістік қызметке қатысатын өзге тұлғаларға.

Әрине, алғашқы нұсқамалықты жұмыс орнында өткізуді ұйымдастыру барлық жұмыскерлер үшін жақсы. Алайда, ұйымда жұмыс орнындағы алғашқы нұсқамалықтан босатылатын жұмыскерлер болса, сәйкес қызметтердің тізімі алдын ала бекітілуі керек.

Еңбекті қорғау бойынша қайталау нұсқамалығы жұмыс орнындағы алғашқы нұсқамалықты толығымен қайталайды. Жалғыз

өзгешелік – оларды өткізу мерзімінде. Қайталау нұсқамалығы алғашқы нұсқамалықтан өткендер үшін 6 айда бір реттен кем болмайтындай өткізіледі.

Еңбекті қорғау бойынша жоспардан тыс нұсқамалық бұйрық немесе өкімге сәйкес жүргізіледі. Онда нұсқамалық өткізілетін қызметкерлер, бұндай нұсқамалықты өткізу себептері, бағдарламасы және оған жауапты тұлғалар көрсетілуі тиіс.

Дегенмен, әрбір нақты жағдайда бағдарлама жеке анықталуы керек. Бәрінен жиірек еңбекті қорғау бойынша жоспардан тыс нұсқамалық алғашқы нұсқамалық бағдарламасымен жүргізіледі. Бірақ мұнда бұл нұсқамалықты өткізу себептері тармағына баса назар аударылады.

Нұсқамалықты жүргізуде ауызша білімі тексеріледі. Нәтижелері журналға белгіленеді. Бұл ретте, бұл журналға қызметкерлердің қол қоюы міндетті.

Жоспардан тыс нұсқамалықты басшылар тікелей бұйрықта көрсетілген жұмыскерлер үшін мына жағдайларда өткізеді:

- өзгерістер енгізуде немесе еңбекті қорғау бойынша жаңа нормативтік құқықтық актілерді не нұсқаулықтарды қолданысқа енгізуде;
- құрылғыларды, құрал-саймандарды, аспаптарды жаңғыртуда немесе ауыстыруда;
- технологиялық үдерістерді өзгертуде;
- мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымдық тұлғаларының талап етуі бойынша;
- жұмыскерлердің еңбекті қорғау талаптарын бұзған жағдайда;
- қызметкер жұмысының үзілісінде (жұмыс берушінің шешімі бойынша; зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істеу үшін 30 күнтізбелік күннен көбірек; барлық басқа жағдайларда 2 айдан көбірек);
- жұмыс берушінің немесе сол тұлғаның өкілінің шешімі бойынша.

Еңбекті қорғау бойынша мақсатты нұсқамалық әдеттегідей, осы жұмысқа қатысатын тұлғалар үшін рұқсат нарядын ұйымдастырумен жұмыс жасау туралы бұйрықпен орындалады.

Еңбекті қорғау бойынша мақсатты нұсқамалық мына жағдайларда жүзеге асады:

- біржолғы жұмыстарды орындауда;
- табиғи апаттарды мен апат салдарын жоюда;
- рұқсат қағазы, рұқсат наряды немесе өзге де арнайы құжаттар рәсімделетін жұмыс өндірісінде.

2.2. ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚҰРАМЫ. ЖҰМЫС ОРНЫН АТТЕСТАТТАУ ӨЛШЕМШАР- ТТАРЫ. ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫ- НЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ БАҒАЛАУЫ МЕН СИПАТЫ

Ресей Федерациясындағы еңбекті қорғау және жұмыскерлерді әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік реформа бағдарламасы жұмыс орындарына сәйкесінше аттестаттау жүргізу нәтижесінде еңбек жағдайының айтарлықтай жақсаруын қарастырады.

Өндірістегі еңбек жағдайларын зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың болуы мен дәрежесіне байланысты **оңтайлы, рұқсат берілетін, зиянды және қауіпті** деп ажыратылады.

Жұмыс орындарын аттестаттау жағымсыз өндірістік факторларды анықтау үшін және жұмыс орнында, аумағында және бүтіндей ұйымда зиянсыз және қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға бағытталған.

Жұмыс орнында зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың маңызы қолданыстағы нормалардан немесе жарақаттану қауіпсіздігі талаптарынан асса, ал жұмыскерлерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету қолданыстағы нормаларға сәйкес келмесе, еңбек жағдайы зиянды және (немесе) қауіптіге жатады.

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары үшін жұмыскерге өтемақылардың келесі түрлері беріледі:

- қосымша демалыс және қысқарған жұмыс күні;
- емдік-профилактикалық тамақтандыру;
- арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныстың басқа да құралдары (3-ші қосымшаны қараңыз);
- тегін сүт немесе жуғыш заттарды беру;
- зиянды еңбек жағдайы үшін көтерме еңбекақы немесе

қосымша төлем;

- жеңілдікпен зейнетақымен қамсыздандыру.

Аталған өтемақыларды беру ұжымдық келісімге қосылады.

Жұмыс орындарын аттестаттауды өткізудің негізгі мақсаттары мыналар:

- жұмыс орындарындағы, аумақтарындағы, цехтардағы және толықтай ұйымдағы зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың нақты мәнін анықтау;
- зиянды және қауіпті факторлардың мәнін тиімді немесе рұқсат етілетінге дейін жою немесе азайту;
- еңбек жағдайының тобын жұмыс орнындағы зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша анықтау;
- жұмыскерлерге жеңілдекпен зейнетақымен қамсыздану,

қосымша төлем тағайындау, осы кезеңдегі зиянды және қауіпті факторларды жою мүмкін болмаған жағдайда қосымша демалыс беру құқықтарын беретін өндірістерді, жұмыстарды, мамандықтарды, қызметтерді және көрсеткіштерді анықтау;

- өндірістегі нысандағы еңбекті қорғау жұмыстары бойынша сертификаттауға дайындау;
- еңбекті қорғау және еңбек жағдайын жақсарту бойынша іс-шараларды қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес жоспарлау және өткізу.

Аттестаттауды өткізуге дайындыққа келесі іс-шараларды орындау жатады:

- ұйымда бас комиссия және қажет болған жағдайда құрылымдық бөлімшелерде комиссия құру, функционалдық міндеттерді комиссия мүшелеріне бөліп беру;
- аттестаттауды өткізу және оны орындау мерзімдері туралы бұйрықтарды дайындау және шығару;
- заңнамалық және нормативтік базаны аттестаттау бойынша жасақтау;
- аттестаттауды өткізу әдісін талқылау және таңдау;
- жұмыс орындарына инвентаризация жүргізу (6-қосымша);
- құжаттардың бланкілерін (үлгілерін) жасау.

Ұйымдара 5 жылда бір рет жұмыс орындарын аттестаттау жүргізіледі. Ол үшін ұйымның аттестациялық комиссиясы құрылады. Олар міндетті:

- жүргізілетін жұмыстың барлық кезеңдеріне әдістемелік басшылықты және бақылауды қамтамасыз етуге;
- заңнамалық, нормативтік базаларды жасап, оны оқып білуді ұйымдастыру;
- аккредиттелген сынақ зертханаларымен шарттар жасасу;
- құрылымдық бөлімшелердегі аттестация нәтижелерін жинап, талдау, жұмыс орындарының келесі қолданылуы бойынша ұсыныстар енгізу, өндірістік нысанда еңбекті қорғау бойынша жұмыстарды сертификаттауға құрылымдық бөлімшелердің дайындығы туралы қорытынды беру;
- бөлімше басшыларының аттестаттау бағыты жайлы есептерін тыңдау;
- құрылымдық бөлімшелердің ұсыныстарын аттестациялық комиссияларының жұмыс орындарының ұйымдастырушылық-техникалық дәрежесін оларды еңбекті қорғау бойынша іс-шаралар жоспарының сәйкес бөлімдеріне немесе олар еңбекті қорғау талаптарына жауап бермеген жағдайда ұжымдық шартқа (еңбекті қорғау бойынша келісім)

қосу мақсатында қарастыру;

- зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасаушыларға жеңілдіктер мен өтемақылар белгілеу.

Құрылымдық бөлімшелердің аттестациялық комиссиясы:

- жұмыс орындарының есебі бойынша жұмыс жасауды қамтамасыз етеді;

- жұмыс орнының қауіпсіздігін сипаттайтын нормативті, сипаттаушылармен бірге нақты көрсеткіштердің іс жүзіндегі мәнін салыстырады;

- жұмыс орнының аттестациялық картасындағы аттестацияланатын көрсеткіштердің нормасына сәйкестігін (сәйкессіздігін) бағалайды;

- ұйымның аттестациялық комиссиясына жұмыс орындарын аттестациялау картасын, жиынтық тізімдемелерді, еңбекті қорғау бойынша нормаларға сәйкес жұмыс орындарында жасау мақсатындағы іс-шаралар жоспары және басқа да құжаттарды ұсынады.

Құрылымдық бөлімшелердің аттестациялық комиссиясы болмаған жағдайда, олардың қызметін ұйымның аттестациялық комиссиясы орындайды.

221 Жұмыс орындарын қызметтік тағайындалуы бойынша жіктеу

Еңбектің нақты түрлерінің алуан түрлілігі келесі белгілер бойынша бөлінетін, тағайындау бойынша түрлі жұмыс орындарының бар болуын қамтамасыз етеді:

а) **жұмыскерлердің санаты бойынша** жұмыскерлердің, басшылардың, мамандардың және қызметкерлердің жұмыс орындарын ажыратады;

б) **мамандығы бойынша** электрмеханик, электрмонтер, станокшы, оператор, механикалық жинақтау жұмыстарының темір ұстасы және т.б. жұмыс орындарын ажыратады;

в) **қызмет көрсету түрі бойынша** ұжымдық және жеке жұмыс орындарын ажыратады.

Бұл ретте, ұжымдық деп бір уақытта бірнеше жұмыскер жұмыс жасайтын орынды, ал жеке деп ауысымда немесе жұмыс күнінің ішінде нақты өндірістік қызметтер бекітілген бір қызметкер қызмет көрсететін жұмыс орнын атайды.

Ұжымдық (топтық) қолдану құрылғысына, мысалы, бөлек жұмыс орындарын технологиялық тізбектерге біріктіретін

тасымалдағыштар, жөндеу жүргізуге арналған үстелдер (верстактар), бөлшектерді біртіндеп жасайтын баптаулар, жөндеулер және т.б.;

г) *уақытта пайдалану бойынша* жұмыс орындарын тұрақты, мерзімінде пайдаланатын, уақытша және оқу деп бөледі.

Тұрақты деп жұмыскерлерге тұрақты түрде бекітілген қызметтермен және шексіз қолданылу мерзімімен бірге жұмыс орындары аталады.

Мерзімді қолданылатын жұмыс орындарының жұмыс істеуі мерзімді пайда болатын қажеттілікпен келісіледі. Оларға сонымен қатар, маусымдық жұмыс орындары, жоғарылатылған жүктеме мерзімінде ұйымдастырылатын жұмыс орындары және т.б. жатады.

Уақытшаларға көлемі мен мерзіміне байланысты шектеу қойылған (мысалы, жөндеуге, қайта құруға, құрылғыларды ауыстыруға және т.б. байланысты) өндірістік міндеттердің шешуге арналған жұмыс орындары жатады;

д) *еңбекті механикаландыру дәрежесіне байланысты* жұмыс орындарын қол жұмысымен жартылай автоматтандырылған және автоматтандырылған деп ажыратады.

Жартылай автоматтандырылған еңбекте адам еңбек затын өңдеуден босап, оны толықтай механизм орындайды. Адам тек білдекке қызмет көрсетеді: дайындаманы беріп, механизмді қосады, дайын бөлшекті алады. Бұл еңбек түріне біркелкілік тән (мысалы, бір бөлшектердің қалыптауында). Бұндай жұмыс арнайы біліктілікті талап етпейді, адамның қимыл аппараты, оның нақтылығы мен жылдамдығы арқылы іске асады, яғни, адам машинаның қосымшасы болады.

Тасымалдау құралдарымен бірге автоматты түрде басқарудың жүйелері де механикалық көтеру-тасымалдау жабдығының қызметін орындайды (жартылай тіркемелі тартқыш немесе түпқойма тиегіштері), бірақ маңызды бір өзгешелікпен: оларға жүргізушінің қажеті болмайды, яғни, ондай жүйелер қозғалыс бағдары мен тоқтау орнын өздері таңдайды.

Жұмыс орындарын аттестаттаудың алғашқы сатыларында оларға түгендеу жүргізу керек. Ол мамандықтар, телімдер, цехтар және ұйымдар бойынша жұмыс орындарының жалпы мөлшерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әрекеттегі жұмыс орындарын белгілеп, олардың әрқайсысына құрылғылар мен құрал-саймандарды белгілеу қажет. Түгендеуде әрбір жұмыс орнын жеке ескеріп, оған сәйкес кодтарды меншіктеу керек.

Әрекеттегі нормалар бойынша бір жұмыскермен қызмет көрсетілетін құрылғының бірнеше бірліктері бір жұмыс орны болып есептеледі.

Әрбір жұмыс орны бір, екі немесе одан да көп ауысымдарда пайдаланылатынына қарамастан біреу болып есептеледі (мысалы, төрт ауысымда бір оператордан жұмыс істесе, ондай ол төрт жұмыскер жұмыс істейтін бір жұмыс орны).

Әр жұмыс орнына код меншіктелуі тиіс. Соның ішінде бригаданың құрамына кіретін жұмыс орындарына да.

Әр жұмыс орнына әрбір телімнің шегінде екі таңбалы өзіндік реттік нөмірі беріледі. Соның ішінде бір атаудағы жұмыс орындарына да.

Оған қоса, әр жұмыс орнына қажет болған жағдайда, келесідегідей сандардың төрт тобынан тұратын он бір таңбалы код беріледі:

- сандардың бірінші тобы — жұмыс орнының нөмірі;
- сандардың екінші тобы — телім, бригада, топ нөмірі;
- сандардың үшінші тобы — цех нөмірі;
- сандардың бірінші тобы — өндірістің немесе бөлімшенің нөмірі.

222. Өндірістің ерекшелігіне байланысты жұмыс орындарының түрі мен құрамы

Әрбір жұмыс орны жұмыс аумағына — жұмыскерлердің тұрақты немесе уақытша болатын, еден немесе алаңнан 2 м деңгейде биіктік бойынша шектеулі кеңістік (ГОСТ 12.1.005 — 88). Жұмыс аумағында, қағида бойынша, еңбек құралдары (жабдықтар, құрал-саймандар, аспаптар және т.б.) және ұйымдық жабдықтар (үстелдер, шкафтар, тумбочкалар, тіреуіштер, кеңсе техникалары және т.б.) болады.

Жұмыс аумағы онда орналасқан еңбек объектілерімен (мысалы, травмвайлық және троллейбустық тартылым тармақтарының электр монтерінің жұмыс орнының аумағы, кәріздік жер асты құрылысы және т.б.) бірге бір немесе бірнеше телім аймақтары болып саналады. Бұл ретте, уақытша жұмыс орнында, әдеттегідей, өндірістік құрылғы (көтергіш мұнара, компрессорлық қондырғы, сорғылар және т.б.), аспаптар, құрал-саймандар, сондай-ақ қолданылатын жеке қорғаныс құралдары болады. Бұл жұмыс орындарына еңбек қауіпсіздігінің анық талаптары (түгендемелік жылжымалы қоршаулардың, жарықпен берілетін белгі, жарықтандыру және т.б. болуы) ұсынылады. Тұрақты жабдықтың, құрал-сайманның, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарының және басқа да ұқсас жұмыс аумақтарында қолданылатын

құралдардың жиынтығы болып келетін жұмыс орындары да есепке алынады.

Уақытша жұмыс орындары тұрақты жұмыс орындарынан тек ұқсас жұмыстарды жүргізуде жылжымалы болатынымен және аттестаттауға тиіс болуымен өзгешеленеді.

Оған қоса, бағдардың өзі кейбір жұмыскерлерге (мысалы, жүргізушіге, жүк тиеушіге, жүріп тұратын жұмыскерлерге) жұмыс орны болып саналады.

223. Еңбек жағдайының зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша жіктелуі

Р 2.2.2006 — 05 нұсқаулығында көрсетілген гигиеналық белгілерге сәйкес, зияндылық және қауіптілік дәрежесіне байланысты еңбек жағдайы төрт топқа бөлінеді.

1-ші топ — оңтайлы еңбек жағдайлары;

2-ші топ — рұқсат берілетін еңбек жағдайлары. Онда адам ағзасында функционалдық ауытқушылықтар болуы мүмкін, бірақ реттелген тынығудан кейін ол қалыпты жағдайына келеді (оңтайлы және рұқсат берілетін топтар қалыпты еңбек жағдайларына сай келеді).

Е с к е р т п е . Адам ағзасындағы функционалдық ауытқушылық – бұл негізгі жйелерінің (иммундық, қантамырлар, жүрек-қан тамырлары және т.б.) жұмыс нормасынан ауытқуы, мүшелердің пішіні мен көлемі құрылысының, түсінің, бөлек бөліктерінің байланысының өзгеруі;

3-ші топ — гигиеналық нормалардан асатын зиянды өндірістік факторлардың болуымен сипатталатын зиянды еңбек жағдайлары. Ол жұмысшыға жағымсыз әсер беріп, оның ұрпақ жалғастығына кері әсер етуі мүмкін.

Зиянды еңбек жағдайлары гигиеналық нормалардан асуы және жұмыскерлердің ағзасындағы өзгерістермен білінетін дәрежесіне байланысты өз кезегінде зияндылық пен қауіптіліктің төрт дәрежесіне бөлініп, 3.1; 3.2; 3.3; 3.4 түрінде жазылады. Мысалы, 3-топтың 2-дәрежесі (3.2) берік функционалдық өзгерістерді келтіре алатын, өндіріс факторларының сондай дәрежелерімен еңбек жағдайын анықтайды.

4-ші топ — қауіпті (қысылтаян) еңбек жағдайлары. Онда жұмыс ауысымы бойында (кішкене уақыт аралағында) ауыр және жіті кәсіптік зақымның пайда болуының жоғарғы қатерімен жұмыскердің өміріне қауіп төнеді.

Қауіпті (қысылтаяң) еңбек жағдайындағы жұмыс (4-ші топ) апаттық жағдайларды жою мен жөндеу жұмыстарын жүргізуді қоспағанда р ұ қ с а т е т і л м е й д і. Бұған қоса, ол сәйкесінше жеке қорғаныс құралдарымен және осы мақсаттарға регламенттелген тәртіпті қатаң сақтаумен өтуі керек.

Жарақаттану қауіпсіздігі 1-ші және 2-ші немесе 3-ші топпен, қауіптілік дәрежесінсіз бағаланады.

224. Жұмыс орындарын аттестаттау белгілері және еңбек жағдайының топтарын анықтау

Аттестаттауды өткізу тәртібі туралы ережеге сәйкес жұмыс орындары негізгі үш белгімен бағаланады:

- еңбек жағдайлары мен сипаттарының бұрыннан бар гигиеналық бағалануы;
- жұмыс орындарының жарақат қауіпсіздігінің бағалануы (2.2.5 бөлімшеде жан-жақты қаралған);
- жұмыскерлердің қамсыздандырылғанын жеке (ұжымдық) қорғаныс құралдарымен, оқытумен және т.б. есепке алу және бағалау (2.2.5 бөлімшеден қараңыз).

Еңбек жағдайлары мен сипаттарының бұрыннан бар гигиеналық бағалануы физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық факторларды құралмен өлшеу негізінде жасалады. Бұл факторлардың жіктелуі МС 12.0.003 — 74-те көрсетілген.

5-ші қосымшадағы жұмыс орындарына еңбек шарттары бойынша аттестаттау жүргізу тәртібі туралы ережеде келтірілген зиянды өндірістік факторлар тізімі (кодтармен) алдын ала сол немесе өзге жұмыс орнына тән сол не өзге факторларды анықтауда қолданылады. Р 2.2.2006—05 нұсқаулығында баяндалған гигиеналық белгілер бойынша өлшеуден кейін жұмыс орнындағы еңбек жағдайының тобы анықталады.

Мысалы, 3.1 тобының зияндылық дәрежесі жұмыс аумағының ауасындағы зиянды заттектердің болуы бойынша ШҰК-ның (шекті ұйғарынды концентрация) 1,1-де – 3 рет (канцерогендер үшін), ал 3.4 тобынікі ШҰК-ның осы заттек үшін 10 реттен көп артқанымен бағаланады.

Не болмаса, мысалы, жұмыс орнындағы шуылдың нақты деңгейі 75 дБА-ді құрайды, ал жол берілетін деңгей (ЖБШД) 60 дБА-ден аспау керек. Бұл жағдайда осы фактор бойынша зияндылық деңгейі

3.2 тобымен 15 дБА-де ауытқу бойынша анықталады.

Басқа факторлар бойынша зияндылық деңгейі осыған ұқсас анықталады.

Еңбекті ең көп қажетсінетін жұмыс – ауырлық көрсеткіштері және еңбек үдерісінің қауырттылығы бойынша еңбек жағдайының тобын анықтау.

Еңбек үдерісі ауырлығының негізгі көрсеткіштері:

- физикалық динамикалық жүктеме;
- қолмен көтерілетін және жылжытылатын жүктің массасы;
- стереотиптік жұмысшы қозғалысы;
- статистикалық жүктеме;
- жұмыстық қалып;
- корпус еңісі;
- кеңістікте орын ауыстыру.

Еңбек үдерісінің көрсетілген әрбір факторы Р 2.2.2006—05 нұсқаулығының гигиеналық белгілерінде баяндалған әдістеме бойынша анықталады.

Еңбек үдерісі ауырлығының ортақ бағасы барлық келтірілген көрсеткіштер негізінде жасалады. Бұл ретте алдымен әр өлшенген көрсеткіштер бойынша топ тағайындалып, хаттамаға енеді, ал еңбек үдерісі ауырлығының ақырғы бағасы ең сезгіш топтан мейлінше жоғары топқа қатынасы бойынша белгіленеді. 3.1 және 3.2 тобының екі не одан да көп көрсеткіштері бар болған жағдайда, ортақ баға бір дәреже жоғары белгілінеді.

Еңбек үдерісінің қауырттылығының негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- зияткерлік сипаттағы жүктеме (орындалатын жұмыстың ауырлық деңгейі, ақпаратты қабылдау ауырлығы, орындалатын қызметтердің мөлшері мен күрделілігі, ақырғы нәтиже үшін жауапкершілік);
- эмоциялық жүктеме (қадала бақылаудың ұзақтығы, қабылданатын және жіберілетін сигналдардың сапасы, бақылау объектілерінің саны және т.б.);
- сенсорлық жүктеме (жауапкершілік деңгейі, өз өмірі үшін қатер және өзге тұлғалардың қауіпсіздігі);
- жүктемелердің біркелкілігі (орындалатын амалдардың мөлшері және оларды орындау ұзақтығы, ауысым бойындағы белсенді әрекет уақыты және т.б.);
- жұмыс тәртібі (ауысым, регламентті үзілестер саны және ұзақтығы және т.б.).

Кәсіби жұмысшылар тобының еңбек үдерісі қауырттылығының бағасы бір аптадан кем емес аралықта барлық жұмыс күнінің динамикасында хронометрлік бақылау арқылы зерттелетін еңбек

қызметінің талдамасына және оның құрылымына негізделген. Талдама жағымсыз жүйкелік-эмоциялық күйдің (артық күш жұмсау) пайда болуына алғышарт жасайтын өндірістік факторлардың (ынталандырма, қоздырғыш) барлық кешенінің есебіне негізделген. Еңбек үдерісі ауырлығының барлық факторлары (көрсеткіштері) сапалық немесе сандық көрініске ие және жүктеме түрлеріне қарай келесі топтарға бөлінеді: зияткерлік, сенсорлық, эмоциялық, біркелкі, тәртіптік жүктеме.

Кәсіби қатыстылығына (мамандығына) қарамастан, Р 2.2.2006 — 05 нұсқаулығында келтірілген еңбек үдерісінің барлық 22 көрсеткішін есепке алу қажет. Еңбек қауырттылығының ортақ бағасы үшін қандай да бір бөлек алынған еңбек үдерісі көрсеткіштерінің таңдамалы есебіне жол берілмейді.

Еңбек үдерісінің 22 көрсеткішінің әрбірі бөлек алғанда еңбек жағдайының өз тобын анықтайды. Егер сипаты немесе кәсіби қызметтің ерекшеліктері бойынша қандай да бір көрсеткіш ұсынылмаса (мысалы, видеотерминал экранымен немесе оптикалық құралдармен жұмыстар болмаса), оған 1-ші топ (оңтайлы) сәйкес келеді, яғни, жеңіл дәрежедегі еңбек қауырттылығы.

Еңбек жағдайының оңтайлы, рұқсат берілетін және зиянды топтарының ақырғы анықтамасы сол не өзге топқа сәйкес келетін көрсеткіштердің мөлшеріне негізделген. Мысалы, еңбек жағдайының алты не одан да көп көрсеткіштері 3-ші топқа қатысты болғанда, зияндылықтың 3-ші тобына, ал бес не одан да көп көрсеткіштері 3.2-ші топқа қатысты болғанда, еңбек жағдайы 3.2-ші топқа жатады (Р 2.2.2006 — 05 қар.).

Зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша еңбек жағдайының ортақ бағасы келесі жолдармен қойылады:

- зияндылықтың ең жоғарғы тобы мен дәрежесі бойынша;
- егер үш не одан да көп фактор 3.1 тобына қатысты болса, еңбек жағдайының ортақ бағасы 3.2 тобына сәйкес келеді;
- 3.2, 3.3, 3.4 топтардың екі немесе одан да көп факторларының болуында еңбек жағдайы сәйкесінше бір саты жоғары бағаланады.

Зиянды факторлармен байланыс қысқарғанда (уақытпен қорғау), еңбек жағдайлары азырақ зиянды, бірақ 3.1 тобынан төмен болмайды.

225. Жұмыс орындарының жарақат қауіпсіздігі факторы бойынша еңбек жағдайын бағалау

Жұмыс орындарының жарақаттану қауіпсіздігін аттесттаудың негізгі мақсаттары:

- өндірістік құрылғылардың қауіпсіздігін бағалау;
- аспаптардың қауіпсіздігін бағалау;
- қамсыздықты оқыту және нұсқамалық құралдарымен бағалау.

Жұмыс орындарын жарақаттану қауіпсіздігі факторы бойынша аттестаттауды ұйымдар өз бетінше немесе олардың өтінімдерімен өзге ұйымдар құрылғының, аспаптар мен құрал-саймандардың нақты күйінің сәйкестігін, нұсқамалық құралдарын тексеру және нормативтік құжаттардың талаптарын оқыту арқылы өткізеді.

Жарақаттану қауіпсіздігі бойынша еңбек жағдайларының жіктелуі еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау тәртібі туралы ережеде келтірілген.

«Жарақаттану қауіпсіздігі» термині осы ережеге сәйкес, жұмыс орындарының еңбек қауіпсіздігі талаптарына (яғни, жұмыскерлердің жарақаттануын қоспағандағы талаптар) сәйкес келуі арқылы түсіндіріледі. Бұл жердегі қауіпсіздік талаптарына өндірістік үдеріске, жұмыс орнынан табылатын еңбек заты мен жабдығына талап етілетін талаптар ескеріліп тұр.

Жарақаттану қауіпсіздігі бойынша еңбек жағдайлары келесі үш топқа бөлінеді:

- **оңтайлы** — құрылғы мен құрал-сайман толығымен стандарттар мен ережелерге сай келетін, құрылғыға сәйкесінше сертификаттары, еңбекті техникалық пайдалану мен қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтары, оқыту мен нұсқамалықтан өткендерді тіркеу журналы болатын жағдайлар;
- **ұйғарынды** — бұзылған және жөндеуге келмейтін қорғаныс құралдары өз қызметтерін атқаратын жағдай (дыбыс сигнализациясы дауысының, бөлек бекітілген қосындыларды бәсеңдету, айналма түйіндер арасындағы саңылауларды, дабыл белгісінің және қауіпсіздік белгісінің өңген түстерін арттыру және т.б.). Бұндай ақаулар мен кемшіліктерді аттестаттауға дейін мақсатты түрде жойған жөн, өйткені осы себептер кесірінен жазатайым оқиғалар орын алуы мүмкін;
- **қауіпті** — дыбыстық және жарықтық сигнализация, қоршаулар, бұғаттаулар жоқ не жөнге келмейтін, қарсылық, қорғаныстық жерлендіру, нөлденген жағдайда нөлге тең ілмек

фазасы маңызы артқан, құрал-саймандар жөнге келмейтін және т.б. жағдайлар. Бұл топқа сонымен бірге ережелердің, жұмыс орнындағы нұсқаулықтардың, ондағы белгіленген талаптардағы шегіністердің жоқтығын жатқызған жөн.

226. Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігін бағалау әдістемесі

Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігін бағалауда мыналарды жүзеге асырған дұрыс:

- оның құрамын, яғни сол жұмыс орнына бекітілген құрылғыны, құрал-сайманды, жабдықты анықтау;
- оларға түгендеу нөмірлерін жазып қою;
- нормативтік талаптар, құрылғыға қауіпсіздік белгілерін, құрал-сайман, және басқа да еңбек құралдарын қолданыстағы МС, ҚНЖЕ-лердің, техникалық нормалардың, сертификаттардың негізінде дайындау;
- нормативтік талаптарымен қолданыстағы еңбек құралдарының нақты күйіне салыстыру жүргізу.

Мақсатты түрде жұмыс орнының қысқа сипаттамасын құру. Онда оның жарақаттаушы факторларын (құрылғының қозғалмалы және айналмалы бөліктері, электрлік, жылулық, сәулелендіргіш әсерінің көздері, қолданылатын жемір және улы заттектер және т.б.) атап өту керек.

Нормативтік құжаттардан таңдалатын қауіпсіздік белгілерін аттестаттау комиссиясының мүшелері бағалайды. Белгілердің саны жабдықтың не технологиялық үдерістің күрделілігі мен қауіптілігіне байланысты. Бұл ретте, егер жабдық құрылымы мен қорғаныс құралдары таңдалған белгілерге сай келетін болса, онда жұмыс орнындағы жарақаттану қауіпсіздігі қамсыздандырылады деген негізге алынатын факторға сүйену қажет. Демек, бұл белгілер тиісті мамандардың (комиссия мүшелерінің) бағалауы бойынша неғұрлым маңызды болулары керек.

Жұмыс орны қауіпсіздігінің негізгі белгілерінің қатарына ең алдымен келесілерді жатқызу керек: құрылғы өртену және жарылу қаупі жоқ болуы керек, сигнализациясы, бұғаттауы, қоршауы, тұйықталуы (нөлденуі), бақылау-өлшеу аспаптары, жергілікті жарықтандыруы, дыбыстық түстері және қауіпсіздік белгілеріне ие болу қажет.

Аттестаттау жүргізу алдында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты технологиялық және пайдалану құжаттамасының бар

болуын, дұрыс жүргізілуін және талаптарын орындауын тексереді.

Аттестаттау жүргізу кезінде құрылғының сынамалы іске қосылуын және тоқтатуын қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып орындайды.

Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігін бағалаудың негізгі кезеңдері:

- құрылғының жалпы жұмысқа қабілеттілігін және технологиялық үдерістің сенімділігін регламенттелген тәртіптерге сәйкес тексеру;
- машинаның тұтастай құрылымының және оның бөлек тораптарының орнықтылығын тексеру, арқаудың теңселуін немесе бөлек бөлшектерінің жоғарылатылған дірілдерін анықтау;
- тиісінше қорғаныс құралдарының (қоршау, сигнализация, тежеуіштік құрылғы, бұғаттау және т.б.) болуын қолданыстағы және нормативтік құқықтық актінің бағаланушы құрылғысына таралатын талаптардың әрбір тармақтары бойынша тексеру.

Құрылғыларды, аспаптарды және құралдарды бағалау оларға әсер ететін және таралатын еңбекті қорғау бойынша нормативтік актілер (мемлекеттік және салалық стандарт, электр қондырғылары құрылғыларының ережесі – ЭҚҚЕ, құрылыстық нормалар және ережелер – ҚНЖЕ және т.б.) негізінде жасалады.

Ұқсас құрылғыдағы жарақаттану қауіпсіздігі және жұмыс орындарының еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау объектілерінің бағалануы кемі 20% жұмыс орындарын аттестаттауда алынған мәліметтердің негізінде жасалады.

Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігі бағалау нәтижелері бойынша қауіптіліктің 3 тобының біреуі бойынша орнатылады:

- **оңтайлы** — өндірістік жабдықтар, құрылғылар, оқыту құралдары және нормативтік талаптар бойынша нұсқамалықтардың толық сәйкестігінде;
- **ұйғарынды** — еңбек құралдарының қызметтік тағайындалуына әсер етпейтін қауіпсіздік талаптарынан ұйғарынды ауытқушылықта;
- **қауіпті** — өндірістік жабдықтарда, құрылғыларда және құрал-саймандарда қорғаныс құралдарының болмауы немесе істен шығуы, сондай-ақ, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтардың жоқтығында немесе толық бітпегендігінде.

Аттестаттау нәтижесі хаттамалармен рәсімделіп, аттестаттау комиссиясының төрағасымен бекітеледі. Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігін бағалау және жұмыскерлерді жеке қорғаныс құралдарымен қамсыздандыру хаттамаларының үлгілері

№6 қосымшада және №7 еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарын аттестаттауды жүргізу тәртібі ережелерінде келтірілген.

2.3. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ САНИТАРЛЫҚ-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАМСЫЗДАНДЫРУ. ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ АРНАЙЫ КИІМДЕРМЕН, ҚОРҒАНЫС ҚҰРАЛДАРЫМЕН, САУЫҚТЫРУ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ТАМАҚТАНУМЕН ҚАМСЫЗДАНДЫРУ

2.3.1. Санитарлық-тұрмыстық жайлар

Санитарлық-тұрмыстық жайлар құрамына гардеробтар, кептіруге, шаңсыздандыруға, жұмыс киімін залалсыздандыруға арналған жайлар, душ бөлмелері, жуынатын бөлмелер, әжетханалар, тамақтануға, шылым шегуге арналған бөлмелер, әйелдер гигиенасы бөлмелері және т.б. кіреді.

Санитарлық-тұрмыстық жайлардың құрамы мен нормативтерін өндірістік үдерістердің санитарлық сипаттарына сәйкес анықтайды. Осы сипаттама бойынша өндірістік үдерістер төрт топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз кезегінде 3-6 топшаларға бөлінеді.

1-ші топқа қалыпты метеорологиялық және зиянды газдар мен шаңдардың бөлінуіне қатыссыз жағдайларда жүріп жатқан өндірістік үдерістер қатысты. Осы топтың өндірістік үдерістерін орындайтын жұмыскерлер үшін гардероб және жуынатын бөлмелер, ал киім, қол және дене ластануы жағдайында оған қоса душ бөлмесі және аяқ булау бөлмесі қарастырылады.

2-ші топқа жағымсыз метеорологиялық жағдайларда жүріп жатқан және көп мөлшердегі шаңдар мен зиянды химиялық заттектердің бөлінуімен, не болмаса қызу дене жұмысымен байланысты өндірістік үдерістер жатады. Осы топтың өндірістік үдерістерін орындайтын жұмыскерлер үшін гардероб, жуыну және душ бөлмесінен бөлек, зиянды жағдайлардың сипатына қарай қосымша түрде жартылай душ, салқындатылған демалуға арналған жай, жұмыс киімдерін кептіруге, шаңсыздандыруға, залалсыздандыруға арналған бөлме, жұмыс аяқ киімін жууға және тазалауға арналған құралдар, жылытуға арналған бөлмелер, тыныс алатын және ингаляция жасайтын жайлар қаралады.

3-ші топқа айқын көрінетін жұмыстың зиянды жағдайларымен байланысты өндірістік үдерістер (ұлы заттектер, жұқпалы материалдар, аса қатты шаң бөлінуі, сондай-ақ иондаушы сәулелену) жатады.

Осы топтың өндірістік үдерістерін орындайтын жұмыскерлерге арналған санитарлық-тұрмыстық жайлардың құрамына

гардеробпен, душ, жуыну бөлмесімен рұқсаттамалар кіреді және оған қоса, зиянды жағдайлардың сипатына байланысты жұмыс киімдерін кептіру, шаңсыздандыру және залалсыздандыруға арналған жайлар, аяқ киімін жууға және тазалауға арналған құралдар, ингаляция жасайтын бөлмелер, аяқ булау бөлмелері, тыныс алу, дезинфекция камералары, радиациялық белсенді заттармен ластанған жұмыс киімдерін және жеке қорғаныс құралдарын сақтайтын жайлар қарастырылады.

4-ші топқа тамақ кәсіпорындарында талап етілетін сападағы өнімдерді, сондай-ақ зарарсыздандырылған материалдарды алу мақсатында жұмыскерлерді ерекше санитарлық тәртіппен қамсыздандыруды талап ететін өндірістік үдерістер жатады. Осы топтың өндірістік үдерістерін орындайтын жұмыскерлер үшін гардероб пен жуыну бөлмесінен бөлек, тиісті санитарлық тәртіпке байланысты медициналық тексеруге, маникюрге, таратылатын санитарлық және жұмыс киіміне арналған бөлмелердің болуы қарастырылады.

Гардероб бөлмесі. Көше, үй және жұмыс киімдерін (арнайы киімдерді) сақтауға арналады. Гардероб ашық ілгіштермен, ашық не жабық жеке шкафтармен жабдықталады. Киімді сақтаудың сол не өзге тәсілі өндірістік үдерістердің сипатына және гардеробты пайдаланатын жұмыскерлер киімдеріне байланысты. Аз мөлшердегі заттарда киім ашық ілгіштерде, ал көп мөлшерде болса, ашық шкафтарда сақталады. Бұл жағдайларда гардероб бір жайда орналаса алады, бірақ киімдерді бөлек-бөлек үй және жұмыс киімі ретінде сақтау керек. Егер өндірісте киім улы заттарды жұқтырып не ластанса, гардероб аралығында душ бөлмесі бар екі бөлек жайда (біреуі – араны киімдерді сақтауға, екіншісі – көше және үй киіміне) орналасуы қажет. Ерлер мен әйелдерге бөлек гардероб бөлмелері не киінуге арналған бөлек жайлар қарастырылуы қажет.

Кептіру бөлмесінің ауданы $0,2 \text{ м}^2$ есебімен оны неғұрлым көп жұмыс ауысымында пайдаланушылардың әрбіріне бөлек анықталады. Киімді кептіру жабық шкафтарда оған қыздырылған ауа берумен және пайдаланылған ауаны сорумен жол беріледі.

Шаңсыздандыруға арналған жай оқшауланған, гардероб бөлмесімен іргелескен және 12 м^2 -ден кем болмайтын ауданда болуы қажет. Жұмыс киімін залалсыздандыруға арналған жай да оқшауланған болуы тиіс, ал оның құрылғысы мена уданы мемлекеттік санитарлық қадағалаумен анықталады. Киміді кептіруге, шаңсыздандыруға, залалсыздандыруға арналған жайлар

тиімді желдетуге ие болуы қажет.

Кәсіпорындарда кір жуатын орындар және қажет болған жағдайда киімді тазарту мен залалсыздандырудың басқа тәсілдеріне арналған жайлар ұйымдастырылуы керек. Кір жуатын орындар механикаландырылған болуы қажет, ал онда киім мен аяқ киімді жөндейтін шеберханалар жасауға кеңес беріледі.

Душ бөлмелері. Орындалатын өндірістік үдерістердің топтарына байланысты душ бөлмелерінің қажетті саны анықталады, яғни, бір себезгіге 3-15 адамнан, душ бөлмелерінің жұмыс істеу уақытымен әр ауысымнан кейін 45 минуттан.

Душ бөлмелерінде душқа дейінгі бөлмелер қарастырылуы қажет. Душ бөлмелері ашық не жабық қабиналармен жабдықтала алады. Бұл ретте жабық душ кабинасында киінуге арналған орын болуы тиіс. Ашық душ кабинасының көлемі – 0,9 x 0,9 м, жабық кабина көлемі – 1,8 x 0,9 м, ал ондағы киінуге арналған орынның көлемі кабинаға кіре берісте орналасқан басқару арматурасымен суық және ыстық судың дербес қатынастырғышынан аз болмауы керек.

Жартылай душтарды жұмыс орындарына жақын жерлерге орналастырған жөн. Жартылай душтардың қажет мөлшері душты неғұрлым көп жұмыс ауысымында пайдаланатын әр 15 адамға бір жартылай душтан келетін есеппен анықталады.

Душ бөлмелеріне арналған су сапасын жағынан ауыз суы стандарттарына қайылатын талаптарға сәйкес болуы қажет.

Жуынатын жерлер. Қажетті жуыну шүмектерінің мөлшері өндірістік үдерістің санитарлық сипатына байланысты бір шүмекке 7-20 адам есебімен анықталады. Әрбір қол жуғыш ыстық және салқын су жеткізілетін қатынастырғышпен жабдықталуы тиіс. Қолдың жуылуы қиын заттармен ластануымен байланысты өндірістердегі жуынатын жерлерде қолды жууға арналған арнайы сұйықтықтары бар жабдықтардың болуы қажет.

Әжетханалар. Әжетханалар жабылатын есіктері бар бөлек қабиналар түрінде жұмыс орындарынан 75 м-ден аспайтын қашықтықта орналасуы керек және басқа жайлардан қол жуғыштармен жабдықталған тамбурлармен бөлектенуі қажет. Кәріз жүйесі бар кәсіпорындарда шайынды дәретханалар мен писсуарлар болуы тиіс. Жаппай пайдалануға ең оңтайлысы «Генуя» түріндегі унитазды дәретхана болып табылады. Писсуарлар дара және топтық шайынды жүйесі бар ағынды науа түріндегідей орналаса алады. Әжетханалардағы унитаздар мен писсуарлардың мөлшері оларды ең көп ауысымда пайдаланатындардың санымен анықталады: бір унитазға 15 әйел және бір унитаз бен бір писсуарға 30 ерден

келетіндей есеппен анықталады.

Ауыз сумен жабдықтау маңызды санитарлық-гигиеналық мәнге ие. Ауыз су көздері жұмыс орнынан 75 м-ден кем емес қашықтықта орналасуы қажет. Еңбек жағдайлары мен климаттық жағдайларға байланысты нормалар бойынша ауысымда бір адамға 2-5 л су тиісті.

Санитарлық-гигиеналық қатынаста ең тиімдісі – ауыз сумен жабдықтауға су жүргізетін субұрқақты пайдалану. Жер асты жұмыскерлерін құтыдағы ауыз сумен жабдықтаған жөн.

Ыстық цехтарда жұмыскерлерге тұздалған минералды суларды тегін беру ұйымдастырылады. Газдалған сулар көмірқышқыл газымен бәрінен жиі тікелей цехта орналастыратын арнайы сатураторларда жасалады. Су құбыры болмаған жағдайда ауыз суды қайнату, артынан салқындату қажет. Қайнаған суды субұрқақтармен бірге қымталған бөшкелерде сақтау керек. Бөшкелерді күн сайын буландырып, жуып, ал ауыз суды күнделікті ауыстырып отыру қажет. Сонымен қатар, суды бөшкелерге құюда ластануының алдын алу үшін шаралар қабылдаған жөн. Ауыз суының температурасы 8°C-тан төмен және 20°C-тан жоғары болмауы қажет.

Тамақтануға арналған жайлар жұмыскерлер үзіліс кезінде тамақтанып үлгеретіндей қашықтықта орналасуы қажет. Асханалар мен буфеттер тағам санитариясының ережелеріне сәйкес орналасуы керек.

Шылым шегу үшін міндетті түрде бөлек жайлар орналастырылуы қажет. Шылым шегу бөлмелерінің ауданы ең көп ауысымда бір еркекке 0,03 м² және бір әйелге 0,01 м², бірақ 9 м² – ден кем болмайтындай есеппен анықталады. Шылым шегу бөлмелері жұмыс орнынан 75 м-ден кем болмайтын қашықтықта және шылым шегуге арналған жайдың кәсіпорын аймағында орналасқан жағдайда 150 м-ден кем болмайтын қашықтықта орналасуы керек.

Жылынуға арналған жайлар ашық жерде немесе жылу беруді жоспарлауда сыртқы ауаның есептелген сыртқы температурасы -20 °C және одан да төмен температура болатын жылуы жоқ цехтарда жұмыс жасайтын жұмыскерлерге жасалады. Жылынуға арналған жайдың ауданы ең көп ауысымда бір адамға 0,1 м², бірақ 12 м² – ден кем болмайтындай есеппен анықталады.

2.3.2. Жайлардың санитарлық мазмұны

Салааралық санитарлық ережелер техникалық қызмет көрсету, тасымал құралдарын және олардың агрегаттарын жөндеу бойынша жұмыстар атқарылатын жайларға қойылатын талаптарға ие. Ең алдымен, олар санитарлық-гигиеналық еңбек жағдайларын ұстанудағы барлық технологиялық үрдістердің қауіпсіз және тиімді орындалуын қамтамасыз етіп және автоматты өрт сигнализациясымен жабдықтау керек.

Осылайша, қышқылды және сілтілі аккумуляторлармен жұмыс істеу үшін бөлек аккумуляторлық бөліктерді қарастыру керек. Олар басқа жайлардан оқшауланған және ағынды-сорғылы желдетумен (олар тағайындалады: біріншісі – жөндеуге, екіншісі – қуатталуға, үшіншісі – қышқылдарды (сілтілерді) сақтау мен электролиттерді дайындауға) жабдықталған өз араларында қатынасатын үш бөлек жайларда орналасқан.

Егер өндірістік корпуста жүргізілетін жұмыстардың технологиясына сәйкес зиянды заттардың (газ, шаң, бу және т.б.), сонымен қатар, жылу мен шудың бөлінуі орын алатын жұмыс учаскелері қарастырылса, онда олар басқа жайлардан төбеге дейін жететін қабырғалармен оқшауланған бөлек жайларда орналасулары қажет.

Сырлау жұмыстарын жасауға екі жай қарастырылуы қажет: біреуі – бояу мен кептіру орындарына, екіншісі – бояуларды дайындауға.

Ұйым жайларының санитарлық мазмұны бойынша ережелерді 31 желтоқсан 1966 ж. СССР бас санитарлық дәрігер орынбасары бекіткен №658-66 жайлардың санитарлық мазмұны мен өндірістік кәсіпорындардың жабдықталуы бойынша нұсқаулық орнатады. Көрсетілген нұсқаулықта зиянды газдардың шаңдардың, булардың, зиянды заттектердің шекті ұйғарынды концентрациясының нормасы, метеорологиялық параметрлер, шудың ұйғарынды дәрежелері, қалыпты жарықтылық коэффициенті, жасанды, тұрмыстық жарықтандыру нормалары бар.

Жайдың санитарлық мазмұны бойынша орнатылған ережелер барлық жұмыс берушілерге міндеттеледі.

2.3.3. Арнайыл киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныстың басқа да құралдарымен қамсыздандыру

Жұмыскерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке

қорғаныстың басқа да құралдарымен қамсыздандыру ережелері Денсаулық сақтау министрлігінің және Ресей Федерациясының 22 маусым 2009 ж. №357 «Зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында, сондай-ақ ерекше температуралық жағдайларда немесе ластанумен байланысты жағдайларда жұмыс жасайтын жұмыскерлерге арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныстың басқа да құралдарын тегін беру типтік нормаларын бекіту туралы» әлеуметтік даму бұйрығымен бекітілген.

Мысалы, автомобиль көлігі ұйымында жұмыс істейтін аккумуляторшыға жеке қорғаныс құралдары арнайы киімді тегін беру типтік нормасына сәйкес берілу керек.

Жұмыс жасаушылардың өзге санаттарымен бірдей жүргізушілер құрамы зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында, сондай-ақ ерекше температуралық жағдайларда немесе ластанумен байланысты жағдайларда жұмыстарында арнайы киім, арнайы аяқ киім және жеке қорғаныстың басқа да құралдарын алуға құқылы.

Нормаларға сәйкес қамсыздандыруды жұмыс беруші әр кәсіпорында жасалатын және еңбек ұжымы мен кәсіпорын әкімшілігі арасындағы ұжымдық келісімге қоса жіберілетін жеке қорғаныс құралдарының берілуі қарастырылатын жұмыскерлер, мамандықтар және қызметтер тізімі бойынша өнімнің өзіндік құнына шығындарды қосумен жүзеге асырады.

Өз кезегінде, автокәсіпорындардың жұмыскерлері үшін бұл тізімдер атап өтілген арнайы киім, аяқ киім және жеке қорғаныстың басқа да құралдарын тегін беру типтік салалық нормалар негізінде жасалады.

2.3.4. Санитарлық-тұрмыстық және медициналық-профилактикалық қызмету көрсету бойынша талаптар. Жүргізушілердің тамақтануына берілетін кеңестер

Автокәсіпорындардың жұмыскерлерінің тұрмысын жасау мен жақсартуда әкімшілік №4616-88 5 мамыр 1988 ж. автомобиль жүргізушілерінің еңбек гигиенасы бойынша санитарлық ережелерінің талаптарын басшылыққа алу қажет (7-ші қосымша).

1. Жүргізушілердің тағамды тәуліктік қажетсінуі 2.1 кестеде келтірілген мағлұматтардың негізінде анықталуы керек.

2. Тағамның тәуліктік энергетикалық құндылығында ақуыз, майлар және көмірсулар арасындағы қатынасы, %, 13:30:57 болуы

тиіс. Рациондағы жануар текті ақуыздардың мөлшері оларды жалпы тұтынудың 55%-нан кем болмауы керек, ал майлардың мөлшері майдағы тәуліктік қажеттіліктен 25-30%. Қаннты тұтыну тәулігіне 70-80 г-нан аспауы қажет, бұл ретте полисахаридтердің есебінен 70-80% көмірсулардың жалпы қажетті мөлшері қамтамасыз етілуі тиіс. Кальций, фосфор және магнийдің оңтайлы қатынасы 1:(1,5-2,0):0,6.

3. Тәуліктік калориялық ауысымға байланысты бөлек тамақтанулар бойынша бөліну керек:

- күндізгі ауысым — жұмыс алдындағы ерте таңғы ас 15-20%, жұмыстағы түскі ас 30-35%, жұмыстан кейінгі 20-25%, кешкі ас 20-25 %;
- кешкі ауысым — жұмыстан кейінгі кеш таңғы ас 10-25%, үйдегі кеш түскі ас 30-35%, үйдегі кешкі ас 20.25%, жұмыста тамақтану 15-20 %;

2.1. кесте Автомобиль жүргізушілерінің энергия жұмсауы және жынысы мен жасына байланысты ақуыздардың, майлардың және көмірсулардың

Жүргізушінің жынысы	Жасы	Энергия жұмсауы		Ақуыздар, г	Майлар, г	Көмірсулар, г
		ккал	мДж			
Ерлер	18....39	3 000	12,55	97	100	428
	40....60	2 800	11,71	89	92	391
Әйелдер	19....39	2 550	10,66	83	85	353
	40....55	2 350	9,83	76	78	334

- түнгі ауысым — ауысымның алғашқы бөлігінде тамақтану (үш түрлі тағаммен), тағамның энергиялық сыйымдылығы – 700-800 ккал.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Еңбекті қорғау бойынша нұсқамалықтардың негізгі түрлері қандай?
2. Жұмыс басшылары қандай жағдайда жұмыскерлермен жоспардан тыс еңбекті қорғау бойынша нұсқамалық өтікзеді?
3. Еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалықтан кімдер босатылады?
4. Жұмыс орындарын аттестаттауда бағалау объектісі болатын не? Жұмыс орындарын аттестаттаудың қандай мерзімдері белгіленген?
5. Ұйымдардағы жұмыскерлер үшін еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтарды

кім жасайды?

6. Жұмыс орнында еңбекті қорғау бойынша жұмыскерлермен алғашқы нұсқамалықты кім және қандай мерзімдерде жүргізеді?
7. Еңбекті қорағу бойынша қайталау нұсқаулығы қандай мерзімдерде жүргізіледі?
8. Ұйымда еңбекті қорғау бойынша кіріспе нұсқамалықты кім жүргізеді және оның өтуі қайда тіркеледі?
9. Санитарлық-тұрмыстық жайлардың құрамы мен ауданы қалай анықталады?
10. Тасымалдау құралдарының техникалық жағдайына және қауіпсіз пайдаланылуын ұйымдастыруға жауапты тұлғаларды аттестаттау және жүргізушілерге қауіпсіз еңбек әдістерін үйрету жиілігі қандай?
11. Жұмыс алдында, жұмыс барысында және аяқталғанда темір ұстасы Р-200-02—95 ТН-ге сәйкес қандай қауіпсіздік талаптарын сақтау керек?

ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ӨНДІРІСТІК ФАКТОРЛАР

3 бөлім

АДАМҒА КЕРІ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

3.1. ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ӨНДІРІСТІК ФАКТОРЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Зиянды өндірістік факторлар — адамға әсері кәсіптік сырқатқа немесе денсаулығының басқалай бұзылуына, сондай-ақ оның ұрпағының денсаулығына мүмкін залалына әкеліп соғатын қоршаған орта және еңбек үдерісі факторлары.

Қауіпті өндірістік факторлар — адамға әсері белгілі жағдайларда жарақатқа, денсаулығының кенеттен бұзылуына немесе өлімге әкеліп соғатын өндірістік факторлар.

Өндірістік орта — кері факторлардың жоғары концентрациясына ие техносфераның бөлігі.

Автокөлік кәсіпорындарының жұмыскерлері жөндеу, қызмет көрсету, автокөліктік құралдарын пайдалану бойынша өз жұмысында әртүрлі қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсеріне тап болуы мүмкін. Олар өз жаратылысы бойынша физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық (еңбек үдерісінің факторлары) болып бөлінеді.

Негізгі *физикалық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар* мыналар:

- қозғалмалы машиналар мен механизмдер, өндірістік құрылғылардың жылжымалы бөліктері;
- жұмыс аймағы ауасы температурасының көтерілуі немесе төмендеуі;
- жұмыс орнындағы шудың жоғарылатылған дәрежесі;
- дүрілдің жоғарылатылған дәрежесі;
- ауаның жоғары не төмен жылжымалылығы;
- ауаның жоғары не төмен ылғалдылығы;
- табиғи жарықтың жоқтығы немесе кемшілігі;

- жұмысы аймағының (жұмыс орнының) жеткіліксіз немесе жоғары жарықтылығы.

Негізгі *химиялық* қауіпті және зиянды өндірістік факторлары жұмыс аймағы ауасының жоғары газдылығы және шаңдылығы болып табылады. Олар келесідегідей бөлінеді:

- адам ағзасына әсер ету сипатына қарай (улағыш, тітіркендіргіш, канцерогенді және мутагендік);
- адам ағзасына ену жолдары бойынша (тыныс алу мүшелері, ішек-қарын жолы, тері және шырышты қабық арқылы).

Негізгі *биологиялық* қауіпті және зиянды факторлар мыналар:

- түзуші микроағзалар;
- бактериалдық препараттардың құрамында бар тірі жасушалар мен споралар;
- патогенді микроағзалар – жұқпалы ауруларды қоздырушылар.

Еңбек үдерісінің *негізгі психофизиологиялық* факторлары еңбек ауырлығы мен қауырттылығының көрсеткіштерімен сипатталады.

Еңбек ауырлығы — адам ағзасының қимыл-тірек аппараты мен атқарымдық жүйесіне (жүрек-қан тамырлары, тыныс алу жүйесі және т.б.) әсіресе жүктемесін көрсететін еңбек үдерісінің сипаттамасы. Ол анықталады:

- физикалық-динамикалық жүктемемен;
- тиелетін және ауыстырылатын жүктің массасымен;
- стереотиптік жұмыс әрекеттерінің жалпы санымен;
- статикалық жүктемемен;
- жұмыстық қалыптың сипатымен;
- корпус еңістігінің тереңдігі мен жиілігімен;
- кеңістіктегі жылжуымен.

Еңбек қауырттылығы — орталық жүйке жүйесіне (жұмыстың бірсарындылығы, жұмыс тәртібі), сезу мүшелеріне және эмоциялық жүктемеге әсіресе жүктемесін көрсететін еңбек үдерісінің сипаттамасы.

Өндірістік ортаның кері факторларының әсері жұмыскерлердің жарақаттануына және кәсіптік сырқаттарына әкеліп соғады.

Машина жасаудағы негізгі жарақаттаушы факторлар құрылғы (41,9%), құлайтын заттар (27,7%), қызметкерлердің құлауы (11,7%), зауыттық көлік (10%), қыздырылған қабаттар (4,6%), электр тоғы (1,6%) және басқалар (2%) болып табылады.

Кәсіби жұмыскерлер тобының еңбек қауырттылығының бағасы олардың еңбек қызметтерінің талдамалары мен кемінде бір аптаның ішіндегі барлық жұмыс күнінің динамикасын хронометрлік бақылау арқылы зерттелетін оның құрылымдарына негізделеді.

Ұжымдық қорғаныс құралдары (ҰҚҚ) — бұл жұмыскерлерге зиянды және қауіпті өндіріс факторлары әсерінің алдын алатын немесе азайтатын, сонымен қатар жалпы ластанудан қорғау үшін қолданылатын құралдар.

Тағайындалуына байланысты ҰҚҚ-ны бірнеше түрлерге бөледі.

1. Механикалық факторлардың әсерінен қорғайтын құралдарға (қозғалмалы машиналар мен механизмдер, өндірістік құырлығы мен құралдардың жылжымалы бөліктері, көшпелі өнімдер мен дайындамалар, құрылым бүтіндігін бұзу, жоғарыдан құлайтын заттар, өткір қырлар мен өнім беткі қабатының бұдырлығы, құралдар мен құрылғылар, сүйір бұрыштар) автоматтық қорғау және сигнализация құралдары, сақтандырғыш, қашықтықтан басқаратын, тежегіштік және қауіпсіздік белгілері (8-ші қосымша) жатады.

Қоршау құрылғылары адамның кездейсоқ түрде қауіпті аймаққа кіріп кетуінің алдын алуға арналған. Олар машинаның қозғалмалы бөліктерін, білдектерді, баспақтарды өңдеу аймағын, машинаның соқпалы элементтерін жұмыс аймағынан оқшаулауға пайдаланылады және стационарлық, жылжымалы және көшірмелі болып бөлінеді.

Сақтандыру құрылғыларын машиналар мен құрылғыларды жұмыстары қалыпты режимнен ауытқыған кезде немесе адамның қауіпті аймаққа кіріп кеткен кезінде автоматты түрде өшіру үшін пайдаланады. Бұл құрылғыларды бұғаттайтын және шектеулі деп бөледі. Өз кезегінде, бұғаттайтын құрылғыларды әрекет қағидасы бойынша электрмеханикалық, фотоэлектрлік, электромагниттік, радиациялық және механикалық болып ажыратылады.

Тежегіш құрылғыларды қалыптық, дискілі, конусты, сынаша түрлерге ажыратады. Бұған қоса, көбіне қалыптық және дискілі түрлері қолданылады. Тежегіштік жүйелер қол, аяқ, жартылай автоматтық және автоматтық болып бөлінеді.

Автоматтық бақылау және бақылау сигнализациясы құрылғыларына қысымды, температураны, машиналар мен жабдықтардың жұмыстарын сипаттайтын статикалық және динамикалық жүктемелерді өлшеу құрылғылары жатады. Сигнализация жүйесін дыбыстық, жарықтық, таңбалы және құрамдастырылған деп ажыратады.

Электр тоғынан зақымданудан қорғану үшін келесі шаралар

қолданылады: аз кернеу, тораптарды электрлік бөлу, оқшаулаудың бүлінуін бақылау және алдын алу, тоқ өткізгіш бөліктерге байқаусызда жанасудан сақтану, қорғаныштық жерге тұйықтау, қорғаныстық ажырату, қорғаныстың жеке құралдары.

2. Химиялық факторлар әсерінен қорғау құралдарына кедергілеу, автоматтық бақылау мен сигнализация, бітегіш, ауаны желдету және тазарту, уытты заттарды жою, қашықтықтан басқару және қауіпсіздік белгілері құрылғылары жатады.

3. Биологиялық факторлар әсерінен қорғау құралдарына дезинфекциялау, дезинсекциялау, зарарсыздандыру, дератизациялауға арналған құрылғылар, кедергілеу, бітегіш, ауаны желдету және тазарту және қауіпсіздік белгілері құрылғылары жатады.

4. Психофизиологиялық өндірістік факторлар сипаты бойынша келесі топшаларға бөлінеді:

- физикалық шамадан тыс қажу;
- статикалық жүктеме;
- динамикалық жүктеме;
- гиподинамия;
- жүйкелік-психикалық шамадан тыс қажу (ақыл-ой қажуы, анализаторлардың қажуы, еңбектің бірсарындылығы, эмоциялық қажу).

Автокөлік жүргізушісінің жұмысы айтарлықтай жүйкелік-эмоциялық ширығумен, төтенше және қиын жағдайлардың жиі пайда болуымен, жоғары жауапкершілік пен қате әрекеттердің жоғары «қадірімен» сипатталады.

Қазіргі жағдайда автокөлік құралдарының жүргізушісінің жұмысы автокөлік мөлшерінің ұдайы көбеюі нәтижесінде жол қозғалысының жоғары қарқындылығымен, оның техникалық-пайдалану сапасының өзгеруімен, жол инфрақұрылымының қанағаттанбайтын жағдайымен қиындай түседі. Бұл жағдайлар психикалық жүктемелердің айрықша артуына себепші болып, жүргізушінің психофизиологиялық атқарымдық күйінің кері өзгеруінің мүмкіндігін айтарлықтай көтереді. Ол психикалық немесе психофизиологиялық бейімделу дәрежесінің төмендеуі немесе кері кетуі арқылы білінеді. Ол болса, өз кезегінде кәсіби қателіктер мен жол көлік оқиғаларын туындатады.

Психофизиологиялық қамсыздандыру арқылы медициналық куәландырудың диагностикалық мүмкіндіктерінің кеңеюі жүргізушілердің кәсіби іріктелуінің барлық жүйесінің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ) — бұл жұмыскердің зиянды және қауіпті өндірістік факторлар әсерінің алдын алу немесе азайту үшін, сондай-ақ ластанудан қорғау үшін пайдаланатын құралдары. ЖҚҚ жұмыстардың қауіпсіздігі құрылғы құрылымымен, өндірістік үдерістермен, архитектуралық-жоспарлық шешімдер мен ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіле алмайтын жағдайларда қолданылады.

ЖҚҚ таңбалауын 12.4.115 — 82 МС және нақты ЖҚҚ таңбалауы стандарттары орнатады.

Тағайындалуына байланысты ЖҚҚ келесідегідей бөлінеді:

- окшаулама алушы костюмдер;
- тыныс алу мүшелерін қорғау құралдары;
- арнайы қорғаныс киімі;
- аяқты қорғау құралдары;
- қолды қорғау құралдары;
- басты қорғау құралдары;
- бет-жүзді қорғау құралдары;
- көзді қорғау құралдары;
- есту мүшелерін қорғау құралдары;
- биіктіктен құлаудан қорғау құралдары және басқа да сақтандыру құралдары;
- дерматологиялық қорғаныс құралдары;
- кешенді қорғаныс құралдары.

Тыныс алу мүшелерін қорғау құралдарына газқағарлар, респираторлар, өзін-өзі құтқарғыштар, пневмодулығалар, пневмомаскалар және пневмокүрткелер жатады.

Арнайы қорғаныс киімдеріне тондар, пальтолар, қысқа пальтолар, қысқа ішіктер, жамылғылар, жадағайлар, қысқа жадағайлар, халаттар, костюмдер, күрткелер және жейделер, шалбарлар мен шолақ шалбарлар, комбинезондар мен қысқа комбинезондар, желеткелер, көйлектер мен сарафандар, блузкалар мен белдемшелер, алжапқыштар мен иықбаулар жатады.

Аяқты қорғау құралдарына етіктер, ұзын қонышты етіктер, қысқа қонышты етіктер, қысқа етіктер, бәтеңкелер, қысқа бәтеңкелер, туфлилер, бахилалар, галоштар, бөкістер, тәпішкелер (сандалдар), унтылар, шәркейлер, қалқандар, ботфорттар, тізеқаптар, шұлаулар жатады.

Қолды қорғау құралдарына биялайлар, қолғаптар, қысқа қолғаптар, саусақ қаптар, алақан қаптар, тамыр тартқыштар, жеңқаптар, шынтаққаптар жатады.

Басты қорғау құралдарына қорғаныш каскалар, дулығалар, дулығаның астынан киетін телпектер, бөріктер, береттер, шляпалар,

қалпақтар, үшкіл орамалдар, масаханалар жатады.

Көзді қорғау құралы қорғаныш көзілдіріктері болып табылады. Бет-жүзді қорғайтын құрал бетке арналған қорғаныш қалқаны болып табылады.

Есту мүшелерін қорғайтын құралдарға шуылға қарсы дулығалар, шуылға қарсы астарлар және шуылға қарсы құлаққаптар жатады.

Биіктіктен құлаудан қорғау және басқа да сақтандыру құралдарына сақтандыру белбеулері және тростар, қол қармаулары мен қолқұрылғылар, тізеқаптар және иықбаулар жатады.

Дерматологиялық қорғаныс құралдарына теріні сақтау құралдары (қолғаптар, арнайы пасталар) мен тері тазалаушылар жатады.

3.3. ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН БАҒАЛАУДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Еңбек жағдайларын бағалаудың гигиеналық белгілері — бұл өндірістік орта мен еңбек үдерісінің дәрежесін қолданыстағы гигиеналық нормативтерден бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер.

Бұрыннан келе жатқан еңбек жағдайлары мен сипаттарын гигиеналық бағалау физикалық, химиялық, биологиялық және психофизиологиялық факторларды құралмен өлшеу негізінде жүзеге асады.

Өндірістік орта мен еңбек үдерісінің параметрлерінің ауытқуы дифференциясы қағидасына негізделген еңбек жағдайының жіктелуі жұқпалы ауруларды қоздырғыштарды, сондай-ақ иіскеу мен теріге тиіп кетуіне жол берілмейтін (ісікке қарсы дәрілік өнімдер, эстроген гормондары, еліткіш анальгетиктер) және еңбек жағдайын ықтимал қауіптілігі үшін зияндылықтың тиісінше тобына жатқызу құқығын беретін заттармен жасалатын жұмыстарды қоспағанда 12.0.003—74 ЕҚСЖ МС-да келтірілген.

Жұмыс ортасы мен еңбек үдерісінің нақты дәрежелерінің ауытқу деңгейін басшылыққа алу және Р 2.2.2006 — 05 нұсқаулығындағы гигиеналық белгілер бойынша өлшемдерді пайдаланумен зияндылық және қауіптілік деңгейі бойынша еңбек жағдайының келесі төрт тобын ажыратады:

- 1-ші топ — оңтайлы;
- 2-ші топ — ұйғарынды;
- 3-ші топ — зиянды;

- 4-ші топ — қауіпті.

Еңбек жағдайлары — адам әрекеті жүзеге асатын еңбек үдерісі мен жұмыс ортасы факторларының жиынтығы.

Оңтайлы еңбек жағдайлары (1-ші топ) — бұл жұмыскердің денсаулығы сақталып, оның жұмысқа қабілеттілігінің жоғарғы дәрежесін ұстануы үшін алғышарттар жасалатын жағдайлар.

Жұмыс ортасы факторларының оңтайлы нормативтері тағайындалады:

- микроклиматтық параметрлер үшін;
- еңбек жүктемесі факторлары үшін.

Басқа факторлар үшін оңтайлыларға шартты түрде зиянды факторлар мүлде болмайтын не болмаса тұрғындар үшін қауіпсіз боп саналатын дәрежелерден аспайтын еңбек жағдайларын жатқызады.

Ұйғарынды еңбек жағдайлары (2-ші топ) — бұл жұмыс орындары үшін орнатылған гигиеналық нормалардан аспайтын және жұмыскер ағзасының атқарымдық күйінің мүмкін өзгерулері регламенттелген демалыс уақытында немесе келесі ауысымның басында қалыпқа келетін және оның денсаулығы мен ұрпағына жақын не алыс болашақта жағымсыз әсер келтірмейтін орта мен еңбек үдерісі факторларының деңгейлері тән жағдайлар.

Ұйғарынды еңбек жағдайлары шартты түрде қауіпсіз жағдайларға жатады.

Зиянды еңбек жағдайлары (3-топ) — бұл жұмыскерлерге әсер ететін зиянды факторлардың дәрежесі тән, аса талап етілетін гигиеналық талаптар және жұмыскер ағзасына және (немесе) оның ұрпағына жағымсыз әсер ететін жағдайлар.

Зиянды еңбек жағдайлары гигиеналық нормативтерді арттыру және жұмыскер ағзасындағы өзгерістердің білінгіштігі бойынша шартты түрде төрт зияндылық деңгейіне бөлінеді.

3-ші топтың 1-ші деңгейінің (3.1) зиянды еңбек жағдайлары гигиеналық нормативтерден жұмыскердің ағзасында атқарымдық өзгерістер туғызатын және әдеттегідей, келесі ауысымның басына қарағанда осы факторлармен ұзағырақ байланыстың үзілуін қалпына келтіретін және оның денсаулығының бұзылуының қауіпін жоғарылататын зиянды факторлар дәрежелерінің ауытқушылықтарымен сипатталады.

3-ші топтың 2-ші деңгейінің (3.2) зиянды еңбек жағдайлары тұрақты атқарымдық өзгерістер туғызатын зиянды факторлардың дәрежелерімен сипатталады. Олар көп жағдайларда:

- кәсіптік шартталған сырқаттардың көбеюіне (ол сырқат деңгейінің жоғарылауында еңбекке жарамдылығын уақытша

жоғалту, бірінші кезекте, осы факторлар үшін айрықша осал адам мүшелері мен жүйелерінің жағдайын көрсететін сырқаттар түрінде білінеді);

- кәсіптік сырқаттардың ұзаққа созылған экспозициясынан кейін (көбіне 15 не одан да көп жылдан кейін) бастапқы белгілері мен жеңіл түрлерінің пайда болуына (кәсіби еңбекке жарамдылығының жоғалуынсыз) әкеп соғады.

3-ші топтың 3-деңгейінің (3.3) зиянды еңбек жағдайлары әсері мына жағдайларға әкеліп соғатын жұмыс ортасының зиянды факторларымен сипатталады:

- еңбек қызметі үдерісінде жеңіл және орташа ауырлық деңгейлі кәсіптік сырқаттарының дамуына (кәсіби еңбекке жарамдылығының жоғалуымен);
- созылмалы (кәсіби шартталған) патологияның өсуіне..

3-ші топтың 4-деңгейінің (3.4) зиянды еңбек жағдайлары кәсіптік сырқаттардың ауыр түрлері пайда болуы мүмкін, созылмалы патологияның айтарлықтай өсуі және еңбекке жарамдылықтың уақытша жоғалуымен сырқаттардың жоғары дәрежесі белгіленетін жұмыс ортасының зиянды факторларының дәрежелерімен сипатталады.

Қауіпті (экстремалды) еңбек жағдайлары (4-ші топ) — бұл әсері жұмыскерге жұмыс ауысымы бойында (немесе оның бөлігінде) өмірге қауіп және жіті кәсіби зақымаданудың, оның ішінде ауыр түрлерінің жоғары даму қаупін тудыратын жұмыс ортасының факторларының дәрежелерімен сипатталатын жағдайлар.

Еңбек жағдайы 4-ші топқа (қауіпті) жататын жұмыс орны жедел түрде қайта жабдықталуға немесе ликвидациялануға тиіс.

Қауіпті (экстремалды) еңбек жағдайларындағы жұмыс мына жағдайлардан басқа кезде рұқсат етілмейді:

- апаттарды жою жағдайларында;
- апаттық жағдайларды ескерту үшін шұғыл жұмыстарды жүргізу жағдайларында.

Бұл ретте қауіпті жағдайлардағы жұмыс тиісінше жеке қорғаныс құралдарымен және бұндай жұмыстар үшін регламенттелген тәртіптерді сақтау арқылы жүргізілуі тиіс.

Шекті ұйғарынды деңгейлер (ШҰД) — тиісті еңбек стандарттары мен санитарлық-гигиеналық ережелермен орнатылған жұмыскерлерге зиянды өндірістік факторлар әсерінің шекті ұйғарынды мағыналары.

Шекті ұйғарынды концентрация (ШҰК) — белгілі бір уақытта адам денсаулығы мен оның ұрпағына және экожүйе құрамдастары мен табиғи қоғамға бүтіндей әсер етпейтін зиянды заттектердің максималды концентрациясы.

Еңбек жағдайының (ШҰД және ШҰК) гигиеналық нормативтері (ГН) — аптасына 40 сағаттан аспайтын 8 сағат ішіндегі күнделікті (демалыс күндерінен басқа) жұмыста жұмысшыларда барлық жұмыс өтілі бойында зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері арқылы табылатын, денсаулық жағдайларында сырқаттар мен ауытқушылықтар тудырмайтын жұмыс ортасы факторының дәрежелері.

2.2.5.1313 — 03 ГН-ге сәйкес, зиянды заттектер жұмыс аймағы ауасында болуымен адам ағзасына әсер ету деңгейіне байланысты келесідегідей бөлінеді:

- аса қауіпті (бериллий, қорғасын, марганец);
- қауіптілігі жоғары (хлор, фосген, фторлы сутек);
- қауіптілігі орташа (темекі, шыныпластик, метил спирті);
- қауіптілігі аз (аммиак, бензин, ацетон, этил спирті).

Еңбек қауіпсіздігінің санитарлық нормалары мен стандарттар жүйесіне сәйкес кәсіпорындарда зиянды заттектердің жұмыс аймағы ауасындағы мөлшерін бақылау жүзеге асуы тиіс.

Жұмыс аймағы — еден мен алаң көлемінен 2 м-ге дейінгі биіктіктегі жұмыскерлердің тұрақты не уақытша тұратын жұмыс орындары орналасқан кеңістік.

Егер жұмыс аймағында қауіптілігі жоғары бірінші топтың зиянды заттектері қолданылса, олардың мөлшерін бақылау автоматтық өзі жазылатын, ШДК асып кеткен жағдайда қауіп дабылын беретін аспаптар көмегімен үздіксіз жүргізіліп отыруы қажет. 2-4 топтардың зиянды заттектері қолданылатын жұмыс орындарында олардың мөлшері ауа сынамасын іріктеу және талдау арқылы ауық-ауық жүзеге асуы тиіс. Сынаманы іріктеу жұмыскердің тыныстау аймағында, яғни, оның жүзінен 0,5 м-ге дейінгі радиуста жүргізіледі. Бұл ретте ауысым барысында кемі бес сынама алынады.

Шаң мен газ түріндегі зиянды заттектер болатын өндірістік жайлардың әуе кеңістігі еңбек қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Шаңдар мен газдардың адам ағзасына әсері олардың өндіріс жайлары ауасындағы улылығы мен концентрациясына, сонымен қатар адамның сол жайда болу уақытына байланысты.

Шаң. Ауада қалқыған бөліктері зиянды еңбек жағдайларындағы кез келген өндірістік ортада болады. Құрамына байланысты олар адамның тыныс алу жүйесін ластап, жұмысын қиындатуы мүмкін. Көлік кәсіпорындарының өндірістік бөлімшелерінде шаңның айтарлықтай мөлшері түзілуі мүмкін. Шаңнан қорғану үшін шаң кегіретін жабдықтар, шаңшөктіргіш камералар және арнайы құрылғылар пайдаланылады. Зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын қызметкерлерге респираторлар беріледі. Көп мөлшерде шаңды жүктерді (цемент, көмір, құм, ұсақ тастар және т.б.) тиеу мен тасымалдауда, техникалық қызмет көрсету мен жылжымалы құрамды (тазалау-жуу, тегістегіш, қызулық, темір соғатын, дәнекерлегіш, дөңгелек жөндейтін, жапсырмалы, егеуіш және т.б.) жөндеу жұмыстарында түзіледі.

Автомобиль қозғалысында шаң гравитациялық күштің әсерімен ауадан автомобильдің шанағы мен агрегаттарына келіп түседі. Ауадағы шаңды аэрозоль деп, ал шөккен шаңды аэрогель деп атайды. Автомобиль қозғалысының жылдамдығы артқан кезед ауадағы шаңның концентрациясы да артады. Шаңның зияндылығы оның құрамына, бөлшектерінің ірілігіне және тозандылық дәрежесіне байланысты. Тыныстауда 2 мкм-ден кем диаметрлі бөліктер ең қауіпті болып табылады. Егер автомобильде шанақтың тығыздау элементі талаптарға сай келмесе, жүргізуші шаңнан бронх қабынуы және пневмокониоз ауруларын тудыратын ірі және ұсақ бөліктерді жұтады.

Адам көзінің шырышты қабығына түсетін шаң оның тітіркенуіне және конъюнктивитке алып келеді. Теріге сіңіп кету арқылы шаң терідегі ұсақ тесіктерді бітеп, адам ағзасының жылуды реттеуіне кедергі келтіріп, дерматит және экзема ауруларын тудыруы мүмкін. Улағыш шаңдардың кейбір түрлері (эк, сода, күшәла, кальций карбиді) текүйіктер тудырады. Демек, зиянды жағдайлы ортада жұмыс жасайтын автомобильді жуу және салонын тазартып отыру оның техникалық қызмет көрсетуінде міндетті болып саналады.

Булар мен газдар. Өкпе адам ағзасындағы ең маңызды қызметтердің бірін атқарады, өйткені ол оның миын оттегімен қоректендіретін қантамырлар жүйесімен, орталық жүйке жүйесімен және барлық ағзамен байланысты.

Адам ауасыз 5 минуттан артық өмір сүре алмайды. Ол уақыт таусылғанда ми мен орталық жүйке жүйесінде оттегінің жетіспеуінен болатын қайта айналмайтын үдерістер орын алып, ми жасушалары өледі. Жұмсалған қуатын қалыпқа келтіру үшін адам тәулігіне 2 кг шамасында азық, 3 л су және 30 м³ ауаны тұтыну керек, яғни, адамның барлық ағзасын оттегімен қамсыздандыру — оның тіршілкті қамтамасыз етуінің негізгі міндеттерінің бірі.

Жанармайдың әр түрлерін жандыруда, көлік құралдарының қозғалтқыштарының жұмысында, гальваникалық үдерістерде, бояғыш, дәнекерлегіш, термикалық және басқа да жұмыстарды орындау үдерісінде көлікте көп мөлшердегі зиянды газ тектес заттектер бөлінеді. Көп жағдайларда бұл заттектер улы болып келіп, адам ағзасына аса улы әсер қалдырады. Өйткені өкпеге түсіп, оны қан бірден сіңіріп, бүкіл ағзаға таралады. Зиянды заттектердің қасиеттері олардың химиялық құрылымы мен агрегаттық күйлері арқылы анықталады.

Көліктегі у болып келетін органикалық заттардың қатарына хош иісті реттің көмірсутектері (бензол, толуол, ксилол), олардың туындылары (хлорбензол, нитробензол, анилин), спирттер және альдегидтер жатады. Бейорганикалық тектердің улары болып көміртектің, күкірттің (күкіртті сутек, күкіртті газ), азоттың (аммиак, азотоксиді) қосындылары, ауыр және сирек металлдар (қорғасын, сынап, мырыш, марганец, кобальт, хром, ванадий) табылады.

Жұмыс ортасы ауасындағы зиянды заттектердің мөлшері шектік ұйғарынды концентрациядан асса, жұмыскерлердің улануының алдын алатын арнайы шараларды қолдану керек. Мұндай шараларға өндірістік үдерістерде улы заттарды қолдануды шектеу, құрылғылар мен байланыстарды саңылаусыздандыру, әуе кеңістігін автоматты түрде бақылау, табиғи және жасанды желдетуді жүзеге асыру, арнайы қорғаныс киімдері мен аяқ киімдерін, бейтараптандыратын жакпа майлар мен өзше де жеке қорғаныс құралдарын пайдалану жатады.

Улы заттардың бөліну аймағында үздіксіз болатын жұмыскерлерге қысқарған жұмыс күні, қосымша демалыс және басқа жа жеңілдіктер тағайындалған.

Санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес негізгі құрамдас бөліктердің атмосфералық ауаның тиісті көлеміндегі, тыныстау мен

ондағы зиянды қоспа үшін пайдаланылатын мөлшері мынадай: оттегі — 20,96 %, азот — 78,03 %, көміртегі диоксиді — 0,03 %, ал қалғандары — инертті газдар (аргон, гелий, неон және т.б.).

Жұмыс аймағы ауасында зиянды заттектердің шекті ұйғарынды концентрациялары (2.2.5.686 — 98 ГН). Көлік құралының кабинасындағы әуе кеңістігі жағдайын бақылау қолданылатын жанармай түрін есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс. 3.1 кестеде келтірілген жүргізушінің жұмыс аймағындағы ауасындағы зиянды заттектер концентрациясы мына жағдайларда аспауы керек: қозғалтқыштың бензинмен жұмыс жасауында көмірсутектер көміртекке қайта есептегенде — 300 мг/м^3 , көміртек тотығы — 20 мг/м^3 , азот тотығы — 5 мг/м^3 , сондай-ақ этилдендірілген бензин үшін қорғасын — $0,01 \text{ мг/м}^3$ (орта ауысымды ШҰК $0,07 \text{ мг/м}^3$ -тан аспайды); метилдендірілген бензин немесе таза метанол үшін метанол — 5 мг/м^3 , формальдегид — $0,5 \text{ мг/м}^3$; дизель отыны үшін акролеин — $0,2 \text{ мг/м}^3$.

Ауыр дене жұмысын атқаратын жұмыскерлер басқа жұмыскерлерге қарағанда, ауадағы зиянды заттектердің бірдей концентрациясында уланудың үлкен қаупіне немесе кәсіптік сырқаттың пайда болуына душар болады.

Машинаның қозғалмалы бөліктері. Көптеген машиналарда айналадағыларға дене жарақаттарын тудыратын қозғалмалы бөліктер бар. Машинаның қозғалмалы бөліктері табыла алады:

3.1. кесте. Көлікте жиі кездесетін, ауадағы кейбір зиянды заттектердің шекті ұйғарынды концентрациялары

Заттек атауы (шаң, аэрозольдер)	ШҰК, мг/м^3	Қауіптілік тобы
Құрамында 70 % SiO_2 бар шаң (кварц және т.б.)	2	3
Құрамында 10-70 % SiO_2 бар шаң	2	4
Шынылы және минералды талшық шаңы	3	4
Құрамында 10 % SiO_2 бар өсімдік және жануар текті шаң	4	4
Бериллий және оның қоспалары	0,001	1
Кобальт (кобальт оксиді)	0,5	2
Титан оксиді	10	3
Никель (никель оксиді)	0,5	2

Азот оксиді (NO ₂ -ға қайта есептеуде)	5	2
Ацетон	200	4
Күкірттің еселенген тотығы	10	3
Жанармай бензині (С-ға қайта есептеуде)	100	4
Жермай, уайт-спирит	300	4
Металл сынап	0,01	1
Тетраэтилкорғасын	0,0005	1
Көміртек оксиді	20	4

- орындалатын амал аймағында (кесу, пішіндеу, бұрғылау, пішіннің өзгеруі);
- жұмысты атқаратын машина бөліктеріне қуат беретін құрылғыларда (сермерлер, тегеріштер, бұлғақтар, жалғастырғыштар, жұдырықшалар, сүмбілер, шынжырлар, қос иіндер, тісті доңғалақтар);
- машинаның басқа қозғалмалы бөліктерінде (қозғалмалы жабдықтардағы доңғалақтар, тісті бәсеңдеткішті қозғалтқыштар, сорғылар, компрессорлар және т.б.).

Айналу әрекеті. Тіпті тегіс айналмалы біліктердің өзі киім бұйымдарын немесе мысалы, өте қауіпті боп келетін адам қолын іліп қалуы мүмкін. Егер айналмалы біліктердің шығыңқы бөліктері мен тегіс емес сүйір беткі қабаттары болса, қауіп одан сайын арта түседі.

Сызықты қозғалыс. Тік, көлденең және қайтымды ілгерілеме қозғалыстар әр түрлі жолдармен дене жарақатын алуға әкеліп соғуы мүмкін: адам машинаның қайндай да бір бөлігінен соққы алуы, машиналар бөлігінің немесе басқа да объект арасында қалып қоюы, сүйір ернеудің кесіп кетуі немесе қозғалмалы бөліктер немесе басқа да объектілер арасында қысылып қалуы мүмкін.

Қуат көздері. Көбіне қандай да бір машинаны қозғалысқа келтіру үшін сыртқы қуат көздерін пайдаланады және де жиі көп мөлшердегі қуатқа ие көздерден. Ол электрлік, булық, гидравликалық, пневматикалық және механикалық қуаттық жүйелер. Барлық осы жүйелерді бақыламайтын болса, айналадағыларға айтарлықтай дене жарақаттарын және материалдық шығын әкелуі мүмкін.

Мұнай өнімдері. Жағармайлар, дизельді отындар, жермай, бензиндердің адам терісіне ұзақ және жиі әсерінен тері аурулары

пайда болады. Осылайша адам ағзасына тері арқылы түсіп, улануды тудыруы мүмкін. Мұнай булары тітіркендіргіш және еліткіш әсер береді, ал олардың көп концентрациясында, мысалы, мұнай өнімдерін бөліп құюда адамның есінен тануы және жүрек қызметінің бұзылуы мүмкін.

Автомобильге бензин құюда төгілетін 300 г бензин 200 мың м³ ауаны ластайды. Бензин буларын иіскеуде бас айналу, бас ауруы, масаю сезімі, ұйқының бұзылуы, тершендік, тез шаршау, себепсіз әлсіздік, бұлшықеттердің дірілдеуі, тәбеттің жоғалуы, қозу, жүрек айнуы, құсу, созылған қолдың дірілдеуі, бұлшықет түйілуі пайда болады.

Бензин және оның буларын өкпе мен ішек-қарын жолдары тез сіңіріп, көбіне тыныс алу жолдарымен, ал кейде несеппен шығады. Улану бензин ағзаға, теріге түскенде және оның буларын иісегенде өршиді.

Бензиннің ағзаға өңеш арқылы түсуі адамның құсуын өршітіп, оның асқазанның шырышты қабығына тітіркендіргіштік әсері ішті ауыртып, ұйқыдан айырып, галлюцинация, тершендік, сілекей бөлінушілікті тудырады. Ауыр жағдайларда масаю күйі іспеттес ауыр психоз белгілері туындайды. Бензиннің аздаған мөлшері де (0,5-1,0 мл) қан жоғалтудың, ісінудің және өкпенің қайта қабынуына себеп бола алады.

Бензин және оның булары бүйрекке уыттық әсер беріп, нәтижесінде бүйрек жеткіліксіздігінің дамуына әкеліп соғады. Оған қоса, бензин қызыл қан денешіктерінің түзілу үдерісін бұзады.

Тетраэтилкорғасыны бар **этилдендірілген бензин** үлкен қауіп тудырады. Ағзаға шырышты қабық, тыныс алу мүшелері және тері арқылы түсіп, ол адамның орталық жүйке жүйесіне, бұлшықеттердің қозғалмалы талшықтарына және қантұзу мүшелеріне кері әсер етеді. Мұнай өнімдерінен және ең алыдмен этилдендірілген бензиннен қорғану үшін костюмдер, алжапқыштар, жеңқаптар, қолғаптар, резеңке етіктер және түрлі дермотологиялық құралдарды қолданады. Жұмыскерлердің тыныс алу мүшелерін мұнай өнімдерінің буларынан қорғау үшін оларды сақтайтын ыдыстарды тазалауда немесе апаттық құю жағдайында құбыршек газтұмшаларын пайдаланады.

Метанолды (метил спирті) жиі майларды, шайырларды және лактарды еріткіш ретінде қолданады. Адам ағзасына ол әдеттегідей, ас қорыту, тыныс алу мүшелері, сондай-ақ тері арқылы түседі. Метил спирті әсіресе жүйке және тамыр жүйелері үшін у болып табылады, оған қоса ол адам ағзасында жиналуы мүмкін.

Метанолмен зақымданудың жеңіл түріне саусақтардың аздап дірілдеуі, теңселу, ұйқышылдық, жоғары шаршаңқылық, құсу, жүрек айну, бас айналу, бас ауруы тән. Метанолмен зақымданудың күрделі түріне шалдығу және көру қабілетінен айрылу (көбіне қайта қалпына келмейтін), тартылулар, әлсіз тамыр соғысы, есінен танулар жатады, ал ең ауыр түрлерінде өлімге әкеліп соғуы мүмкін.

Еріткіш түрінде де қолданылатын **ацетонның** еліткіш қасиеті бар, ол теріні құрғатып, тітіркендіреді.

Жұмыста және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуде метанол мен ацетоннан қорғайтын жеке қорғаныс құралдары ретінде арнайы киімдерді, биялайларды, қолғаптарды, дермотологиялық құралдар мен респираторларды қолданады.

Мыстау-радиаторлық және аккумуляторлық жұмыстардан қолданылатын **қышқылдар және олардың қоспалары** адамның терісіне тітіркену және күйдіру әсерін беріп, дерматит, гиперкератоз ауруларын туғызып, тіпті терінің жансыздануына әкеліп соғады. Қышқылдар мен олардың шашырауы үлкен қауіпті көзге тудырады. Қышқылдар мен олардың қоспаларының әсерінен қорғануды арнайы костюмдер, алжапқыштар, қысқа етіктер және резеңке қолғаптар, дермотологиялық құралдар мен қорғаныс көзілдіріктері арқылы қамтамасыз етеді.

Никель мен **хром** қосындыланған болат құрамына кіреді. Бұл болаттарды жағу-салқындату сұйықтығын қолданатын металлкескіштерде өңдеу үдерісінде хром мен никельді сіндіреді және адам қолының терісіне тиген жағдайда аллергиялық аурулар тудыруы мүмкін. Бұндай жағдайларда қорғаныс дермотологиялық құралдарды қолданумен қамтамасыз етіледі.

Эпоксидті шайырлар автомобильдерді жөндеуде қуыстарды, майысқан жерлерді бітеуде, жарықтарды, коррозиялық зақымдарды бітеуге және түрлі материалдарды желімдеу үшін эпоксидті желімдер мен композициялар құрамында болады. Шайыр және онда қолданылатын қатайтқыш уытты заттар болып табылады. Улануды қатайтқыштың буы да тудыра алады, ал эпоксидті шайыр теріге тигенде түрлі тері аурулары (экзема, дерматит және т.б.) пайда болады. Қатайтқыш буларын ауаны желдету арқылы кетіреді, ал қол терісін қорғау үшін дермотологиялық құралдар мен резеңке қолғаптарды қолдану керек.

Жарықтандыру. Адам өмірінің табиғи жағдайы болып табылатын жарық оның денсаулығын сақтау үшін және еңбектің жоғары өнімділігін қамтамасыз ету үшін қажет.

Жарық көзбен көрінетін оптикалық көлемнің ұзындығы 380-760 нм электромагниттік толқындар болып саналады және адамның ең

сезімта және әмбебап сезім мүшесі – көру талдағышының торлы қабығы болып қабылданады.

Көру талдағышы — адам көзі үшін қоршаған әлемнің алуан түрлілігі көлемімен, фонмен кереғарлығымен және көзден қашықтығымен сипатталатын заттар мен нысандардың әртүрлілігімен ұсынылады.

Нысанның көлемі, оның фонмен кереғарлығы және ол көрінетін қашықтық неғұрлым кіші болған сайын (тиісті шегіне дейін), бұл нысан соғұрлым көзбен ауыр қабылданады. Солайша үлкен көлемдегі, бірақ алыста тұрған және дұрыс жарықтанбаған нысанды қабылдау қиын.

Демек, көздің қалыпты жұмыс істеуіне нысан тиісінше көлемнен кіші болмай, фонмен кереғар және жеткілікті түрде жарықтандырылған болуы керек.

Атқарымдық жүйе секілді көру талдағыштарының әрекеттің соңғы нәтижесі тек жарықтың болуымен ғана мүмкін қоршаған әлемді қабылдау болып табылады.

Демек, жоғары көру жұмысқа қабілеттілігі және еңбек өнімділігі тиімді өндірістік жарықтандырумен тығыз байланысты.

Қанағаттанғысыз жарықтандыру ақпаратты бұрмалайды, оған қоса, ол тек көруді қажытып қана қоймай, адам ағзасын түгелдей қажытуға себеп болады. Оған қоса, жарықтың кейбір көздері адамның физикалық және эмоциялық күйіне кері әсер етеді.

Жарықтандырудың зиянды әсерін алып тастау оның нормаланған параметрлерін қамтамасыз етумен, жарықтандыру жүйесі, жарық көзі, жарықшамдарды дұрыс тандау және жарық беретін құрылғыларды дұрыс орнату және оны пайдалану арқылы жүзеге асады. Өндірістік жарықтандыру зиянды өндірістік фактор ретінде келесі негізгі жарықтехникалық көрсеткіштерді анықтайды:

- **жарықтылық** (E) — люкспен (лк) өлшенетін, жарықтандырылатын бетке түсетін жарық ағынының сыртқы тығыздығы;
- **ашықтық** (L) — өлшеу бірлігі шаршы метрге кандела ($\text{кд}/\text{м}^2$) болып келетін, жарық ағынының бағытындағы жарық күшінің сыртқы тығыздығы.

Өндірістік жайларда жарықтандырудың үш түрі қолданылады:

- жарық көзі күн болып табылатын – табиғи;
- тек жасанды жарық көздері қолданылатын – жасанды;
- бір уақытта табиғи және жасанды жарықтандыруды қатар алып жүретін – қосарлы немесе аралас.

Табиғи жарықтандыру жарықтың табиғи көздері – тікелей күн шуағы мен көкжиек жарығымен (күн сәулелері, атмосферамен

таралатын) жасалады. Табиғи жарықтандыру биологиялық тұрғыда адам көзі максималды түрде бейімделген жарықтандырудың ең құнды түрі болып табылады.

Өндірістік жайларда келесідегідей табиғи жарықтандырулар пайдаланылады:

- **б ү й і р д е н т ү с е т і н ж а р ы қ** — сыртқы қабырғалардағы жарық ойығы (терезелер) арқылы;
- **ү с т і ң г і ж а р ы қ** — жабындардағы жарық шамдары арқылы;
- **қ ұ р а м а** — жарық шамдары мен терезе арқылы.

Өндірістік кәсіпорындардағы қызу шамдары және газ қуатсыздану шамдары арқылы жүзеге асатын *жасанды жарықтандыруды* мына түрлерге ажыратады:

- **ж ұ м ы с қ а к е р е к т і** — жайлар мен ғимараттан тыс жерлердегі өндіріс орындарында нормаланған жарық беру жағдайларын (жарықтану, жарық сапасы) қамтамасыз ететін жарықтандыру;
- **а п а т т ы қ** — жұмысқа керекті жарық сөнгенде қаралады;
- **э в а к у а ц и я л ы қ** — негізгі жарық апатты жағдайда өшкенде, жайлардан адамдарды көшіруді қамтамасыз ететін және көшіруге қызмет жасайтын өткелдер мен баспалдақтарда қарастырылатын жарықтандыру (кемі 0,5 лк жайларда және 0,2 лк аумақта);
- **қ а у і п с і з д і к ж а р ы қ т а н д ы р у ы** — жұмыс жарығының апатты өшуінде жұмысты жалғастыруды қамтамасыз ететін және жұмыс жарығының болмауы жарылыс, өрт, технологиялық үдерістің бұзылуы және т.б. тудыратын жайларда қарастырылатын жарықтандыру (2 лк ғимарат ішінде, 1 лк аумақта);
- **қ о р ғ а у** — түнгі уақытта қорғалатын аумақ шекарасын бойлай қарастырылатын жарықтандыру (жер деңгейінен кемі 0,5 лк);
- **к е з е к ш і л і к** — жұмыстан тыс уақытта қолданылатын жарықтандыру.

Өндірістік жайларда ортақ және жергілікті жарықтандыру қолданылады: ортақ — барлық жайды жарықтандыру үшін, жергілікті (құрамдастырылған жүйеде) — тек жұмысшы беттерді немесе құрылғының бөлек бөліктерінің жарығын көбейту үшін.

Ортақ жарықтандыру біркелкі немесе шектеуші болуы мүмкін. Жарықшамдарды ортақ біркелкі орналастыру (тік бұрыштап немесе шахматтық ретпен) барлық жайда біртекті жұмыстарды орындауда

және жұмыс орындарының үлкен тығыздығында (конвейері жоқ құрастыру цехтары, ағаш бөлетін цехтар және т.б.) тиімді жарықтандыруды жасау үшін қарастырылады. Ортақ оқшаулы жарықтандыру жұмыс орындары қатарында қосымша жарықшамды (мысалы, қиғашжарық) орнату арқылы берілген тығыздықта (термикалық пеш, ұста балғасы және т.б.) жарықтандыруды қамтамасыз етуді және цех аумақтарында әртүрлі жұмыстарды атқару үшін және көлеңкелейтін құрылғылардың болуында қарастырылады.

Жұмыс бетіне жарық түсіруге тағайындалған жергілікті жарықтандыру тұрақты және ауыспалы болып бөлінеді. Ол көбіне қызу шамын пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі, өйткені люминесцентті шамдар стробоскоптық әсер тудыруы мүмкін.

Өндірістік жайлардың оңтайлы жарықтандыруымен мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік беріледі:

- жарық беретін құрылғыларды тиімді орналастыру;
- табиғи және жасанды жарықтандыруды біріктіру;
- ортақ және жергілікті жарықтандыруды үйлестіру;
- тиісінше түр мен қуаттылықтағы шамдарды пайдалану;
- жұмыс бетіндегі жарықшамдарды орнату биіктігін өзгерту (қажет болған жағдайда);
- негізгі жұмыс беттеріндегі жарықтандыру мен ашықтықты жүйелі (жылына бір реттен кем емес) бақылауды жүзеге асыру;
- жарық беретін құрылғыларды күту (жарамсыз шамдарын ауыстыру, жарықшамдардың ластануын болдырмау);
- терезе ойықтары мен жарық беру қондырғыларына қатысты өндірістік жабдықтарды (жиһаздарды) ұтымды орналастыру.

Өндірістік жарықтандыру сапасы келесі гигиеналық талаптарды орындаумен анықталады:

- жұмыскердің көру шегінде жарықты біркелкі тарату және көлеңкелерді тежеу;
- тура және шағылысқан жылтырлықты шектеу;
- жарық ағынының ауытқуын шектеу немесе жою.

Жарықтандыру нормасын орындамауда кәсіпорындарда қауіпті жарақат жағдайлары орын алуы мүмкін.

Жазатайым жағдайлардың мүмкін себептері мыналар:

- апаттық жарықтандырудың жоқтығы;
- жұмыскер мен апаттық жарық беру тудыратын жарықтандырудың жеткіліксіз дәрежесі;
- тура және шағылысқан жылтырлық тудыратын шағылыстырушылық дәрежесі;

- туындаған жарық беру тербелісімен шартталған стробоскопты әсер;
- айналымы немесе қозғалысты жабдық элементтерінің (яғни, жарақаут қауіпі бар жабдықтарды) болуында жоғары нақтылықтағы жұмыстарды орындау үшін біріктірілген жарық беру жүйесінің жоқтығы;
- адамдардың жайда аз уақытқа болуында жарық берудің нормативті көрсеткіштерінің бұзылуы;
- қолданылатын жарықшамды орындаудың жарылыс және өрт қауіпі бар жайлардағы қоршаған орта сипатына сәйкес келмеуі.

Зиянды еңбек жағдайларын анықтайтын жарықтандырудың көрсеткіштері көру жұмысының уақытына, жарық берудің ашықтығына, жарық беру құрылғысының қыздырылу температурасына және көрудің бейімделу қажеттілігіне байланысты. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында көру мүшелерін қорғау үшін арнайы маскалар немесе көзілдіріктер қолданылады.

Шу. Шу — бұл дыбыс дәрежесі және жиілігі бойынша әртүрлердің ретсіз үйлесуі. Физиология позициясы бойынша шу адамның қабылдауына кез келген қажетсіз, жағымсыз дыбыс болып табылады. Шу адам ағзасына зиянды әсер қалдыра отырып, еңбек жағдайын нашарлатады: шу жағдайларында ұзақ болуда көру және есту қасиеті төмендейді, қан қысымы көтеріліп, зейіні төмендейді.

Күшті жалғаспалы шу адамның жүрек-қан тамырлары және жүйке жүйесіндегі атқарымдық өзгерістердің себебі болуы мүмкін. Ол болса, өз кезегінде жүрек ауруларын және аса күйгелектікті тудырады.

Адамның есту мүшесі дыбыстық қызым өзгерісін сол өзгерістің еселігі түрінде қабылдайтыны белгіленген. Сондықтан шудың қарқындылығын өлшеу үшін есту қасиеті қалыпты адамның есту шегіне сәйкес (есту мүшесі қабылдайтын минималды есту мүшесі), децибелді логарифмді шкаланы қолданады.

$2 \cdot 10^{-5}$ Н/м²-ге тең дыбыс қарқындылығы бір акустикалық децибелге (дБА) қабылданады.

Уақытша сипаттары бойынша шуды былайша ажыратады:

- **тұрақты** — дәрежесі 8 сағаттық жұмыс күнінде (жұмыс ауысымында) уақыт бойынша шу өлшегіштің уақытша шкаласында «бәсең» (бұндай шудың мысалы ретінде қазандықтағы шуды алуға болады) өлшеуде 5 дБА-ден аспайтындай өзгереді;
- **тұрақсыз** — дәрежесі 8 сағаттық жұмыс күнінде (жұмыс

ауысымында) уақыт бойынша шу өлшегіштің уақытша шкаласында «бәсең» өлшеуде 5 дБА-ден асатындай өзгереді;
Өз кезегінде, тұрақсыз шу ажыратылады:

- *ауытқымалы* — дәрежесі уақыт бойынша үздіксіз өзгереді (мысалы, білдектер көп орналасқан цехтағы шу, бірақ оалр барлығы бірдей емес, топтармен жұмыс жасайды);
- *үзікті* — дәрежесі сатылап өзгереді (5 және одан да көбірек дБА-ге), бұған қоса дәреже тұрақты болып қалатын аралық ұзақтығы 1 с және одан да көбірек (мысалы, бір білдек жұмыс істейтін цехтағы шу);
- *импульстік* — бір немесе бірнеше дабылдардан тұрады. Өрқайсысының ұзақтығы 1 с-тан кем, бұл ретте шу өлшегіш аспаптың «импульс» және «жәй» уақытша шкалаларындағы дыбыс дәрежелері кемі 7 дБА-ге дейін өзгешеленеді (мысалы, баспақ пен балғамен жұмыс жасалғандағы шу).

Дыбыс қарқындылығының жоғарылауында адамның дабыл жарғағына дыбыс толқыны жасайтын қысым тиісінше дәрежеде ауырлық сезімдерін тудыруы мүмкін. Ауырлық сезімдерінің шегі аталатын дыбыс қарқындылығы 130 дБА деңгейінен табылады.

Шулар өздеріне түрлі жиіліктерді қосады, бірақ бәрібір әр шуды сол не өзге жиілікті иеленуімен сипаттауға болады. Шартты түрде, шулардың барлық шоғырын келесідегідей ажыратады:

- *төменгі жиілікті шу* — тербелістер жиілігі 350 Гц-ке дейін;
- *орта жиілікті* — 350-ден 800 Гц-ке дейін;
- *жоғары жиілікті* — 800 Гц-тен аса.

Төменгі жиіліктегі шуларға дыбыс өткізбейтін кедергілерден (қабырғалар, жабындар, қаптамалар) өтетін, соққысыз әрекеттегі жай жүретін агрегаттардың шуы және т.б. жатады. Орта жиіліктегілерге көптеген машиналардың, агрегаттардың, білдектер мен соққысыз әрекеттегі қозғалысты құрылғылардың шуы жатады. Жоғары жиіліктегілерге жоғары жылдамдықта, соққылы әрекеттегі, ауаның немес газдардың күшті ағынын жасайтын машиналар мен агрегаттарға тән ызың, ысқырықты, сыңғырлы шулар және т.б. жатады.

Адам құлағы сонымен қатар 16 Гц-тен 20 кГц-ке дейінгі жиіліктегі дыбыстық дыбысты тербелістерді қабылдап, «естиді». 16 Гц-тен төмен жиілік диапазоны инфрадыбыс, ал 20 Гц-тен жоғары ультра дыбыс деп аталады. Инфрадыбыс және ультрадыбыс сонымен қатар адамға да әсер етеді, бірақ ол оны естімейді.

Қалалық ортадағы шу көздері көлік құралдары мен өнеркәсіптік құрылғылар болып табылады. Инфрадыбыстың көзі болып соққы әрекетінің технологиялық құрылғысы, рельсті көлік және

пневмоқұрал, ал ультрадыбыстікі зымыранды қозғалтқыштар және желмен үрленетін су беттері және құрылыс алаңдары табылады.

Өндіріс жағдайларында, қағида бойынша, әртүрлі механизмдер, агрегаттар және басқа да құрылыстардың (3.2 кесте) жұмысы нәтижесінде құрылатын түрлі жиіліктегі және шоғырдағы шулар орын алады: жылдам айналмалы, жылжымалы (үйкелу) әрекет, жалғыз не қайталанатын соққылар, құралдардың немесе машинаның бөлек бөлшектерінің дірілі, күшті әуелік не газдық ағыстардың құйыны және т.б. салдарынан.

Шулық тербеліс ағзада қорлану (кумулятивтілік) қасиетіне ие. Шу зияндылығын өндіріс ортасының факторы ретінде оның дәрежесін шектеу қажеттілігіне әкеліп соғады. Шудың алдын алу немесе зиянды әсерін азайту үшін гигиеналық нормаларды ұстану керек.

3.2. кесте. Әртүрлі деңгейдегі шудың әсері

Шудың адамға әсері	Шу дәрежесі, дБА	Шу көздері
Есту аппаратының қатты зақымдануы	140	Ұшатын реактивті тік ұшақ; жамау балғасы
Ауыру сезімдерінің	130	Стартта тұрған реактивтік ұшақ
Есту аппаратының зақымдануы	120 110 100	Пропеллер тік ұшақ; кен балғасы; қаңылтыр илемдеу цехы
Қауіптілік	90 80 70 60	Ауыр жүк көліктері; қызу көшелер; жеңіл автомобильдер; әдеттегі әңгімелер
Тітіркену	50 40 30 20 10 0	Баяу әңгіме; радиодағы бәсең әуендер; сыбдыр; қаладағы тыныш пәтер; жапырақтардың сыбдыры
Есту әсерініңшегі	0... 10	—

Технологиялық үдерістерді жасауда, машиналарды, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды жобалауда, жасауда және пайдалануда, сондай-ақ, жұмыс орнын ұйымдастыруда шуды бсеңдетудің барлық шараларын қолдану керек. Ондай шараларға жатады:

- шуды көзінен бсеңдету;
- жайлардың, құрылғылардың және т.б. дыбыс өткізбеуі;
- дыбыс жұтуды қамтамасыз ететін архитектуралық-жоспарлық шешімдерді қабылдау;
- аспаптардың, құрылғылардың, жабдықтардың міндетті гигиеналық бағалауын жүргізу (оларды сертификаттау);
- арнайы бсеңдеткіштерді пайдалану;
- антифондарды, құлақты сақтаушы құралдарды, шуға қарсы дулығаларды қолдану;
- алдын ала (жұмысқа түсерде) және мерзімдік медициналық тексерістерді өткізу.

Жұмыскерлерді шудың жоғары дәрежесімен байланысты зиянды еңбек жағдайларынан қорғау үшін дыбыс жұтатын (дыбыс өткізбейтін) материалдар, шуға қарсы киім, құлақты қорғайтын құралдар және басқа да ЖҚҚ қолданылады.

Шумен күресу бағыттарының бірі жүріп-тұру құралдарына, инженерлік жабдықтарға, акустикалық жайлылықты қамтамасыз ету бойынша негізіне гигиеналық талаптар белгіленген тұрмыстық аспаптарға мемлекеттік стандарттарды жасау болып табылады.

19358 — 85 «Автокөлік құралдарының сыртқы және ішкі шуы. Өлшеудің рұқсат етілген деңгейлері және әдістері» МС шулық сипаттарды, оларды өлшеу әдістерін және барлық үлгідегі мемлекеттік, ведомствоаралық, ведомстволық және мерзімдік бақылау сынақтарында қабылданған автомобильдердің (мотоциклдердің) шуының рұқсат етілген деңгейін орнатады. Сыртқы шудың негізгі сипаттамасы рұқсат берілетін мәні жеңіл көліктер мен автобустар үшін 85-92 дБА-ден, ал мотоциклдер үшін 80-86 дБА-ден аспауы тиіс дыбыс дәрежесі болып табылады. Стандартта ішкі шу үшін жиіліктің октавалық жолақтарындағы дыбыстың шекті дәрежелерінің болжалды мағыналары келтірілген: жеңіл автокөліктер үшін – 80дБА, жүк көліктерінің жүргізушілерінің жұмыс орнына, автобустарға – 85 дБА, ал автобус салондары үшін – 75-80 дБА.

Діріл. Діріл — бұл нығыз денелердің механикалық тербелістері немесе механикалық жүйелердің адам денесіне немесе бөлек бөліктеріне берілетін тербелмелі әрекеттері.

Діріл негізінде адамның ішкі мүшелеріне дірілдік ауру тудырып,

әсер етеді. Дыбыстық тербелістердің негізгі көрсеткіштері дыбыстық қысым, дыбыс қарқындылығы, жиілігі, дыбыстық толқынның пішіні болып табылады.

Адамның 1 кГц жиілікте қабылдайтын дыбыстық қысымның ең төмен мәні $2 \cdot 10^{-5}$ Па шектік деп аталады.

Дірілді қабыладу жасалатын тербелістердің жиіліктеріне, олардың күші мен қарқыны – амплитудаға байланысты. Діріл жиілігі дыбыс жиілігі секілді герцпен өлшенеді, қуат – килограммометрмен, ал тербеліс амплитудасы – миллиметрмен. Діріл тек дірілдетуші денемен тікелей байланысқанда немесе онымен жанасатын басқа тығыз денелер арқылы ғана қабыладнады (сезіледі). Төмен жиіліктегі дыбыстарды (жуан) шығаратын тербеліс көзімен жанасқанда, дыбыспен бірге адам сілкіністі де, яғни дірілді де қабылдайды.

Механикалық тербелістердің адам денесінің қай бөліктеріне таралуына байланысты ж е р г і л і к т і және о р т а қ дірілдерді ажыратады. Жергілікті дірілде адам денесінің дірілдетуші қабатпен жанасатын бөлігі ғана сілкініске ұшырайды, көбіне қолдары (дірілдетуші қол құралдарымен жұмыс жасағанда және дірілді заттарды ұстағанда, машина бөліктерін ұстағанда және т.б.). Кейде жергілікті діріл дене бөліктеріне жалғасқан буындар арқылы тікелей дірілге ұшырайтын бөліктерге беріледі. Алайда, бұл тербелістердің амплитудасы әдетте төмен, өйткені олардың берілу шегінде адам денесінің тінімен (әсіресе жұмсақ) олар біртіндеп өшеді.

Ортақ діріл бүкіл денеге, әдеттегідей, жұмыскер тұратын дірілді беттен тарайды (еден, автомобиль орындығы, дірілплатформа және т.б.).

Пайда болу көздері бойынша ортақ дірілді үш к а т е г о р и я ға бөледі:

- **көлікті діріл** — қозғалысты машиналардың операторлары мен олардың қозғаласында көлік құраладына әсер ететін;
- **көлікті-технологиялық діріл** — шектеулі қозғалыстағы машина операторларына тек араны дайындалған өндірістік жайлардың беті, өнеркәсіптік алаңдар және таулы өндірістер бойынша әсер ететін;
- **технологиялық діріл** — стационарлық машиналар операторларына әсер ететін немесе діріл көзі жоқ жұмыс орындарына берілетін.

Адам денесіне дірілді беттен берілетін тербелістер оның қан тамырларының, бұлшықет және басқа да тіндерінің қабырғасына көптеген жүйке ұштары шеттерінің тітіркенуін тудырады. Бұл

ретте, туындайтын жауапты импульстер адамның кейбір ішкі ағзалары мен жүйелерінің бұзылуына және бірінші кезекте, шеткі жүйке мен қан тамырларың тарылуына әкеліп соғады. Жүйке ұштары шеттері болса, әсіресе терілік, олар да өзгерістерге ұшырайды: олар тітікенулерге азырақ шалдыға түседі. Бұның баплығы қолдың себепсіз ауыруы (әсіресе түнгі уақыттарда), ұйып қалуы, тітіркенуді сезінуі, саусақтардың кенеттен ағарып кетуі, тері сезгіштігінің барлық түрлерінің бәсеңдеуі (ауыру, температуралық, жанасу) түрінде танылады. Дірілдің әсер етуіне тән белгілердің барлық осы жиынтығы дірілді ауру атауына ие болды (3.3 кесте). Дірілді аурумен ауыратын науқастар әдетте бұлшықетінің әлсіреуі мен тез шаршаңқылықты сезінеді.

Дірілден сақтану. Бұл қорғанысқа ұйымдастырушылық, техникалық және медициналық-профилактикалық іс-шаралар жатады.

3.3. кесте. Дірілдің жұмыскерлерге әсер етуі

Адам ағзасындағы өзгерістер түрі	Адам ағзасындағы өзгерістер белгісі	Адамға дірілдік әсердің нәтижелері
Атқарымдық	Шаршаңқылықтың артуы; қозғалыс реакциясы уақытының артуы; көру реакциясы уақытының артуы; вестибулалық реакциялар мен қозғалыс үйлестігінің бұзылуы	Еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасының төмендеуі
Патологиялық	Жүйке ауруларының артуы; Қан-тамырлары жүйесі қызметінің бұзылуы; тірек-қимыл аппараты қызметінің бұзылуы; бұлшықет тіндері мен буындардың зақымдануы; секреция мүшелері қызметінің бұзылуы	Діріл ауруының пайда болуы

Қорғаныстың ұйымдастырушылық іс-шараларына діріл қауіп бар мамандықтарының тұлғаларына діріл әсерінің уақытын шектеу және технологиялық үдерістерде жүзеге асыратын ауысымаралық еңбек тәртібін жасау жатады. Еңбек тәртібі діріл жүктемесінің операторға 1дБ (1, 12 реттен) төмен емес, бірақ 12 дБ-ден көп емес көрсеткіштерінде тағайындалу керек. Дірілдік жүктеменің көрсеткіші 2 дБ-ден асса, бұндай дірілді өндіретін жұмыстарды жасауға және машиналарды қолдануға тыйым салынады.

Еңбек тәртібі жұмыскердің ауысым барысындағы еңбегін тиімді ұйымдастыру және дірілдік үздіксіз әсерінің ұзақтығын қысқарту – жиі қайталанатын үзілістерді (уақытпен қорғаныс) жұмыс берушінің бұйрығына сәйкес енгізу бойынша талаптарды орнатуы керек.

Еңбекті тиімді ұйымдастыру ауысым барысынжа мыналарды қарастыруы керек:

- жұмыс ауысымының ұзақтығы 8 сағаттан аспауы;
- өнім нормасын анықтауда ескерілетін екі регламенттелген үзілістерді тағайындау (ауысым басталғаннан кейін 20 минут ұзақтықта, түскі үзілістен кейін 2 сағаттан соң 30 минутқа созылатын үзіліс);
- шамамен ауысым ортасында 40 минут ұзақтықтағы түскі үзіліс.

Регламенттелген үзілістерді жұмыскерлер белсенді тынығуға және емдік-профилактикалық іс-шаралар мен процедураларға пайдалануы керек.

Қорғаныстың техникалық іс-шараларына жатады:

- дірілді пайда болу көзінде айналмалы бөліктердің нақты теңдесуімен және жүйенің резонанстық жиілігінің өзгерістерімен азайту;
- механизмдерді дербес негіздерге орнату арқылы дірілді өшіру және серпінді дірілді өшірулерді қолдану; в
- дірілдің көзінен (механизмнен) қорғалатын объектке берілуіне кедергі келтіретін діріл әсерін оқшалулау;
- ЖҚҚ мен аранйы киімдерді пайдалану.

Қол құралын қолданатын жұмыскерге дірілдің әсерін төмендету мақсатында мыналарды ескеру қажет:

- ыңғайлы жұмыс қалпын;
- статикалық бұлшықет жүктемелерін азайту;
- ағзаның салқындауын ескерту;
- ЖҚҚ пайдалану.

Дірілден қорғайтын медициналық-профилактикалық іс-шараларға гимнастикалық жаттығулар (ауысымда бір-екі мәрте),

жылу ваннасын, аяқ-қол уқалауы, жұмысқа түсер алдындағы алдын ала және мерзімдік медициналық тексерістер, дәруменмен емдеу жатады.

Шу және дірілмен күресу шаралары. Ең алдымен, қолданылатын технологиялық үдеріске және құрылғыға көңіл аудару керек және мүмкіндігінше қатты шу мен дірілмен болатын амалдарды ауыстыру қажет.

Мысалы, кейбір жағдайларда металл соғуды оның қалыптауымен ауыстыруға, жамау мен шекуді баспақтау және электрмен дәнекерлеумен, металлды зімпаралы тазалауды отпен тазалауға, шырайналма арамен кесуді арнайы қайшылармен қиюға және т.б. алмастыру. Бұл ретте, амалдарды ауыстыруда жұмыскерлерге шу мен дірілден де жағымсыз әсер ететін қандай да бір қосымша факторлардың туындамауын бақылау керек.

Айналмалы және қозғалмалы тораптар және агрегаттармен туындайтын шу мен дірілді жою не азайту ең алдымен, барлық бөлшектердің нақты қиыстырып келтірумен және олардың жұмысын дұрыстаумен жүзеге асады (біріккен бөлшектерге минималды рұқсат етілу, қиғаштануды жою, теңдестіру мен өз уақытында жағуды теңдестіру және т.б.). Айналмалы не дірілді машиналар, сондай-ақ бөлек тораптар (соқтығысатын бөліктер арасына) астына серіппелер немесе амортизациялаушы материал (резеңке, киіз, тығын, жұмсақ пластиктер және т.б.) төсеген дұрыс. Айналмалы бөліктерді (тісті доңғалақтар, біліктерді т.б.) машинаның бір бетіне орналастыруға кеңес берілмейді, өйткені ол теңгермені бұзып, дірілді тудырады. Шуды тудыратын (зыңылдаған) дірілді үлкен беттер, мысалы қаптама, жабын, қақпақтар, пеш қабырғалары және цистерналарды жамау мен тазалауда қозғалмайтын бөліктермен (негіздермен) неғұрлым тығыз етіп біріктіру керек, амортизациялағыш төсемелерге салып немесе үстін амортизациялағыш материалмен үстін қаптау. Жоғары сапалы шуларды туындататын әуе не газды ағыстардың құйындауын ескерту үшін үлкен қысымдағы газды және әуелі байланыстарды шұғыл бұрылыстардан, саңылаулардан қашқақтап отырып жөндеу қажет. Сығылған ауа мен газды шығару үшін тек қарапайым крандарды ғана емес, арнайы ысырмаларды қолданған жөн.

Шу мен дірілмен күресуде маңызды орынды өнеркәсіптік ғимараттарды жобалау мен құрудағы архитектуралық-құрылыс және жоспарлы шешімдер алады. Ең алдымен, аса шуылды және дірілді құрылғыларды жұмыскерлер қызмет етіп жатқан өндірістік жайлардан шеткері жерге апарып тастау керек. Егер ол құрылғы тұрақты немесе мерзімді бақылауды қажет етсе, оны орналастыру

аумағына дыбыс өткізбейтін үйшіктерді немесе қызмет көрсететін қызметкерлерге бөлек бөлмелерді жабдықтау қажет.

Шуылды және дірілді құрылғылары бар жайларды басқа жұмыс уамақтарынан барынша дұрыс оқшаулау керек. Мақсатты түрде шу қарқындылығының әртүрлі деңгейлерімен өзара жайларды да оқшаулаған жөн. Шулы жайлардағы қабырғалар мен төбелерді дыбыс жұтатын материалдармен, акустикалық сылақтармен, жұмсақ перделеумен, көптесікті панельдермен, қож-мақтадан жасалған төсемен жабады.

Қүшті машиналарды және айналмалы не соққылы әрекеттегі басқа құрылғыларды төменгі қабатта ғимараттың негізгі іргетасынан, едендері мен тірек құрылыстарынан толығымен бөлектенген арнайы іргетасқа орнату керек. Бұндай аз қуаттылықтағы құрылғылар ғимараттың салмақ түсетін құрылыстарына амортизациялағыш материалды төсемелермен немесе негізгі қабырғаларда бекіген консольдарда орналастырылады. Шу шығаратын құрылғылар қаптамамен жабылып, не болмаса дыбыс жұтатын жабындары бар жеке ғимараттарға қамалу керек. Шу таралуы мүмкін (компрессор, пневможетектер, желдеткіштер және т.б.) газды және ауа байланыстары да дыбысты өткізбейтін болады.

Шулы жайларда жұмыс жасау уақытында жеке қорғаныс құралдары ретінде түрлі шуға қарсыларды (антифон) қолданған жөн. Олар құлаққа тығылатын жұмсақ дыбыс жұтқыш материалдардан жасалған ішпектер – құлақ қорғағыштар түрінде, не болмаса құлаққап түрінде жасалады.

Ортақ дірілді нәсер ету жағдайында жұмыскердің аяғының астына дірілді өшіретін арнайы алаңша қойған жөн. Тұтқаның жергілікті дірілін өшіру үшін (көбіне қолға) адам денесімен жанасатын машина және құрал бөліктері (мысалы, пневмобалға) резенкемен жабылуы керек. Діріл өшіргіш қызметті тұтқалар да атқарады.

Дірілмен күресу іс-шаралары тек дірілді құралдар, машиналар және басқа да құрылғылармен тікелей жұмыс жасауда ғана емес, діріл негізгі көзден таралатын бөлшектер және құралдармен де жанасуда қарастырылады.

Еңбек үдерісін шу және дірілмен жүзеге асатын амалдар осы зиянды әсерді туындатпайтын басқа жұмыстармен кезектесетіндей етіп ұйымдастыру керек. Егер бұндай кезектестіруді ұйымдастыру мүмкін болмаса, онда шулы не дірілді құрылғыны өшірумен немесе жұмыскерлерді басқа жайларға орналастырумен орындалатын жұмыстарда мерзімді қысқа уақытты үзілістерді қарастыру керек.

Сонымен қатар, бұндай әрекеттерді орындауда (әсіресе статикалық кернеуді) денеге түсетін ауырлықтан және қол мен бүкіл дененің салқындауынан аулақ болу керек. Үзіліс уақытында жеңіл дене жаттығуларын орындау міндетті.

Микроклимат. Өндірістік кәсіпорындардың микроклиматы деп адам ағзасына әсер ететін температура, ылғалдылық, ауа қозғалысы және жылу бөлінуі жылдамдығының үйлесімділігімен анықталатын олардың ішкі ортасының метеорологиялық жағдайлары аталады (МС 12.1.005 — 88 ЕСҚЖ).

Микроклимат көрстеткіштері қоршаған орта мен адам жылу теңгерімінің сақталуын қамтамасыз етіп және оның ағзасының оңтайлы немесе ұйғарынды жылулық күйін сақтау керек.

Өндірістік кәсіпорындардағы микроклиматты сипаттайтын көрсеткіштер:

- ауа температурасы;
- сыртқы қабат температурасы (қоршау құрылыстары, құрылғылар, технологиялық жабдықтардың бетінің температурасын есепке ала отырып);
- ауа ылғалдылығы;
- ауа қозғалысының жылдамдығы;
- жылу бөлінуі (сәулелі жылу көздерінің болуында).

Микроклиматты бағалау оның ауысым барысында жұмыскердің барлық болған жерлерінің көрсеткіштерін өлшеу және алынған мәндерді СанЕмН 2.2.4.548 — 96 орнатқан нормативтермен салыстыру.

Егер өлшенген көрсеткіштер белгіленген талаптарға сай келсе, микроклимат көрстеткіштері бойынша еңбек жағдайы оңтайлы (1-ші топ) немесе ұйғарынды (2-ші топ) болып сипатталады.

Оңтайлы микроклиматтық жағдайлар жұмыскерге 8 сағаттық жұмыс ауысымы уақытында жылу жайлылығын жалпы және жергілікті сезінуді қамтамасыз етеді. Денсаулығында ақау пайда болуына жол бермейді, жоғары жұмысқа қабілеттілікке алғышарт жасап, жұмыс орындарында қолайлы болып табылады.

Ұйғарынды микроклиматтық жағдайлар жұмыскердің денсаулық жағдайына зақымдар мен ақаулар келтірмейді, бірақ жылу жайсыздығының жалпы және жергілікті әсерінің пайда болуына, өзін жайсыз сезінуге және жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін.

Микроклиматтың өлшенген көрсеткіштері сәйкес келмеген жағдайда еңбек жағдайларының тағайындалған талаптарын зияндыға жатқызып, олардың қыздыру деңгейі мен адам ағзасының салқындауын сипаттайтын зияндылық деңгейін белгілейді.

Адамды жұмыс орнында микроклиматтың жағымсыз әсерінен қорғау үшін арнайы іс-шаралар жасалған.

Адам жұмысы уақытының жұмыс ауысымы шегінде, микроклимат жағдайында жұмыс орнындағы ауа температурасының ұйғарынды мәннен жоғары не төмен болып регламенттелуі уақытпен қорғануға әкеліп соғады.

Уақытпен қорғау — жұмыскерге жұмыс ортасы мен еңбек үрдісінің жағымсыз факторларының зиянды әсерін олардың әрекет уақытын қысқарту арқылы азайту. Оған жатады:

- ауысымаралық үзілістерді енгізу;
- жұмыс уақытын қысқарту;
- демалыс уақытын ұзарту;
- аталмыш жағдайларда жұмыс өтілін шектеу.

Технологиялық үдерістерді ұйымдастыру мен жасауда олардан өндірістік жайларға жылы және салқын ауаның келуімен, сондай-ақ жұмыс жайлардың ауасына ылғал бөлумен ілесетін амалдар мен жұмыстарды шығару.

Адамға микроклиматтың жағымсыз әсерінің алдын алу мақсатында келесі қорғаныс іс-шараларын пайдаланады:

- адам ағзасына жағымсыз микроклимат әсерін болдырмайтын жаңа технологиялық үдерістерді ендіру;
- нормативтік құжаттарды талаптарына сәйкес, мәжбүрлі ауа алмасуды ұйымдастыру (кондициялау, ауалық душтау, жылулық бүркеу және т.б.);
- бір көрсеткіштің жағымсыз әсерін екіншісін өзгертіп өтеу;
- арнайы киім мен ЖҚҚ пайдалану;
- микроклиматтың динамикалық параметрлерімен бірге арнайы жайларды ұйымдастыру (жылыну, салқындау бөлмесі және т.б.);
- еңбеке және демалыс тәртіптерінің физикалық негізделген регламентін жасау (қысқартылған жұмыс күні, жылытуға арналған регламенттелген уақыт және т.б.);
- жылу беру және ауа алмасу жүйесін дұрыс ұйымдастыру.

Сәулелену. Зиянды еңбек жағдайларында сәулеленудің кер әсері адам терісінде, ішкі ағзаларында және жалпы жағдайында өзгерістер туындатуы мүмкін. Сәулеленудің шекті ұйғарынды деңгейлері сәулеленудің түріне, өндірістік жайдың сипатына, зиянды еңбек жағдайында жұмыс жасайтын жұмыскер жасына, оның дене мағлұматтарына және өзге де параметрлеріне байланысты. Қауіпті немесе зиянды жағдайларда жұмыс жасауда сәулеленуден қорғану үшін экрандау мен арнайы материалдардан жасалған ЖҚҚ қолданылады.

1. Зиянды механикалық факторлардан қорғану құралдарын атап шығыңыздар.
2. Жеке қорғаныс құралдары қандай топтарға ажыратылады?
3. Газбен дәнекерлеуде бет пен көзді сәулеленуден қорғайтын қандай қорғаныс құралдары қолданылады?
4. Жұмыс беруші жұмыскерге жұмысқа түсер алдында үнемі тегін арнайы киім, арнайы аяқ киім және өзге де ЖҚҚ беруге міндетті ме?
5. Жұмыскер жұмыскерлерге тегін берілетін ЖҚҚ жақсартылған нормаларын белгілеуге құқылы ма?
6. ЖҚҚ пайдалану барысында оларға кім күтім жасайды (жуу, жөндеу және т.б.)?
7. ШҰД мен ШҰК зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың жұмыскердің алдағы өмір сүру мерзімі мен оның ұрпақтарының денсаулығына әсерін ескереді ме?
8. Өндірістік жайлардың микроклиматын бағалауда жыл мерзімі ескеріледі ме?
9. Еңбек үдерісінің ауырлығын қандай көрсеткіштер сипаттайды?
10. Дыбыс қаттылығы қандай бірлікпен өлшенеді?
11. Ауырлық сезімінің шегі шудың қандай дәрежесіне сай келеді?
12. Жұмыскерді дірілден қорғау үшін қандай іс-шаралар қажет?
13. Жарықтандыру факторлары өндірістік жарақат қауіпсіздігіне әсер етеді ме?
14. Құю бекеттерінің операторларына арнайы киімдерді тегін беру нормасы қандай?

ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ ЖӘНЕ КӘСІПТІК СЫРҚАТ

4.1. ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТ

Жарақаттар — жазатайым оқиғалар нәтижесінде тіндердің бүтіндігі немесе адамның бөлек мүшелерінің қызметінің бұзылуына әкеліп соғатын кенет зақымдар.

Өндірістік жарақат — өндірістік жарақаттардың жиынтығы мен жазатайым оқиғалардың қайталануымен сипатталатын құбылыс.

Жазатайым жағдай (жарақат, ауру) — сыртқы әсер нәтижесінде адам ағзасының зақымдануы немесе оның қалыпты тіршілік әрекеті бұзылуы орындалған оқиға (мысалы, электр тоғымен, күйіктермен, жарақаттармен зақымдану нәтижесінде).

Барлық жарақаттарды өндірістік және тұрмыстық деп бөледі.

Өндірістік жарақат деп сыртқы ортаның адам ағзасына оның кәсіби еңбегін орындап жатқанда немесе жұмыскердің жұмыс уақытында кәсіпорында болуы кезінде, сондай-ақ жұмыстан қайтып келе жатқанда 1 сағат ішінде болатын жағдайларға байланысты әсерінің нәтижесі болатын зақым түсіндіріледі.

Тұрмыстық жарақаттарға кәсіпорындағы жұмысқа қатысы жоқ, үй жағдайында, көшеде, жеке жұмыстарымен қоғамдық қолданыстағы жолдарда орын алған жарақаттар жатады.

Адам ағзасына әсер ету түрлеріне байланысты жарақаттар бөлінеді:

- механикалық (соғып алу, сынықтар, жаралар және т.б);
- жылулық (күйіктер, күн өту, үсу);
- химиялық (улану, тұншығу, химиялық күйіктер);
- электрлік;
- құрама (сәулеленуден туындаған).

Зақымданғандар санына байланысты жазатайым жағдайларды дара және топтық деп бөледі.

Ауырлық деңгейіне байланысты жазатайым жағдайларды

ажыратады:

- жеңіл (екпе, тыртықтар, жаралар);
- ауыр (сүйек сынуы, ми шайқалуы);
- өліммен аяқталатын (зақымданған адам қайтыс болады).

Жазатайым оқиғаларды жағдайларға байланысты келесідегідей бөледі:

- өндіріспен байланысты;
- өндіріске қатысы жоқ, бірақ жұмыспен байланысты;
- тұрмыстық.

Өндірістік жарақат кенеттен болмайды: әрқашан оны тудыратын ұйымды-техникалық жетіспеушіліктер мен ақаулар болады. Соған сәйкес, кез келген өндірістік жарақатты жазатайым оқиға орын алған өндірістік аумақтың жағымсыз жағдайы туралы дабыл ретінде немесе өндірістік үдерісті дұрыс орындамау нәтижесі ретінде қарау керек.

Жарақаттану себептері болып өндірістің ұйымдастырушылық және техникалық ақаулары табылады (9-шы қосымша). Бұл ретте, қауіпсіздік техникасын немесе жол қозғалысының қауіпсіздігі, сондай-ақ өндіріс ұйымындағы кемшіліктер бойынша көп жағдайларда дұрыс оқымағандық пен жеткіліксіз нұсқамалық нәтижесі болып келетін, еңбектің қауіпсіздік әдістері бойынша нұсқаулық талаптарының жұмысын орындаушылардың бұзуымен қорытындылаушы себептерді ерекше бөліп қарау керек.

Өндірістік жарақаттанушылықтың келесі себептерін ажыратады:

- *техникалық* — құрылыстық жетіспеушіліктер, машиналардың, механизмдердің ақауы, технологиялық үдерістің жетілмегендігі, ауыр және зиянды жұмыстардың жеткіліксіз механикаландырылуы мен автоматтандырылуы, қоршаулар мен бұғаттардың болмауы нәтижесінде туындайтын;
- *санитарлық-гигиеналық* — санитарлық нормалардың талаптарының орындалмауымен (мысалы, ылғалдылық, температура бойынша), санитарлық-тұрмыстық жайлар мен жабдықтардың болмауымен, жеткіліксіз жарықтандырумен, шу, діріл, сәулелену, газдану, шаңдану деңгейлерінің жоғарылауымен, жеке бас гигиенасы тәртіптерін сақтамаумен және т.б. байланысты;
- *ұйымдастырушылық* — көлік пен құрылғыны пайдалану ережелерін бұзумен, жұмыс орнының қанағаттанарлықсыз ұйымдастырылуымен, өндірістік ырғақсыз үдерісі және асығумен, сонымен қатар, еңбек және демалыс тәртібін (үстемелік жұмыстар, іркілулер) бұзумен, қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзумен, қауіпсіздік техникасы

бойынша уақытылы нұсқамалықтың жүргізілмеуі, ескерту жасайтын жазулардың жоқтығымен және т.б. байланысты;

- *психофизиологиялық* — жұмыскерлердің еңбек тәртібін бұзумен, жұмыс орнындағы мас болумен, қасақана өзін-өзі жарақаттаумен, зорығумен, нашар денсаулықпен және т.б. байланысты.

Автокәсіпорындардағы жарақаттанушылықтың негізгі себептері:

- еңбек қауіпсіздігі талаптарын бұзу;
- жұмысты орындаудағы абайсыз әрекеттер;
- орындалатын жұмыстардың механикаландырылуының жоқтығы;
- қате және қауіпті еңбек тәсілдері, қауіпті аймақтағы жұмыс;
- құрылғының, аспаптың, құралдың, машинаның істен шығуы;
- жұмысты орындаудың, құрылғылардың, автомобильдің, жабдықтардың қауіпсіздік ережелерін білмеу;
- аумақтың, жайлардың, жұмыс орындарының шашылуы;
- тән емес жұмыстарды орындау;
- өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу;
- жұмыстарды орындаудағы атқарушылардың әрекетіндегі келсімге келмегендік;
- ауыр жұмысты жалғыз орындау;
- едендердің, аумақтардың, платформалардың, шанақтардың, баспалдақтардың, буферлердің, автомобиль басқшытарының тайғақтығы;
- қорғаушы көзілдіріктерді кимеу немесе олардың жоқтығы;
- штаттық жабдықтарды, аспаптарды, құралдарды, арнайы киімдерді пайдаланбау;
- көшелер мен жолдардағы және көліктердің қозғалысы болуы мүмкін жерлердегі жол қозғалысы ережелерінің талаптарын бұзу;
- жарықтың болмауы;
- қорғанысты қоршаулардың болмауы;
- құралдар мен түрлі техникалық аспаптарды тағайындалуы бойынша пайдаланбау;
- басқа да себептер.

4.2.1. Жалпы мәліметтер

Кәсіптік сырқат — бұл жұмыскерлердің денсаулығының ептеп нашарлауы және нәтижесінде олардың зиянды еңбек жағдайлары әсерінен туындаған сырқаттануы.

Жіті және созылмалы кәсіптік сырқаттарды жұмыскер ағзасына зиянды өндіріс факторының әсер ету ұзақтығына байланысты ажыратады: жіті кәсіптік сырқатқа зиянды факторлардың қысқа уақытта әсер етуі, ал созылмалы үшін ұзақ уақытта әсер етуі тән.

Алайда, заңнамаға сәйкес, жіті және созылмалы кәсіптік сырқаттар бірдей салдарымен сипатталады: жұмыскердің еңбекке кәсіби қабілеттілігінің уақытша немесе тұрақты жоғалтуы.

Өндірістегі жазатайым оқиғаға қарағанда, кәсіптік сырқаттың пайда болуының нақты мерзімін мүмкін емес. Ресей әлеуметтік сақтандыру қорының түсіндіруіне байланысты, адамдағы жиі немесе созылмалы кәсіптік сырқаттың пайда болуының уақыты деп денсаулық сақтау мекемелерінің қорытынды диагнозының берілген мерзімін санаған жөн (№ 02- 18/07-6776 14 қазан 2003 ж. қордан келген хат). Оған қоса, өндірістегі жазатайым оқиғаларға қарағанда, кәсіптік сырқат адамның жағымсыз жағдайларда ұзақ мерзімде жұмыс істеуінен туындайды.

Автослесарьлардың кәсіптік сырқаттары келесі т о п т а р ға бөлінеді:

- жұмыс орнында жарақаттану;
- тыныс алу мүшелерінің сырқаты;
- омыртқа мен кіші жамбас мүшелерінің сырқаты;
- урологиялық сырқаттар;
- ішек-қарын жолдарының сырқаты.

Автослесарьдың жұмыс орнында келесі жарақаттарды алу қаупі бар:

- қол, тырнақтың жарақаттануы, саусақ бөліктерінің балға соққысынан жұлынып кетуі; білдектерде жұмыс істеу барысында саусақтардың ауыр заттар астында қысылып қалуы, сонымен қатар саусақ, білезік және қолдың сынуы;
- аяқтың жарақаттануы және сынуы;
- барлық дененің соққы алуы;
- сіңірдің созылуы немесе үзілуі;
- аяқ-қолдың шығып кетуі;
- аяқ-қолдың басылып қалуы;

- көздің зақымдануы;
- дененің түрлі бөліктерінің, соның ішінде көзің шырышты қабығы мен шынайнасының жылулық күйігі;
- дененің, шырышты қабықтардың және көздің химиялық күйігі;
- үсу;
- тоқ ұру.

Тыныс алу мүшелерінің сырқаттары тобына адам ағзасының тыныс жолдары арқылы улануы жатады. Ол бронх демікпесі, аллергия, иммунитеттің төмендеуі, сонымен қатар онкологиялық ауруларды тудырады.

Улану түрлі уытты заттектер арқылы болады:

- өңделген газбен улану ең қауіптісі, өйткені бұл газдардың құрамында көп мөлшердегі көміртек пен азот оксидтері, сонымен қатар, көмірсутектер мен ауыр металдар болады. Жанармайдың өртенуінде уытты заттектері бар 200-ден аса өнім түзіледі;
- жанармай буымен улану жанармай шеберханаларында жұмыс істейтін жұмыскерлер денсаулығына өңделген газдардан болатын сырқаттарға ұқсас сырқаттарды тудыратын елеулі залал келтіреді;
- көздің шырышты қабығы мен терінің резеңке мен асбест бөлшектерімен зақымдалуы шина монтажында жұмыс істейтін жұмыскерлерге тән. Ол конъюнктивит, есекжем, және ринитті тудырады, ал бұл бөлшектердің тыныс жолдары арқылы өкпеге түсуі аллергиялық серпілістерді, бронх демікпесін, сонымен қатар, онкологиялық ауруларды тудырады;
- тежегіш жапсырмасы мен ілініспе тегерігінде болатын асбестпен зақымдану онкологиялық ауруларды, ал феродоларды болатын фенолдар теріге түскенде бірден сіңіп кетіп, күйік тудырады, ал өкпеге түскенде оның қабырғалары мен басқа да ішкі ағзаларды (бауыр, бүйрек және жүрек-қан тамыралы) зақымдайды.

Омыртқа мен кіші жамбас мүшелерінің сырқаттары тобына радикулит, остеохондроз, геморрой, омыртқа дискілерінің жылжуы, омыртқа аралық жарықтар, жүйкелердің қысылуы жатады.

Жүргізушілердің кәсіптік сырқаттар тобын қарастырайық.

1. Кіші жамбас және омыртқа сырқаттары. Бұл сырқат топтарына остеохондроз, радикулит, простатит және геморрой жатады. Ол жүргізушінің рөлде ыңғайсыз атқарымдық қалыпта ұзақ уақыт аралығынша боулымен байланысты. Аталмыш топтың ең кең таралған сырқаты простатит болып табылатынын ескере кету керек.

Статистика бойынша бұл сырқат Ресей ер адамдарының 40-60%-да болады. Бұл сырқаттың пайда болу себептері әртүрлі (мысалы, шылым шегу, ішімдікті пайдалану т.б.) болуы мүмкін, бірақ жүргізуші қызметін атқаратын адамдарда негізгі себеп рөлде ыңғайсыз отыру салдарынан кіші жамбастағы қан айналымының іркілуі болып табылады.

2. Жүрек-қан тамырларының сырқаты. Бұл сырқат тобы жүргізушінің қатты эмоциялық жүктемесімен және оның рөлдегі үнемі қарбаластығымен байланысты. Ол инфаркт, жүрек ырғағының бұзылуы және гипертонияға алып келеді.

3. Ішек-қарын жолдарының сырқаты. Аталмыш топтың сырқаттары жүргізушілердің жұмыс барысында жүйесіз түрде және толыққанды емес тамақтану салдарынан болады, сондықтан бұл алысқа қатынайтын жүргізушілерге көбірек қатысты.

Жүргізушілердің кәсіптік сырқаттарының профилактикасына мыналар жатады:

1. Әртүрлі дене жүктемелері, яғни, күнделікті жүрек-қан тамырлар жүйесін нығайтуға, жүйке жүйесінің тонусын бірқалыпты ұстауға, ағзадағы қан айналым жүйесін жақсартуға әсер етеді. гимнастикалық жаттығуларды жасау. Бұл ретте гимнастикалық жаттығулардың әдеттегі кешенінде дененің әртүрлі жаққа еңкеюі, айналмалы қимылдарды жасау қамтылуы керек. Бұл жаттығулар кіші жамбастағы қан айналымының жақсаруына себеп болады.


2. Қарама-қарсы душ. Өйткені ол орталық қан айналым жүйесін және тері қан айналымын қалыпқа келтіріп, иммундық жүйені ынталандырып, жүйке жүйесінің тонусын қалыпқа түсіреді.

3. Қарқынды күнделікті таза ауада серуендеу. Ол ағзаның өмірлік маңызды қызметтерін іске қосып, бір қалыпта ұстайды.

4.2.2. Кәсіптік сырқаттарды зерттеу

РФ ЕК 212-ші бабына сәйкес, жұмыс берушіге өндірістегі әрбір жазатайым оқиғаларды және әрбір кәсіптік сырқаттарды зерттеуге міндет қойылған.

Кәсіптік сырқат түрінде зерттеуге іліккен жұмыскерлер сырқатының жағдайлары Ресейдің № 302н 12 сәуір 2011 жылғы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің



4.1 сурет. Жіті кәсіптік сырқат жағдайларын зерттеу тәртібі

«Орындауда міндетіт мерзімдік медициналық тексерістер өткізілетін зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлар мен жұмыстардың тізімін және ауыр жұмыстарда және зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін жұмыскерлерді міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерістерден өткізу тәртібінің тізімдерін бекіту туралы» ережесінде анықталған.

Жіті кәсіптік сырқаттарды зерттеудің сызбалық тәртібі 4.1 суретте көрсетілген.

Кәсіптік сырқаттарды тексеру комиссиясын жұмыс беруші жұмыскерге қорытынды диагноз қойылғандығы туралы хабарды алған күннен бастап, 10 күн ішінде құрау керек..

Бұл комиссия құрамына жұмыс берушінің өкілі, еңбекті қорғау бойынша маман, денсаулық сақтау мекемесінің өкілі, сонымен қатар кәсіптік одақ пен өзге де жұмыскерге өкілетті орган өкілдері кіреді. Комиссияны құқық қорғау саласындағы қадағалау бойынша федералды қызметінің жергілікті бөлімшесінің бас дәрігері басқарады. Оған қоса, кәсіптік сырқатты зерттеуге басқа мамандар да атсалысуға құқылы. Ресей әлеуметтік қорғау федералды қызметінің мамандары да (Ресей ӘФК) егер сырқаттанған жұмыскер өндірістегі жазатайым жағдайлар мен кәсіптік

сырқаттардан міндетті әлеуметтік сақтандыру тұлғасы болса, кәсіптік сырқат жағдайын зерттеуге қатыса алады.

Жұмыскердің өзінің комиссия құрамына кіруге құқысы жоқ, бірақ бақылаушы ретінде зерттеуге қатыса алатынын атап өткен жөн.

Ресей Федерациясының еңбек кодексімен жұмыс берушіге жұмыскердің кәсіптік сырқаттану жағдайы бойынша зерттеу комиссиясына оның жұмысы үшін қажетті жағдайларды жасау міндеті жүктелген. Оған қоса, зерттеуді жүргізу үшін жұмыс беруші міндетті:

а) жұмыс орнындағы (телім, цех) еңбек жағдайын сипаттайтын құжаттар мен материалдарды, соның ішінде мұрағат материалдарын ұсынуға;

б) комиссия сұшелерінің талабы бойынша өз қаражаты есебінен қажетті сараптамаларды, зертханалық-құралдық және басқа да гигиеналық зерттеулерді жұмыс орнындағы еңбек жағдайын бағалау мақсатында жүргізуге;

в) зерттеу бойынша құжаттардың сақталуы мен есебін қамтамасыз етуге.

Тергеу барысында комиссия кәсіптік сырқаттың пайда болу жағдайлары мен себептерін анықтайды, ал құқық қорғау саласындағы қадағалау бойынша федералды қызметінің жергілікті бөлімшесінің маманының (мамандарының) зерттеу нәтижесі бойынша жұмыскердің еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттамасы жасалады.

Зерттеу үдерісінде:

- жағдайлар нақтыланып, жіті кәсіптік сырқаттың (улану) пайда болуына мүмкін жағдайлар анықталады;
- қажет болған жағдайда, зиянды өндірістік факторларды зерттеудің талап етілетін зертханалық және құралдық зерттеулерінің тізімі анықталады;
- сырқаттың (улану) пайда болу жағдайында жұмыскердің санитарлық-гигиеналық жұмыс жағдайы бағаланады;
- зерттеу нәтижелерінің негізінде сырқаттың (улану) пайда болу жағдайын жою және алдын алу бойынша ұйымдық, техникалық және санитарлық-профилактикалық іс-шаралар жасалады.

Кәсіптік сырқатты тергеу нәтижелері бойынша келесі құжаттар рәсімделуі тиіс:

- 1) комиссияны құру туралы бұйрық:

- 2) жұмыскердің еңбек жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаттамасы;
 - 3) жүргізілген медициналық тексерістер жайлы мәліметтер;
 - 4) жұмыскердің еңбекті қорғау бойынша білімін тексеру нұсқамалықтар мен хаттамаларды тіркеу журналынан көшірме алу;
 - 5) жұмыскердің түсінік беру, онымен бірге жұмыс жасаған тұлғалардан сауалнама алу хаттамасы;
 - 6) мамандардың сарапшылық қорытындылары, зерттеу және тәжірибе нәтижелері;
 - 7) жұмыскер денсаулығының зақымдану сипаты мен деңгейі туралы медициналық құжаттама;
 - 8) жұмыскерге жеке қорғаныс құралдарын бергенін растайтын құжаттар көшірмесі;
 - 9) аталмыш өндіріске (объектіге) бұрын берілген санитарлық-эпидемиялық қадағалаудың аудан орталығының ұйғарымы;
 - 10) жәбірленушінің уақытша еңбекке жарамсыздығы парақтарының көшірмесі;
 - 11) жәбірленушінің еңбек кітапшасының көшірмесі;
 - 12) жәбірленуші мен сақтандырушы арасында жасалған еңбек шартының көшірмесі;
 - 13) жәбірленушінің жеке картасының көшірмесі;
 - 14) жәбірленушінің өндірістегі жазатайым оқиға орын алған бір айлық жұмыс уақытының есебі табелінің көшірмесі;
 - 15) жәбірленуші төлқұжатының көшірмесі.
- Келтірілген құжаттар негізінде жұмыскердің кәсіптік сырқаттану жағдайына тергеу жүргізген комиссия жұмыскер сырқатының еңбек жағдайымен байланысы туралы қорытынды шығарып, жұмыскер сырқатының кәсіптік екенін мақұлдау туралы шешім қабылдауы тиіс.

4.2.3. Жұмыскерлердің кәсіптік сырқаттары жағдайында тергеу материалдарын, есебін және тіркеуді рәсімдеу

Кәсіптік сырқат жағдайын тергеу нәтижелері бойынша комиссия тергеу мерзімі біткеннен кейін үш күндік мерзімде жұмыскердің кәсіптік сырқаттануы туралы акті жасау керек. Бұл актінің үлгісі №967 15.12.2000 ж. РФ Үкіметінің Жарлығымен бекітілген.

Кәсіптік сырқат жағдайы туралы акт бес данада жасалады. Олар жұмыскерге, жұмыс берушіге, санитарлық-эпидемиологиялық

қадағалау аудандық орталығына, кәсіптік патология және сақтандыру компаниясына беріледі.

Аталмыш актіге кәсіптік сырқат жағдайына тергеу жүргізген барлық комиссия мүшелері қол қойып, ол тергеу материалдарымен бірге 75 жыл ішінде жұмыс берушіде және Ресей әлеуметтік сақтандыру қорының органында сақталады.

Жұмыскердің кәсіптік сырқат жағдайын тергеу нәтижелерін жұмыс беруші өндірістік жарақаттануды қысқарту бойынша іс-шараларды жүргізуде есепке алу керек.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жұмыс беруші тергеу аяқталғаннан кейін айлық мерзімде, кәсіптік сырқат жағдайы туралы акт негізінде, кәсіптік сырқаттарды ескерту бойынша оларды өткізудің нақты мерзімін көрсете отырып, нақты іс-шаралар жүргізу туралы бұйрық беруге міндетті.

4.3. ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ ЖӘНЕ КӘСІПТІК СЫРҚАТ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Еңбекті қорғау сұрақтарын шешу және жаңа, әр өндірістік аумақтағы қауіпсіз жұмыс ұйымының алғы әдістерін ендіру жататын жарақаттанушылық профилактикасы бойынша іс-шаралар келесідегідей ажыратылады:

Заңнамалық профилактикалық іс-шаралар жұмысшылардың құқықтары мен міндеттерін, олардың еңбек және демалыс тәртіптерін, әйелдер мен жастар еңбегін қорғауды, жұмыс ортасында шекті құрамының санитарлық нормаларын, жәбірленушілерге өтемақы төлеу, оларды зейнетақылық қамсыздандыруды, жеңілдіктерді және т.б. анықтайды.

Ұйымдық профилактикалық іс-шаралар еңбекті қорғауды басқару жүйесін ендіруді, жұмыскерлерді оқытуды, оларды тиісінше нұсқаулықтармен қамсыздандыруды, еңбекті қорғау бойынша кабинеттерді жасауды, еңбекті қорғау талаптарын орындауды бақылауды ұйымдастыруды және т.б. қарастырады.

Техникалық профилактикалық іс-шаралар қарастырады:

- кешенді механикаландыруды және ауыр, зиянды, бірсарынды жұмыстарды автоматтандыруды, сондай-ақ, қауіпсіз техника мен технологияны жасау және енгізу;
- сақтандырушы, сигналдаушы, бұғаттаушы құрылғыларды орнату;

- әуе кеңістігін, өндірістік жарықтандыруды қалыпқа келтіру, жұмыс аумағындағы зиянды заттардың пайда болуын ескерту және жою, шуды, дірілді бәсеңдету, зиянды сәулеленуден қорғау бойынша нақты техникалық шешімдер;
- ұжымдық және жеке қорғаныс құралдарын өңдеу және жасау және т.б.

Медициналық профилактикалық іс-шараларға қосады:

- қауіпті, зиянды және ауыр еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмыскерлерді алдын ала немесе мерзімдік медициналық тексерістен өткізу;
- жұмыс жасаушыларды емдік-профилактикалық тамақтандырумен қамтамасыз ету;
- өндірістік гимнастиканы өткізу, сонымен қатар, жұмыс орындарын ультракүлгінді және бактерицидті сәулелеу;
- қылқанды және тұзды-қылқанды ванналарды, уқалаулы және басқа да рәсімдерді пайдалану;
- психологиялық жүктеме бөлмесін құру.

Экономикалық профилактикалық іс-шараларға жарақаттанушылықты ескерту және еңбек жағдайын жақсарту бойынша жұмыстардың материалдық ынталандыруы, сондай-ақ еңбекті қорғауға бөлінетін құралдарды ұтымды үлестіру жатады.

4.4. ЖҮРГІЗУШІЛЕРДІҢ ТИІМДІ ЕҢБЕК ТӘРІПТЕРІ. МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕКСЕРІС

Жұмыс уақыты тәртібі мен автомобиль жүргізушілерінің демалыс уақыты туралы ереже

I. Жалпы ережелер

1. Автомобиль жүргізушілерінің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты тәртібінің ерекшеліктері туралы ереже (әрі қарай ереже) Ресей Федерациясы Еңбек кодексінің 329-шы бабына сәйкес жасалған.

2. Ережемен қаоалмаған жұмыс уақыты мен демалыс уақыты мәселелері Ресей федерациясының еңбек туралы заңнамасымен реттеледі.

Ереже қарастырған жағдайларда, жұмыс беруші жүргізушінің жұмыс уақыты және демалыс уақытын жұмыскерлердің өкілетті органдары пікірлерін есепке алумен, ал ұжымдық келісім – шарт

қарастырған жағдайларда жұмыскерлердің өкілетті органымен үйлестіріп орнатады.

3. Ережеде қарастырылған жұмыс уақыты және демалыс уақыты тәртібінің ерекшеліктері жүргізушілердің жұмыс (ауысым) кестесін жасауда мәндетті болып табылады. Автомобильдер қозғалысының күн тәртібі мен кестесі көліктік хабарландырудың барлық түрінде ереже нормаларын есепке алумен жасалу қажет.

4. Желідегі жұмыс (ауысым) кестелерін жұмыс беруші барлық жүргізушілер үшін ай сайын әр күнге (ауысымға) күнделікті немесе жинақталған жұмыс уақытының есебімен жасап, жүргізушілерге оларды іске асыруға дейін бір ай бұрын кешіктірмей мәлімделеді. Жұмыс (ауысым) кестесі күнделікті жұмыстың басталу, аяқталу уақыты және ұзақтығы, демалу мен тамақтану үшін үзіліс уақыты, күнделікті (ауысымаралық) және апталық демалыс уақытын белгілейді. Жұмыс (ауысым) кестесін жұмыскерлердің өкілетті органдарын есепке ала отырып, бекітеді.

5. Қалааралық тасымалдауда, жүргізушілерді белгіленген жұмыс кестесі бойынша күнделікті жұмыс ұзақтығынша тұрақты жұмыс орнына қайта алмайтын алыс сапарларға жіберуде, жұмыс беруші жүргізушіге аталмыш ереженің нормасын есепке ала отырып, уақыт бойынша автомобильдің қозғалуы мен тұрақта тұруына тапсырма береді.

II. Жұмыс уақыты

6. Жұмыс уақыты барысында жүргізуші өз еңбек міндеттерін еңбек шарттарының талаптарына сәйкес, ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелеріне және жұмыс (ауысым) кестесіне байланысты орындауы қажет.

7. Жүргізушілердің қалыпты жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспайды.

Күнтізбелік бес күндік жұмыс, екі күндік демалыс уақытымен жұмыс жасайтын жүргізушілер үшін күнделікті жұмыстың қалыпты ұзақтығы 8 сағаттан аспайды, ал алты күндік жұмыс және бір күндік демалыс уақытындағы жүргізушілер үшін 7 сағат.

8. Өндіріс талаптары бойынша белгіленген қалыпты күнделікті немесе апталық жұмыс уақытының ұзақтығы сақталмайтын жағдайларда жүргізуші есептік мерзімі бір ай болатын жұмыс уақытының жинақталған есебін орнатады.

Жолаушыларды жазғы-күзгі мерзімде шипажайлық жерлерде тасымалдау немесе маусымдық жұмыстарда қызмет көрсетумен байланысты басқа тасымалдарда есеп кезеңі 6 айға дейін тағайындала алады.

Есеп кезеңіндегі жұмыс уақытының ұзақтығы жұмыс уақытының қалыпты мөлшерінен аспауы тиіс.

Жұмыс уақытының жинақталған есебін жұмыс беруші жұмыскерлердің өкілетті органдарының пікірін есепке ала отырып, енгізеді.

9. Жұмыс уақытының жинақталған есебінде жүргізушілердің күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығы 10 сағаттан аспауы тиіс, тек осы ереженің 10-12 тарауларында қарастырылған кейбір жағдайларды қоспағанда.

10. Қаларалық тасымалдауды жүзеге асырған жағдайда жүргізушіге тиісінше демалыс орнына дейін жетуге мүмкіндік берілуі керек, күнделікті жұмыс ұзақтығы 12 сағатқа дейін артуы мүмкін.

Егер жүргізушінің автомобильде болу ұзақтығы 12 сағаттан көп болса, сапарға екі жүргізушіні жібереді. Бұл ретте автомобиль жүргізушінің демалуына арналған арнайы жатын орынмен қамтамасыз етілуі керек.

11. Жұмыс уақытының жинақталған есебінде тұрақты қалалық және қаламаңы автобустық бағытта жұмыс жасаушылардың күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығын жұмыс беруші жұмыскерлердің өкілетті органымен келісіп, 12 сағатқа дейін соzdыра алады.

12. Денсаулық сақтау мекемелері, коммуналдық қызмет, телеграфты, телефонды және пошталық байланыс, апаттық қызмет, ортақ қолданыстағы автомобиль жолдарына шықпайтын тасымалдар, қалалар мен басқа да елді мекен көшелері, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, ұйым басшыларына қызмет көрсетуде қызметтік жеңіл көліктермен тасымал жасауда күнделікті жұмыс ұзақтығы 12 сағатқа дейін ұзаруы мүмкін, егер күнделікті жұмыс мерзімі бойында автомобильді басқарудың жалпы ұзақтығы 9 сағаттан аспаса.

13. Тұрақты қалалық, қаламаңы және қалааралық автобустық бағыттарда жұмыс жасайтын автобус жүргізушілеріне олардың келісімімен жұмыс күні екі бөлікке бөліне алады. Бөлуді жұмыс беруші жергілікті нормативтік акт негізінде, жұмыскерлер өкілетті органының пікірін есепке ала отырып, жүзеге асырады.

Жұмыс күнінің екі бөлігінің арасындағы үзіліс жұмыс басталғаннан кейін 4 сағаттан кешіктірілмей белгіленеді.

Жұмыс күнінің екі бөлігінің арасындағы үзіліс ұзақтығы демалу және тамақтану уақытын қоса есептемегенде 2 сағаттан аспауы тиіс, ал күнделікті жұмыс ұзақтығы осы ереженің 7,9 және 11 тарауында бекітілген күнделікті жұмыс ұзақтығынан аспауы керек.

Ауысымның екі бөлігі арасындағы үзіліс орналасу орнында немесе автобустардың тұрақтауына және жүргізушілердің демалуына жабдықталған жерде беріледі.

Ауысымның екі бөлігі арасындағы үзіліс жұмыс уақытына қосылмайды.

14. Жеңіл көлік жүргізушілеріне (такси жүргізушілерінен басқа), сонымен қатар экспедиция жасайтын және геологиялық барлау, топография геодезиялық және егістікті жағдайлардағы іздеушілер партиясы автомобильдерінің жүргізушілеріне қалыпқа келмеген жұмыс күні тағайындала алады.

Қалыпқа келмеген жұмыс күні туралы шешімді жұмыс беруші жұмыскерлер өкілетті органының пікірін есепке ала отырып қабылдайды.

Жұмыс ауысымдарының жұмыс кестесі бойынша саны мен ұзақтығы қалыпқа келмеген жұмыс күнінде жұмыс аптасының қалыпты ұзақтығына сүйеніп тағайындалады, ал апталық демалыс күндері жалпы негіздермен беріледі.

15. Жүргізушінің жұмыс күніне жатады:

- а) автомобильді басқару мерзімі;
- б) жолдағы және ақтық пункттегі автомобильді басқарудан демалу үшін арнайы үзілістердің ұзақтығы;
- в) жолға шығар алдында және жолдан ұйымға қайтардағы жұмысты орындау үшін дайындау-қорытынды уақыт, ал қалааралық тасымалдауларда айналым бекетінде немесе жолда (тұрақ орнында) ауысымның басталар алдында және соңында жұмыстарды орындау үшін;
- г) жұмыскерді жолға шығар алдында және қайтар жолда медициналық тексерістен өткізу ұзақтығы;
- д) жүк тиеу және түсіру бекетіндегі, жолаушыларды отырғызу және түсіру орындарында, арнайы автомобильдерді пайдалану орындарындағы тұрақ уақыты;
- е) жүргізушінің айыбынсыз тоқтау мерзімдері,
- ж) жұмыс барысында қызмет көрсететін автомобильдің механизмдерін бөлшектеуді қажет етпейтін, жолдағы пайдалану ақауын кетіру бойынша жасалатын жұмыс ұзақтығы, сонымен қатар, техникалық көмексіз егістік жағдайларында реттелген жұмыстарды атқару;
- з) егер міндеттер еңбек шартында қаралған болса, қалааралық тасымалды жүзеге асыруда ақырғы және аралық бекеттерде тұрақтауда жүк пен автомобильді күзету ұзақтығы;
- и) сапарға екі жүргізушіні аттандырғанда жүргізушінің автомобильді басқармайтын уақытында жұмыс орнында болу ұзақтығы;

к) РФ заңнамасында қарастырылған басқа да жағдайлардың ұзақтығы;

16. Күнделікті жұмыс мерзімінің ішінде автомобильді басқару ұзақтығы (осы ереженің 15а тарауын қараңыз) 9 сағаттан аспайды (осы ереженің 17, 18 тарауларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда), ал таулы аймақ жағдайында жолаушыларды габаритті ұзындығы 9,5 м-ден асатын автобустармен тасымалдауда және ауыр салмақты, ірі габаритті жүктерді тасымалдауда 8 сағаттан аспайды.

17. Жұмыс уақытының жинақталған есебінде күнделікті жұмыс мерзімінің ішінде автомобильді басқару ұзақтығы 10 сағатқа дейін артуы мүмкін, бірақ аптасына екі реттен көп емес. Бұл ретте екі апта қатарынан автомобильді басқарудың жиынтық ұзақтығы 90 сағаттан аспайды.

18. Жұмыс уақытының жинақталған есебінде тұрақты қалалық және қаламаңы жолаушы тасымалдау бағыттарында жұмыс істейтін автобус жүргізушілері үшін басқарудың жиынтық есебі енгізіле алады.

Бұл ретте, автобусты басқару ұзақтығы екі апта қатарынан жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығынан тыс жүргізуші жұмысының мерзімінде автобусты басқару уақытын есепке алғанда 90 сағаттан аспайды.

19. Қалааралық тасымалдауларда автомобильді үздіксіз басқарудың алғашқы 3 сағатынан кейін жүргізушіге автомобильді басқарудан демалу үшін 15 минут ұзақтықтағы арнайы үзіліс беріледі (осы ереженің 15б тарауы), бұдан кейін мұндай үзілістер әрбір 2 сағаттан кейін қарастырылады. Арнайы үзілісті беру уақыты демалу мен тамақтануға берілген уақытқа сәйкес келіп қалса (осы ереженің 25 тарауы), арнайы үзіліс берілмейді.

Автомобильді басқаруда жүргізушінің қысқа уақытты үзілісі үшін үзіліс жиілігі және оның ұзақтығы қозғалысқа берілетін уақыт пен автомобиль тұрақтауының уақыты бойынша тапсырмада көрсетіледі (осы ереженің 5-ші тарауы).

20. Дайындау-қорытындылау уақытына (осы ереженің 15 тарауы) кіретін дайындау-қорытындылау жұмысының құрамы мен ұзақтығын және жүргізушінің медициналық тексерістен өту уақытының (осы ереженің 15 г тарауы) ұзақтығын жұмыс беруші жұмыскерлер өкілетті органының пікірін есепке ала отырып тағайындайды.

21. Жүк пен автомобильді күзету ұзақтығы (осы ереженің 15з тарауы) жүргізушіге жұмыс уақытында 30 %-дық көлемде есепке алынады.

Жұмыскердің жұмыс уақытында есепке алынатын жүк пен автомобильді күзетудің нақты ұзақтығын жұмыс беруші ұйым

жұмыскерлерінің өкілетті органының пікірін есепке ала отырып тағайындайды.

Егер бір автомобильде тасымалдауды екі жүргізуші жүзеге асырса, жүк пен автомобильді күзету уақыты жұмыс уақытында тек бір жүргізушіге есептеледі.

Сапарға екі жүргізушіні аттандырғанда (осы ереженің 15 и тарауы) жүргізушінің автомобильді басқармайтын уақытта жұмыс орнында болуы оған жұмыс уақытында 50 %-дық көлемде есепке алынады. Сапарға екі жүргізушіні аттандырғанда жүргізушінің автомобильді басқармайтын уақытта жұмыс орнында болуының нақты уақытын жұмыс беруші ұйым жұмыскерлерінің өкілетті органының пікірін есепке ала отырып тағайындайды.

22. Үстеме жұмыстарды пайдалану РФ ЕК 99-шы бабында қарастырылған жағдайлар мен тәртібінде рұқсат етіледі.

Жұмыс уақытының жинақталған есебінде үстеме жұмыс жұмыс уақыты ішінде кесте бойынша жұмыспен бірге 12 сағаттан аспауы тиіс, РФ ЕК 1-3 тарауы, 2-бөлімі, 99-шы бабында қарастырылған жағдайларды қоспағанда.

Үстеме жұмыстар әр жұмыскер үшін екі күн қатарынан 4 сағаттан және жылына 120 сағаттан аспауы керек.

III. Демалыс уақыты

23. Жүргізушілерге жұмыс ауысымының ортасында демалу мен тамақтануға 2 сағаттан аспайтын ұзақтықта үзіліс беріледі.

Ауысым кестесімен тағайындалған 8 сағаттан аса күнделікті жұмыс ұзақтығында жүргізушіге демалу және тамақтануға жалпы ұзақтығы 2 сағаттан аспайтын және 30 минуттан кем болмайтын екі үзіліс беріледі.

Демалу мен тамақтану үшін үзіліс беру уақытын және оның нақты ұзақтығын жұмыс беруші жұмыскерлердің өкілетті органы пікірін есепке алып немесе жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісім бойынша тағайындайды.

24. Күнделікті (ауысымаралық) демалыс ұзақтығы демалу және тамақтану үшін үзіліс уақытымен бірге жұмыс уақыты ұзақтығының кем дегенде екі еселік ұзақтығында болуы керек.

Жұмыс уақытының жиынтық есебінде күнделікті (ауысым аралық) демалыс ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауы тиіс.

Қалааралық тасымалдауда жұмыс уақытының жиынтық есебінде күнделікті демалыс ұзақтығы аралық бекеттерде алдыңғы ауысым ұзақтығынан кем болмауы керек, ал егер автомобиль экипажы екі жүргізушіден тұрса, осы ауысым уақытының жартысынан кем демалыс уақытының тиісінше артуымен тікелей жұмыс орнына

қайтып келгеннен кейін.

25. Апталық үздіксіз демалыс тікелей алдында болу немесе тікелей күнделікті (ауысым аралық) демалысқа ілесу қажет және оның ұзақтығы 42 сағаттан кем болмауы тиіс.

26. Жұмыс уақытының жиынтық есебінде демалыс күндері (апталық үздіксіз демалыс) жұмыс кестесіне сәйкес, аптаның әр күніне белгіленеді. Бұл ретте ағымдағы айдың демалыс күндерінің саны осы айдың толық апталарының санынан кем болмауы керек.

27. Қалааралық тасымалдарда жұмыс уақытының жиынтық есебінде апталық демалыс ұзақтығы қысқаруы мүмкін, бірақ 29 сағаттан аз емес. Орта есеппен алғанда есеп кезеңінде апталық үздіксіз демалыс ұзақтығы 12 сағаттан аз болмауы керек.

28. Жүргізушіні жұмысқа оған тағайындалған жұмыс кестесімен демалыс күндері тарту РФ ЕК 113-ші бабында қарастырылған жағдайларда, жұмыс берушінің жазбаша бұйрығы бойынша оның жазбаша келісуімен, басқа жағдайларда – жазбаша бұйрыққа оның жазбаша келісімімен және жұмыскерлердің өкілетті органы пікірін есепке алумен жасалады.

29. Жүргізушілердің мейрам күндерінде жұмыс жасауы РФ ЕК 112-ші бабында келтірілген жағдайларда рұқсат етіледі. Жұмыс уақытының жиынтық есебінде жүргізуші үшін белгіленген жұмыс кестесіндегі мейрам күндеріндегі жұмыс есеп кезеңінің жұмыс уақытының нормасына кіреді.

Медициналық тексерістер

РФ ЕК 2-бөлім, 328-бабында көлік құралдарының қозғалысына байланысты жұмысқа қабылдар алдында алдын ала медициналық тексерістен өту тағайындалған.

Көлік құралдары жүргізушілері мен жүргізушілікке үміткерлерді міндетті медициналық куәландырудың мақсаты — олардың медициналық көрсетімдерін немесе жүргізушілік қызметке шектеуін анықтау. Міндетті медициналық тексерістерден өтпеген немесе дәрігерлік-сараптау комиссиясының кәсіби жарамсыздық туралы қорытындысына ие тұлғалар жұмысқа (өндірістік тәжірибеге) жіберілмейді.

Оған қоса, көлік қозғалысына қатысты жұмыстарды атқаратын жұмыскерлер жұмыс беруші есебімен міндетті алдын ала, мерзімді және сапар алдындағы медициналық тексерістерден өтеді.

Автомобиль көлігінің құралдары жоғары қауіптілік көздері болғандықтан, оларды пайдаланатын жұмыскерлер міндетті психиатриялық куәландырудан бес жылда бір рет жұмыс беруші

ессебінен өтеді (РФ Үкіметінің №695 23 қыркүйек 2002 ж. «Міндетті психиатриялық куәландырудан өту туралы...» қаулысы).

Автокөлік құралдары жүргізушілерінің сапар алдындағы медициналық тексерістерін сол ұйымның медицина қызметкері жүргізеді. Кәсіпорында медицина қызметкерлері болмаған жағдайда, жұмыс беруші медициналық тексерістердің барлық түрлерін өзінде, медицина қызметкерлеріне арнайы жай беріп, не болмаса емдік-профилактикалық мекемелерде өткізуге шарт жасасу қажет.

Медицина қызметкерінің орнына жүргізушінің жол-сапар парағына қол қою арқылы жұмыс беруші өзінің қызметін асыра сілтеп, ресейлік заңнаманы бұзады.

Сапар алдындағы медициналық тексерістерді жүргізу тәртібі №2 қосымшада РФ Денсаулық сақтау министрлігінің 21 тамыз 2003 ж. №2510/9468-03-32 «Көлік құралдарын жүргізушілерді сапар алдындағы медициналық тексерістері туралы» хатында толықтай баяндалған. Бұл құжатты оқып-білу жұмыс берушіге осы жұмыс аумағын жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өте маңызды аумағы түрінде дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Медициналық тексерістерді жүргізудің негізгі мақсаты медициналық көрсеткіштері бойынша автомобильді басқаруға жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұстанымымен, сондай-ақ жүргізушінің және жолаушылардың денсаулығын сақтау ұстанымымен жіберілмейтін тұлғаларды анықтау болып табылады. Соның ішінде келесі белгілердегі жүргізуші мен жолаушылардың денсаулығын сақтау:

- 1) түрлі сырқаттардың болуы;
- 2) ішімдік, есірткі, тыйым салынған дәрілік препараттарды пайдалану;
- 3) ішімдікті қабылдағаннан кейін қалдық құбылыстарды (мастық салдары синдромы);
- 4) қажу.

Егер сапар алдындағы медициналық тексерістер нәтижесінде жүргізушінің ішімдікті, елітпе заттарды және басқа да психикалық белсенді дәрілерді тұтыну белгілері пайда болса, медицина қызметкері оның саулығын тексеру бақылауын жүргізуге міндетті.

Бұл ретте, міндетті реттілікте белгіленген үлгідегі саулығын бақылау хаттамасы екі данада жасалады, біреуі медицина қызметкеріне, екіншісі ұйым басшысына беріледі. Оған қоса, әрбір саулықты бақылау жағдайы арнайы журналда тіркелуі қажет. Саулық бақылауының журналы нөмірленген, бауланған және ұйым немесе денсаулық сақтауды қорғау мекемесінің мөрімен бекітілуі керек.

Жүргізушілер автомобильді басқаруға мына жағдайларда жіберілмейді:

1) жұмыскердің сырқаттану жағдайында, яғни, онда жіті сырқаттардың белгілері немесе асқынған созылмалы аурулардың (тдене температурасының 37 °С-тан жоғары болуы, өзін жайсыз сезіну, жалпы әлсіздік, бас және тіс ауруы, көз ауруы, құлақ, кеуде немесе құрсақ қуысы тұсындағы ауырулар) болуы жағдайында, сондай-ақ тексерістегі жүргізушіге тән деңгейлермен салыстырғанда жүрек қысқаруы жиілігінің және артериялық қысым өзгерісінде;

2) тыныстайтын ауада немесе биологиялық субстраттарда ішімдік, өзге де психотропты заттар мен есірткілерге сынаманың оң нәтижесінде;

3) елітпе заттардың әсер ету белгілерін анықтауда;

4) жүргізушінің жұмысқа қабілеттілігіне кері әсер ететін дәрі немесе өзге де заттардың әсер ету белгілерін анықтауда.

Егер жүргізуші медициналық тексерістен аман-есен өтсе, ол жұмысқа жіберіледі, ал жол-сапар парағында «Сапар алдындағы медициналық тексерістен өтті» деген мөр және осы тексерісті жүргізген медицина қызметкерінің қолы қойылады.

Ұйым басшыларына ай сайын сапар алдындағы медициналық тексерістердің нәтижесін тексеріп, ерекше ықыласты ішімдік және есірткі қолданатын жұмыскерлердің жұмыстан шеттетілуі жағдайларына аудару керек.

Егер медициналық тексеріс мекеме жайларында өткізілсе, бұл жайлар келесі талаптарға жауап беруі керек:

- кемі екі бөлмеден тұру керек, оның біреуі тексеріс жүргізуге, екіншісі биологиялық орталарды іріктеу үшін;
- арнайы жабдықтарға ие болу (медициналық аспаптар, құрал-жабдықтар және жиһаз, байланыс құралдары).

Медицина қызметкері тәртіптік, ал заңнамамен қаралған кейбір жағдайларда сапар алдындағы медициналық тексерісті жүргізу сапасы мен жүргізушіге көлік құралдарын басқаруға рұқсат қағазын беру үшін қылмыстық жаупкершілікке тартылады.

РФ ӘҚКо 12.32-бабымен масайған күйдегі жүргізушіні көлік құралдарын басқаруға рұқсат бергені үшін көлік құралдарының техникалық күйі мен пайдаланылуына жауапты тұлғаларға 5-тен 10-ға дейінгі ЕАММ әкімшілік айыппұл салынады.

Жұмыскердің медициналық тексерістерден өтуден жалтаруында немесе жүргізілген талдама нәтижелері бойынша берілген кеңестерді орындамаған жағдайда, жұмыс беруші оны еңбек міндеттерін атқаруға жібермеуге және жұмыстан шеттетуге міндетті (РФ ЕК 76-бабы).

Жұмыс беруші жүргізушілердің міндетті медициналық тексерістерін жүргізіп қана қоймай, жүргізушілер үшін медицина қызметкері жол-көлік оқиғаларында зақымданғандарға дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету дағдыларын жетілдіру бойынша іс-шаралар өткізуге міндетті.

Рөлдегі маскүнемдік

Маскүнемдік жағдайында көлік құралын басқару ежол қозғалысы ережелерін ең ауыр бұзушылықтарының бірі болып табылады, өйткені жиі жол-көлік оқиғаларының себебі болып, қоғамдық қауіпті тудырады. Әрбір төртінші жол-көлік оқиғасы мастық күйдегі жүргізушінің кінәсімен болады, себебі ішімдіктің не есірткінің әсерімен адам ағзасының маңызды қызметтері бұзылып, әсерлер төмендейді, шамадан тыс өзіне сенімділік, жол қозғалысы ережелерін ұстануға менсінбей қарау пайда болады.

Жол қозғалысы ережесі жүргізушіге көлік құралын масайған күйде, әсер мен ықыласты нашарлататын дәрілік препарат әсерімен, сондай-ақ жол қозғалысының қауіпсіздігін қауіпке тігетін аурушан не шаршаңқы күйде басқаруға тыйым салады. Көлік құралын басқаруды масайған күйдегі тұлғаларға беруге де тыйым салынады.

Жұмысқа масайған күйде келген жүргізуші еңбек тәртібін өрескел бұзушы болып саналады. Бұл ретте жұмыс беруші оны жұмыстан шеттетуге тек құқылы ғана емес, сонымен қатар міндетті. Бұл жағдайда масаю деңгейі де, жұмыс сипаты маңызды емес. Иссапар кезінде де ішімдік қолдануға тыйым салынады. Жұмысқа масайған күйде келу тәртіптік теріс қылық тобына жатады, яғни, жұмыскердің өз кінәсімен еңбек міндеттерін орындамау не тиісті деңгейде орындамау болып қарастырылады (РФ ЕК 192-бабы). Сонымен бірге, егер жұмыскер заңды түрде еңбек міндеттерінен босаған болса (мысалы, науқастық демалыста не жылдық демалыста), оны жұмысқа масайған күйде келгені үшін тәртіптік жауакершілікке тарта алмайды, өйткені бұл жағдайда ол өз еңбек міндеттерін орындамайды, сәйкесінше тәртіптік теріс қылық жасамайды.

Жұмыскердің масайған күйде болуына ең салмақты факт медициналық куәландыру болып табылады. Сонымен бірге, жұмыскердің мас екенін куәгерлердің куәлігімен немесе олардың жазбаша түсініктемесімен растауға болады. РФ Жоғарғы сот Пленумының 17 наурыз 20014 ж. №2 қаулысында (42-тарау) ішімдікті, есірткілі немесе өзге де уытты масаю күйі медициналық қорытындымен де, соттың бағалауынан тиісінше бағалауынан

өтетін басқа да айғақтар көмегімен де расталады.

Куәгерлік актімен рәсімделу керек, оны кәсіподақ егер жұмыскер соның құрамында болған жағдайда жасайды. Соттық дау туған жағдайда, актілер, баяндаулар немесе қызметтік хаттар және т.б. ұсынылады. Айғақ болып жұмыскердің өзінің жұмыс уақытында ішімдік пайдаланғаны туралы жазбаша түсініктемесі де табылады. Алайда, бұндай мойындаудан жұмыскер бас тарта да алады.

Алкогольді пайдалану фактісі мен масайғандық күйді анықтау үшін жұмыскерлерді медициналық куәландыру бойынша Әдістемелік нұсқауларға сәйкес (СССР денсаулық сақтау мин. 2 қыркүйек 1988 ж. № 06-14/33-14 бек.) медициналық қорытындыда масаю туралы алкогольді улану белгілерінің негізінде жасалған нақты тұжырым жасалуы тиіс. Мысалы, сөйлеу және моторлы белсенділік, бейнелілік, алаңғасарлық және өзін-өзі өсіре бағалау алкогольді масайрауды білдіреді. Масайрау туралы шешімді биохимиялық әдістер арқылы растауға кеңес беріледі.

Жүргізушіні әкімшілік жауапкершілікке тарту мәселесін шешу үшін масайрау фактісі медициналық куәландырумен РФ Үкіметінің 26 шілде 2008 ж. №475 «Көлік құралын алкогольді масаю күйінде басқаратын тұлғаны куәландыру ережелерін қабылдау және оның нәтижелерін рәсімдеу, аталмыш тұлғаны медициналық куәландыруға масаю күйіне жіберу және оның тәтижелерін рәсімдеу және көлік құралын басқаратын тұлғаны масаю күйіне байланысты медициналық куәландыру жүргізу кезінде оның ағзасынан есірткілік не психотроптық заттардың болуын анықтау ережелері туралы» қаулысымен, сондай-ақ, 14 шілде 2003 ж. Денсаулық сақтау министрлігінің №308 «Масаю күйіне медициналық куәландыру туралы» бұйрығына сәйкес орнатылуы қажет.

Бұндай куәландыру медициналық куәландыруға жіберу туралы хаттама негізінде жүргізіледі. Хаттамаға қозғалыс қауіпсіздігі мен көлік құралын пайдалануды мемлекеттік қадағалау мен бақылау құқығы берілген лауазымды тұлға мен көлік құралын жүргізуші қол қояды.

Ең тәртібін бұзушыға материалдық және ағлақтың ықпалдың келесі шаралары қолданылады:

- жыл бойындағы жұмыстың қорытындысы бойынша сйлықты, сыйақыны азайту не одан айыру;
- тұрғын жер, кезекті демалыс алу реттілігінің өзгеруі;
- осы ұйымдағы жұмыс өтілі үшін берілетін қосымша төленетін демалыс күндерін азайту;
- щипажайларға не демалыс үйлеріне жеңілдетілген жолдамалардың, қызметтік көліктің берілмеуі;

- пайызсыз қарызды беруге, тамақтануға қосымша ақы төлеуге және өзге де әлеуметтік жеңілдіктерді беруге бас тарту.

Оған қоса, бұл шаралардың үйлесімі екі тәртіптік жазаны бір уақытта салуға жатпайды.

Кейде алкогольді масаю күйі еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт бойынша міндеттерін орындауда, нәтижесінде жұмыскер мертігу не басқа да денсаулығына зақым алатын өндірістегі жазатайым оқиғалардың себептерінің бірі болып табылады. Денсаулық сақтау қорытындысы бойынша денсаулығын зақым келуінің жалғыз себебі жұмыскердің технологиялық үдерісті бұзумен байланыссыз, алкогольді не есірткілі масаюы болып келетін жағдайда өндіріске қатыссыз жазатайым оқиға ретінде квалификацияланады. Бұл жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы төлеу жүзеге асырылмайды.

Жұмыскердің кесірінен ұйымға келтірілген шығынды өтеу туралы мәселе бойынша шешім қабылдауда, жұмыс беруші РФ ЕК 4-тарау, 243-бабын есепке алу қажет. Осы нормаға сәйкес, масайған күйде жұмыскер кәсіпорынға шығын келтірген жағдайда, материалдық жауапкершілік толық мөлшерде өндіріледі. Шығынды өтеу кәсіпорынның жұмыскерге жалпы хүкімет сотына қуыным беруі арқылы жүзеге асады.

Қазіргі уақыттағы қолданыстағы заңдар маскүнемдік және нашақорлықпен азап шегуші тұлғаларға медициналық сипаттағы мәжбүрлі шараларды қолдануды қарастырмайды. Алайда, мұндай шараларды сот қылмыстық істі карауда, қылмыс жасап, маскүнемдік пен нашақорлықтан емделуге мәжбүр деп қабылданған тұлғаларға тағайындай алады.

Егер ЖКО болған жағдайда, бірден жедел жәрдем көлігін шақырып, зақымданушыларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету керек.

Жедел медициналық жәрдемнің қажеттігі зардап шегушінің тыныстауы (зардап шегушінің аузына жақындатылған айна жылынса, ол тыныстап жатыр деген сөз) мен мойынның бір жағынан тексерілетін (4.2 сурет) ұйқы күретамыры соғысының болмауында байқалады. Егер тамыр соғысы мен тыныстау жоқ болса, ал қарашық жарыққа әсер бермесе (тарылмаса), жасанды тыныс алдыру мен жүрек жабық массажын жасау керек.

Жасанды тыныс алдыру

Зақымданушыға жасанды тыныс алдыру алдында ауыз қуысын бөтен заттардың болмауын қадағалап, қажет болған жағдайда оны тазалау керек. Егер тіл артқа ығысса, оны көмейден тартып шығару керек. Бұл ретте саусақтарды орамалмен не дәкемен орап алған дұрыс. Зақымданушыны жатқызып, тілін ұстап тұрып, иығына киімдерден білікше төсеп, басын шалқайту керек (4.3 сурет). Бұл тыныс жолдарын ашуға мүмкіндік береді.

Алайда зардап шегушінің басын мойын омыртқаларының зақымданбағанына сенімді кезде ғана шалқайту керек, егер мойын омыртқаларының зақымданбағанына сенімсіз болсаңыз, оны тегіс жерге жатқызып, жасанды тыныс алдыру керек.

Жасанды тыныс алдыруды «ауыздан ауызға» және «ауыздан мұрынға» тәсілдерімен жүргізуге болады. Әрине, бөтен адамның ерініне жанасу ішкі қайшылықты тудыруы мүмкін, бірақ бұл өмір



Сур. 4.2. Ұйқы күретамырын анықтау



Сур. 4.3. Зардап шегушінің басын толыққанды жасанды тыныс алуды қамтамасыз ету үшін қою қалпы



Сур. 4.4 «Ауыздан ауызға» тәсілімен жасанды тыныс алуды жүргізу

мен өлім жағдайы екенін естен шығармау керек. Оған қоса, автомобиль дәрі қобдишаларында дәке, майлықтар және жасаны тыныс алдыруды жүргізу құралдары (ортасында қақпақшасы бар мата не қағаз бөліктері) болады. Егер майлық та, жасанды тыныс алу құралдары да болмаған жағдайда, зардап шегушінің аузына орамал немесе қандай да бір матаны қоюға болады.

Мүмкіндігінше жасанды тыныс алдыруда «ауыздан ауызға» тәсілін қолданған жөн, яғни, терең тыныстап, зардап шегушінің аузына біртіндеп дем жіберу (4.4 сур.).

Бұл ретте зардап шегуші демді өзі шығаруы тиіс. Зардап шегуші аузына дем жібере отырып, міндетті түрде оның мұрнын қолмен қысып тұру керек, әйтпесе дем өкпеге бармайды, мұрын арқылы шығып кетеді және барлық талпыныс бекер болып шығады (Зардап шегушінің мұрнына дем жіберіп, бір қолмен оның аузын жабуды ұмытпаңыз). Жасанды тыныс алдыру үдерісінде зардап шегушінің көкірек қуысын бақылау керек: егер дем кіргенде ол көтеріліп, шыққанда түссе, барлығы дұрыс өтіп жатыр деген сөз.

Жасанды тыныс алдыруда әрбір келесі дем шығаруды 4-5 секундтан кейін жасау керек.

Жүректің жабық массажы

Жүректің жабық массажын жасанды тыныс алдырумен кезекпен жасайды, өйткені егер адам тыныстамаса және оның жүрегі тоқтап қалса, тек бір «дем беру-дем шығарумен» көмектесе алмайсың. Бұл ретте, массажды бір адам, жасанды тыныс алдыруды басқа адам жасағаны дұрыс.

Сур. 4.5. Жүректің жабық массажын жасаушы адам қолының қалпы



Жүрекке массаж жасау нүктесі адам төсінің төменгі үштен бір бөлігінде қабырғалар арасында болады (4.5 сурет). Массажды алақан негізімен, бір қолды екіншіге қойып жасайды. Жүрекке массаж жасауда қабырғаны басуға болмайды, өйткені олар әлсіз келеді және аса басып жібергенде олардың сынып қалуы ықтимал. Төсті басып, омыртқа бағытына қарай шамамен 4-5 см түсіреді және осы қалыпта шамамен 0,5 секунд ұстап, қайта жібереді.

Соған сәйкес, жабық жүрек массажын қатты жиі басулармен жасайды – шамамен бір секундта бір басу не одан да жиі.

Егер зардап шегушіге екі адам көмектессе, өкпеге бір тыныс жіберу мен төсті төрт-бес рет басуды кезектестіру керек. Бір адам көмектескенде қатарынан екі рет дем беру мен төсті 10-15 рет басуды кезектестіреді.

Жасанды тыныс алдыру мен жүрекке массажды дәрігерлер келгенше немесе тыныстау қалпына келгенше және ұйқы күретамырында тұрақты (массаж жасап болғаннан кейін де) соғыс пайда болғанға дейін жасау қажет.

Бас сүйек-ми зақымы

Бас сүйек жарақаттарына бас миының шайқалуы, бас миының соққы алуы және бас сүйек ішіндегі қанды ісік (қан құйылу) жатады. Бұл жарақаттардың белгісіне келесі нышандар жатады:

- жарақат орнының ауруы;
- бас ауруы;
- естің бұлдырлауы, ұйқышылық, талу;
- бас сүйек пішінінің өзгеруі;
- бас сүйектегі көгеру, ісіктер, синяки, шишки, ойыстар;
- құлақтан, мұрыннан, ауыздан қан кету;

- сыдырылған жаралар, әдетте қан аққан;
- мұрын не құлақтан түссіз не қызғылт сұйықтықтың бөлінуі;
- көз айналасындағы көгерулер (бірнеше сағаттан кейін пайда болады).

Зақымдану деңгейіне байланысты жеңіл, орташа және ауыр бас сүйек-ми зақымын ажыратады.

Жарақаттан кейін зақымданған ми жасушасы ісіне бастап, 6-18 сағаттан кейін келесі нышандар пайда болуы мүмкін: жүрек айну не құсу, тырыспа, есінен тану, есін жоғалту, озбыр әрекет, көрудің бұзылуы, тепе-теңдікті жоғалту, қарашықтың әртүрлі көлемдері, бұлшықет әлсіздігі мен сал ауруы.

Бас сүйек-ми зақымы жарақаттарында алғашқы көмек көрсету әрекеттері келесідегідей болуы керек:

- жедел жәрдем шақырып, зардап шегушіні жалғыз қалдырмау;
- сана-сезімінің бұзылу деңгейін бағалау (көзін аша алады ма, сұрақтарға жауап бере алады ма);
- егер зардап шегуші есті болса, оның қимылдамауын қадағалау;
- егер зардап шегуші ессіз болса, оның тыныс алуы мен тамыр соғысын бақылау және олардың болуында күдіктенсе, жедел түрде жүрек-өкпе реанимациясын жасау;
- зардап шегушіні қырымен оаралған жамылғымен не басқа нәрсемен датқызып, омыртқаның мойын бөлігін қарап алу;
- құсу мен лоқсуда зардап шегушіні ұқыптап (жалғыз істемегені жөн), бас пен мойын қалпын өзгертпей (яғни, екеуін бірге ауыстыру) қырынан жатқызу керек;
- егер зардап шегушінің басында қанаған жара болса, оны томпон не нығыз таңғышпен баспау керек (жарақат түбінде зақымданған сүйектер мен мидың ашық қалуы мүмкін); Жарақат бетіндегі самай күретамырын саусақпен басуға тырысы керек, ал бастың шашты бөлігіндегі жұмсақ тіндердің қансырауы өзі көбіне өзі тоқтайды;
- жарақат маңындағы теріні антисептикалық ерітіндімен өңдеу қажет;
- жараға дәке орағышпен бекітіп, тазартылған сулықтарды қою;
- бастың соғылған тұсына суық басу керек;
- зардап шегушіні оған қосымша қауіп төнбесе қандай да бір жерге тасымалдаудан аулақ болу.

Көкірек тұсының зақымдануы

Көлік құралдарының жүргізушілерінде төс сүйегі мен қабырғаларының сыну себебі көбіне қарсы соғысуда меңгерік

дөңгелігіне соғудан, ал жаяу жүргіншілерде көкірек тұсы автомобиль доңғалағымен зақымданады.

Көкірек тұсы жарақаты қабырға сынуымен болады. Оны сынық орнындағы сезгіштік пен ісінудің пайда болуы, үстіртін тыныс, терең тыныс алудағы және жөтелдегі аурудың күшеюі арқылы анықтайды.

Пневмоторакс — сынған қабырға өкпеге кірген жағдайда, кеуде қуысында ауаның жиналып қалуы. Ол кеуде қабырғасының жарасы еніп кеткен болса — ашық немесе ауа жара арқылы шықпай, кеуде қуысында жиналып, жүректі қысса — жабық болады.

Пневмоторакс белгілері: қатты демікпе, кеуде тұсындағы шаншу, терінің көгеруі, ашық пневмотрексте жарадағы ауаның бүлкілдеуі және жарақат орнының айналасындағы теріні түрткенде қар сықыры тектес дыбыстың болуы.

Көкірек қуысының зақымдануында алғашқы көмек көрсету әрекеттері келесідегідей болуы керек:

- зардап шегушінің есін, тыныс алуын, тамыр соғысын (оның жоқтығына күмән келтіре бастағанда жүрек-өкпе реанимациясын бастау керек) тексеру;
- жедел медициналық көмекті шақыру;
- тыныс алуы мен тамыр соғуы болған жағдайда, зардап шегушіні зақымданған кеуде бөлігіне сүйеп, жартылай отырған қалып беру керек;
- кеуде тұсында ауа шығатын жарақат болған жағдайда, оны жедел түрде алақанмен жауып, артынша жарақат маңындағы теріні өңдеп, ауа өткізбейтін материалмен (полиэтилен, клеенка, таңғыш) жабу керек және оның жиектерін пластырьмен саңылаусыз жабыстырып, таңғышты жалпақ түтікше тәрізді дәкемен байлау қажет (кеудені тығыз дәкелеумен қысып бууға болмайды!);
- қабырға сынған жерге кемі 15 минут салқын қою керек;
- ауру қарқындылығын басу үшін ақырындап ауырсынуды басатын дәрі беру керек;
- жартылай отырған күйде зақымданған тұсқа сүйеп, есі, тыныс алуы және тамыр соғысын үнемі бақылауда ұстай отырып, тасымалдау.

Жарақаттар, қансырау, есеңгіреу

Жарақаттануда қансыраудың келесі түрлері болуы мүмкін:

- ***артериялық*** — ең қауіпті, қан ашық қызыл түсті, атқылап ағады;
- ***көктамырлы*** — қан жоғалту жылдамдығы артериялыққа

қарағанда аз, қан қызық-қошқыл түсті, жоса-жоса боп ағады;
■ **капиллярлық** — әлсізі, қан алқызыл түсті, саусақты кесіп алғандағыдай;

■ **ұлпалық** — қан тамырларына бай ішкі мүшелерден (бауырдан, көкбауырдан) шығатын және бірден анықталмайтыны жағынан қауіпті.

Зардап шегушінің ішкі мүшелерінің зақымы немесе жарақаттануында тері бозарыңқылығы, әлсіздік, тамыр соғысының артуы болады.

Қан жоғалтуда алғашқы көмек көрсету әрекеттері мынадай:

- көктамырлы не аздаған артериялық қан жоғалтуда жарақаттанған аяқ-қолын жоғары көтеріп, жарақат айналасындағы теріні асептикалық ерітіндімен өңдеп, жараға тазартылған таңғыш қойып, оның үстіне жараға бинтпен таңылатын дәкелі тампон салады;
- қатты артериялық қан жоғалтуда алдымен қанды уақытша тоқтатуды жүргізу керек. Ол үшін саусақпен күретамырды басып, жарақаттан жоғары тұрған ұшына қан тоқтататын ширатылған матаны тығыздап қойып, оны қойған уақытта міндетті түрде көрсетіп, содан кейін ғана жараны өңдеп, оған таңғышты байлайды. Ширатылған матаның орнына керекті құралдарды пайдалануға болады (теріні кесіп кетуі мүмкін және қосымша жарақаттайтын жұқа жіптерді, бауларды, сымдарды қоспағанда).

Күйіктер

ЖКО зардап шегушілер қызулық күйікке шалдығулары мүмкін. Күйіктердің үш деңгейі ажыратылады:

Б і р і н ш і д е н г е й д е г і к ү й і к т е терінің сыртқы қабаты эпидермис зақымданады.

Е к і н ш і д е н г е й д е г і к ү й і к т е эпидермистен бөлек терінің терең қабаты дерма зақымданады.

Ү ш і н ш і д е н г е й д е г і к ү й і к терінің бұлшықет астындағы, сүйек және басқа да тіндердің барлық қабатын зақымдайды.

Бірінші деңгейдегі күйікке терінің ісінуі және қызаруы, екінші деңгейдегі күйікке ауырсыну, күлбіреу, ал үшінші деңгейіне терінің қабыршықтануы, көмірленуі, қабықтануы, төменгі қысым, тамыр соғысының жиілеу, естің және тыныс алудың бұзылуы (есенгіреу!).

Күйікте алғашқы көмек көрсету әрекеттері:

- зардап шегушінің есін, тыныстауын және тамыр соғысын

тексеру. Олардың болмау жағдайында жүрек-өкпе ренаимациясын жүргізу;

- күйікті қарқынды түрде сумен салқындату, яғни, барлық әрекетті қарқынды салқындату аясында жүргізу;
- жедел медициналық жәрдемді шақыру;
- егер зардап шегушінің ес-түсін жоғалтпаған және жүрек айнуы болмаса, молырақ сілтілі сусын және ауырсынуды басатын дәрі беру;
- күйік сыртын таза матамен немесе таңғышпен жабу;
- күйген қол-аяқты үшкіл орамалмен, шинамен қимылсыз қалдыру;
- салқындатуды жалғастыру.

Күйіктерде кеңес берілмейді:

- май, маргарин, жақпа майлар және бальзамдар жағуға, сонымен қатар, оларды спиртпен, йодпен, жасыл дәрімен және т.б. өңдеуге;
- күлбіреулерді және басқа да қабыршақтанатын тіндерді тесуге, кесуге, алып тастауға, сондай-ақ, жарадан киімнің қалдығын алып тастауға;
- медициналық жәрдемді шақыруды кейінге қалдыруға, үй емін қолдануға, жараға кез келген әрекеттерді жасауға, егер зардап шегуші ес-түссіз күйде болса, оған су беруге.

Талу

Талу — бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін жалғасуы мүмкін кенеттен болатын, қысқа уақытты есінен тану.

Талудың себептеріне эмоциялық күшену, ұзақ уақыт қимылсыз тұру, аштық, қатты ауырсыну, аптап, сондай-ақ қан тамырларының тонусын бұзатын кейбір дәрілерді қолдану жатады.

Талудың белгілері әлсіздік, бас айналу, бозарыңқылық, ылғал және салқын тері болып табылады. Сонымен қатар көздің бұлдырлауы, жүрек айнуы, әлсіз тамыр соғысы және бәсеңдеген тыныс алу да мүмкін. Аталған белгілер естен танудың жаршысы болуы ад, сонымен бірге талумен бірге пайда болуы да мүмкін.

Талудағы алғашқы көмек әрекеттері келесілер:

- оның жүрек тоқтауы еместігіне көз жеткізу! Кеуде қуысының тыныстық әрекеттерін және ұйқы күретамырындағы соғысты тексеру. Олар болмаған жағдайда, жедел түрде жүрек-өкпе реанимациясын өткізу;
- тыныс жолдарының өтуі бұзылмас үшін, науқастың басын артқа шалқайту;

- тар киімді шешу, әсіресе ол мойынды қысып тұрса;
- қанның қосымша ағып келуін қамтамасыз ету үшін зардап шегушінің аяғын 20-30° бұрыштан көтеру;
- мүмкіндігінше, мүсәтір спирті қолданудан аулақ болу;
- зардап шегушіге таза ауаны қамтамасыз ету.

Ес-түссіз жатқан науқасқа су ішкізуге немесе аузына қандай да бір дәрілерді салуға тырыспаңыздар!

Эмоциялық күйзеліс

Кез келген ЖКО зардап шегушіде, кінәлі адамда және куәгерлерде азды-көпті байқалатын жүйке күйзелісін тудырады. Ол келесідей күйде білінеді:

- ауызша немесе қимылдық қозу;
- алған жарақатына қарамастан, оқиға орнынан қашу;
- шынайы не жалған айыпкерге шамадан тыс басқыншылық көрсету;
- күлу немесе тоқтаусыз жылау ұстамасы және т.б.

Адам эмоциялық күйзеліс күйінде өзіне не айналадағыларға зақым келтіруі мүмкін.

Сондықтан ЖКО мүшелерін есіркеуші беймазасыз түрде сабырға шақырып, оларды кез келген көмекті көрсетумен алдандырып, 50 мл суда ерітілген корвалолдың 30-45 тамшысын беру керек.

Тұншықтырғыш газды иіскеуде улану

Тұншықтырғыш газбен улану автомобиль салонына пайдаланылған газдың кіруінен және қосулы қозғалтқышы бар жабық гаражда жұмыс жасауда мүмкін. Зардап шегуші бұл жағдайда бастың ауруын, кеуде тұсының ауырсынуын, құлақтағы шуды, бұлшықеттің әлсіздігін, жүректің айнуын, құсуды, бас айналуын, көзге қос көріну және көздегі тұманды сезінуі мүмкін болғандықтан, улануды салқын тию деп қабылдау мүмкін.

Жеңіл улануға бас ауруы, көрудің бұзылуы мен естің төмендеуі, орташа улануға тынбай бас ауруы, құлақтағы шуыл, бас айналу, жүрек айнуы, ұйқышылық, әсерленгіштік, меңіреулену, баяулатылған немесе ырғақсыз тамыр соғысы, бозарыңқы немесе қызарған тері, ал ауыр улануға ұстамалар, кома, өлімге әкеп соғатын тыныс алу қызметтерінің және қан айналымның бұзылуы жатады.

Уланудағы алғашқы көмек әрекеттері:

- зардап шегушіні таза ауға шығару (алып шығу) және тыныштандыру;
- зардап шегушіні жалғыз қалдырмай, жедел медициналық көмек шақыру;
- тар киімді босату (әсіресе мойындағы);
- ес-түсін, тыныс алуын, тамыр соғысын бағалау;
- қан айналымы тоқтауы белгілерінің болуында жасанды тыныс алдыру және жанама жүрек массажын жасау.

Барлық алғашқы көмекті тек таза ауада жасау керек!

4.6. АВТОКӨЛІК КӘСІПОРЫНДАРЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өрт қауіпсіздігі саласындағы құқықтық реттілікті жүзеге асыратын негізгі заңнамалық актілер мен нормативтік құқықтық құжаттар мыналар:

- 21 желтоқсан 1994 ж. № 69-ФЗ «Өрт қауіпсіздігі туралы» федералды заңы;
- 25 сәуір 2012 ж. №390 «Өртке қарсы режим» РФ Үкіметінің қаулысы;
- ӨҚН 201 — 96. Кәсіпорынның өрт күзеті. Жалпы талаптар;
- ӨҚН 166 — 97. Өрт техникасы. Өрт сөндіргіштер. Пайдалану талаптары;
- Электр қондырғыларын құру ережелері;
- МС 12.1.004 — 91. ЕҚСЖ. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы азаматтардың құқықтары мен міндеттері

Ресей азаматтары қ ұ қ ы л ы:

■ өрт жағдайында өмірлерінің, денсаулықтарының және мүліктерінің қорғалуына;

- заңнамаға сәйкес, өрттен болған залалдардың орнының өтелуіне;
- өрт себептерін анықтауға қатысуға;
- өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша ақпараттар алуға.

Ресей азаматтары м і н д е т т і:

- өрт қауіпсіздігі талаптарын орындауға;
- өрттерді анықтауда өрт күзетіне жедел хабарлау;
- адамдарды, мүлікті, құтқару және өртті сөндіру бойынша шараларды өрт күзеті келгенше іске асыру;

- өрт күзетіне өрт сөндіруде қолдан келер көмек көрсету;
- өрт күзетінің лауазымды тұлғаларының бұйрықтарын және өзге де заңды талаптарын орындау.

Автокөлік кәсіпорындарының өрт қаупі қозғалысты құрамды пайдалану үдерісінде жарылу қаупі бар концентрацияларды жасауға қабілетті, оңай жалындайтын және жанатын сұйықтықтардың үлкен мөлшері және басқа да жанатын заттар мен материалдардың айналуымен шартталған. Сондықтан бұл жерде өртке қарсы профилактика өте маңызды, яғни, мүмкін өрттерді ауыздықтау және жоюды ескерту бойынша ұйымдық және техникалық іс-шаралардың кешені.

Статистика бойынша автокөлік кәсіпорындарындағы өрттердің пайда болуының негізгі себептері:

- тұрақтар мен гараждарда — қозғалмалы құрамды сақтаудың ережелерін бұзу (отты абайсыз пайдалану, қозғалтқышты іске қосуда, жылу шығаратын және электр құрылғыларын пайдалануда өрт қауіпсіздігінің ережелерін бұзу);
- автомобильдерді пайдалануда — автомобильдің отындық және электр жүйесінің істен шығуы, сонымен қатар қозғалтқыштың шығару жүйесі мен гидравликалық жабдық элементтерінің саңылаусыздығын бұзу;
- жөндеу жұмыстарын жүргізуде — отты абайсыз пайдалану, жұмыстар жүргізу барысында өрт қауіпсіздігі ережелерін орындамау, дәнекерлеу жұмыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін орындамау, жөндеу немесе қызмет көрсетуді жүзеге асыратын тұлғалардың автомобильдің құрылымдық ерекшеліктерін білмеуі;
- электр құрылғыларын пайдалану ережелерін бұзу;
- өртке қарсы режимді бұзу.

Сонымен қатар, тұтанудың мүмкін көздері майлы киімдер мен шүберектердің өздігінен жануы болуы мүмкін.

Өрт тарауының негізгі жолдары тез тұтанатын және өртенетін сұйықтықтардың құйылулары; қозғалмалы құрамдағы жанатын заттар мен материалдар (автомобиль шиналарының қақпақтары, салондардың, орындықтардың ішкі көмкерісі және т.б.); үй-жай өрнегіндегі жанатын материалдар; электр сымдары, кабельдері және т.б. болып табылады.

Тікелей автомобильдердің жануының негізгі себептері:

- автомобильдің ішкі электр желісінің тұйықталу нәтижесінде пайда болған электр ұшқыны;
- ЖКО нәтижесінде пайда болған үйкелме ұшқындары;
- тежеуіштік жүйе мен ажыратқыштың үйкеліскен беттері, пайдаланылған газдары жіберу жүйесінің беттері, булардың

жалындау температурасынан жоғары қыздырылған тез тұтанатындар, жанатын сұйықтықтар мен жанатын материалдар;

- жөндеу жұмыстарын өткізу барысындағы ашық от.

Автокәсіпорындардың барлық жұмыскерлері өрт сөндіру құралдарының орналасу орындарын білуі және оларды қолдана алуы тиіс.

Барлық өндірістік, әкімшілік, қоймалық және қосымша жайларда көрінетін жерлерге өрт және көшіру қауіпсіздігінің қажетті ақпараттық белгілері (8-ші қосымшаны қар.), сонымен қатар, өрт күзетін шақыру телефонының нөмірлері ілініп тұруы керек.

Тұтану мен өртті байқаған әрбір жұмыскер ол туралы кәсіпорын басшылығына жедел хабар беріп, қолда бар құралдармен өртті өшіруге кірісу керек.

Жөндеу жұмыстарының әр түрлерін орындауда жану көбіне мына жағдайларда болатынын біліп, есте сақтау керек:

- автомобильдің бөлшектерін, агрегаттарын және қозғалтқышын тез тұтанатын сұйықтықтармен жууда (бензинмен, дизельді отынмен және т.б.);
- жұмыс жасап тұрған автомобильдің карбюраторына жанармайды ашық ыдыста өздігінен ағызуда;
- жуылмаған және буланбаған ыдысты тез тұтанатын сұйықтық астында дәнекерлеу не пісіруде;
- тез тұтанатын заттарды дұрыс тасымалдамау не сақтамауда;
- номинал тоққа бейстандарттық немесе сәйкес келмейтін электр сақтандырғышын қолдануда;
- ақаулы электр сымдар жүйесінде;
- жанар-жағармай материалдарымен бүлінген арнайы киімде жұмыс жасауда;
- тез тұтанатын заттарға жанында ашық отпен жұмыста;
- автомобильдегі өртті өрт сөндіру құралдарының көмегінен өшіруде.

Автомобиль көлігін пайдалануда өрт қауіпсіздігінің талаптары

Әрбір автомобиль міндетті түрде ақаусыз өрт сөндіру құралына (көмір қышқылды не ұнтақты) ие болуы керек. Автомобильдің моторлы бөлігі қосымша түрде өрт сөндіру құралымен (сулы, көбікті, көбіксіз аэрозольді) жабдықталады.

Жолаушыларды тасымалдауға арналған автомобильдерде екі

өрт сөндіру құралы жасақталуы керек (көмір қышқылды және ұнтақты), біреуі жүргізуші қабинасында, екіншісі жолаушылар салонында немесе автомобиль шанағында.

Өрттің туындауының алдын алу мақсатында **тыйым салынады:**

- қоректендіру жүйесінің ақаулы құралды автомобильді пайдалануға;
- автомобиль бағындағы жанармайдың болуын ашық от көмегімен (тұтанған оттық, шақпақ және т.б.) тексеру;
- бензин, керосин және басқа да тез тұтанғыш заттарды автомобиль қаби́насында, салонында, шанағында сақтауға және тасымалдауға;
- қозғалтқыш пен оны қартерінде кір мен майдың жиналып қалуына жол беруге;
- кабинада және қозғалтқышта қолданылған сүртетін материалдарды (шүберек, байлау арқаны) қалдырып кетуге;
- қоректендіру жүйесінің аспаптарына (көбіне жанармай бағына) тікелей жақын жерде шылым шегуге;
- автомобильді ақаулы электр сымдар жүйесімен, қосулы масса сөндіргішімен бірге сақтауға қоюға;
- іске қосылған қозғалтқышта немесе қосулы оталдыруда, сондай-ақ, басқа автомобильдердің тұрақ орнынан тікелей жақындықта немесе от көздері және адамдардың орналасқан жеріне жақын жерде сығымдалған табиғи газды шығаруға және бәсеңдетілген мұнайлы газды құюға;
- көлік құралдарын жанармай бактарының ашық ауыздарымен, сондай-ақ, ағатын жанғыштармен немесе майлау материалдарымен қалдыруға;
- аккумуляторларды тікелей көлік құралдарында қуаттауға;
- қозғалтқыштарды ашық отпен (алау, шырағдан, дәнекерлейтін шам көмегімен) қыздыруға, жарықтандыру үшін оттың ашық көздерін қолдануға;
- аккумуляторларды қысқа тұйықталулар арқылы тексеруге (бұл мақсат үшін жүктеме ашасын пайдаланған жөн);
- жанармай бағынан өңделген майды және жанармай тұнбасын суағарлар мен кәріз жүйесіне төгуге;
- жанармай төгілген арнайы киімде жұмыс істеуге;
- егер қолдары мен арнайы киіміне жанармай төгілген болса, ашық отқа жақындауға, шылым шегуге және оттықты тұтатуға;
- бензинді киімді жууға, қол жууға, қабырғалар мен еденді сүртуге пайдалануға.

Өртті тоқтату — бұл жануды толық тоқтату және оның қайта туындау мүмкіндігінің алдын алу. Өрт сөндіруде дүрбеленді

ескертіп, тәртіпті орнатып, адамдарға құтқарылуларына сенім ұялату қажет. Өрт сөндіруде ең бірінші міндет – адамдарды құтқару екенін естен шығармау керек.

Өрт сөндірудің тек дұрыс әрекеттері мен нақты ұйымдастырылуы адам денсаулығы мен өмірін, материалды-техникалық құралдарды, кәсіпорынның қозғалысты құрамы мен тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етеді.

БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Адам ағзасына әсер ету түрлеріне байланысты жарақаттың қандай түрлерін ажыратады?
2. Автокәсіпорындарда жарақаттанудың негізгі себептері қандай?
3. Кәсіптік сырқаттардың профилактикасы үшін ұсынылатын шараларды атап шығыңыз.
4. Жарақаттанудың профилактикасы бойынша әрбір өндіріс аумағынд қандай іс-шаралар қажет?
5. Кәсіпорын қызметкерінің жұмыстан қаттып келе жатқанда (мысалы, трамвайдан түсіп келе жатқанда ол сүрініп кетіп, аяғын жарақаттап алды, нәтижесінде уақытша еңбекке жарамсыз болып қалды) алған жарақаты өндірістегі жазатайым оқиға ретінде қарастырылады ма?
6. Жұмыскер өндірістегі болған жазатайым жағдайды қандай мерзімде мәлімдеуге (хабарлама жіберу) міндетті?
7. Кәсіптік сырқатқа тергеу жүргізудің негізгі міндеттері қандай?
8. Қандай ауруды жіті кәсіптік сырқат (улану) деп атайды?
9. Сақтандырылған жазатайым жағдайда зардап шегуші өндірістегі жазатайым оқиға туралы Актіні (Н-1 формасы) қолына алуға құқылы ма?
10. Қандай жайлар өрт қаупі бар болып саналады?
11. Өндірістегі сақтандырылған жазатайым жағдайда, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақылар қандай қаражатпен және қандай мөлшерде төленеді?
12. Өндірістегі сақтандыру жағдайын жасырғаны үшін лауазымдық тұлғаларды заңнамалық жауапкершілікке тарту қарастырылған ба?
13. Қандай жағдайларда кәсіпорында өрт болған жағдайда адамдарды көшіру жоспарлары (сызбалары) жасалып, көрінетін жерлерге ілінеді?
14. Өртті анықтағанда кәсіпорын жұмыскері ең алдымен не істеуі керек?
15. Жолаушыларды тасымалдайтын автомобильде қанша қол өрт сөндіргіші болуы керек?
16. Пәтерлерде, саяжайларда, гараждарда қолдануға қандай өрт сөндіргіштер ұсынылады және неліктен?
17. Көмірқышқылды өрт сөндіргіш қалай іске қосылады?
18. Зардап шегушінің ес-түсінің бұзылуы не болмауы қалай анықталады?

19. Ашық жараны қалай дұрыс таңу керек?
20. Зардап шегушіні 1000 В-қа дейінгі кернеудегі электр тоғының әрекетінен босатуда қандай сақтық шараларын қолданған жөн?
21. Зардап шегушінің ес-түссіз болуында және тыныс алуының сақталуында қандай шараларды қолдану керек?

Жұмыскерлердің ішкі еңбек тәртіп ережелері _____

Бұл ережелер ішкі еңбек тәртібін анықтайды, жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау мен жұмыстан шығару, жұмыскерлер мен әкімшіліктің негізгі міндеттері, жұмыс уақытының тәртіптемесі, сонымен қатар ынталандыру шаралары мен еңбек тәртібін бұзған жағдайдағы жауапкершілікті.

1. Жұмысқа қабылдау

1.1 Жұмысқа қабылдау _____ еңбек шартына байланысты орындалады.

1.2 _____ жұмысқа қабылдауда әкімшілік жұмысқа қабылданушыдан сұрауға міндетті:

- жеке басын куәландыратын құжатты;
- орнатылған ережеге сәйкес толтырылған еңбек кітапшасын;
- мемлекеттік зейнеттік сақтандыру куәлігін;
- әскери есеп құжаттарын – әскери міндеттілерге және әскер қатарына шақырылушы тұлғаларға;
- диплом немесе білім алғаны жайлы басқа да құжатты немесе мамандығын, квалификациясын куәландыратын құжатты;

Жұмысқа қабылдау аталған құжаттарсыз жүзеге асырылмайды.

Жұмысқа қабылдау әкімшіліктің еңбек келісім-шарты жасалуы негізіндегі қаулысымен (өкім) рәсімделеді. Ол еңбек шартын жасасқаннан үш күн мерзімге қолхат негізінде беріледі.

Жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерге ұзақтығы үш айдан аспайтын тәжірибеден өткізу шарасы орын алуы мүмкін.

1.3 Жұмыскер жұмысқа орналасарда немесе белгіленген тәртіп негізінде басқа жұмысқа ауысарда әкімшілік міндетті:

- жұмыскерді тапсырылған жұмысымен, жағдайымен және еңбек ақысымен таныстыру, жұмыскерге оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру;
- ішкі еңбек тәртіптерімен таныстыру;
- қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі мен басқа да қоршаған орта ережелерімен нұсқамалық өткізу;
- коммерциялық немесе кәсіптік құпия мәліметтерді сақтау мен оларды жария ету кезіндегі жауапкершілікті түсіндіру.

1.4 Еңбек келісім шартын тоқтату РФ еңбек заңдылығы негізінде жүзеге асады.

Жұмыскер әкімшілікке екі апта бұрын жазбаша үлгіде ескертіп еңбек шартын бұза алады. Аталған мерзім біткенде жұмыскер жұмысын аяқтауға құқылы, ал әкімшілік оған жұмыстан шыққаны жайлы жазба жазылған еңбек кітапшасын және оған қатысты барлық құжаттарды табыстап, соңғы есептесуді жүргізеді.

Еңбек шартын тоқтату мекеменің қаулысымен рәсімделеді.

Жұмыскер мен әкімшілік арасындағы өзара келісім негізінде еңбек келісім шарты ескерту уақытысы аяқталмастан бұрын тоқтатылуы мүмкін.

Еңбек кітапшасына еңбек шартының тоқтатылуы себептері РФ Еңбек кодексінің нақты үлгісімен немесе РФ Еңбек кодексінің тиісінше бабына сілтемемен немесе өзге де федералды заңмен жүргізілуі қажет.

Жұмыстан шығу күні жұмыс уақытының соңғы күні болып есептеледі.

2. Жұмыскерлердің басты міндеттері

2.1 _____ жұмыскерлері міндетті:

- еңбек міндеттерін адал атқару, еңбек тәртібін ұстану, әкімшіліктің немесе тікелей басшылықтың тапсырмасын уақытылы және нақты орындау, барлық жұмыс уақытын еңбек өндірісіне жұмсау, басқа жұмысшыларға еңбек өндірісіне кедергі келтіретін іс-әрекеттерден аулақ болу;
- берілген тапсырмалар мен бұйрықтарды уақытылы және сапалы орындау;
- еңбекті қорғау міндеттерін, қауіпсіздік техникасын, өндірістік санитарияны, еңбек гигиенасын және өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын орындау;
- жұмыс орнын, құрал-жабдықтарды өз қалпында, таза, әрі жұмыс істеу қалпында келесі ауысым жұмысшысына тапсыру және бөлімше мен жұмыс аумағында тазалық сақтау;
- материалдық құндылықтар мен құжаттарды сақтаудың орнатылған тәртібін ұстану;
- жұмыс берушінің және өзге де жұмыскерлердің мүлкіне ұқыпты қарау;
- еңбек міндеттерін атқаруда жұмыскерге анық болған заңның қорғауындағы құпияны (мемлекеттік, коммерциялық, қызметтік және өзге де) жарияламау.

2.2 Жұмыскердің өз мамандығы бойынша орындайтын міндеттер, біліктіліктер мен қызметтер аясын еңбек шарты мен қызметтік нұсқаулық анықтайды.

3. Әкімшіліктің негізгі міндеттері:

3.1 Әкімшілік міндетті:

- еңбек заңнамасын сақтауға;
- жұмыскерге еңбек шартымен келісілген жұмысты ұсынуға;
- еңбек пен гигиенаны қорғау нормаларына жауап бере алатын қауіпсіздік пен еңбек жағдайын жасауға;
- жұмыскерді еңбекке қажетті құрал-жабдықтармен, техникалық құжаттандырумен және т.б. құралдармен қамтамасыз ету;
- орнатылған еңбек заңдылығы, ұжымдық келісім-шарт, ішкі еңбек ережелері, еңбек шарты негізінде жұмыскерге еңбек акысын толық көлемде, уақытында төлеу;
- жұмыскердің біліктілігін арттыру мен кәсіби ынтасын жетілдіруге ат салысу.

3.2 Әкімшілік жоғары білікті, жұмысқа ынталы ұжым қалыптастыруға, өндіріс ішінде ұжымдық қарым-қатынасты өрбітуге, өндіріс орнының дамуы мен нығаюына қызуғышылық танытуына ұмтылуы қажет.

4. Жұмыс уақыты мен тынығу уақыты

4.1 Заңнама негізінде кәсіпорындарда екі демалыс күнді (сенбі, жексенбі) бес күндік жұмыс аптасы тағайындалады. Жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағатты құрайды.

Күнделікті жұмыстың басталуын, үзіліс уақытын, жұмыс күнінің аяқталуын

анықтайтын жұмыс кестесі жұмыскерлер үшін өндірістік қызметті есепке алумен тағайындалып, әкімшілікпен бекітіледі.

Мейрам күндері алдындағы жұмыс күнінің ұзақтығы бір сағатқа қысқарады.

4.2 Еңбек заңнамасына сәйкес орнатылған мейрам күндерінде өндіріс орнында жұмыс атқарылмайды.

Мейрам уақыты мен демалыс уақыты бір күнге сәйкес келсе, демалыс күн еңбек заңнамасына сәйкес ауысады.

4.3 Еңбек демалысының кезектілігін әкімшілік өндірістік қажеттілікке және жұмыскердің қалауына байланысты орнатады.

Заңнамаға сәйкес, ақы төленетін еңбек демалысының мерзімі барлық жұмысшылар үшін 28 күнтізбелік күнге белгіленеді. Әкімшілікпен келісу арқылы жұмыскерге қосымша ақы төленбейтін еңбек демалысы орнатылады.

5. Ынталандыру

5.1 Еңбек міндеттерін үлгілі орындағаны үшін, еңбек өндірісін ұлғайтқаны үшін, өнімнің сапасын көтергені үшін, ұзақ мерзімді, кіршіксіз жұмысы және т.б. еңбектегі жетістіктеріне жұмыскерлерге келесідей ынталандыру шаралары қолданылады:

- алғыс жариялау;
- сыйақы тағайындау;
- бағалы сыйлық сыйлау;
- Құрмет кітапшасына немесе Құрмет тақтасына енгізу.

Ынталандыру бұйрық болып табылады және барлық ұжымға жеткізіліп, жұмыскердің еңбек кітапшасына жазылады.

6. Еңбек тәртібін бұзу жағдайындағы жауапкершілік

6.1. Еңбек тәртібін бұзу, яғни, жұмыскердің кесірінен оған жүктелген еңбек міндеттерін орындамау не тиісті деңгейде орындамаған жағдайда, тәртіптік немесе қоғамдық ықпалды шаралар, сонымен қатар, қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де шараларды қабылдайды.

6.2. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік келесі тәртіптік жазаларды қолданады:

- ескерту;
- сөгіс;
- тиісінше негіздер бойынша жұмыстан шығару.

Тәртіптік жаза ретіндегі жұмыстан шығару жұмыскердің еңбек міндеттерін басқа тәртіптік жазалары бола тұра, бірнеше мәрте себепсіз орындамауы кезінде қолданылады.

6.3. Тәртіптік жазаны кәсіпорын басшысы тағайындайды. Әкімшілік тәртіптік жаза салу орнына, еңбек тәртібін бұзу туралы мәселені еңбек ұжымының қарауына жібере алады.

6.4. Жазаны белгілеуге дейін еңбек тәртібін бұзушыдан болған жағдайдың жазбаша түрдегі түсініктемесі талап етілуі тиіс. Жұмыскердің ол түсініктемені беруге бас тартқан жағдайында сәйкесінше акт жасалады.

Жұмыскердің түсініктеме беруден бас тартуы жазаны тағайындауға кедергі болып саналмайды.

Тәртіптік жаза қылықты анықтаған күннен бастап, жұмыскердің науқастану уақытын, демалыста болу уақытын, сондай-ақ, жұмыскерлердің өкілетті органы пікірін алуға қажетті уақытты қоспағанда бір ай ішінде қолданылады.

Тәртіптік жаза қылық жасалған күннен бастап, алты айдан асқан уақытта қабылданбайды, ал ревизия (қаржылық-шаруашылық қызметті тексеру немесе аудиторлық тексеру) нәтижелері бойынша – оны жасағаннан күннен бастап, екі жылдан артық уақытта. Көрсетілген мерзімдерге қылмыстық іс бойынша тергеудің жүргізілген уақыты кірмейді.

Әр тәртіп бұзушылық әрекет үшін тек бір тәртіптік жаза қолданылады.

6.5. Жұмыс берушінің тәртіптік жазаны қолдану туралы бұйрығы (жарлығы) жұмыскерге қолхатпен оны берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жария етіледі. Жұмыскердің берілген бұйрыққа (жарлық) қол қоймауы жағдайында тиісінше акт жасалады.

6.6. Егер тәртіптік жазаны қолданғаннан күннен бастап бір жыл ішіне жұмыскер жаңа тәртіптік жазаға ұшырамаса, онда оның тәртіптік жазасы жоқ болып саналады. Тәртіптік жаза қолданылу мерзімі ішінде нағыз ержелерде көрсетілген ынталандыру шаралары жұмыскерге қолданылмайды.

Жұмыс беруші тәртіптік жазаны қолданған күннен бір жыл уақыт өткенге дейін ол жазаны жұмыскерден өз ықыласымен, жұмыскердің сұрауымен, оның тікелей басшысының немесе жұмыскерлердің өкілетті органы өтінішімен алып тастауға құқылы.

6.7. Ішкі тәртіп ережелерімен кәсіпорынның барлық жұмыскерлері танысуы керек. Жұмыскерлер өздерінің күнделікті жұмысында осы ережелермен орнатылған тәртіпті сақтауға тиісті.

Автокөлік құралдарының жүргізушілеріне сапар алдындағы медициналық тексерістерді жүргізуді ұйымдастыру туралы типтік ереже

(21 тамыз 2003 ж. № 2510/9468-03-32 «көлік құралдарын жүргізушілердің сапар алындағы медициналық тексерістері туралы» РФ денсаулық сақтау министрлігінің хатының №2 ережеден үзіндісі)

1. Жалпы ережелер

1.1. «Жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы» федералды заңымен автокөлік құралдарын жүргізушілерді міндетті сапар алдындағы медициналық тексерістен өтуі қарастырылған.

1.2. Автокөлік жүргізушілерін сапар алдындағы медициналық тексерісін ұйымның медицина қызметкері немесе денсаулық сақтау мекемесінің медицина қызметкері ұйымдар мен денсаулық сақтау мекемелерінің арасындағы жасалған келісімінің негізінде жүргізеді.

1.3. Жүргізушілерді сапар алдындағы медициналық тексеру мақсаты медициналық куәлік бойынша жол қозғалысының қауіпсіздігін және жүргізуші мен жолаушылар денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету позициясымен автомобильді басқаруға жіберілмейтін тұлғаларды анықтау болып табылады.

1.4. Сапар алдындағы медициналық тексерістерді тиісінше сертификаты бар медициналық қызметкерлер ғана жүргізе алады, ал сәйкесінше медициналық мекеме лицензияға ие болуы керек.

1.5. Жүргізушілерді сапар алдындағы медициналық тексерісін автомобильді көлігі бар жекеліктің барлық формасындағы ұйымдар жүргізеді;

1.6. Сапар алдындағы медициналық тексерісті медицина қызметкері ұйым базасында да, медициналық мекеме жағдайында да жүргізеді.

2. Сапар алдындағы медициналық тексерісті жүргізу ұйымы

2.1. Сапар алдындағы медициналық тексерісте жүргізіледі:

- анамнезді жинау;
- артериалдық қысым мен тамыр соғысын анықтау;
- тыныстайтын ауада немесе биологиялық субстраттарда алкоголь мен басқа да психотропты заттарды ресми танылған әдістердің бірі ақылы анықтау;

Басқа медициналық куәліктердің болуында, жұмысқа рұқсат беру мәселесін шешу үшін қажетті кез келген басқа рұқсат етілген медициналық зерттеулерді жүргізеді.

2.2. Гипертониялық сырқаты бар жүргізушілер үшін кемі он сапар алдындағы медициналық тексеріс өлшемі бойынша артериалдық қысымның жеке нормасы анықталады.

2.3. Жүргізушінің автомобильді басқаруға жіберу мүмкіндігі туралы мәселелерді шешуде, сапар алдындағы медициналық тексерісті өткізген

медициналық қызметкер оның қауіптің бір түріне жататындығын, жас, мамандық бойынша жұмыс өтілі, жұмыс жағдайлары мен әсер ететін өндіріс факторларын есепке алады.

2.4. Жүргізушілер автомобильді басқаруға мына жағдайларда жіберілмейді:

- уақытша еңбекке жарамсыздықты анықтауда;
- тыныстайтын ауа мен биологиялық субстратта алкологоль, өзге де психотропты заттар және есірткіге оң сынамада;
- есірткі заттарының әсер ету белгілерін анықтауда;
- ағзадағы дәрілік немесе жүргізушінің жұмысқа қабілеттілігіне кері әсер ететін өзге де заттардың болуын анықтауда.

2.5. Сапарға рұқсат алуда жүргізушінің сапар парағына «Сапар алдындағы медициналық тексерістен өтті» деген мөр басылып, осы тексерісті жүргізген медицина қызметкерінің қолы қойылады.

Арнайы киім, арнайы аяқ киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайында, сондай-ақ, айрықша температура жағдайында жасалатын немесе ластанумен байланысты жұмыстарда автомобильді көлік немесе тас жолдардың қызметкерлеріне тегін берудің типтік нормалары (22 маусым 2009 ж. №357н Ресей Федерациясының денсаулық сақтау және әлеуметтік даму ережесіне №1 қосымша)

Автомобиль жүргізушісі:

А. Жүк немесе арнайы автомобильді, автомобильді кранды, тартқышты басқаруда:

- | | |
|--|--------|
| ■ жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық эсерлерден қорғау үшін мақта-маталы немесе жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық эсерлерден қорғау үшін аралас матадан тігілген костюм | 1 дана |
| ■ қатты басқышты былғары бәтеңке немесе былғары етік | 1 жұп |
| ■ полимерлі жабынмен трикотажды қолғап немесе біріктірілген екі саусақты биылай | 12 жұп |

Қыста қосымша:

- | | |
|--|-----------------------------|
| ■ жылулық ішіктердегі костюм | климаттық белдеулер бойынша |
| ■ төменгі жағы резеңке байпақ немесе жылытылған қатты басқышты былғары бәтеңке | дәл сондай |
| ■ қорғаныш қаптамасымен суыққа шыдамды жүнді астарлы қолғап | 1 жұп |

Б. Автобус не жеңіл көлікті басқаруда:

- | | |
|--|---------|
| ■ жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық эсерлерден қорғау үшін мақта-маталы костюм | кезекші |
| ■ мақта-маталы немесе полимер жабынды трикотажды қолғап | 6 жұп |

В. Қалааралық автобусты басқаруда.

I-IV климаттық белдеулерге жататын аудандарда, қыста қосымша:

- | | |
|-------------------------------|---------|
| ■ жылулық іштіктердегі костюм | Кезекші |
|-------------------------------|---------|

- қорғаныш қаптамасымен суыққа шыдамды жүнді астарлы қолғап 1 жұп

Ерекше климаттық белдеулерге жатаын аудандарда, қыста қосымша:

- қысқа ішік 1 дана 5 жылға
- құлақшын 1 дана 3 жылға
- тері биялай 1 дана 2 жылға
- асты резеңке байпақ 1 дана 2 жылға

Г. Автомобильдің барлық түрлерінің жүргізушілеріне:

- 2-ші қорғаныс тобының дабылды жилеті 1 дана

Мотокөлікті құрал, тиегіш жүргізушілері, тракторшы, атогрейдер жүргізушісі:

- жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық әсерлерден қорғау үшін мақта-маталы костюм 1 дана
- қатты басқышты былғары бәтеңке 1 жұп
- қатты басқышты былғары етік 1 жұп
- полимер жабынды трикотажды қолғап 12 жұп
- қорғаныс каскасы 1 дана 3 жылға
- каска астына жұмсақ телпек 1 дана
- қорғаныс көзілдірігі Тозғанша
- шуға қарсы астар Тозғанша
- 2-ші қорғау тобының дабылды жилеті 1 дана

Қыста қосымша:

- жылулық іштіктегі костюм Климаттық белдеулер
- асты резеңке байпақ немесе қатты басқышты бәтеңке былғары бәтеңке Дәл солай
- жылытылған телпек (бір қабатты не үш қабатты жылытқышпен) 1 дана
- қорғаныш қаптамасымен суыққа шыдамды жүнді астарлы қолғап 1 жұп

Жол жұмыскері, жол шебері

- 3-ші қорғаныс тобының дабылды костюмі немесе жартылай комбинезон дабылды 3-ші қорғаныс тобының күрткесімен дабылды 3-ші қорғаныс тобының су өтпейтін жадағай 1 дана 3 жылға
- қатты басқышты былғары бәтеңке немесе қатты басытқышты былғары етік 1 жұп
- полимер жабынды трикотажды қолғап 12 жұп

- қорғау каскасы 1 дана 3 жылға
- каска астына жылы телпек 1 дана
- қорғаныс көзілдірігі Тозғанша
- шуға қарсы құлаққап (каскаға бекітілген) немесе шуға Тозғанша
- қарсы астар
- респиратор

Қыста қосымша:

- 3-ші қорғаныс тобының жылулық іштіктердегі костюм Климаттық
- Аяқ жағы резеңке байпақ немесе қатты басқышты белдеулер
- жылытылған былғары етік бойынша
- құлақшын Дәл сондай
- қорғаныш қаптамасымен суыққа шыдамды жүнді 1 дана 3 жылға
- астарлы қолғап 3 жұп

Автокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы:

- жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық эсерлерден қорғау үшін мақта-маталы костюм 1 дана
- қатты басқышты былғары бәтеңке немесе етік 1 жұп
- полимер жабынды трикотажды қолғап
- қорғаныс каскасы 12 жұп
- каска астына жылы телпек 1 дана 3 жылға
- қорғаныс көзілдірігі 1 дана
- шуға қарсы құлаққап (каскаға бекітілген) немесе шуға қарсы астар Тозғанша
- 2-ші қорғаныс тобының жилеті Тозғанша

Қыста қосымша:

- Жылулық іштіктегі Клим. белд.бойынша
- 2-ші қорғаныс тобының жилеті 1 дана

Жанармай бекеттерінің операторы:

- мақта-маталы оттан қорғайтын немесе полиарамидтік жіптер негізіндегі отқа тұрақты матадан костюм 1 дана 2 жылға
- жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық эсерлерден қорғау үшін мақта-маталы костюм 1 дана
- қатты басқышты былғары бәтеңке немесе етік 1 жұп
- полимер маталардан биялай 6 жұп
- полимер жабынды трикотажды қолғап 6 жұп

■ бас киім	1 дана
■ ылғалданбайтын жадағай	Кезекші
■ қорғаныс каскасы	1 дана 2 жылға
■ каска астына жылы телпек (бір қабатты не үш қабатты жылытқышпен)	2 дана 2 жылға
■ қорғаныс көзілдірігі	Тозғанша
■ жартылай маска не газға қарсы фильтрлі маска	Тозғанша
■ 2-ші қорғаныс тобы жилеті	1 дана

Қыста сыртқы жұмыстарға қосымша:

■ аралас матадан, жылулық іштектерден костюм	Клим. белд. бой.
■ жылытылған жилет	1 дана
■ асты резеңке байпақ	Клим. белд. бой.
■ құлақшын	1 дана 3 жылға
■ қорғаныш қаптамасымен суыққа шыдамды жүнді қолғап	6 дана

Автомобиль жөндеу, жол-құрылыс машиналар мен тракторлар бойынша слесарь:

■ жалпы өндірістік ластанулардан және механикалық әсерлерден қорағу үшін мақта-маталы костюм	1 дана
■ қатты басқышты былғары бәтеңке немесе былғары етік	1 жұп
■ трикотажды полимер жабынды қолғап	12 жұп
■ қорғаныс көзілдірігі	Тозғанша
■ шуға қарсы астарлар	Тозғанша

Электр жабдығы, карбюраторларды жөндеу бойынша жұмыс жасауда және олардың реттілігіне қосымша:

■ мақта-маталы биялай	2 жұп
-----------------------	-------

Сыртқы жұмыстарда қыста қосымша:

■ жылулық іштіктердегі костюм	Клим. белд. бой.
■ асты резеңке байпақ немесе қатты басқышпен жылытыл, жылытылған былғары етік	Дәл солай

Климаттық белдеулерге байланысты белгіленетін жылы арнайы киімдер мен жылы арнайы аяқ киімдерді кию П.3.1 кестеде көрсетілген.

П.3.1 кестесі Климаттық белдіктер бойынша жылы арнайы киімдер мен аяқ киімдерді кию мерзімі

	Климаттық белдеулер бойынша кию мерзімдері, жылдар				
Жылы арнайы киім мен аяқ киім атауы	I	II	III	IV	Ерекше
Жылулық іштіктердегі күртке	3	2,5	2	1,5	1,5
Жылулық іштіктердегі шалбар	3	2,5	2	1,5	1,5
Жылулық іштіктердегі костюм	3	2,5	2	1,5	1,5
Жылулық іштіктердегі дабыл сигналы	3	2,5	2	1,5	1,5
Байпақтар	4	3	2,5	2	2
Асты резеңке байпақ	4	3	2,5	2	2
Жылытылған былғары бөтеңке	4	3	2,5	2	2
Жылытылған былғары етік	4	3	2,5	2	2
Қатты басқышпен жылытылған былғары бөтеңке	4	3	2,5	2	2
Қатты басқышпен жылытылған былғары етік	4	3	2,5	2	2

П.3.1 кестеде көрсетілген ерекше климаттық белдікте жылы арнайы киім мен аяқ киімге қосымша:

қысқа ішік – 1 дана 4 жылға;

құлақшын – 1 дана 3 жылға;

тері биялай – 1 дана 2 жылға беріледі.

Автомобильді жөндеу мен техникалық қызмет көрсету бойынша слесарьларға арналған еңбекті қорғау бойынша №2 типтік нұсқаулығы (ТОИ Р-200-02—95)

Осы типтік нұсқаулығы автомобиль көлігінің Мемлекеттік ғылыми зерттеу институтымен жасалып, 27 ақпан 1996 ж. №16 РФ көлік Министрлігінің автомобиль көлік Департаментімен бекітіліп, 7 тамыз 1995 ж. Автомобиль көлігі және жол шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіподақ ОК-мен келісіліп, 27 ақпан 1996 ж. қолданысқа енгізілді.

Типтік нұсқаулық еңбекті қорғау бойынша ережелер мен нұсқаулықтарды жасау және бекіту тәртібі ережесінің талаптарымен және 16 шілде 1993 ж. Ресей еңбек Министрлігі бекіткен №159 еңбекті қорғау бойынша ережелер мен нұсқаулықтарды жасау және бекіту бойынша Әдістемелік нұсқаулармен сәйкестікте және автомобиль көлігінде еңбекті қорғау бойынша ереже негізінде, (ЕҚЕ Р 0-200-01—95) жасалған.

Автокөлік ұйымдарының басшылары мен мамандарына оларға бағынышты жұмыскерлер үшін еңбекті қорғау бойынша жұмыстарына арналған типтік нұсқаулық тарауларын қарастырайық.

1. Кіріспе

1.1. Негізгі нұсқаулық автомобильдерді жөндеу мен техникалық қызмет көрсету бойынша слесарьлық жұмыстарды орындаудағы қауіпсіздіктің негізгі шарттарын бір ретке келтіреді.

1.2. Слесарь осы нұсқаулықтың негізінде және типтік нұсқаулықтардағы еңбекті қорғау бойынша баяндалған шарттарды есепке ала отырып, еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық талаптарын орындауы керек (10-қосымшаны қар.):

- автомобильді өлшеуде және онымен жұмыста;
- автомобиль доңғалақтарын шешу мен орнатуда;
- автокөлік кәсіпорнының аумағы мен өндірістік жайларында қозғалуда;
- өрттерді ескерту мен күйіктердің алдын алу бойынша.

Қауіпсіздік талаптарын басқа жұмыскер бұзғанын байқаған жағдайда, слесарь оған оларды бұзбауы туралы ескерту жасауы тиіс.

Слесарь сонымен қатар, еңбекті қорғау бойынша біріккен комитет (комиссия) өкілінің немесе кәсіподақ комитетінің еңбекті қорғау бойынша өкілетті (сенімді) тұлғасының нұсқауларын орындауы тиіс.

Слесарь зардап шегушіге №22 жазатайым оқиғаларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша типтік нұсқаулыққа сәйкес, дәрігерге дейінгі көмекті білуі және көрсетуі керек.

Слесарь мамандық бойынша тікелей міндеттерге қатысы жоқ түрлі жұмыстарды мақсатты нұсқаулықтарды алмай тұрып орындамауы керек.

2. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары

2.1. Автомобильдерді жөндеу мен техникалық қызмет көрсету бойынша өзіндік жұмысқа тиісінше мамандыққа ие, еңбекті қорғау бойынша жұмыс орнында кіріспе және алғашқы нұсқамалықты алған, жүк көтергіш механизмдерді басқару туралы білім тексерісінен өткен тұлғалар ғана жіберіледі.

2.2. Еңбекті қорғау бойынша уақытылы нұсқамалықтан өтпеген (3 айда бір реттен сирек емес) слесарь жұмысқа кіріспеуі керек.

2.3. Слесарь кәсіпорындарда бекітілген ішкі тәртіп ережелерін ұстануға міндетті.

2.4. Слесарьдың жұмыс уақытының ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс. Күнделікті жұмыс (ауысым) ұзақтығы ішкі еңбек тәртібі ережелерімен немесе жұмыс беруші кәсіподақ комитетімен орнатқан ауысым кестесімен анықталады.

2.5. Слесарь көлік құралдарын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуде оған әсер ететін ең қауіпті және зиянды өндіріс факторлары болып автомобиль, оның түйіндері мен бөлшектері, жабдықтары, құралдары мен аспаптары, электр тоғы, этилдендірілген бензин және жұмыс орнының келесі себептер бойынша жеткіліксіз жарықтануының табылатынын білуі керек:

2.5.1. Автомобиль, оның түйіндері мен бөлшектері – жөндеу үдерісінде ілініп тұрған автомобильдің немесе одан шешілетін түйіндер мен бөлшектердің құлап, нәтижесінде жарақаттануға әкеп соғуы мүмкін.

2.5.2. Гаражды-жөндеу және технологиялық құрылғы, құрал, жабдықтар – ақауы бар құрылғыны, құралды не жабдықты пайдалану жарақаттануды тудырады.

Слесарьға қолдану әдістеріне үйретілмеген және нұсқаулықтанбаған құрал, жабдық, құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады.

2.5.3. Электр тоғы — сақтандырудың ережелері мен шараларын орындамауда адамдарға электр жарақаттары (күйік, электр белгілері, терінің электрметаллдануы) және электр соғулары түріндегі қауіпті және зиянды әсерлер болуы мүмкін.

2.5.4. Бензин, әсіресе этилдендірілген — оның буларын тыныстауда, теріге, киімге тигенде, ағзаға тамақпен немесе ауыз сумен түскенде адам ағзасына улаушы әсер береді.

2.5.5. Жұмыс орнының және қызмет көрсетілетін (жөнделетін) түйіндер мен агрегаттардың жарықтандырылуы — жеткіліксіз және шамадан тыс жарық көрудің нашарлауын (артық күш жұмсауын), шаршаңқылықты тудырады.

2.6. Слесарь арнайы жұмыс киімінде жұмыс істеуі қажет және қажет болған жағдайда басқа да жеке қорғаныс құралдарын қолдануы қажет.

2.7. Жұмысшылар мен қызметкерлерге арнайы киім, аяқ киім және өзге де жеке қорғаныс құралдарын тегін берудің типтік салалық нормаларына сәйкес слесарьға беріледі:

2.7.1. Қозғалтқыштарды бөлшектеу, этилдендірілген бензинде жұмыс істейтін қозғалтқыш бөлшектерін тасымалдау, тасу және жуу жұмыстарын орындауда – вискозды-лавсанды костюм, резеңке алжапқыш, резеңке қолғап және етік.

2.7.2. Автомобильдер мен агрегаттарды бөлшектеу, жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын орындауда – вискозды-лавсанды костюм және құрама биялайлар.

Жтилдендірілген бензинмен жұмыс жасауда қосымша түрде – резеңке қосылған алжапқыш және резеңке қолғаптар.

2.7.3. Сыртқы жұмыстарда қыста қосымша түрде – жыулық іштіктердегі мақта-маталы күртке және шалбар.

2.8. Слесарь өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға, өрт сөндіру құралдарын пайдалана алуға міндетті.

Шылым шегу тек арнайы тағайындалған орындарда рұқсат етіледі.

2.9. Слесарь жұмыс барысында ұқыпты болып, бөлек істер мен әңгімелерге

алаң болмауы тиіс.

2.10. Өз жұмыс орнында қауіпсіздік талаптарының бұзылуын, сондай-ақ құрал-жабдықтар мен жеке қорғаныс құралдарының ақауын байқаған жағдайда слесарь оны өзінің тікелей басшысына мәлімдеуі керек және жұмысқа байқалған бұзылулар мен ақаулар жойылғанша кіріспеуі қажет.

2.11. Слесарь жеке бас гигиенасын сақтауға міндетті. Тамақтанар алдында немесе шылым шегу алдында қолды сабындап жууы керек, ал этилдендірілген бензинде жұмыс істеген автомобиль бөлшектерімен жұмыс жасаған жағдайда қолын керосинмен жуу қажет. Ішуге тек сол мақсатқа тағайындалған құрылғылардағы (сатуратор, су ішетін бак, фонтандар және т.б.) суды қолдану керек.

2.12. Осы нұсқаулықтың 1,2 тарауында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда, слесарь қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапқа тартылады.

3. Жұмыс алдындағы қауіпсіздік талаптары

3.1. Арнайы жұмыс киімін киіп, жең бүкпесін тағу.

3.2. Өз жұмыс орнын қарап, дайындау, өтетін жерлерге кедергі келтірмей, артық заттардың бәрін алып тастау.

3.3. Құрал-жабдықтардың болуын және жөнделігін тексеру. Бұл ретте сомынды бұрайтын кілтте жарықшақтар мен жапырылулар болмауы керек, кілттердің еріншесі қатар және түрілмеген болуы керек; ашымалы кілттер қозғалмалы бөліктерде әлсіремеуі керек; слесарьлық балғалар мен зілбалғалар кішкене шығыңқы, қиғаш емес, соғылмаған, жарықтарсыз және тойтарусыз соғатын бетке ие болуы керек, сондай-ақ сабына тісті сайлармен сынамен ажырату арқылы берік бекітілген болуы керек; балғалар мен зілбалғалардың саптарының беті тегіс болуы тиіс; ұратын құралдарда (кескіш, крейцмейсельдер, шапқы, кернерлер және т.б.) жарықтар, қылаулар және тойтарулар болмау керек; кескіштердің ұзындығы 150 мм-ден кем болмауы керек; егеу, қашау және басқа да құралдар үшкір жұмыс жасамайтын бетке ие болмауы керек және темір шығыршығы бар ағаш тұтқада мықтап бекітілуі тиіс; электр құралы тоқ өткізгіш бөліктердің ақаусыз оқшаулары мен сенімді жерге қосылуға ие болуы керек.

3.4. Жұмыс орнындағы еден күйін тексеру. Еден құрғақ және таза болуы тиіс. Егер еден ылғал немесе тайғақ болса, оны сұртуді не үгінділер себуді талап ету керек не өзі жасау керек.

3.5. Қозғалмалы жарықшамды қолданар алдында шамдағы қорғаныс торының болуын, баусымның дұрыстығын және оқшаулағыш резеңке түтіктің болуын тексеру. Бұл ретте қозғалмалы жарықшамдар электржелісіне 42 В-тан аспайтын кернеуде қосылуы тиіс.

4. Жұмыс барысындағы қауіпсіздік талаптары

4.1. Жұмыс барысында слесарь міндетті:

4.1.1. Кәсіпорын аумағындағы автомобильдің техникалық қызметі мен жөндеуінің барлық түрін тек арнайы осы мақсатқа тағайындалған орындарда орындауға.

4.1.2. Автомобильге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге ол кірден, қардан толықтай тазартылып, жуылғанынан кейін ғана кірісуге.

4.1.3. Автомобильді техникалық қызмет көрстеу не жөндеу орнына қойғаннан кейін, міндетті түрде оның тұрақ тежеуішімен тежеліп тұрғанын, оталдырудың өшіп тұрғанын (автомобильдегі жанармайдың дизельді қозғалтқышпен берілуі

жабылған ба), ауыстыруларды берілістерді ауыстыру тетігі (контроллер) бейтарап күйде орнатылғанын, газ баллонды автомобильдерде шығыс және торапты шұраптардың жабылғанын, арнайы кері шегінуге қарсы сүйеніштер – кебістердің салынғанын (дөңгалақ астына кемінде екеуін) тексеру.

Меңгерік дөңгелегіне «Қозғалтқышты жіберме – адамдар жұмыс жасауда» тақтасын іліп қою (8-қосымша қар.). Автомобильде қозғалтқышты іске қосатын қосарлы құрылғы болған жағдайда, сол құрылғыға ұқсас тақтаны іліп қою.

4.1.4. Автомобильді көтергішпен көтергеннен кейін көтергіштің басқару пультіне «Ұстауға болмайды – автомобиль астында адамдар жұмыс жасауда» тақтасын іліп қою, ал автомобильді гидравликалық көтергішпен көтергеннен кейін көтергішті өзіндік түсуден тіреуішпен қалпына салу керек.

4.1.5. Автомобильді, эстакаданы немесе көтергішті астынан қарап тексеру жырасынсыз жөндеуді тек жатақты қолданып іске асыру керек.

4.1.6. Қарап тексеру жырасы арқылы қауіпсіз өту үшін, сонымен қатар автомобильдің алды және артымен жұмыс жасау үшін өтпе көпірді, ал қарап тексеру жырасына түсу үшін осы мақсатқа арнайы салынған баспалдақты пайдалану.

4.1.7. Дөңгелекті тежеуші барабанмен, арнайы арба көмегімен шешу не салу. Егер күпшекті шешу қиын болса, арнайы алынғыштарды қолдану.

4.1.8. Автомобильге техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге байланысты барлық жұмыстар істен шығып тұрған қозғалтқышта жүзеге асыру, жасау технологиясы қозғалтқыштың қосылуын талап ететін жұмыстарды қоспағанда.

4.1.9. Қозғалтқышты қосу мен автомобильді жүргізу үшін осы жұмысты орындауға кәсіпорын бұйрығымен тағайындалған жүргізушіге, айдаушыға, бригадирге немесе слесарьға жүгіну.

4.1.10. Қозғалтқышты іске қосу алдында берілістерді ауыстыру тетігі (контроллер) бейтарап күйде тұрғанын, ал автомобиль астында және қозғалтқыштың айналма бөліктері маңында адамдардың жоқтығын тексеру.

Автомобильді астынан тексеруді қозғалтқышты істен ажыратып қана жүзеге асыру керек.

4.1.11. Кардан білігін айналдыру алдында оталдырудың өшкенін, ал дизельді қозғалтқышта жанармай берілуінің жоқтығын тексеру. Берілістерді ажыратып қосу тетігін бейтарап күйге қою, ал тұрақ тежеуішін босату, Қажетті жұмыстардың барлығын орындап болғаннан кейін тұрақ тежеуішін қайтадан тарту. Кардан білігін тек арнайы жабдық көмегімен айналдыру.

4.1.12. Қозғалтқышты автомобильге ол дөңгелектері бар кезде немесе арнайы тіреуіштерде болған кезінде ғана шешіп, орнату.

4.1.13. Дөңгелектерді шешу алдында автомобильдің көтерілген бөлігіне тіреуіштің тиісінше жүккөтергіштікті тіркемесін қойып, одан кейін оған көтерілген бөлігін түсіреді, ал көтерілмейтін дөңгелектер астына арнайы кері шегінуге қарсы мөлшері кемінде екеу болатын таяныштарды орнату.

4.1.14. Автомобильді кәсіпорын ішіндегі тұраққа кіргізу үшін және жолай тежеуішін тексеру үшін кезекшіні немесе оған бекітілген жүргізушіні шақыру.

4.1.15. Үлкен дене күшін талап ететін бөлу-жинау және басқа да бекіту амалдарында алынғыштарды, сомын бұрағыштарды және т.б. пайдалану. Күрделі босатылатын сомындарды қажетінше алдын ала керосинмен немесе арнайы құраммен ((«Унисма», ВТВ және т.б.) дымқылдату.

4.1.16. Жүк көтергіш механизммен жұмыс жасау алдында оның ақаусыз жұмыс жасап тұрғанын және жүк көтергіш механизмнің трафаретінде көрсетілген жүк көтергіш агрегаттың көтеретін массасының сәйкестігін, сонымен қатар оның сынау әрекетінің белгіленген мерзімін және алмалы жүкқармағыш құрылғыларда көтерілетін жүктің шектеулі массасы көрсетілген биркасының болуына көз жеткізу.

4.1.17. Массасы 20 кг және одан да көп (өйелдер үшін 10 кг) түйіндер мен агрегаттарды шешу және орнату үшін арнайы құралдармен жабдықталған көтеру механизмдерін қармау және басқа да механизацияның қосымша амалдары арқылы пайдалану. Егер көтеру мен тасымалдау үнемі ауысым бойында 7 кг болса, ауыр заттарды көтеру және орналастыруды басқа жұмыспен кезектестіріп орындау.

4.1.18. Бөлшектерді қолмен тасымалдауда абай болу, өйткені бөлшек (агрегат) қозғалу жолын шолуға кедергі келтіріп, қиымлды бақылаудан алаңдатып, дененің тұрақсыз күйін тудыруы мүмкін.

4.1.19. Қоректендіру жүйесімен байланысты түйіндер мен агрегаттарды шешуде салқындату және майлау, сұйықтықтың ағып кетуі мүмкін болғанда, алдымен оларан жанармайларды төгіп тастап, май мен салқындатқыш сұйықтықты арнайы ыдысқа құю.

4.1.20. Газды аппаратура, баллондарды шешуде немесе сомындарды қайтағуда оларда газдың болмауына көз жеткізу.

4.1.21. Рессораны шешу алдында міндетті түрде оны автомобиль массасынан автомобильдің артқы не алдыңғы бөлігін көтеру арқылы түсіру керек. Артынша тіреуіштерге рама орналастыру әрекетін жүзеге асырылады.

4.1.22. Бұрма стелд-аударғышпен жұмыс жасауда алдын ала жанармай мен салқындатылған сұйықтығын құйып алып, май құятын мойнын мықтап жауып, аккумуляторлы батареясын шешу арқылы автомобильді сенімді түрде бекіту.

4.1.23. Биік шанақты автобустар мен жүк автомобильдерін жөндеу мен қызмет көрсетуде мінбелер мен баспалдақ-басқыштарды пайдалану.

4.1.24. Самосвал көлігінің немесе самосвал тіркемесі көтерілген шынақ астында жұмыс істеу үшін және көтергіш механизм немесе олардың агрегаттарын ауыстыру не жөндеуде алдын ала шанақты жүктен босатып, міндетті түрде қосымша инвентарлық құралдарды (таяныш, фиксатор, штанга) орнату.

4.1.25. Тез тұтанатын, жарылу қаупі бар, уытты және басқа да қауіпті жүктерді тасымалайтын цистерна көліктерін жөндеу алдында, олардың сақтау резервуарларын аталған өнімдердің қалдығынан толықтай тазарту керек.

4.1.26. Этильдендірілген бензин, тез тұтанатын және улы сұйықтықтары бар цистерна ішінде немесе резервуарларда тазалау немесе жөндеу жүргізуде арнайы жұмыс киімінде, құбыршекті газтұтқышпен, баулы құтқару белбеуімен жүргізу керек. Ал резервуар сыртына бұл ретте арнайы нұсқауланған көмекші болуы тиіс.

Газтұтқыш құбыртегі сыртқа люк (өтетін тесік) арқылы шығарылып, жел жақ бетпен бекітілуі керек.

Резервуар ішіндегі жұмыскер белдігіне берік жіп бекітіледі, бір ұшы люк арқылы сыртқа шығарылып, берік байлануы тиіс. Төбедегі көмекші жұмыскерді бақылап, резервуарда жұмыс жасаушыны сақтандырып, жіпті ұстап тұруы тиіс.

4.1.27. Жанармайлы бактарды ондағы жанармайдан толық тазаланып, булатылғаннан кейін ғана жөндеу.

4.1.28. Рефрижераторлы автомобильдегі тоңазытқыш құрылғыларына

техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарын қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы ережелерге сәйкес орындау.

4.1.29. Газ жанармайында жұмыс жасайтын автомобильдерге жөндеу мен техникалық қызмет көрсету алдында алдын ала капотты капот асты кеңістігін желдетіп алу үшін көтеру керек.

4.1.30. Газ жүйесінің ақауына байланысты жұмыстар жүргізілуі тиіс автомобиль баллондарынан газды құйып алу (шығару) немесе оны арнайы белгіленген жерлерде шешіп, баллондарды тығыздалған ауамен, азотпен немесе басқа да инертті газбен үрлеу.

4.1.31. Газ аппаратурасын шешу, орнату және жөндеуді тек арнайы құрал-жабдықтан, құрылғылар көмегімен орындау.

4.1.32. Газ жүйесінің сңылаусыздығын тығыздалған ауамен, азотпен немесе басқа инертті газбен жабық шығынды және ашық торапты шұраларда тексеру.

4.1.33. Келтеқосқыштардағы құбыршектерді қамытшалармен бекіту.

4.1.34. Төгілген май мен жанармайды құм не үгінді көмегімен кетіру. Оларды пайдаланылғаннан кейін жай сыртында орналасатын қапакты темір жәшіктерге себу керек.

4.1.35. Жұмыс барысында құралды қолдың созуын қажет етпейтіндей етіп жақындатып қою.

4.1.36. Сомынды бұрайтын кілт көлемін тек ілме және дөңбек кілттерді, ал әрең жетегін орындарда зырылдауықты немесе топсалы басы бар кілттермен дұрыс таңдау.

4.1.37. Кілтті сомынға дұрыс салып, сомынды жұлқымау.

4.1.38. Кескіш не басқа да жарғыш құралмен жұмыс жасауда көзді металл бөдшектерден қорғау үшін көзілдірік кию, сондай-ақ, кескішке қолды қорғау үшін қорғаныс тығырығын кигізу.

4.1.39. Тығыз тұрған тістерді мен төлкелерді тек арнайы жабдықтар көмегімен баспақтай түсу.

4.1.40. Автомобильден шешіп алынған түйіндер мен агрегаттарды арнайы берік демеуіштерге қою, ал ұзын бөлшектерді тек көлденеңінен орналастыру.

4.1.41. Саңылаулардың өтестігін конусты жақтаумен тексеру.

4.1.42. Бұрғылайтын білдектерде жұмыс жасауда майда бөлшектерді қысқыштарға немесе арнайы құралдарға орнату.

4.1.43. Бұрғыланған саңылаулардан жоңқаны құралды алып, білдекті тоқтатқаннан кейін ғана алып тастау.

4.1.44. Қайрағыш білдекте жұмыс жасауда айналып жатқан абразивті шеңберге қарсы емес, қорғаныс көзілдірігі және экранды қолданып, бір қырындап тұру. Тірек пен абразивті шеңбер арасындағы саңылау 3 мм-ден аспау керек.

4.1.45. 42 В кернеуден асатын электр құралымен жұмыс жасауда электр құралымен бірге берілетін қорғаныс құралдарын (бейөткізгіштік резеңке қолғап, кебіс, кілемше) пайдалану.

4.1.46. Электр құралын жүйеге ақаусыз ашалық ағытпа болғанда ғана қосу.

4.1.47. Электр қуатын беруді тоқтатуда немесе жұмыстағы үзілісте электр құралын электр жүйесінен ажырату керек.

4.1.48. Верстактан, құрылғыдан немесе бөлшектен шаң мен жоңқаны көктеу шөткесімен немесе темір ілгекпен тазарту.

4.1.49. Пайдаланылған іріктелген материалды осы мақсатқа арнайы

тағайындалған қақпағы бар темір жәшіктерге салу.

4.1.50. Денеге немесе жеке қорғаныс құралдарына бензин не басқа да тез тұтанатын сұйықтықтардың тиіп кетуінде ашық от көзіне жақындауға, шылым шегуге және оттықты тұтандыруға болмайды.

4.1.51. Этилендірілген бензинмен немесе этилендірілген бензинде жұмыс жасайтын қозғалтқыш бөлшектерімен жұмыс жасауда бөлшектерді керосинмен зиянсыздандырып, төгілген бензинді дереу кетіріп, ол тиген орынды хлорлы әк ерітіндісімен зиянсыздандырып, этилендірілген бензинді арнайы құрал көмегімен ауыстырып құю.

4.1.52. Көтерме-көлікті механизмдерге ілінген агрегаттарды ілгектер мен болат сымдар көмегімен орналастыру.

4.2. Слесарьға **тыйым салынады**:

- тіреуіштерсіз және басқа да сақтандырғыш құрылғыларсыз, тек көтерме механизмдерге ілінген (стационарлық электр көтергіштерінен басқа) автомобильдер мен агрегаттар астында жұмыс жасауға;
- агрегаттарды көтерме механизмнің арқаны мен шынжырларын қиғаш созуда көтеруге, сондай-ақ агрегаттарды матауышпен, сыммен және т.б. бекітуге;
- самосвал көлігінің және оның тіркемесінің көтерілген шанағы астында арнайы инвентарлық бекіткіш құралсыз жұмыс істеуге;
- арнайы қосымша таяныш орнына кездейсоқ тіреуіштер мен төсемелерді пайдалануға;
- зақымданған немесе дұрыс орнатылмаған таяныштармен жұмыс жасауға;
- қысымда тұрған газ аппаратурасында немесе баллондарда қандай да бір жұмыстарды орындауға;
- электр құралын кабелінен ұстап тасу, сондай-ақ олар тоқтағанша айналма бөліктерін қолмен ұстауға;
- шаң мен жоңқаны тығыздалған ауада үрлеуге, ауаны жанында тұрған адамдарға не өзіне бағыттауға;
- жұмыс орнында майланған таңдаулы материалдарды, сондай-ақ таза таңдаулы материалдарды пайдаланылғандарымен бірге сақтауға;
- этилендірілген бензиді бөлшектерді, қолды және басқа да дене мүшелерін жууға, сонымен бірге бензинді ауызбен түтік арқылы соруға;
- агрегаттарды, түйіндерді және олардың бөлшектерін тез тұтанатын сұйықтықтармен жууға;
- стеллаждар арасындағы өткелдерді үйіп тастауға және жайдан шығу орындарын материалдармен, жабдықпен, ыдыспен, шешілген агрегаттармен және т.б. бітеп тастауға;
- өңделген майды, жанармай мен майлы материалдардан қалған бос ыдысты сақтауға;
- кәсіпорындағы этилендірілген бензинмен ластанған арнайы киімдерді үнемі киіп жүруге, сонымен бірге ол киіммен асханаға және қызметтік жайларға кіруге;
- жиылмалы басқыштарды пайдалануға;
- тығыздалған газды атмосфераға шығаруға немесе сұйылтылған газды жерге төгуге;
- торапты және шығынды шұраларды ашып-жабуға қосымша тетіктерді пайдалануға;

- құбыршектерді бекітуге сымдар мен басқа да заттарды пайдалануға;
- құбыршектер мен түтікшелерді бұрауға, жалпитып тастауға және майыстыруға, майланған құбыршектерді пайдалануға;
- жаншылған шектері бар сомындар мен бұрандамаларды қолдануға;
- майда бөлшектерді бұрғылауда қолмен ұстап тұруға;
- кілт ашасы мен сомын, бұрандама арасында қабат орнатуға, сондай-ақ кілттерді құбырлармен немесе басқа да заттармен шығаруға;
- этилендірілген бензин құйылған бетті залалсыздандыру үшін құрғақ хорлы әкті пайдалануға;
- көтерме механизмдерде ілінген агрегаттарды итеруге және тартуға;
- конвейерді ауыстыру туралы дабылды қабылдай тұра жұмыс жасауға.

5. Апаттық жағдайлардағы қауіпсіздік талаптары

5.1. Өзі куәгер болған әрбір жазатайым оқиға туралы слесарь дереу жұмыс берушіге хабарлап отыруы керек, ал зардап шегушіге дәрігерге дейінгі көмек көрсетіп, дәрігер шақырып немесе оны денсаулық пунктіне не болмаса жақын маңдағы медицина мекемесіне жеткізуге көмектесуі қажет.

Егер жазатайым жағдай слесарьдың өзімен болса, ол мүмкіндігінше денсаулық пунктіне барып, болған жайды жұмыс берушіге хабарлап, не болмаса оны жанындағылардың біреуіне тапсыру керек.

5.2. Өрт туындаған жағдайда бұл жайлы дереу түрде өрт күзетіне, жұмыс берушіге хабарлап, қолда бар өрт сөндіру құралдарымен өртті сөндіруге кірісу қажет.

6. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары

6.1. Электр құрылғысын электр жүйесінен ажыратып, жергілікті желдетуді өшіру.

6.2. Жұмыс орнын ретке келтіріп, құрылғылар мен құралдарды өздеріне тиісті орындарға қою.

6.3. Егер автомобиль арнайы тіреуіштерде қалса, оның орнатылу беріктігін тексеру. Тек көтерме механизммен ілінген автомобиль мен агрегатты қалдыруға тыйым салынады.

6.4. Жеке қорғаныс құраладрын шешіп, оларды тиісті орындарына апарып қою. Арнайы киімдер мен өзге де жеке қорғаныс құралдарын өз уақытында химиялық тазалау орны (жууға) мен жөндеуге өткізу.

6.5. Қолды сабынмен жуу, ал этилендірілген бензинде жұмыс жасайтын қозғалтқыштың бөлшектері және түйіндерімен жасалған жұмыстан кейін қолды керосинмен жуу керек.

6.6. Жұмыс барысында табылған барлық кемшіліктер туралы тікелей өз бастығына мәлімдеп отыру.

**Автокөліктерге жанармай құю станциясы операторы үшін
еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық**

(РФ Еңбек министрлігімен 17 мамыр 2004 ж. бекітілген)

1. Еңбекті қорғаудың жалпы талаптары

1.1. Нағыз нұсқаулықта стационарлық, қозғалысты және контейнерлік автокөліктерге жанармай құю станцияларының (ЖҚС) операторлары үшін еңбекті қорғаудың негізгі талаптары қарастырылады.

1.2. ЖҚС қызметіне 18 жасқа толған, тағайындалған тәртіпте оқудан, жұмыс орнында тағылымдамадан, білім тексерісінен, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқамалықтан өткен тұлғалар қабылданады.

ЖҚС жұмыскерлері үшін қайталама нұсқамалық бір тоқсанда кемі бір мәрте, ал мамандар үшін жарты жылдықта кемі бір мәрте жүргізіледі.

1.3. ЖҚС барлық жұмыскерлері жұмысқа қабылданар алдында алдын ала медициналық тексерістен және жұмыс барысында мерзімдік медициналық тексерістен өтуге міндетті.

1.4. ЖҚС жұмыскерлері улану, жарақаттану, күйік салдарын алып келетін зиянды және қауіпті өндіріс факторларының әсеріне ұшырауы мүмкін.

1.5. Өз қызметтерін атқару үшін ЖҚС операторлары арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және тиісті нормаларға сәйкес жеке қорғаныс құралдарымен, ал қажет болған жағдайда арнайы құрылғылармен жабдықталуы тиіс.

1.6. ЖҚС аумағы қараңғы тәулік уақытында жарықпен қамсыздануы керек. Әсіресе, көліктерге жанармай құю орындарына және мұнай өнімдерін ЖҚС резервуарларына құю орындарына көңіл бөліну керек.

1.7. Резервуарларды, құдықтарды (жертөлелерді) және бағаналарды тексерудегі жергілікті жарықтандыру үшін жарылу қаупі жоқ кернеуі 12 В-тан аспайтын аккумуляторлы шамдарды қолданған жөн. Оларды бағаналардан тыс және жанармай құю бағаналарынан 3 м қашықтықта қосып-өшіруге болады.

1.8. Жайларда және ЖҚС аумағында орналасқан өрт сөндіру құралдарын ақаусыз және кез келген сәтте пайдалануға дайын етіп ұстау керек. Өртке қарсы құрал-саймандарды тағайындалмаған орындарда қолдануға болмайды.

1.9. ЖҚС диспетчерлік пунктпен немесе мұнай базасы басшылығымен телефонды (радиотелефонды) байланыста болуы керек, сондай-ақ жақын маңдағы өрт сөндіру бөлімімен және құқық қорғау органдарымен.

Телефонды (радиотелефонды) байланысты ақаусыз күйде ұстаған жөн.

1.10. ЖҚС зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсететін қажетті дәрі-дәрмектері бар кобдишаға ие болулары керек.

ЖҚС қызметкерлері жазатайым оқиғаларда зардап шегушілерге алғашқы көмек көрсету тәсілдерін оқып-үйренулері керек.

1.11. Санитарлық-тұрмыстық жайларда тазалық сақтап, желдетіп тұру керек.

1.12. ЖҚС аумағында көлік қозғалысының жылдамдығы 5км/сағ. Аспауы керек.

Көліктің жер асты резервуарларымен өтуіне жол берілмейді.

1.13. ЖҚС аумағында техникалық мақсаттарда қазылған траншеялар мен орлар қоршалып, ескерту белгілерімен көрсетіліп, жұмыс аяқталғанда көміп тасталу керек.

1.14. Қыс айларында ЖҚС аумағындағы жаяу жүргіншілік және жолдың жүретін бөлігін қардан, мұздан тазартып, құм себу керек.

2. Жұмыс басталар алдындағы еңбекті қорғау талаптары

2.1. Тиісті нормаларға сәйкестендірілген арнайы киімдерді киіп, жеке қорғаныс құралдарын тексеру.

2.2. Технологиялық жабдық жөнділігін және өрт сөндірудің алғашқы құралдарын тексеру.

3. Жұмыс уақытындағы еңбек қорғау талаптары

3.1. Мұнай өнімдерін ЖҚС резервуарларына құю алдында автопойызды автокөлік қозғалыс жүрісі бойынша орнатып, оған апаттық жағдайларда ЖҚС аумағында еркін жүруді қамтамасыз ету.

3.2. Мұнай өнімдерін құю алдында қажет:

- резервуардың, оның құрылғысының, технологиялық құбыр жолдарының және ілмекті арматураны ауыстыру жөнділігіне көз жеткізу.
- автоцистернаның құю құрылғысының ақаусыз екеніне көз жеткізу.
- Резервуарға цистернадан мұнай өнімі құйылып біткенше автокөліктердің жанармай құюларын тоқтата тұру.

3.3. Мұнай өнімдерін құю кезінде автомобиль қозғалысына ЖҚС резервуарларының құю құрылғыларынан кемі 8 м қашықтықта жол берілмейді.

3.4. ЖҚС жерасты және жерүсті резервуарларына мұнай өнімдерін құюды саңылаусыздандыру қажет.

Тамшылар ағатын құбға жол берілмейді.

Құюды автоцистернаның ітен шыққан қозғалтқышында жерге тұйықталғаннан кейін жүзеге асады. Жерге тұйықталатын өткізгішті алдымен цистерна корпусына, одан кейін жерге тұйықталатын құрылғыға бекіту керек. Автопойыздың әрбір цистернасын бөлек-бөлек одан мұнай өнімдерінің толық құйылуынан кейін жерге тұйықтау қажет.

Жерге тұйықталуды резервуарлардың құю құрылғыларынан құбыршектерді үзіп тастағаннан кейін алу керек (алдымен жерге тұйықталатын құрылғыдан, одан кейін цистерна корпусынан).

3.5. Люк пен резервуарлар құдығының қақпақтарын ұшқын түзілуін болдырмас үшін ептеп, соққысыз ашып-жабу.

3.6. Автомобильді цистерналар люктерін, құдықтарды және резервуарларды ашатын немесе оларға салаларды үлестіретін жұмыскерлерге мұнай өнімдерінің буларын тыныстаудан аулақ болу үшін жел жақ бетте тұрғандары жөн.

3.7. Мұнай өнімдерін автоцистернадан ЖҚС резервуарларына құю үдерісін ЖҚС операторы және автоцистерна жүргізушісінің көзінше жасау қажет.

Мұнай өнімдерінің шығып кетуін байқаған жағдайда құюды дереу тоқтату керек.

3.8. ЖҚС-да көлікке жанармай құюда келесі ережелерді сақтау қажет:

- құюда тұрған автомобиль мен оның артындағы көлік арасы 3 м-ден кем болуы керек, ал одан кейінгі кезекте тұрған көліктер арасы 1 м-ден кем;
- мотоцикл, мотороллер және мопедті жанармай үлестіргіш және араластырғыш бағаналарға олардан 15 м қашықтықта қолмен өшірілген

қозғалтқышпен орналыстыру қажет;

- автомобильге жанармай құюдың барлық амалдарын жүргізушінің көзінше, сөндірулі қозғалтқышта жасау керек. Өшірілмеген қозғалтқышпен жанармай құю тек төменгі температура жағдайында, өшірілген қозғалтқышты іске қосу қиын болуы мүмкін болған кездері ғана рұқсат етіледі;
- автомобильге құйылып кеткен мұнай өнімдерін жүргізуші қозғалтқышты іске қосқанша құрғақтап сүрту керек. Жерге құйылған мұнай өнімдерін құммен көміп тастаған жөн. Сіндірілген және пайдаланылған іріктеулі материалды қақпағы жабылатын темір жәшіктерге жинап, ЖҚС аумағынан арнайы тағайындалған орындарға жіберіледі;
- жолаушылары бар автомобильді (жеңіл көліктерден басқа) жанармай құюға жібермеу керек;

3.9. Жанатын немесе жарылу қаупі бар жүктерімен автомобильдерді арнайы осы мақсаттарға жабдықталған, ЖҚС аумағынан 25 м қашықтықта орналасқан алаңдарда жүзеге асырады.

3.10. Мұнай өнімдерінің сынамаларын темір шкафта ЖҚС операторлық ғимаратынан тыс жерде сақтаған жөн.

3.11. Мұнай өнімдерін резервуарларға құю, олардың деңгейлерін өлшеп, сынамаларын іріктеу, сондай-ақ ЖҚС-да көлікке май құю жанбырлы күндері рұқсат етілмейді.

3.12. ЖҚС аумағында рұқсат етілмейді:

- шылым шегуге және ашық отты пайдалануға;
- мұнай өнімдерін қабылдау, сақтау және жіберуге қатысы жоқ қандай да бір басқа жұмыстарды жасауға;
- жайларда тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтауға;
- қолды, киімді және еденді тез тұтанатын сұйықтықтармен жууға;
- құю аймағында жанармай құю немесе мұнай өнімдерін құюға қатысы жоқ тұлғалардың болуы;
- жүргізушілері масайған күйдегі көлікке жанармай құюға;
- бензинді полиэтиленді канистралар мен шыны ыдыстармен жіберуге;
- ЖҚС жайларында уақытша электр сымдар жүйесін, электр плиталарын, жылытқыштарды және басқа да ашық қыздыру элементтері бар электр құралдарын пайдалануға;

4. Апатты жағдайларда еңбекті қорғау талаптары

4.1. ЖҚС-ғы апатты жағдай деп санауға болады:

- ЖҚС-ның жануы;
- электр құрылғыларының ақауы;
- мұнай өнімдерінің жанармай үлестіруші бағанадан, резервуардан шығып кетуі;
- ЖҚС-ғы газдылық (100 мг/м^3 –нан аса);
- мұнай өнімдерін қабылдауда төгілу және мөлшерден асып шығуы.

4.2. Барлық апатты жағдайларда жедел түрде жалпы электр ажыратқышын өшіріп, автомобильдерге жанармай құюды тоқтату керек.

4.3. Өрт туындаған жағдайда өрт сөндіру тобын шақырып, қолда бар құралдармен өртті сөндіруге кірісу, көмекке автокөлік жүргізушілерін шақырып, мұнай базасы диспетчеріне хабарлау керек.

4.4. Электр құрылғысын өз бетінше жөндеуге тыйым салынады. Электр құрылғысын да ақау пайда болған жағдайда электрслесарьды шақыру керек.

4.5. Мұнай өнімінің шығып кеткенін байқаған бойда, жанармай үлестіргіш бағананы өшіріп, оны жөндеуге мамандарды шақыру қажет. Резервуардан мұнай өнімінің шығып кеткенін байқаған жағдайда, ЖҚС аумағын автомобильдерден босатып, ұйым басшысына хабарлап, ауысым қабылдау және өткізу журналына жазу керек.

4.6. ЖҚС ғимаратында газдануды байқаған жағдайда, оны табиғи вентиляция арқылы желдетіп алу керек (есік, терезені ашу), аса газданудың көзін анықтап, ұйым басшылығына хабарлап, ауысым қабылдау және өткізу журналына жазу керек.

4.7. Мұнай өнімдерін төгіп алуда (шамадан тыс құюда) барлық технологиялық амалдарды тоқтатып, ЖҚС аумағын автомобильдерден босатып, төгілген мұнай өнімін кетіріп, орнын құммен жабу қажет. Апаттық жағдайды өз күшімен тоқтата алмаған жағдайда, ұйым басшылығына хабарлап, апаттық қызметті шақыру қажет.

5. Жұмыс аяқталғаннан кейінгі еңбекті қорғау талаптары

5.1. Арнайы киімді шешіп, шкафқа салу. Арнайы киім мен аяқ киімді жеке киімдерден бөлек ұстаған жөн.

5.2. Жуар алдында арнайы киімді ашық ауада кемі екі сағат желдетіп алу керек. Арнайы киімді жөндеуді ол жуылғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

5.3. Жұмыс орнын келесі ауысым келгенше қараусыз қалдыруға болмайды.

Жұмыс орнының төлқұжаты

Жұмыскерлер мен қызметкерлердің жұмыс орнының төлқұжатына (типтік жоба) келесі бөлімдер кіреді:

- белгілеу мен жалпы сипаттама;
- жұмыс орнын жоспарлау және бір қызметкерге арналған алаңдар нормативтері;
- жиһаз, құрылғы және техникалық құралдар;
- атқарымдық міндеттер (жұмыстың негізгі элементтері);
- еңбек әдіс-тәсілдері;
- еңбек жағдайы;
- еңбекақы;
- қызмет көрсету ұйымы;
- тәртіптік құжаттама;
- жұмыс орнының жүктемесі (нормалану);
- еңбекті қорғау;
- қауіпсіздік техникасы.

Жұмыс орындарының төлқұжаттарын жасаудағы бастапқы деректер:

- жұмыс орындарының типтік төлқұжаты;
- қызметкерлердің жұмыс орындарының үлгілері;
- кәсіпорындардың штат кестесі;
- еңбекақы ережелері;
- техникалық құралдарды монтаждау сызбасы;
- пайдалану нұсқаулықтары;
- басқару еңбегінің нормативтері;
- қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар;
- ғимараттың (кеңсенің) жұмыс жобасы;
- жиһаз бен құрылғы сипаттамасы;
- бөлімшелер туралы ережелер;
- қызметтік нұсқаулықтар;
- қызметкерлердің еңбек шарттары.

**Автомобиль жүргізушілерінің еңбек гигиенасы
бойынша санитарлық ережелері (№ 4616-88 РФ Еңбек
министрлігімен 5 мамыр 1998 ж. бекітілген)**

Аталмыш санитарлық ережелер автобус, жүк көлігі, жеңіл және арнайы көліктерді жүргізушілердің еңбек жағдайына негізгі талаптарды ретке келтіреді.

Жұмыс аймағының микроклиматы мен ауасына қойылатын талаптар. Санитарлық-техникалық құралдар (желдету, жылу, жылу оқшаулау, ауа баптау) автомобиль кабинасында П.7.1 кестесінде көрсетілген микроклиматтың оңтайлы параметрлерінің, не болмаса П.7.2 кестеде көрсетілген микроклиматтың шектеулі ұйғарынды параметрлерінің болуын қыздырылған қозғалтқышты автомобильдің үздіксіз қозғалысының басталуынан кемі 30 минутта қамтамасыз етеді.

Кабинаның ішкі бетінің температурасы кабинадағы ауа температурасынан 3°C-тан артық өзгешеленбеу керек.

Желдету, жылу және ауа баптау жүйелері кабина әйнектерінің тершуін (катуын) жою керек.

Автомобиль кабинасындағы зиянды заттар концентрациясы жұмыс аймағындағы ауадағы зиянды заттектердің шектеулі ұйғарынды концентрациясы тізімінде көрсетілген мәндерінен аспауы керек.

П.7.1 кестесі Микроклиматтың оңтайлы параметрлерінің мәні

Жыл маусымы	Автомобиль түрлері	Ауа температурасы, °C	Қатысымдық ылғалдылық, %	Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с, аспайды
Салқын	Жеңіл	20....23	60....40	0,2
және аралық	Жүк және автобус	18....20	60....40	0,2
Жылы	Жеңіл	20....25	60....40	0,2
	Жүк және автобус	21....23	60....40	0,3

П.7.2 кестесі Микроклиматтың шекті параметрлерінің мәні

Автомобиль түрлері	Ауа температурасы, °C	Қатысымдық ылғалдылық, % аспайды	Ауа қозғалысының жылдамдығы, м/с, аспайды
Жеңіл	19....25	75	0,2
Жүк және автобус	17....23	75	0,3

Кабиначсында алдын ала қарастырылған нығыздағыш және кілемшелердің техникалық құжаттамасы жоқ автомобильдер пайдаланылуға жіберілмейді.

Шудың, инфрадыбыстың және дірілдің ұйғарынды деңгейлері. Жүк көліктерінің кабиначсындағы дыбыс деңгейі 70 дБА-ден аспауы тиіс.

Жеңіл көлік және автобус кабиначларындағы дыбыс деңгейлері 60 дБА-дан аспауы керек.

Тетіктер мен басқару органдарындағы жергілікті діріл деңгейі СН 2.2.4/2.566—96 көрсетілген мәннен аспауы тиіс.

Автомобиль кабиначсын жарықтандыруға қойылатын талаптар. Ортақ жарық беру шамдары қамтамасыз ететін кабиначлардың жарықтандырылуы аспаптар қалқаншасы деңгейінде 10 лк құрайды. Аспап межелігінің жарықтандырылуы 1,2 лк кем болмауы тиіс.

Еңбек және тынығу тәртібіне қойылатын талаптар. Мемлекеттік автокөлік жүргізушілерінің еңбек және тынығу тәртіптері жұмыс уақыты және автомобиль жүргізушілерінің жұмыс уақыты және тынығу уақыты туралы қағидаға сәйкес орнатылады.

Автокәсіпорын әкімшілігі жұмысшылардың жүйкелік-психикалық күйзелісін және өндірістік қажуын төмендетуге бағытталған іс-шараларды енгізуге міндетті (кіріспе гимнастика, дене шынықтыру минуты, дене шынықтыру іркілісі, психологиялық жеңілдену және т.б.).

Үстеме жұмысқа тартуға және жұмыс ауысымының ұзақтығын 10 сағаттан аса тағайындау мына жүргізушілерге рұқсат етілмейді: көлік жүргізу өтілі кемінде 3 жыл, 55-тен аса жас шамасындағы, жиі және ұзақ сырқаттанатын (жылыны 3 мәрте және одан да жиі, еңбекке жарамсыздық жағдайының біреуінің ұзақтығы 30 күн), бірыңғай жағдай ретінде автокөлік құралдарын басқаруға медициналық жүргізушілік комиссияға жіберілген жүргізушілер.

Тынығу мен тамақтануға арналған үзіліс жүргізушілерге 45-60 минут (бірақ 2 сағаттан артық емес) ұзақтықта, реті келсе, жұмыс ауысымының ортасында белгіленеді, бірақ жұмыс басталғаннан 4 сағаттан кеш емес.

Жүргізушілердің еңбектік ауысымды ұйымдастырылу жағдайында ауысымның өзгеруі тек демалыс күнінен кейін ғана рұқсат етіледі.

Қоршаған ортаны қорғауға қойылатын талаптар. Көліктің сыртқы шуы П.7.3 кестеде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі керек.

Қоршаған ортаны қорғау мақсатында автомобильдерді пайдалануда рұқсат етілмейді:

- а) көлікке май құюда жанармайды төгуге;
- б) қартердегі майдың ағуына, майдың жолда ағуына;
- в) шанақты және салонды белгіленбеген жерде жуып-шаюда;
- г) белгіленбеген жерлер мен жайларда қоршаған ортаның, атмосфераның, ашық су қоймаларындағы жер мен судың, (сырлау, дәнекерлеу, пісіру және т.б.) ластануымен байланысты жөндеу жұмыстарын жүргізу.

Санитарлық-тұрмыстық және медициналық-профилактикалық қызмет көрсету бойынша талаптар. Автокөлік кәсіпорындары орындалатын жұмыстың сипаты мен түріне байланысты санитарлық-тұрмыстық жайлармен және құрылғылармен және сауықтыру-профилактикалық шараларын жүргізетін жайлармен қамсыздандырылулары керек. Жайлардың құрамы мен жабдығын ВСН 01—89 (автомобильдерге қызмет көрсету бойынша кәсіпорындардың жобалау

П.7.3 кестесі Түрлі типтегі автомобильдердің сыртқы шуларының шекті ұйғарынды деңгейлері

Автомобиль типтері	Дыбыс деңгейі, дБА
Жеңіл көліктің шассісіне құрастырылған жеңіл автокөліктер және автокөлік құралдары	82
Жүк және жүкжөлаушы тасымалдағыш автомобильдер, тартқыш автомобильдер, толық массалы фургон	84
автомобильдер	89
3 500 кг дейін	91
3 500-нан 12 000 кг дейін	
12 000 кг жоғары, қозғалтқыш күші 162 кВт дейін	
2 000 кг жоғары, қозғалтқыш күші 162 кВт асатын	
Толық массамен автобустар:	84
3 500 кг дейін	89
3 500 кг жоғары, қозғалтқыш күші 162 кВт дейін	91
3 500 кг жоғары, қозғалтқыш күші 162 кВт асатын	

нормалары) , СНИП 2-09-04 — 87 (әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар), СанПиН 2.2.1/2.1.1.1200—03, СП 2.2.1.1312—03 (жобалау нормасына гигиеналық талаптар), ТЖСН-02 — 86 (технологиялық жобалаудың салалық нормалары).

Жеке бас гигиенасын ұстану үшін жүргізуші автомобильде (қолданыстағы тиісінше нормаларға сәйкес, автомобильдің сипаттамасын, жанармай түрін, тасымалдау шарттарын есепке ала отырып және т.б.) жуу заттарын (беттік белсенді, «Ралли» тәріздес тері қабаттарына қолдануға жарамдылар), қол жууға арналған шөтке, сүлгі және қолды жанар-жағармайлардан сұртуге арналған шүберектерді салып жүруі тиіс.

Автокөлік кәсіпорнының әкімшілігі жүргізушілерді тамақтандыруды қамтамасыз етуді келесі кеңестерге сәйкес келесі шараларды қолдауы тиіс: тамақты қабылдау белгілі тәртіпке сүйенуі тиіс, тамақтану аралығы 4-5 сағаттан аспау қажет, жұмысқа шығар алдында тамақтану міндетті, кешкі ас ұйқыға кетуге кемінде 2-2,5 сағат қалғанда ішілуі тиіс.

Қаларалық жүк тасымалдауда жұмыс жасайтын жүргізушілерді сапар ұзақтығы бір ауысымнан көп болуында АҚК оны қамтамасыз ету керек:

а) тамақ ішуге және жасауға арналған ыдыс жинағы, приму немесе қосымша баллонды шағын газ плитасы, ыдыс жууға арналған құрал, 2 л көлемдегі термос, 2 л көлемдегі ауыз суға арналған құты бар сапарлы чемодан;

б) тынығу (қонақ үйлер), тамақтану, медициналық қызмет көрсету пунктері көрсетілген қозғалыс бағытының карта-сызбасы.

Көлігі бар АҚК және басқа ұйымдар әкімшілігі жүргізушілерге міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерісті қамтамасыз етуі керек.

Санитарлық-гигиеналық көрсеткіштер тізіміне (автомобиль жүргізушісінің жұмыс орнының санитарлық төлқұжаты) кіреді:

1. Кабина үшін — саңылаусыздық, едендік кілемшелердің болуы, қаптауыш жағдайы.
2. Орындықтар үшін — қаптауыш жағдайы, ретке келетін механизм жағдайы.
3. Кабинаның әйнектелуі үшін — алдыңғы әйнек, артқы әйнек, бүйірдегі әйнек, әйнек тазартқыштар, әйнек көтергіштер жағдайы.
4. Артқы көрініс айнасының болуы және жағдайы.
5. Желдету жүйесінің жұмыс қабілеттілігі.
6. Жылу жүйесінің жұмыс қабілеттілігі.
7. Жұмыс аймағы ауасының құрамы.
8. Жұмыс орнындағы ортақ және басқару органдарындағы жергілікті дірілдер деңгейі.
9. Сыртқы және ішкі шу деңгейлері.
10. Кабинадағы инфрадыбыс деңгейі.
11. Қозғалтқыштың пайдаланылған газдарының уыттылық деңгейі.


Қауіпсіздік таңбалары (МС Р 12.4.026—2001)


Сигналдық түстерді, қауіпсіздік таңбаларын және сигналдық белгілеулердің мәні сөз қолданбастан немесе олардың аз мөлшерімен қауіпсіздік, адам өмірін және денсаулығын сақтау, материалдық зиянға қатысты тиісінше талаптардың мәндес түсінігін қамтамасыз етуден тұрады.

Сигналдық түстер, қауіпсіздік таңбалары және сигналдық белгілеулер өндірістік, қоғамдық және басқа жерлердегі адамдардың көңілін қауіптілікке, қауіпті жағдайларға, сондай-ақ қауіптен аулақ болу мақсатында сақтандыруға, қауіпті елеулі жағдайында мүмкін болатын нәтижелерді, анық әрекеттердің белгілеулері немесе талаптары және қажетті ақпаратты хабарлауда қолданылады.

Қауіпсіздік таңбаларының геометриялық формалары, сигналды түстері мен мағыналы мәндері П.8.1—П.8.8 кестелерінде көрсетілген.

П.8.1 кесте. Қауіпсіздік таңбалары тобының пішіні

Геометриялық пішін. Сигналды түс	Мағыналы мәні
<i>Тыйым салатын таңбалар</i>	
Көлденең сызықпен шеңбер. Қызыл 	Қауіпті қылық не әрекетке тыйым салу
<i>Ескертпе таңбалар</i>	
Үшбұрыш. Сары 	Мүмкін қауіп туралы ескертпе. Сақтық. Назар аударыңыз

Геометриялық пішін. Сигналды түс	Мағыналы мәні
<i>Нұсқау белгілері</i>	
Дөңгелек. Көк 	
<i>Өрт қауіпсіздігі таңбалары</i>	
Шаршы немесе тік төртбұрыш. Қызыл  немесе 	Өртке қарсы қорғаныс құралдарының және олардың элементтерінің орнын белгілеу және көрсету
<i>Эвакуациялық таңбалар және медициналық және санитарлық белгілеулер таңбасы</i>	
Шаршы немесе тік төртбұрыш. Жасыл  немесе 	Эвакуациядағы қозғалыс бағытын белгілеу. Құтқару, апаттар немесе өрттегі алғашқы көмек.
<i>Нұсқау таңбалары</i>	
Шаршы немесе тік төртбұрыш. Көк  немесе 	Жазулар, қауіпсіздікті қамсыздандыратын ақпараттар



Р 01. Шылым шегуге тыйым салынады



Р 02. Ашық отты пайдалануға және шылым шегуге тыйым салынады



Р 03. Өтуге тыйым салынады



Р 04. Сумен сөндіруге тыйым салынады



Р 05. Ауыз су ретінде тұтынуға тыйым салынады



Р 06. Бөтен тұлғаларға кіруге тыйым салынады



Р 07. Егістік көлігінің қозғалысына тыйым салынады



Р 08. Ұстауға тыйым салынады. Қауіпті



Р 09. Ұстауға тыйым салынады. Корпус кернеуде



Р 10. Қосуға болмайды



Р 11. Жүрек қызметін үдетілетін адамдардың жұмыс жасауына (тұруына) тыйым салынады



Р 12. Жолы бөгеуге және (немесе) қаттауға тыйым салынады



Р 13. Адамдардың шахта оқпанымен көтерілуіне (түсуіне) тыйым салынады (жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады)



Р 14. Жануарлармен кіруге (өтуге) тыйым салынады



Р 16. Металл қондырымдары бар адамдардың жұмыс жасауына (тұруына) тыйым салынады



Р 17. Суды шашуға тыйым салынад



Р 18. Ұялы телефонды немесе тасымалды рацияны қолдануға тыйым салынады



Р 21. Тыйым салыну (өзге де қауіптер немесе қауіпті әрекеттер)



Р 27. Өзімен бірге (өзінде) металл заттарды алып жүруге тыйым салынады (сағат және т.б.)



Р 30. Тамақтануға тыйым салынады



Р 32. Құрылғы элементтеріне үлкен амплитудадағы сермеу қимылымен жақындауға тыйым салынады



Р 33. Қолмен алуға тыйым салынады.
Сусымалы масса (берік емес қаптама)



Р 34. Адамдарды көтеру (түсіру) үшін жедел сатыны пайдалануға тыйым салынады

П.8.3 кесте. Ескертетін қауіпсіздік таңбалары



W 01. Өрт қаупі бар. Тез тұтанатын заттар



W 02. Жарылу қаупі бар



W 03. Қауіпті. Улы заттар



W 04. Қауіпті. Күйдіргіш және коррозиялық заттар



W 05. Қауіпті. Радиобелсенді заттар немесе иондаушы сәулелену



W 06. Қауіпті. Жүктің құлауы мүмкін



W 07. Назар аудар. Автотиегіш



W 08. Электр тоғымен зақымдану қаупі



W 09. Назар аудар. Қауіпті (басқа да қауіптер)



W 10. Қауіпті. Лазерлік сәулелендіру



W 11. Өрт қаупі бар. Тотықтырғыш



W 12. Назар аудар. Электр магнит өрісі



W 13. Назар аудар. Магнит өрісі



W 14. Абайла. Байқалуы шамалы кедергілер



W 15. Абайла. Биіктен құлап кету мүмкін



W 16. Абайла. Биологиялық қауіп (жұқпалы заттар)



W 17. Абайла. Суық



W 18. Абайла. Денсаулыққа зиянды аллергиялық (тітіркендіргіш) заттар



W 19. Газды баллон



W 20. Абайла. Аккумулятор батареясы



W 22. Абайла. Тілгіш біліктер



W 23. Назар аудар. Қысылып қалу қаупі



W 24. Абайла. Төңкерілуі мүмкін



W 25. Назар аудар. Құрылғы автоматты түрде қосылады




W 26. Абайла. Ыстық беткі қабат




W 27. Абайла. Қолдың жарақаттануы мүмкін



W 28. Абайла. Тайғанақ



W 29. Абайла. Айналма элементтер арасында созылым болуы мүмкін



W 30. Мұқият. Поезд тарылту (өтпе)

П.8.4 кесте. Қауіпсіздіктің нұсқау белгілері



М 01. Қорғаныс көзілдіріктерінде жұмыс жасау



М 02. Қорғаныш каскада (дулығада) жұмыс жасау



М 03. Қорғаныс құлаққабында жұмыс істеу қажет



М 04. Тыныс алу мүшелерінің жеке қорғаныс құралдарымен жұмыс жасау



М 05. Қорғаныс аяқ киімінде жұмыс жасау



М 06. Қорғаныш қолғаптарында жұмыс істеу



М 07. Қорғаныш киімде жұмыс істеу



М 08. Қорғаныс қалқанында жұмыс істеңіз



М 09. Сақтандырғыш белбеуде жұмыс жасау




М 10. Мында өту



М 11. Жалпы нұсқау белгісі (басқа да



М 12. Жерүсті өткелімен өту



М 13. Штепсель айырын өшіру



М 14. Жұмыс алдында сөндіру



М 15. Шылым шегу орны

П.8.5 кесте. Қауіпсіздіктің нұсқау белгілері



Ғ 01-01. Бағыттауша нұсқау



Ғ 01-02. 45° бұрыштан бағыттаушы нұсқау



Ғ 02. Өрт краны



Ғ 03. Өрт баспалдағы



Ғ 04. Өрт сөндіруші




Ғ 05. Өртте қолданатын телефон (соның ішінде өрт сөндірушілермен тікелей байланыстағы телефон)




F 06. Бірнеше өрт қауіпсіздігі құралдарын орналастыру орны



F 07. Өрт су көзі




F 08. Өрт құрғақ құбырлы тіреуіші



F 09. Өрт гидранты



F 10. Өрт автоматикасының қондырғысын (жүйесін) қосу батырмасы



F 11. Өрт дабылының дыбысты ххабарлауы

П.8.6 кесте. Көшу қауіпсіздік таңбалары



Е 01-01. Шығу есігі (сол жақты)



Е 01-02. Шығу есігі (оң жақты)



Е 02-01. Бағыттаушы



Е 02-02. 45°бұрышта бағыттаушы



Е 03. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы оңға



Е 04. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы солға



Е 05. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы оңға, жоғары



Е 06. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы солға, жоғары



Е 07. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы оңға, төмен



Е 08. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы солға, төмен



Е 09. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы (оң жақты)



Е 10. Эвакуациялық шығу есігін бағыттаушы (оң жақты)



Е 11. Эвакуациялық шығуға тіке бағыт



Е 12. Эвакуациялық шығуға тіке бағыт



Е 13. Эвакуациялық шығуға баспалдақтан төмен қарай бағыты



Е 14. Эвакуациялық шығуға баспалдақтан төмен қарай бағыты



Е 15. Эвакуациялық шығуға баспалдақтан жоғары қарай бағыты



Е 16. Эвакуациялық шығуға баспалдақтан жоғары қарай бағыты




Е 17. Кіру үшін осыны ашу




Е 18. Өзінен ары қарай әрекетімен ашу



Е 19. Өзіңе қарай жасалатын әрекетпен ашу



Е 20. Ашу үшін итеру жылжыту керек



Е 21. Жинау пункті (орны)



Е 22. Шығу белгісі



Е 23. Қосымша шығу белгісі


П.8.7 кесте. Медициналық және санитарлық тағайындаудың қауіпсіздік белгілері



ЕС 01. Алғашқы медициналық көмек дәріқұтысы



ЕС 02. Зақымданушыларды шығару (көшіру) құралдары



ЕС 03. Гигиеналық процедуралар қабылдау пункті (душ бөлмелері)



ЕС 04. Көзді емдеу пункті



ЕС 05. Медициналық кабинет



ЕС 06. Медициналық пунктпен байланысу телефоны (жедел медициналық көмекпен)

П.8.8 кесте. Көрсету белгілері



Д 01. Тамақтану пункті (орны)



Д 02. Ауыз су



Д 03. Шылым шегу орны

Мүмкін зақымдаушы факторлар мен өндірістік жарақаттардың пайда болу себептерінің тізімі

9-қосымша

П.9.1 кесте Мүмкін зақымдаушы факторлар		
Орындалатын жұмыста(орындаушылар мамандығы)	Мүмкін зақымдаушы факторлар	Өндірістік жарақаттардың пайда болу себептері
Аумақтарда, өндірістік жабықтарда жүру (жүргізушілер, жөндеу жұмыскерлері)	Бетінде құлау; биіктіктен құлау (қаралым орына, жабылмаған люкке, эстакада баспалдақтарынан); көлік және басқа да қозғалушы құралдардың басуы; төбеден құлаған затпен жарақаттану (ғимарат шатырынан және т.б.)	Аумақтың тайғанақтығы, қоқыстануы, тегіс еместігі, нашар жарықтандырылуы; қарап тексеретін жыраларда өтпе көпірдің болмауы; Көлік құралдары мен жаяу жүргіншілер қозғалысының нашар ұйымдастырылуы: қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту мен нұсқамалықтың төменгі деңгейі
Автомобильдерге күнделікті қызмет көрсетуді бақылау жұмыстары (механиктер, жүргізушілер)	Пайда болған жеріне жақын жерде жүруінен ұшып түскен сынықтармен жарақаттану; электр сымдар жүйесінің үзілісінде электр тоғымен зақымдану	Кабина басқышы кертiгiнiң тозуы; бақылау жұмыстарын орындау орындарының тайғанақтығы; жұмыс орнының нашар жарықтандырылуы; жұмыстарды бiр өзi орындауда; қорғау каскаларының жоқтығы; капот фиксаторының ақауынан; еденде ағаш төсеніштің болмауы; автомобильді іске қосылып тұрған қозғалтқышта тексеру; адамның қозғалтқыш желдеткішінің айналу жазықтығында тұруы

Автомобильдерге күнделікті қызмет көрсетудегі тазалау және жуу жұмыстары (жуушылар, жинап тазалаушылар, жүргізушілер)	Автомобиль басқышынан құлау; автомобиль маңында құлау; автомобильдің қарап тексеретін шұңқырға түсіп кетуі немесе эстакададан түсіп кетуі; платформа борттарының тиектерін тексеруде соғып алу және жарақаттану; автомобильді астынан тексеруде басты соғып алу; құлаған капоттан жарақаттану; қарап тексеретін шұңқырға құлау; қозғалтқыштың айналма бөлшектерінен зақымдану; шанаққа мінгенде және түскенде құлау	Жұмыс орнының коқыстануы мен нашар жарықтандырылуы; эстакадада қоршаушы сүйеніштердің, өтпелі көпірлердің болмауы; қозғалтқыштарды ерітінділермен жуатын құрылғылардың болмауы; жуу орындарында автомобильдердің қозғалу ережелерін бұзуы; қорғаныс көзілдірігін қолданбау
Автомобильдерге күнделікті техникалық қызмет көрсетудегі майлау және май құю жұмыстары (майлаушылар, май құюшылар, жүргізушілер)	Қозғалтқышты бензинмен жууда тұтану; автомобильдердің жұмысты атқарушыларды басып кетуі; көздің ластануы; ыстық сумен күйіп қалу; ыстық құбыр желісіне жанармай немесе майды төгіп алуда өрттің туындауы; көтеретін механизмге май құюда автосамосвалдың шанағымен жарақаттану; май құю орнында автомобильдің қағуы	Автомобильдерге жанармай, майлар және салқындатқыш сұйықтықтар құятын орталықтандырылған пунктердің жоқтығы; аумақ пен жайлардың төгілген маймен ластануы; шылым шегу және ашық отты пайдалану; аумақта автомобильдердің қозғалыс ережелерін бұзуы

Орындалатын жұмыстар (орындаушылар мамандығы)	Мүмкін жарақаттаушы факторлар	Өндірістік жарақаттардың пайда болу себептері
Жолға шығар алдында қозғалтқышты іске қосып, тексеру (жүргізушілер)	Бұрандалы тұтқышпен зақымдану; автомобильдің орындаушыны басып кетуі; тіркеу, ағытуда сүйреушімен жарақаттану; желдеткіштің қалақшаларымен, қозғалтқыш белдіктермен, радиатор буымен жарақаттану; қозғалтқышты қыздыруға ашық отты пайдалануда немесе түнгі уақытта оын тексеруде өрттің пайда болуы	Автомобильдердің техникалық ақауы; қосулы берілісте қозғалтқышты іске қосу; қысқа уақытта қозғалтқышты қыздыру құралдарының болмауы; түйіндер мен жүйелер жағдайын қосулы қозғалтқышта тексеру; көшпелі шырақтың жоқтығы немесе оны пайдаланбау
Тіркемелерді, жартылай тіркемелерді тіркеу не ағыту (жүргізушілер, тіркеушілер)	Тартқыш автомобильдің тіркеушіні басып кетуі; тіркеушінің қолын жарақаттауы не тіркеу оқ ағашының аяғына құлауы	Тіркеу не ағытуда қауіпсіздік техникасы ережелерін бұзу; автомобильдердің, тіркемелердің ақауы; автопойызды тіркеуді бір өзі жасау; тіркеу құралдарының және ілініс құрылығларының ақаулары; тіркелгіш дөңгелектерінің асында таяныштардың болмауы

Автомобиль көлігі үшін типтік нұсқаулықтар

- ТОИ Р-200-01—95** — Автомобиль жүргізушілері үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-02—95** — Слесарьлар үшін жөндеу мен техникалық қызмет көрсету бойынша еңбекті қорғау типтік нұсқаулығы
- ТОИ Р-200-03—95** — Слесарьлар үшін автомобильдердің отын аппаратурасын жөндеу бойынша еңбекті қорғаудың типтік нұсқаулығы
- ТОИ Р-200-04 — 95** — Автомобильдерді майлаушылар үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-05—95** — Шина монтаждаушылар үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-06—95** — Көрікшілер үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-07—95** — Аккумуляторшылар үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-08—95** — Қаңылтыршылар үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-09—95** — Электрмен дәнекерлеушілер үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-10—95** — Газбен дәнекерлеушілер үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-11 — 95** — Мыс шебері үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-12—95** — Автомобильдерді бояу бойынша сырлаушылар үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-16—95** — Қаптаушы үшін еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-17 — 95** — Автомобильді көтеріп жұмыс жасаудағы еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-18 — 95** — Автомобиль дөңгелегін шешу және орнатуға еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-19 — 95** — Автомобильдерді тіркеп сүйреу, тіркеу, ағытудағы немесе автомобиль мен тіркемедегі (жартылай тіркеме) еңбекті қорғау бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-20 — 95** — Автокөлік кәсіпорны аймағында немесе өндірістік жайларында қозғалудағы еңбекті қорғаудың типтік нұсқаулығы
- ТОИ Р-200-22 — 95** — Жазатайым жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша типтік нұсқаулық
- ТОИ Р-200-23 — 95** — Автомобиль көлігіндегі өртті ескерту және үйіктердің алдын алу бойынша типтік нұсқаулық

1. *Беляров Ю. А.* Кәсіпорындағы еңбекті қорғау. Практикалық кеңестер / Ю. А. Беляров, В.В.Хлопков. — М. : Книжный Мир, 2011.
2. *Графкина М. В.* Еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік / М. В. Графкина. — М. : Проспект, 2008.
3. Санитарлық ережелер мен нормалар (СанЕмН), гигиеналық нормативтер және еңбек гигиенасы бойынша әдістемелік нұсқаулар мен кеңестер тізімі: Т. 1. — в 2 ч. — Ч. 2 / ред. В. М. Подольского. — М. : МП «Рарог», 1991.
4. *Фомин А. Д.* Еңбекті қорғау бойынша нұсқаулық / А.Д. Фомин. — М. : Апрохим- Пресс, 2004.

Нормативтік-құқықтық әдебиет

1. РФ Конституциясы. — М. : Эксмо, 2010.
2. РФ ЕК 30 желтоқсан 2001 ж. № 197-ФЗ (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен).
3. РФ ҚК 13 маусым 1996 ж. № 63-ФЗ (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен).
4. РФ АК 30 қараша 1994 ж. № 51-ФЗ (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен).
5. РФ әкімшілік құқық бұзушылық кодексі 30 желтоқсан 2001 ж. № 195-ФЗ (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен).
6. 25 шілде 1998 ж. № 125-ФЗ «Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік сырқаттардан міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» федералды заңы (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен).
7. РФ Еңбек және әлеуметтік даму министрлігінің 14 наурыз 1997 ж. №12 «Еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестаттау жұмыстары жүргізу туралы» жарғысы.
8. РФ Еңбек министрлігі және РФ білім министрлігінің 13 қаңтар 2003 ж № 1/29 «Еңбекті қорғау бойынша оқу жүргізудің тәртібін және ұйым жұмыскерлерінің еңбекті қорғау талаптары білімін тексеруді бекіту туралы» жарғысы.
9. РФ Үкіметінің 25 ақпан 2000ж. № 162 «Ауыр жұмыстар мен орындалуы әйелдерге рұқсат етілмейтін зиянды және қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыстардың тізімін бекіту туралы» жарлығы.
10. РФ Үкіметінің 13 наурыз 2008 ж. № 168 «Емдік-профилактикалық тамақтану, сүт немесе оған теңдес тамақтану өнімдерін тегін беру және сүт не басқа да теңдесті тамақ өнімдерінің құнымен сыйақы төлеуді жүзеге асырудың нормалары мен талаптарын анықтау тәртібі туралы» жарғысы.

11. РФ Үкіметінің 25 сәуір 2003 ж. № 244 «РФ еңбек жағдайларының мемлекеттік экспертизасын өткізу ережесін бекіту туралы» (РФ Үкіметі 1 ақпан 2005 ж. №49 енгізен өзгерістерімен).

12. РФ Үкіметінің министрлер одағының 6 ақпан 1993 ж. № 105 «Ауыр заттарды көтеру және тасымалдауда әйелдер үшін шекті ұйғарынды жүктемелердің жаңа нормалары туралы» жарлығы.

13. РФ Еңбек министрлігінің 8 ақпан 2000 ж. № 14 «Ұйымдағы еңбекті қорғау қызметін ұйымдастыру бойынша кеңестерді бекіту туралы» жарғысы.

14. МС 12.0.003 — 74. ССБТ. Қауіпті және зиянды өндірісітк факторлар. Жіктелуі.

15. МС 12.1.003 — 83 (1999). ССБТ. Шу. Қауіпсіздіктің жалпы талаптары.

16. МС 12.1.012—90. ССБТ. Діріл қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.

17. МС 12.4.125 — 83. ССБТ. Жұмыскерлерді механикалық факторлардың әсерінен қорғаудың ұжымдық құралдары. Жіктелуі.

18. СанЕмН 2.2.1/2.1.1.1278 — 03. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жасанды және біріктірілген жарықтандыруға гигиеналық талаптар. Г

19. ҚНМЕ 2.04.05 — 91. Жылу беру, желдету және ауа баптау.

20. Р 2.2.2006 — 05. Жұмыс ортасы мен еңбек үдерісі факторларын гигиеналық бағалау бойынша нұсқаулық.

21. РФ Үкіметінің 25 сәуір 2012 ж. № 390 «Өрт қауіпсіздігі режимі туралы» жарлығы (РФ «Өрт қауіпсіздігі ережелерімен» бірге).

Мазмұны

Кіріспе.....	4
--------------	---

БІРІНШІ ТАРАУ

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ БОЙЫНША ЗАҢНАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бөлім. Еңбек қауіпсіздігін басқару.....	5
1.1.Еңбекті қорғаудың заңнамалық және нормативтік негіздері.....	5
1.2.Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Терминдер және Анықтамалар.....	5
1.3.Еңбекті қорғауды мемлекеттік басқару. Кәсіпорында еңбекті қорғау бойынша жұмыс ұйымдастыру.....	17
1.4.Жұмыс уақыты, демалыс уақыты және ішкі тәртіп ережелері.....	32
1.5.Еңбекті қорғауды қадағалау және бақылау. РФ еңбек және еңбекті қорғау туралы заңнаманы бұзағын үшін жауаптылық.....	44
2-бөлім. Кәсіпорындардағы еңбекті қорғаудың ұйымдық негіздері.....	48
2.1.Еңбекті қорғау бойынша нұсқамалықтың түрлері, оларды жүргізудің және ұйымдастырудың түрлері.....	48
2.2.Жұмыс орындарының түрлері мен құрамы. Жұмыс орнын аттестаттау өлшемшарттары. Қолданыстағы еңбек жағдайларының гигиеналық бағалауы мен сипаты.....	52
2.2.1.Жұмыс орындарын қызметтік тағайындауы бойынша жіктеу.....	54
2.2.2.Өндірістік ерекшелігіне байланысты жұмыс орындарының түрі мен құрамы.....	56
2.2.3.Еңбек жағдайының зияндылық және қауіптілік дәрежесі бойынша жіктелуі.....	57
2.2.4.Жұмыс орындарын аттестаттау белгілері және еңбек жағдайының топтарын анықтау.....	58
2.2.5.Жұмыс орындарының жарақат қауіпсіздігі факторы бойынша еңбек жағдайын бағалау.....	61
2.2.6.Жұмыс орнының жарақаттану қауіпсіздігін бағалау әдістемесі.....	62
2.3.Жұмыскерлерді санитарлық-тұрмыстық қамсыздандыру. Жұмыскерлерді арнайы киімдермен, қорғаныс құралдарымен, сауықтыру- профилактикалық тамақтанумен қамсыздандыру.....	65
2.3.1.Санитарлық-тұрмыстық жайлар.....	65
2.3.2.Жайлардың санитарлық мазмұны.....	69
2.3.3.Арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен, жеке қорғаныстың басқа да құралдарымен қамсыздандыру.....	69
2.3.4.Санитарлық-тұрмыстық және медициналық-профилактикалық қызмет	

көрсету бойынша талаптар. Жүргізушілердің тамақтануына берілетін кеңестер....	70
---	----

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚАУІПТІ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ӨНДІРІСТІК ФАКТОРЛАР

3-бөлім Адамға кері факторлардың әсері.....	73
3.1.Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың түрлері мен сипаттамалары.....	73
3.2.Ұжымдық және қорғаныс құралдары.....	75
3.3.Еңбек жағдайларын бағалаудың гигиеналық беліглері.....	78
3.4.Еңбек жағдайының гигиеналық нормативтері.....	81
3.5.Зиянды заттектер мен әсерлердің түрлері.....	82
4-бөлім Өндірістік жарақат және кәсіптік сырқат.....	103
4.1.Өндірістік жарақат.....	103
4.2.Кәсіптік сырқаттар.....	106
4.2.1.Жалпы мәліметтер.....	106
4.2.2.Кәсіптік сырқаттарды зерттеу.....	108
4.2.3.Жұмыскерлердің кәсіптік сырқаттары жағдайында тергеу материалдарын, есебін және тіркеуді рәсімдеу.....	111
4.3.Өндірістік жарақаттану және кәсіптік сырқат профилактикасы.....	112
4.4.Жүргізушілердің тиімді еңбек тәртіптері.....	113
4.5.ЖКО зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмек көрсету.....	125
4.6.Автокөлік кәсіпорындарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.....	133
Қосымшалар.....	139
1.Жұмыскерлердің ішкі тәртіп ержелері.....	139
2-қосымша.....	143
3-қосымша.....	145
4-қосымша.....	150
5-қосымша.....	158
6-қосымша.....	162
7-қосымша.....	163
8-қосымша.....	167
9-қосымша.....	183
10-қосымша.....	186

Оқу басылымы

Секирников Владимир Евгеньевич
Автокөлік кәсіпорындарында еңбекті қорғау

Оқулық

Редакторлары: *В. Н. Махова, Г.Ж.Байгабылова*
Компьютерлік беттеу: *Р.Ю.Волкова*
Корректор: *С. Ю. Свиридова*

Бас. № 101116867. Басуға қол қойылды 30.06.2015. Формат 60 x 90/16. «Балтика» гарнитурасы
Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа. Усл. печ. л. 12,0. Таралым 3 000 д. Тапсырыс №

ЖШС «Академия баспа орталығы». www.academia-moscow.ru 129085, Мәскеу, мир даңғылы, 101В, стр. 1.
Тел./факс: (495) 648-0507, 616-00-29.